

**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Халықаралық қатынастар факультеті**

**ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ  
ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
(I бөлім 1640-1870)**

Дәрістер жинағы

**профессор Қ.Е. Байзақованың жалпы редакциясымен**

**Алматы, 2013**

ӘОЖ 327 (07)

Ә55

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми Кеңесінің 2013 жылғы № 8  
хаттамасымен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор Ф.Т. Кукеева  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Е.С. Чукубаев

**Авторлары:**

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор КазНУ Жамбатырова Г.Ш.

тарих ғылымдарының докторы, профессор Байзақова Қ.И.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Әліпбаев А.Р.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Бюжеева Б.З.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Балаубаева Б.М.

Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы. (I бөлім 1640-1870). –Алматы,  
2012. - 157 б.

**ISBN**

Дәрістер жинағында жаңа тарихтың бірінші кезеңін қамтығандықтан халықаралық  
қатынастар жүйесінің вестфальдік және веналық кезеңдерін қарастырады.

Халықаралық қатынастар, аймақтану мамандықтары бойынша жоғарғы оқу  
орындарының студенттеріне арналған

**ӘОЖ 327 (07)**

**ISBN**

**2013**

## КІРІСПЕ

«Жаңа тарих» ұғымы еуропалық тарихта тіпті Қайта өркендеу дәуірінде озық ойшылдардың тарихты құрамдас бөлік ретінде ежелгі, орта және жаңа деп «үшмүшелікке» бөлуді ұсынуынан пайда болған. Жаңа тарихтың басталуын олар Қайта өркендеу дәуіріндегі (Ренессанс) ақсүйектік ғылым мен мәдениеттің гүлденуімен ұштастырады. Кейінгі тарихнамада қабылданған бұл ұғым тарихи ғылымда беки түсіп, бүгінгі күні де кең қолданыста. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша жаңа тарих дәуірі 1640 жылдан бастау алады, яғни ағылшын буржуазиялық революциясының басталуы жаңа қоғамдық-экономикалық құрылыстың Англияда ғана емес, сонымен бірге басқа да елдерде дамуына түрткі болды.

Жаңа тарих екі кезеңге: 1640-1870 жылдар – индустриалды қоғамның қалыптасуы мен нығаю кезеңі және 1870-1918 жылдар – алпауытты капитализмнің пайда болу кезеңі деп бөлетін тұжырымдаманы оқу құралының авторлары да ұстанды. Мұндай кезеңге бөлушілікті пайдалану сонымен бірге халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуымен дәйектеледі.

Ұсынылып отырған оқу құралы жаңа тарихтың бірінші кезеңін қамтығандықтан халықаралық қатынастар жүйесінің вестфальдік және веналық кезеңдерін қарастырады.

Жаңа тарих кезеңіндегі тарихи үдерістің негізгі мәні капиталистік қоғамдық-экономикалық құрылыстың қалыптасуы, нығаюы болып табылады.

Капитализм жаңа дәуірде буржуазиялық революцияның нәтижесінде феодализмді жеңе отырып, өзінің кемеліне жетіп өндіргіш күштерді қауырт дамытты.

Жаңа тарих барысында капитализм тек Еуропа елдерінде, Солтүстік Америкада және Жапонияда ғана жеңді. Әлемдік тарихи үдеріске тән әрқилылық пен мерзімдік әртүрлілікке орай капиталистік пен қоса капиталистікке дейінгі қоғамдық-экономикалық құрылыс та бірге өмір сүрді. Жаңа дәуірде ұзақ уақыт бойы әлемнің көптеген өңірінде, ең алдымен Азияда, Африкада, әсіресе Латын Америкасында бір-бірімен және капитализммен өте күрделі өзара әрекеттестікте болған феодалдық, құлиеленушілік, тайпалық қатынастар үстемдік етті.

Дегенмен капитализм жаңа дәуір барысында әлемдік деңгейде жетекші қоғамдық-экономикалық құрылыс болды. Әлемдік дамудың шешуші күшіне айналған капитализм капиталистікке дейінгі әртүрлі қатынас түрлерін ығыстырып өзіне бағындыра алды.

XVII-XVIII ғасырларда батыстық Еуропа елдеріне тән негізгі даму үрдістері қандай еді. в XVII-XVIII ғасырдың екінші жартысы – Еуропа мен Америка елдерінің капитализмге өту үдерісіндегі маңызды кезең.

XVI ғасырда айқындалып, біржарым ғасыр бойы бұл үдеріс әлдеқайда жеделдетіліп, әсіресе XVIII ғасырда өзіне тән сипаттарға ие болды. Бұл мануфактуралық капитализмнің өрлеу дәуірі еді, алайда көптеген елдерде капиталистікке дейінгі қатынастардың басым болу жағдайында (Еуропада –

феодалдық) жүзеге асты. Сонымен қатар бұл ғасыр мануфактуралық капитализмнің аяқталу дәуіріне де сай келеді. Дәуірдің өтпелі сипаты көптеген елдердегі қоғамдық құрлымның феодалдық негізінің болуымен және қолданылуына және сонымен бірге бірқатар экономикалық тұрғыдағы жетекші елдерде буржуазиялық қатынастарға негізделді.

Дегенмен дамудың негізгі үрдісін капитализмнің кейінгі даму үдерісі белгіледі. Ең соңында қоғамдық өмірдің барлық саласының – экономикалық, әлеуметтік, саяси, нанымдық-мәдени дамудың заңдылықтары мен ерекшеліктері айқындалды.

Алғашқы қорлану деп аталынатын – еңбекші халықты қанау, өндіріс құралынан капиталистікке дейінгі қоғам еңбеккерлерінің (шаруалар, қолөнершілер) бөлінуі – әр елге тән өзіндік жолмен жүріп жатты. Ол капитализмнің пайда болуына қажетті жағдайды тудырды. XVII-XVIII ғасырлардың екінші жартысында бұл өзекті үдеріс экономикалық алдыңғы қатарлы елдерде мемлекеттің нақты бағытталған саясатымен, яғни Англияда - бөлектену және басқа да көптеген шаралардың заңдастырылуымен, Голландия мен Францияда – салықтық ауыртпалықтың күшеюімен, мемлекеттің ұлттық экономиканы қатаң түрде қолдауымен жеделдетіле түсті.

Мемлекеттік билік «алғашқы қорлануға» қолдау көрсетуде, билеп-төстеушілердің қолына байлықтың ағыла түсуі үшін мемлекеттік несие бөлу, оның сыйақысы өзі де ауқатты несие берушілердің қалтасына түсетін, әсіресе XVIII ғасырда арта түскен отарлық өктемдік жүргізу сияқты басқа да тетіктерді пайдаланды.

Отарларды айуандықпен қанау және XVIII ғасырда өз шегіне жеткен құл саудасы «алғашқы қорланудың» қуатты тетіктерінің бірі болды. Ол метрополия-елдерінде үстем тап байлығының шоғырлануына мүмкіндік туғызды.

Отаршылдықтың бекуі - капитализмнің қалыптасуындағы әлемдік-тарихи үдерістің ажырамас құрамдас бөлігі. Отарлардағы, тәуелді елдер мен аумақтардағы миллиондаған адамдарды қатыгездікпен қанау капитализм жолына түскен азғана метрополия-елдерінің жедел дамуын қамтамасыз етті.

XVII-XVIII ғасырларда кейбір елдердегі капитализмнің даму үдерісіндегі екпіні мен деңгейінің үдемелілігі тым әртүрлі болып қала берді.

Эльбаның батысында орналасқан Еуропа елдерінде капитализмнің даму үдерісі ерте басталғандықтан (мұнда капиталистік қатынастар XIV-XV ғасырларда кездейсоқ пайда болды) капиталистік жолмен бұлжытпай алға жылжыды. Жаңа дәуірдің басында, XVII ғасырдың ортасына таяу, бұл аймақта әлдеқашан Голландық республика деген бір буржуазиялық мемлекет бар болатын. Англия капиталистік өндірістің елеулі дамуымен ерекшеленсе, баяу болса да Франция да сол бағытта болды.

Капитализмнің ерте даму үдерісі аймақтың басқа елдерінде - Италия, Испания, Португалия, батыс германдық өңірлерде және империяның батысындағы австриялық шет аудандарда – капиталистік құрылыстың қалыптасуы бірыңғай болған жоқ.

Мұнда капиталистік қатынастардың алғашқы бұршігі кейінгі ортағасырларда күш жинап (Англия мен Франциядағыдай, ал Италияда тіпті XIII ғ.), кейін, XVII ғасыр бойы – XVIII ғасырдың бірінші жартысында, әр елдегі әртүрлі себептермен жетіле қоймады, тіпті кей жерлерде басылып та қалды. Тек XVIII ғасырдың екінші жартысында бұл елдерде жаңа капиталистік құрылыс беки түсіп түпкілікті орнады. Орталық және Шығыс Еуропадағы Эльбаның батыс жағындағы аумағы негізінен капитализмнің кейінгі даму үдерісінің аймағы болып табылады.

XVII-XVIII ғасырдың екінші жартысында мануфактуралық капитализмге тән сауданың өндірістен, сауда капиталының өнеркәсіптен басым болуы сақталды, алайда өндіріс, ең алдымен өнеркәсіп қоғамдық өрлеудің негізін қалады: «... шындығында мануфактуралық кезеңде сауда үстемдігі өнеркәсіптік басымдылықты қамтамасыз етті». Сауда капиталының басымдылығы ұсақ пайдакүнемдік (меркантилизм) ілімі мен тәжірибесінде көрініс табады. XVII-XVIII ғасырдың екінші жартысындағы капитализмнің даму үдерісі жағдайында терең әлеуметтік өзгерістер орын алды.

Бұл кезеңдегі негізгі қаналушы тапты феодалдық-тәуелді шарулар, оның ішінде басыбайлылықтың «екінші басылымдағы» аудандарының басыбайлы шаруалары құрады. Жаңа Әлемдегі отарлық плантациялық шаруашылық жүйесінде құлдардың саны ұдайы өсуде болды. Дегенмен өнеркәсіптегі және ауыл шаруашылығындағы капиталистік құрылыстың бекуімен қатар жалдамалы еңбек жүйесі де кеңі түсіп, жұмысшы табының қалыптасу үдерісі жеделдетілді. XVII-XVIII ғасырдың екінші жартысындағы кең өріс ала бастаған капиталистік қатынастарда және «алғашқы қорлану» жағдайында сандық басымдылықта болған ұсақ тауар өндірушілер мен жеке меншік иелері әлеуметтік-экономикалық құрылымның төменгі қатарындағы жұмысшы табынан бір саты жоғары тұрды. Бірте-бірте және баяу болса да жіктелу үрдісі тоқтамады.

Жұмысшы табының қалыптасуымен қатар жаңа қоғаммен пайда болған келесі негізгі тап – буржуазия да қалыптасты. Өнеркәсіптегі буржуазия – мануфактура мен тікелей өндіріспен айналысатын басқа да кәсіпорындардың иелері, экономикалық тұрғыдан әлдеқайда болашағы зор және алдыңғы қатарында тұрды. Экономикалық байланыстың әрі қарай дамуы барысында, ішкі нарықтың пайда болуына орай бірқатар елдерде XVII-XVIII ғасырдың екінші жартысында да ұлттың қалыптасу үдерісі жалғаса түсті.

Батыс Еуропа елдері үшін біртекті мемлекеттердің (Англия, Франция және т.б.) болуы тән еді. Саяси бытыраңқылықтағы Германия мен Италиядағы мемлекеттік бірліктің болмауы ұлттың қалыптасуын біршама баяулатты.

XVIII ғасырдағы Еуропаның экономикалық дамуының ерекшелігі оның екі жақ полюсінде өнеркәсіптің әлдеқайда жедел дамуында байқалды - қиыр Батыстағы, ертебуржуазиялық Англия мен Голландия мемлекеттерінде, сонымен бірге буржуазиялық құрылысы дамып қойған Францияда, екінші жағынан – қиыр Шығыста, Ресейде, онда феодалдық құрылыстың үстемдігіне қарамастан басыбайлы мануфактура жедел даму үстінде болды.

Англия өнеркәсіптік қатынаста әлдеқайда дамыған Еуропалық ел еді. Голландиямен экономикалық жарысындағы Англияның жеңісі ағылшындық өнеркәсіптік капитализмнің голландық сауда капитализмінен, капиталистік үй өнеркәсібінің - оның бәсекелесі қалалық мануфактурадан басым болғандығының айғағы. Арзанқол жұмысшы күшін пайдаланатын Англиядағы ауылдық шашыраңқы мануфактура әлдеқайда бәсекелестікке қабілетті болды.

Отын-энергетикалық базасының қажетті деңгейде дамымауының нәтижесінде Голландия металлургия бойынша Англиядан артта қалды. XVIII ғасырдың ортасында Англия мануфактураның шоғырлану және мамандандырылу үдерісі бойынша ерекше даму үстінде болды. Еуропаның бірде бір елі онымен өнеркәсіптік өндіріс саласының әртүрлілігіне қатысты бәсекелесе алмайтын. Пруссия, Саксония, Төменгі Рейн аудандары мен Чехияны есептемегенде, жалпы Орталық Еуропада баяу даму екпіні сақталынды. Осман империясының құрамына кірген Оңтүстік Шығыс Еуропада, сонымен бірге Польшада жалпы экономикалық тоқырау жағдайында өрлеудің кейбір қырларын айқындау өте әлсіз еді.

XVIII ғасырдың басында Еуропадағы мануфактуралық өндіріс өз дамуының соңғы сатысына, тікелей өнеркәсіптік төңкеріспен аяқталатын кезеңге өтті. Бұл жағдай ең алдымен Англия мен Францияға қатысты болған. XVIII ғасыр бойы жаппай мануфактуралық пролетариаттың қалыптасу үдерісі жүрді. Әр елде бұл үдеріс әрқилы сатыда өткен еді. Шаруаның ауылдық мануфактура жұмысшысына айналуы жалпы еуропалық құрылықтың дамуының маңызды қадамын білдірді. XVIII ғасырдың ортасында мануфактура Англияда ғана ұлттық көлемде кемеліне жетіп, осы орайда оның техникалық базисі өзі құрған өндірістік мүмкіндіктер мен ішкі және сыртқы нарықтың қажеттілігімен қарама-қайшылыққа келді. Сол ретте тек Англияда ғана өнеркәсіптік төңкерістің басталуы үшін экономикалық және әлеуметтік алғышарттар пайда болды. Өнеркәсіптік төңкеріс – қол еңбекті мануфактураның машиналарды пайдалануға негізделген фабрика мен зауыттарға өтуі. Бұл жалпыәлемдік құбылыс, тек ол әр елде әртүрлі уақытта өтті. Англия оның отанына айналды.

Мануфактураның жетілуі өздігінен өнеркәсіптік төңкеріске әкеле алмайды. Өнеркәсіптік төңкерістің басталуы үшін қажетті жағдайдың пісіп жетілуі мануфактураның басым болуымен айқындалмайды, ол оның ішкі және сыртқы ортасының сипатымен, яғни мануфактура капиталистік экономиканың бір бөлігі болып табыла ма немесе феодалдық елдің шеңберіндегі капиталистік құрылыстың тек бөлігі ме, сонымен айқындалады.

Буржуазиялық ел көлемінде белгілі бір сатыдағы дамуда мануфактураның техникалық тұғырының тарлығы сезілсе, ал феодалдық елде – феодалдық қатынастарды сақтау мақсатындағы капиталистік кәсіпкерліктегі әртүрлі шектеуліктердің нәтижесінде ішкі нарықтың тарлығы байқала басталды.

Он сегізінші ғасыр сауда ғасыры болған еді. Басында ішкі нарыққа бағытталған мануфактураға қарағанда XVIII ғасырдың алғашқы үштен екісінде сыртқы сауда әлдеқайда тез дамыды.

Капиталдың саудада шоғырлануы, әдеттегідей өнеркәсіптегі шоғырланудан асып түсетін. Еуропалықтардың Азия елдерімен саудасы кірістен шығыстың басымдылығына әкелетін. Ұзақ уақыт бойы онда шығыстық қолөнерінің бұйымдары, темекі, шәй, кофе, татымдылықтар басым болды. Америкамен болған саудада оларға ең алдымен құлдыққа айналған африкалықтарды тасымалдау кең етек алды.

Бәсекелес елдер арасындағы күрестің негізгі түрі – сауда соғыстары, әрине олар тек саудадағы мүдделер үшін ғана болған жоқ, сондай-ақ көп жағдайда оның дамуы мен саудадан түсетін табыс есебінен қаржыландырылуын дамытуға мүмкіндік туғызды.

XVIII ғасырда Еуропа әлі де басым деңгейде аграрлы құрлық болып қала берді. Ауылшаруашылығының дамуы, тиімділігінің артуы, бұрынғыша қоғамның қалыпты өмір сүруі үшін қажеттілік еді. Еуропаның әртүрлі аймағы тарихи тұрғыдан қалыптасқан ауылшаруашылығының әрқилылығымен бір-біріне ұқсамайтын. Батыс Еуропаның көптеген елдері үшін XVIII ғасыр ауылшаруашылығындағы мүлдем жаңа құбылыстарға толы ғасыр болды.

Еуропалық елдер үшін капиталды қорландыруда олардың отарлық иеліктері үлкен мәнге ие болды. XVI-XVII ғасырлардағы дәуір Еуропа үшін ғана емес, Ресей үшін де түбірлі өзгерістер әкелді.

Мұнда бірыңғай мемлекеттің қалыптасу үдерісі аяқталып, көпұлтты орталықтандырылған мемлекет ретіндегі оның жаңа түрі белгіленді. Мемлекеттік басыбайлы құқық жүйесі құрылды. Сонымен бірге Ресейде шаруашылықтың заттай түрінің ыдырау үрдісі күшейіп, бірыңғай бүкілресейлік нарықтың қалыптасуы басталады.

Мемлекет өз аумағын кеңейтіп, жағрапиялық ашуларға белсенді араласуының нәтижесінде енді жалпыеуропалық саясат пен сауда кеңістігіне кеңінен тартыла түседі. XVII ғасырда Ресейдің өндіргіш күштері жалпы толығымен бірте-бірте даму үстінде болды. Ресейде өнеркәсіптік кәсіпорындарын құру үшін жеңілдік жағдайында шетелдік капитал тартылады. Біртіндеп қоғамдық еңбек бөлісі үдерісі кең етек алады. Ресейде капиталдың алғашқы қорлануы басталады, алайда оның Англиядан айырмашылығы феодалдық түрде өтуінде, яғни байлық ірі жериеленушілердің қолына шоғырланады. Ресейлік нарық әлемдік нарық жүйесіне, әлемдік экономикалық байланысқа қосылады. Дегенмен өнеркәсіптік төңкеріс техникалық-экономикалық мәнімен қатар кең көлемдегі әлеуметтік мәнге де ие болды. Өнеркәсіптік төңкеріс барысында фабрикалар әртүрлі еңбекші халықты – жалдамалы жұмысшыларды, қаналған және күйзелген дербес еңбекшілерді өзіне жұмылдырды. Мұнда, фабрикаларда, олар орталықтандырылған өндірістің негізінде бірікті және бірдей жағдайға тап болды: басқадай барлық жан бағу құралынан айырылды (кезінде мануфактуралық жұмысшылардың көбінде болған жер телімінен,

еңбек құралынан, қосымша шаруашылығынан), олар енді өзінің жұмыс күшін сатумен күнелтті. Фабрикалық жүйе жағдайында жұмысшылар алғаш рет барлығы тұрақты тап құрды.

Капиталистік өндірістік қатынастардың өзі төңкеріс барысында қарама-қайшылыққа тірелді: өндіріс үдерісі кезінде машиналар қатынасты еңбек пен капитал арасындағы ашық қарама-қайшылыққа жеткізді. Бұл мануфактура кезінде болмаған еді.

Еңбек пен капитал арасындағы алшақтық ұлғайғаны соншалықты, бір жағында – қожайын, капиталист, екінші жағында жүздеген және мыңдаған жұмысшылар қалды. Өнеркәсіптік төңкеріс әлеуметтік негізде жұмысшы табының ғана емес, сондай-ақ өнеркәсіптік буржуазияның да қалыптасуын білдірді. Мануфактура иесінің, алып-сатардың, үйінде істеушіні қанаушының орнын фабрикант басты. Өнеркәсіптік буржуазия саны жағынан өсе түсіп, төңкеріс барысында алғаш рет ел тарихында тап ретінде әйгілі болды.

Өнеркәсіптік төңкеріс қол еңбегіне негізделіп, тамырын кеңінен жайған ескі қоғамдық қатынасты түбірімен өзгертуді білдірді. Өнеркәсіптік төңкеріс барысында елдің бүкіл әлеуметтік-экономикалық келбеті ауысты. Ірі орталықтар және тұтастай фабрикалық өндіріс аудандары пайда болды.

Өнеркәсіптік төңкеріс өнеркәсіпті ауылшаруашылығынан түбегейлі бөліп, сол негізде ішкі нарықтың қалыптасуын аяқтады. Байланыс құралдары жетілдірілді. Өнеркәсіптік төңкерістің маңызды нәтижелерінің бірі фабрика-зауыттық жұмысшылардың таптық күресінің негізінде пролетарлық бұқара қозғалысының шығуы.

Өнеркәсіптік төңкеріс, бұл ғасырға таяу уақытқа созылған ауқымды қоғамдық-техникалық үдеріс, еуропалық елдердің дамыған, фабрикалық капитализм сатысына енгендігін білдірді.



## 1-ТАҚЫРЫП. XVII ҒАСЫРДАҒЫ АҒЫЛШЫН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

**Ағылшын абсолютизмі және оның ерекшеліктері.** Англияда абсолютизм Тюдорлар династиясы тұсында құрылып, XV ғасырдың аяғынан XVII ғасырдың басына шейін (1485-1603 жылдар) билік етті. Еуропаның басқа елдеріндегідей, Англияда абсолютизм бастапқы кезде ілгерішілдік рөл атқарды, ең реакцияшыл феодалдық топтарды әлсіретіп, буржуазиялық элементтердің күшеюіне әсер етті. Англияны түгелдей феодалдық былыққа, бытыраңқы елге айналдыра жаздаған, қызғылт және ақ раушан соғысы деп аталған ұзаққа созылған (1455-1485 жылдардағы) шонжарлардың өзара соғысы аяқталғасын билікті өз қолына алған Тюдорлар Батыс пен солтүстіктегі соңғы феодалдық көтерілістерді біржолата басты. XVI ғасырдың 30-40-жылдарында Генрих VIII Тюдор шіркеу реформасын жүзеге асырды. Ол ағылшын шіркеуін Римнен бөлді, жаңадан құрылған ағылшын шіркеуін король басқарды. Монастырлардың мүлкі мен жерлері тәркіленді, кейін олардың көбі жаңа дворяндар мен буржуазияның қолына түсті. Сонымен бірге Тюдорлар өздеріне түсетін табыс пен тәждің қуатын нығайтуға тырысты, ағылшын өнеркәсібінің дамуын қолдады, ағылшын кеме жолдарының көбеюін көздеді, ағылшын көпестеріне пайдалы шетел мемлекеттерімен келісім жасады, ағылшын буржуазиясының бәсекелестерімен дипломатиялық, әрі әскери күрес жүргізді. Елизавета тұсында 1588 жылы «Жеңілмес Армаданы» қиратумен аяқталған Англияның Испаниямен соғысы осыған айғақ бола алдаы. Жаңа дворяндардың күшеюіне, дамуына жағдай жасап, олардың қатарларын буржуазия ішінен шыққандармен толықтыра отырып, Тюдорлар өздерінің әлеуметтік негізін нығайта түсуі, бұл әулеттің айтарлықтай мықты болуына ықпал етті.

Тюдорлар билік етіп тұрған бастапқы кезде буржуазия мен жаңа дворяндар оған қанағат тапса, ал олар өскен сайын, өздерінің таптық мүдделері кеңейген сайын өкіметті қатты сынға ала бастады. Бұндай наразылық Елизаветаның билік етуінің екінші жартысында үдей түсті: көптеген мәселелер бойынша парламент мүшелері өкіметті сынға ала бастады. XVI ғасырдың аяғында басталған мұндай қақтығыстар жаңа буржуазияның және жаңа дворяндардың өсіп, күшейгенін білдіреді, олардың өкіметті өз бақылауына алуға талпынғанын көрсетеді.

Тюдорлар билігінің соңғы кезінде абсолютизмге қарсы оппозиция Англияда діни формаға ауысты. Елде кең әлеуметтік, діни-саяси қозғалыс өріс алды, оның аты – пуританизм (puritj – таза). Яков I таққа отырған шақта «пуритан» деген сөздің мағынасы әлі тұрақталмаған еді.

Жаңа шіркеу құрылысының формасына байланысты пуритандар XVI ғасырдың өзінде бірнеше ағымдарға бөлінді.

1) Пуритандардың ең бай бөлігі – ол ірі буржуазия мен жаңа дворяндардың ең ауқатты тобы – шіркеу ұйымының келесі құрылысын қолдады: басты рөлді пресвитериандар – ақсақалдар атқаруы керек және

олар пасторлармен бірге кальвиндік шіркеу қауымының істерін басқаруға тиіс.

Пресвитериандар ұсынысы бойынша, шіркеу мемлекет билігіне бағынбай, қауым ісіне пресвитериандар арқылы дербес мүшелер шешуші ықпал жасап, мәселелерді мезгілімен шақырылатын шіркеу съезі – синод шешіп, қалған католиктік салттарды жою керек. Пуритандардың осы бөлігі XVI ғасырдың 70-жылдарында-ақ «пресвитериандар» деген атқа ие болды. Әу бастан пресвитериандар мемлекеттік ақсүйек – дворяндық ағылшын шіркеуіне ғана қарсы шығып қойған жоқ, сонымен қатар олар басқа пуритандық секталардың радикал, батыл және демократиялық бағыттарына қарсы болды.

2) Екінші елеулі пуритандық бағыт, біріншіден кешірек құрылған – XVI ғасырдың 80-90-жылдары – бірнеше атқа ие болды: «браунистер» (негізгі қалаушылардың бірі Роберт Браун есіміне байланысты) «конгрегацистер» (конгрегация – шіркеу қауымы), «индепенденттер», яғни тәуелсіздер, өйткені олар әрбір діни қауымның толық автономиясын және мемлекеттен де, жалпы шіркеу басшыларынан да тәуелсіз болуын қолдады. Индепенденттер көптеген ұсақ секталарға бөлініп, ұйымдасуы жағынан бытыраңқы болды. Индепенденттерге орта және ұсақ буржуазия, дворяндардың бір бөлігі, шаруалардың бір бөлігі жатты, қысқасы индепенденттік бағыт діни және әлеуметтік жағынан күрделі құбылыс болды.

Англияның тағына 1603 жылы Елизавета кезінде басын шаптырған Шотландия королевасы болған Мария Стюардтың ұлы Яков VI отырды, енді ол Яков I деп аталды. XVII ғасырда Франция мен Испанияда король билігі толық орнады. Ағылшын қоғамының жаңа таптарының (буржуазия мен жаңа дворяндар) король билігін теже үшін ағылшын парламентін пайдалануға бағытталған талаптары сөзсіз Яков I қарама-қарсы әрекеттерін туғызды. Яков I тпкірі бойынша, парламенттің заңдар қабылдауға құқы жоқ, тек король бекіткеннен кейін ғана парламент заң шығара алады деген. Ағылшын абсолютизмі туралы жалпы айтсақ, тюдорлар абсолютизмі таптық күштердің уақытша тепе-теңдігіне сүйенді, оларға көпестердің және ұсақ жериеленуші дворяндардың көпшілігі толық қолдау көрсетті. Бұл тепе-теңдік тұрақсыз еді, өйткені монархия XVI ғасырда феодализмнің қалдықтарымен күресті. Осындай рөлді атқарып, феодалдық бүліктерді жойып, тұрақты өкімет құрып жатқанда буржуазия мен ұсақ жер иеленушілердің озық жақтастары билік жайында мәселе қозғаған жоқ – ескі тәртіп тұсында да олар өркендей берді. Осы таптармен біріге отырып, тюдорлар шіркеу мен шонжарлардың тәуелсіз билігін қиратты, капиталистік шаруашылықтың дамуына алғы шарттар жасады.

Дегенмен монархия феодализмнің көптеген сарқыншақтарын сақтап келді, сондықтан белгілі сатыға жеткесін, ол революцияның басты кедергісіне айналды, оның маңайына реакцияшыл күштер топтасып, революцияға соққы беруге әзірленді. Бұл жағынан XVII ғасырдың бірінші он жылдығында католиктер мен пуритандардың тәжіне теріс бұрылғандарының ерекше мәні болды. Енді буржуазия корольмен одақтасып емес, керісінше

оған оппозицияда тұрып қана дами алатын жағдай туды. Осындай жағдайда абсолютизм ағылшын қоғамының кертартпа феодалдық топтарына сүйене бастады.

Дворяндардың бір бөлігі (әсіресе солтүстік пен батыста) өздерінің экономикалық жағдайларын жақсарту үшін қоршауды, шаруалардың жерсіз қалуларын немесе капиталистік фермерлікті пайдалана алмағандықтан, «бағалар революциясы» салдарынан рента төмендегендіктен табыстарының бір бөлігінен айрылды, оның орнын басқа феодалдық салықтарды өсіру арқылы толтыра алмады. Оның үстіне дворяндар үшін корольге қызмет етудің үлкен маңызы болды, олар жалақы беретін әкімшілік, соттық, әскери және сарай ішіндегі қызмет орындарына ие болатын, сондықтан дворяндардың көпшілігі (буржуазияның ықпалына түспегендер), корольдің айналасына топтасты.

Яковтың тұсында шақырылған парламенттер (1-ші – 1604 жылдан ара үзіп 1611 жылға дейін, 2-ші – 1614 – екі ай, 3-ші – 1621 ж.) оның абсолютистік «теориясына» сирек қарсы шықты, оның кертартпа, Испанияны қолдайтын ішкі және сыртқы саясатына да қарсы болмады. 1625 жылы қайтыс болған Яков I тағын Карл I басты, ол әкесі сияқты корольдің билігі шексіз және құдайдан берілген деп сенді (Яков I айтуы бойынша, «монархтар құдайға ұқсас», «монархиялық тәртіп жер бетіндегі ең жоғары тәртіп» т.т.). Карл I сыртқы саясатының сәтсіздікке ұшырағаны парламент ішінде қатты сынға тап болды. Қауымдар палатасы Бэкингемді орнынан алуды, корольдің қаражатын кемітуді талап етті. Толық қаржылай күйреу нәтижесінде 1628 жылы III-парламент (I-парламент – 1625, II-парламент – 1626) шақырылды, ол ерекше оппозициялық бағытта болды. Осы парламент ішінен парламенттік оппозицияның басшылығы құрылды. Джон Элиот (Девоншир графтығы), Томас Уентворт (йоркширлік джентри), Джон Ним, Джон Гемпден (екеуі де Орта Англиялық джентриден). Өкіметтің шіркеу саясатын парламент қайта сынға алды, корольдің парламент бекіткен салығына қосымша бекітілмеген алымдар жинауына қарсы шықты.

1629 жылы 2 наурызда Карл I парламентті таратып жіберді, мұны парламент оппозициясы мемлекеттік төңкеріс деп түсінді. Бірақ бұл кезде елде әлі революциялық жағдай болмаған. Парламенттің өзімен және наразы болып жүрген қалың бұқарамен оппозицияның байланысы әлі тұрақсыз еді. Феодалдық-абсолютистік тәртіпті ұнатпаса да, қала мен ауылдың қалың жұрты әлі шешуші, батыл күреске көтерілмеді.

Карл I үшін халықаралық жағдай қолайлы бола бастайды. Франция мен Испания отыз жылдық соғысқа қатысу үшін қызу дайындалып жатты, сондықтан олар Англиямен бітім жасасты (1629 ж. сәуір – Франция, қараша 1630 ж.-Испания). Бұл корольдің жағдайын әжептәуір жеңілдетті, оны үлкен шығыннан босатты. Еуропалық мемлекеттердің бәрі дерлік қатысқан соғыс Англия үшін пайдалы болды. Англияның шұға, дәнді-дақылдарына сұраныс өсе түсті, оның орнына Лондонға алтын мен күміс әкелініп жатты. Бұл сәтте буржуазиямен сауда жүргізетін дворяндар (джентри) абсолютизммен қатынасты шиеленістіруді пайдалы деп таппады, олар заңды да, заңсыз да

салықтарды төлеуге көнді, тек сауда жүргізуге бөгет жасалмағанын қалады. Бұл жағдайды пайдаланып Карл I қарсы шабуылға шықты, соның барысында оппозиция екіге бөлінді. Оның Томас Уенворт бастаған кейбір көш басшылары король жағына шықты, жоғары лауазымдарға ие болды. Уендворт Англияның пәрі дәрежесіне көтерілді, Страффорд Солтүстікті басқаратын Кеңестің төрағасы болып тағайындалды. 1633 жылы Страффорд Ирландияда лорд-басқарушы болып тағайындалды.

Парламент беретін қаржыға қараған король енді түрлі жолдармен керек қаржыны жұрттан алуға көшеді, жаңа салықтарды шығаруға бата алмай, Карл I ескі, ұмытылып қалған салықтарды қайтадан енгізіп, айып-пұл салуға кіріседі. Өнеркәсіптік-сауда монополияларын кеңінен сата бастайды. Бұл өнеркәсіп пен сауданың тоқтап қалуына әкеліп соқтырды. Карл I тұсында кең тұтынатын тауарлардың көпшілігі: тұз, сабын, темір, көмір, шыны, былғары, кірпіш, оқ дәрі, шарап, сыра және басқалары монополияға айналдырылған.

30-жылдары шаруалар көтерілісі көбейді, себебі қауымның жерін қоршау, батпақты құрғату нәтижесінде шаруалар жайлаудан, шабындықтан, балық аулау, құстарды ұстау құқынан және басқа табыс көздерінен айрылды. Бұл көтерілістер революция кезінде де жүріп жатты. Англиядағы революцияның басталуына түрткі болған 1637 жылғы Шотландиядағы көтеріліс пен Карл I соғысы. 1637 жылы Лод Шотландияда шіркеу жұмысы ағылшын дұғалығы бойынша жүрсін деген нұсқау берді, демек шіркеулік – салт жағынан Шотландия Англиямен толық үйлестірілді деген сөз.

Стюардтарға қарсы 1637 жылдың 23 шілдесінде Эдинбургта басталған көтеріліске сылтау ағылшын дұғалығын Шотландияға тарату болды. Қазан айында қозғалыс бүкіл ұлттық көлемге жетті. 1638 жылдың басында Шотландия Лордтары басқарған ерекше комитет (кейін мемлекеттік комитет) құрылды. 1638 жылы қарашада Глазго қаласында генералдық ассамблея жиналды, оған дворяндар, қала тұрғындары және шаруалар қатысты. 22 мыңдық армияны ұйымдастыру, жаңа ағылшын шоқыну кітабын жойып, Женевадағы кальвинистік шіркеу үлгісі бойынша «таза пресвитериандық» шіркеу енгізу ұйғарылды.

Карл I не шіркеу саласында, не саяси жағынан ешбір келіспегендіктен, Шотландықтар шабуылға шықты. 1639 жылдық ақпанында олар шекарадан өтті. Карлдың қарамағында асығыс жиналған, нашар қаруланған әскер болатын, ол айтарлықтарй қарсылық көрсете алмады. Көп ұзамай Шотландықтар Бервиктен Йоркке дейін Англияның бүкіл солтүстігін басып алды, Карл I бітімге баруға көнді. Бервик бейбіт келісімі бойынша: Шотландияға толық рақымшылық және талас мәселелерді өздері шешу құқын беруге, яғни шіркеулік мәселені бас ассамблеяда, мемлекеттік мәселені – шотландия парламентінде шешілуіне Карл I уәде етеді. Алайда Король бітімді орындауға асықпай, ол әскер жинай бастайды, тек қаражаты болмағандықтан 13 сәуірде жаңа парламент шақырады. Король ақша беруді талап етті, оған қарсы парламент: министрлерді жазалау туралы, соғысты тоқтатып, шотландықтармен келісімге келу туралы өз талабын қойды. 1640 жылы 5 мамырда Король парламентті таратты. Бұл қысқа парламент болды.

Парламентті тарату елдің жағдайын одан сайын қиындата түсті. Жазда шотландықтардың жаңа шабуылы басталды. Карл I жағдайы қиындады. 1640 жылдың күзінде парламентті қайта шақыруға мәжбүр болды. 1640 жылдың қараша айында жаңа парламентті шақыру революцияның басталғанын көрсетті.

**Англиядағы алғашқы қорлану.** XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясынан жаңа тарих басталады, яғни бүкіл дүниежүзілік тарихтың капиталистік қоғамы қалыптасып, буржуазия үстем тап болған кезең басталады. Әрине ағылшын революциясынан кейін іле-шала Еуропаның барлық жерінде капиталистік қатынастар орнап, ал буржуазия барлық жерде жеңіске жетіп, саяси үстем тап болған жоқ. Францияда буржуазиялық революция тек XVIII ғасырдың аяғында, Германияда XIX ғасырдың ортасында ғана болды.

XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы Еуропаның кез-келген басқа еліне қарағанда капитализм тез және неғұрлым қарқынды дамыған елде болды. Капитализмнің бұлай дамуының нәтижесінде Англия буржуазиялық революциядан кейін жүз жылдан астам уақыттан соң әлемнің аса ірі державасына айналды. Сонымен «алғашқы қорлану» дегеніміз бір жағынан қандай да бір тікелей феодалдық тәуелділіктен азат, бірақ та еңбек құралдары мен қарулары жоқ адамдардың, яғни – жарлы-жақыбай шаруалар мен күйзеліске ұшыраған кәсіпшілер – капиталистік өнеркәсіптің жалдамалы жұмысшыларының алғашқы топтарының пайда болуы. Екінші жағынан «алғашқы қорлану» өндіріске жинақталған ірі капиталдың пайда болуы және капиталға иелік етуші топтың – буржуазияның қалыптасуы еді.

XVI ғасырдың өн бойында және XVII ғасырдың бірінші жартысында Англияда феодализм іріп-шіріп, капитализм пайда болып, дами бастады. Сырттай қарағанда XVII ғасырдағы Англия өнеркәсібінен егіншілігі, қаласынан ауылы басым кәдімгі аграрлы ел болды. XVII ғасырдың аяғында оның 5,5 млн халқының  $\frac{3}{4}$  (төрттен үші) яғни 4 млннан астамы ауылды жерлерде тұрды. Жалғыз ірі қаласы Лондон болды. Ғасырдың басында онда 200 мыңға жуық адам тұрды.

Экспорттық нарық үшін шұға өте көп шығарылғандықтан ұсақ тәуелсіз тоқымашылар көпестердің бақылауына сөзсіз түсетін Шұға өнеркәсібінің басым бөлігі шашыраңқы мануфактура болды. Шұғашылар өндірістің бүкіл үдерісін орындау үшін кәсіпкерлердің үлкен тобын бір жерге жинай бастаған кезде шоғырланудың неғұрлым жоғары сатысына қол жетті – бұл енді орталықтанған мануфактураға айналды. Жүн өнеркәсібінің орталығы Оңтүстік-Батыс Англияда орналасты. Бұл аудан жергілікті шикізатқа бай еді, мұнда қой өсірілді. Оңтүстік-Батыс Англиядан шұға Нидерландыға, Францияға, Германияға, Италияға апарылды. XVI ғасырдың ортасында шұға ағылшын экспортының 80 пайызын құраса, шұға индустриясы ұлттық табыстың жартысын берді.

XVII ғасырдың бірінші жартысында Англияның экономикалық тұрмысында тас көмір өнеркәсібі үлкен рөл атқара бастады. Әсіресе солтүстікте тас көмір көп алынды. Тас көмір өнеркәсібінде капиталистік

өндірістің бастапқы сатысы – өзіне тән еңбек бөлінісінің сипаты бар мануфактура айқын көрінген еді. Мануфактуралық өндіріске көшу өнім көлемінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті. Мысалы, Англияда тас көмір алу 1560 жыл мен 1680 жылдар арасында 14 есе өсті, жылына 3 млн тоннаға жетіп, сол кезде бүкіл Еуропада алынған көмірдің 80 пайызын берді. Көмір барған сайын тек Англияда ғана емес, сондай-ақ құрылықта өткізудің кеңейтілген нарығын табумен болды. 100 жыл ішінде (1540-1640) қорғасын, қалайы, мыс алу 6-8 есе артты. Metallургия айтарлықтай дамыды. XVII ғасырдың басында Англияда темірді 800 пеш балқытқан, олардың әрқайсысы жылына 20-дан 500 тоннаға дейін өнім берген.

XVII ғасырдың бірінші жартысындағы ағылшын өнеркәсібі туралы айтылғандарды қорытындылай келіп, мынадай тұжырым жасауға болады: Англияда шұға және жүн өнеркәсібі жетекші сала болды, мұнда шашыраңқы және орталықтанған мануфактурасы бар өндірістің капиталистік формалары айтарлықтай етек алды, сондай-ақ металлургия мен тас көмір саласында да өндірістің капиталистік әдісіне көшу жүзеге асты (кедейлердің жалдамалы еңбегін пайдалану) және өнеркәсіп буржуазиясының күшеюі байқалады.

XVII ғасырдың бірінші жартысында Англияның ішкі және сондай-ақ сыртқы саудасының күшті қарқынмен дамуы көрініс тапты. Бұл кезде ағылшын көпесін Батыс және Шығыс Еуропадан, Солтүстік Африкадан, Азиядан, Үндістаннан, Америкадан кездестіруге болатын еді. Ағылшын көпесі Англиядан шыққан тауармен де, оның ішінде шұға мен жүн маталармен, сондай-ақ басқа елдерден, оның ішінде отарлардан әкелінген тауарлармен де сауда жасады.

XVII ғасырдың алғашқы 40 жыл ішінде ағылшын сыртқы саудасының айналымы 2 есе ұлғайды. Одан шетел көпестері біржолата қуылды. 1598 жылы ағылшын үкіметі шетел көпестеріне жасалған жеңілдіктерге тыйым салды. XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың бірінші жартысында монополияны жақтаушылар мен еркін сауда және қабылдап алушылар арасындағы күрес барған сайын шиеленісе түсті. Монополияның өмір сүруіне тюдорлар мен стюарттар үкіметі мүдделі болды, оларға монополиялар мен патенттер таратып беруден үлкен табыс келіп отырды және жоғары феодал шонжарлары мүдделі болды, олар монополия компанияларының табысының бір бөлігін алып отырды. Еркін сауданы көпестердің, өнеркәсіп иелерінің неғұрлым көлемді топтары жақтады, бұлардың өкілдерін монополиялар қатты қысымға алған еді. Монополияға, сондай-ақ озық экономикалық дамуға мүдделі болған жаңа дворяндар да қарсы шықты.

**Англия халқының әлеуметтік құрамы.** Англияда жер феодалдық меншік еді және ол дворяндардың, шіркеу мен биліктің қолында болды. Ағылшын шаруаларының негізгі бұқарасында өздерінің жер иеліктеріне жеке меншік құқы болмады. Еркін ұстаушылар – фригольдерлер лордтарға жер телімдері үшін болмашы ғана рента төлеп, еркін иемденуге құқық алды. Бірақ фригольдерлер шаруалардың шағын бөлегі еді, шаруалардың көпшілігі өздерінің басыбайлы шаруа еркіндігін өтеп алған копигольдерлер болды.

Копигольдер жер телімі үшін феодалдық рентаны тәртіп бойынша ақшалай төледі. XVIII ғасырдың басында Орталық Англияда копигольдерлер жер ұстаушылардың 60 пайызы, ал Шығыс Англияда үштен бірінен екіден біріне дейін болды. Солтүстік және батыс графтықтарында копигольдер жер ұстаушы шаруалардың басым бөлегі болды. Копигольдерлердің аз ғана бөлегі ғана өз участогінің мирасқор ұстаушысы еді. Көпшілігі жерді 21 жыл ұстады. Ұстау мерзімі біткеннен кейін баласы әкесінің үлесін алу-алмауы лордтың еркіне байланысты болды.

Рента төлеуден басқа лордтар копигольдерден мүмкіндігінше алымдар (нарықтық, диірмендік, қазалық жиын, жайылым үшін ақы) алып отырды. Копигольдер лордтың ықтиярынсыз өз жер телімдерін не жалға беруге, не сатуға, не кепілдікке бере алмады. Яғни копигольдер шаруашылық ұстаудың неғұрлым шектелген және құқы жоқ түрі болды. Ағылшындық ауылды жерлерде фригольдерлер мен копигольдерлерден басқа көптеген (400 мың) жері жоқ коттерлер болды, олар батрактар сияқты қаналып, екіжақты (феодалдық және капиталистік қанауда) езгіде болды.

Ірі жериеленушілер өз қарамағындағы жерлерін жайылымға айналдыра бастады. Олар мұнымен қанағаттанбай бұрын жер ұстаушы шаруалармен бірге пайдаланып келген қауымдық жерлерді ала бастады. Сонымен бірге жерұстаушы шаруаларды қуып, бұл жерлерді өздерінің жайылымдарына айналдырумен болды, сөйтіп олар шаруа жайылымдары мен ауылды мекендерді тұтасымен көшіріп отырды. Басып алған жерлерді дворяндар қадамен, ормен қоршап алды. Ағылшын шаруаларын зорлап жерсіздендіру үдерісі «қоршап алу» саясаты деп аталды.

Жерлерінен қуылған шаруалар қала мен ауыл кәсіпкерлеріне, мануфактуралар мен фермалардың қожаларына өз еңбек күшін сатуға мәжбүр болды. Дворяндардың ағылшын шаруаларын зорлап жерсіздендірген бұл үдерісі аграрлық төңкерістің алғышарты болды, бұл арқылы Англиядағы ескі, феодалдық жер иелену жаңа, буржуазиялық тұрпатқа айналып, ауыл шаруашылығын капиталистік жолмен ұйымдастыра бастады.

Сонымен ағылшын шаруаларын күштеп жерсіздендіру алғашқы қорланудың классикалық үлгісі болды, ауыл шаруашылығында капиталистік өндіріске жол ашты. Англияда капитализмнің дамуымен аса маңызды әлеуметтік өзгерістер болды – буржуазия табы: қалалық мануфактура иелері, саудагерлер, өсімқорлар сияқты ауылдық (капиталистік фермерлер) тобы өсіп, дамыды. Осы дәуірдегі Англияның әлеуметтік құрылысындағы екінші бір аса маңызды ерекшелік – феодалдар табының «жаңа» және ескі дворяндарға жіктелуі болды.

1) Ескі дворяндар – тіршілік етудің басты көзі ретінде шаруаларды ескі әдетпен қанаушы дворяндар.

2) «Жаңа» дворяндар (джентри) – өз иеліктерінде тауарлы өндіріске көшкен, яғни өз шаруашылығын капиталистік жолға бейімдеген (қой өсірген, жүнмен пайдалы сауда жасаған, жалдамалы еңбекті пайдаланған) ұсақ орташа дворяндар өкілдерінен құралды.

3) Ауыл шаруашылығында өндірістің капиталистік түріне көшу жағдайында жер капиталды тиімді сақтау объектісі болды. XVI ғасырдың бай шаруалары, қалалықтар, шенеуніктер, көпестер жерді ынталана алды. Сөйтіп олардың көбі джентрилердің қатарына қосылды.

Жаңа дворяндар Англияның оңтүстік-шығысы мен орталық графтықтарында көп кездесетін еді, мұнда капиталистік қатынастар бұрынырақ және тез дамыған болатын. Артта қалған солтүстік және батыс графтықтарында, керісінше, ескі дворяндар көп болды. Буржуазияның жаңа дворяндармен одағы капитализацияланған жаңа Англияның ескі феодалдық-абсолюттік құрылыспен күресінде маңызды алғы шарт жасады. Буржуазия мен жаңа дворяндар күш біріктіре отырып абсолютизмге соққы беріп, революция басталғанға дейін-ақ оны ауыр қаржылық жағдайға душар еткізе алды.

**Англиядағы азамат соғыстары.** 1642 жылы жаздың аяғында Англияда азамат соғысы басталды. Ел іші қарама-қайшы екі лагерьге бөлінді. Бай, халқы тығыз, сауда-өнеркәсібі жағынан дамыған Лондон бастаған Англияның оңтүстік-шығысы парламент тірегі болды. Солтүстік пен батыстың неғұрлым артта қалған графтары корольді жақтады. Парламентті қала буржуазиясының әртүрлі топтары, жаңа дворяндар, шаруалардың басым бөлігі, кәсіпкерлер мен қаланың жарлы-жақыбайлары қолдады. Олар парламент партиясының жеңісі нәтижесінде өз жағдайларын жақсартуға үміттенді. Корольдің әлеуметтік тірегі негізінен феодалдық дворяндар болды. Сондай-ақ мемлекеттік епископ шіркеуі корольді барынша қолдады. Оларға пуритан парламенті жағынан шіркеу реформасы қауіп төндірген еді. Сондай-ақ осы аудандардағы шаруалардың аз ғана тобы қолдады. Оңтүстік Шотландия да парламенттің одақтасы болды. Бұл абсолютизмге оппозициялық пиғылда болған дворяндар мен буржуазия еді. Экономикалық жағынан артта қалған католиктік Ирландия мен Шотландияның таулы бөліктері король жағында болды.

Өзінің сипаты мен мақсаты жағынан таптық негізде болған Англиядағы азамат соғысы жаңа буржуазиялық, капиталистік элементтердің ескі феодалдық-абсолюттік құрылыспен күресінің айқын көрінісі еді. Ол діни идеологияны бетке ұстады. Парламенттік буржуазиялық партия «пуритандық партия» болды. Ол өз туының астына пресвитериан, индипендент және басқа көптеген діни секталарды біріктірді. Корольді қолдаушылар ресми түрде ағылшын шіркеуінің туы астында күресті. Парламенттің экономикалық және қаржылай байлығы корольдің материалдық қаржысынан едәуір көп болды. Себебі өнеркәсібі дамыған ірі қалалардың бәрі парламент жағына шықты. Парламенттің қолында маңызды порттар мен флот болды. Парламент Лондон банкирлері мен көпестерінен көлемді несие ала алатын еді.

Алайда азамат соғысының алғашқы жылдарындағы соғыс әрекеті парламент үшін қолайсыз болды. Шабуыл жасау ұсынысы түгелдей король әскерлерінде болды. Олар негізінен соғыс ісін жақсы білетін дворяндар еді. Парламент әскері алғашқы кезде өте нашар даярланған. Парламент әскерлері әлеуметтік құрамы жағынан әртекті, әрі тәртіпке салынбаған еді. Тек қана



Лондон кәсіпшілерінен, кәсіпшілер мен сауда шәкірттерінен және кіші шеберлерден құрылған Лондон милициясы ғана айтарлықтай әскери күш бола алды.

Алайда азамат соғысының алғашқы кезеңіндегі парламенттің сәтсіздіктерінің тек әскери емес, саяси себептері де бар еді. Парламент армиясына басшылық, корольмен соғыстың бүкіл жоспары пресвитериан партиясының қолында болды, ал ол король мен оның жақтастарын толық және тез жеңуге мүдделі болған жоқ. Азамат соғысының барысында парламент оппозициясы екі партияға: неғұрлым байыпты – пресвитериандар және неғұрлым радикалды – индипенденттер партиясына бөлінді.

Парламенттегі басты рөлді пресвитериандар атқарды. Бұлар жаңа дворяндардан шыққан көпес-монополистер, банкирлер мен ірі жер иеленушілер еді. Парламентте үстемдік етуші пресвитериан партиясы соғысты батыл жүргізе алмады. Ол тіпті корольмен құпия келісім жасап, сосын революциялық толқынды басып тастауға тырысты. Парламенттің король жөніндегі батылсыз саясаты мен парламент әскерінің сәтсіздіктері көп ұзамай ағылшын қоғамының радикалдық топтарында реніш туғызды. Олар индипендент партиясының төңірегіне бірікті. Олардың көсемдерінің бірі – ағылшын революциясының аса ірі қайраткері – Оливер Кромвель болды. Кромвель 1599 жылы шағын жер иелігі бар дворян семьясында дүниеге келді. 1640 жылы ол парламентке сайланды. Мұнда ол парламент қайраткері ретінде емес, әскерді ұйымдастырушысы ретінде сайланды. Кромвель жауынгерлерін «сауыт кигендер» деп атады. 1644 жылы шілдеде олар Марстон-Мур шайқасында король әскерін – «кавалерлерді» жеңіп шықты. Кромвельдің аты бүкіл елге әйгілі болды. 1644 жылдың аяғында Кромвель әскерге толық реформа жүргізуді талап етті. «Жаңа үлгідегі әскер» деп аталатын бұл жасақ негізінен шаруалардан, кәсіпкерлерден, жұмысшылардан, көбінесе индипенденттерден құралды. 1645 жылы маусымда Нейзби маңында Кромвель король әскерлерін қиратып салды. 5000 тұтқын алып, бүкіл артиллерияны, қыруар соғыс жабдықтарын және корольдің барлық дипломатиялық жазбаларын қолға түсірді. Мұнда король парламентпен бітімге көну туралы келіссөз жүргізумен бірге Еуропа елдерінен көмек сұрап, жасырын сөз байласып жүрген болып шықты. Король үкіметінің беделі тез арада түсе бастады. Нейзби маңындағы шайқастан кейін король тағы да бірнеше рет жеңіліп, 1646 жылдың наурызына қарай король қамалдарының бәрі дерлік парламент әскеріне берілді. 1646 жылғы сәуірдің аяғында король Шотландияға қашты, бірақ ағылшын парламентінен 400 мың фунт стерлинг алған шотландықтар 1647 жылғы қаңтарында корольді ағылшындарға ұстап берді.

Соғыс барысында парламент әскері табысқа жетіп жатқандықтан парламент буржуазиясының билеп-төстеушілеріне тиімді шаралар жүргізіп, феодалдық тәртіптің қалдығын жоюға асықты. Ол король мен епископ жерлерін, сондай-ақ корольді жақтаушылардың жерлерін тәркілеп, бұл жерлер сатылды. Сөйтіп жаңа дворяндар мен буржуазияны байытты. Дворяндар өздерінің феодалдық төлемдеріне тыйым салып, шаруалардың

бүкіл феодалдық төлемдерін сақтап қалды. Парламент сондай-ақ «қоршауға алуға» қарсы барлық заңдарға тежеу салып, осыған байланысты енгізілген заң жобаларының бәрін өзгертті. Корольдің тұтқынға алынуымен және Уэльстегі соңғы роялистік тірек пункттердің құлауымен 1647 жылдың наурызында Бірінші азамат соғысы аяқталды.

Пресвитериан партиясының жүргізген саясаты халықтың әртүрлі топтарының арасында реніш туғызбай қойған жоқ. Бұған 1647 жылы қауымдар палатасына түскен көптеген петициялар дәлел болды. Пресвитериандар азамат соғысының нәтижесінде туған орасан зор экономикалық қиыншылықтарды жеңе алмады. Парламентке түскен петицияларда барлық жердегі мұқтаждық туралы, өнеркәсіп пен саудадағы тоқыраудың салдарынан көптеген кәсіпкерлердің Голландияға кетіп жатқаны туралы айтылды. Ауыл шаруашылығында жер иеленуші шаруалардың жағдайы ауыр болғаны соншалық, олардың көпшілігі лендлордтарға рента төлей алмады. Осының салдарынан көптеген қысқа мерзімді жер иеленушілер өз жер телімдерін лордтарға қайтарып берді.

Мемлекеттік шығындарды жабу үшін парламент жаңа салықтар салды. Ең ауыр салық – қажетті заттарға салынған акциз болды. Оны парламент алғаш рет 1643 жылы енгізді. Ол мемлекеттік шығындарды жабуда үлкен рөл атқарды. Халық әскерді ұстаудан қатты зиян шекті. Өйткені солдаттарға тұрғын үй мен тамақ беруге тиісті болды. Парламент офицерлер мен солдаттардың жалақысын үнемі кешіктіріп отырғандықтан әскер де ашулы болды. Азамат соғысынан кейін әскер пресвитериандардың емес, индипенденттердің жағына шыға бастады.

Индипенденттер король үкіметін құлатуды талап еткен жоқ. Сонда да оған айтарлықтай шек қоюды, парламент үкіметін орнатуды талап етті. Мұның мәнісі жаңа дворяндар мен буржуазияның саяси құқықтарын қамтамасыз ету еді. Олардың монополияны жоюға деген талабын буржуазияның билеп-төстеушілері пайдаланды. Сөйтіп басқа буржуазиялық топтардың, сондай-ақ шаруалар мен кәсіпшілердің мүддесіне нұқсан келтірілді. Олардың пресвитериандардың салық жөніндегі саясатына наразылығы мен король өкіметіне шек қою мәселесіндегі батыл ұстанымын халық бұқарасы кеңінен қолдады. Индипенденттер партиясы әскерде, әсіресе офицерлер арасында кеңінен белгілі болды. Оны әскерінің көрнекті қайраткерлері – Кромвель, Айртон басқарды. Пресвитариандар мен индипенденттер арасындағы күрес – парламент пен әскер арасындағы өрши түскен қақтығыс өз келбетін тапты.

Әскерге, ең алдымен оның жауынгерлеріне жаңа саяси топ та арқа сүйеді, ол левеллерлер деп аталды. Бұлардың ең дарынды көсемі Джон Лильберн болды (1618-1657). Ол батыл үгітші, саяси күрескер еді. Левеллерлер индипенденттер саясатын сынады. Олар жалпыға ортақ теңдікті және ер адамдар үшін жалпыға бірдей сайлау құқын енгізуді талап етті. Шіркеуді мемлекеттен бөлуді, жеке басы мен үй-мүліктерінің, баспасөз, діни сенім бостандығын талап етті.

Сонымен, пресвитериандарға қарсы саяси күштер әскерге сүйеніп, соған үміт артты. Пресвитериандар парламентіне наразы болған левеллерлер индипенденттермен жақындасты. Индипенденттер негізінен әскердің офицерлер құрамына сүйенді, ал левеллерлерді жауынгерлердің көпшілігі, сондай-ақ демократиялық пиғылдағы офицерлер жақтады. Кромвель әскері революциялық насихаттың ошағына айналды. Енді парламент әскерден құтылуды ұйғарды.

1647 жылы 19 ақпанында қауымдар палатасы асығыс түрде армияны тарату туралы шешім қабылдады. Бұл қаулы армияда үлкен наразылық туғызды. Кромвель парламентпен келіссөз жүргізуді өз міндетіне алды. Бірақ парламент көнбейтін болған соң, Кромвель жауынгерлермен келісуге мәжбүр болды. Индипенденттер көсемдері жауынгерлерді белгілі шекарада ұстағысы келді, бірақ Кромвель үгітші-жауынгерлермен жанжалдасуға бара алмады. Өйткені, біріншіден пресвитериандар әлі қуатты еді. Ал екіншіден әскер ішінен шыққан «жауынгер үгітшілерінің кеңесі» жауынгер бұқарасымен тығыз байланысты екенін индипенденттер өз көзімен көрді. Бұл күшті зорлықпен жоюға тырысу, әскердің басым бөлігімен күресу пресвитериандарға қарсы күрес тұғырын әлсіретер еді.

Сондықтан Кромвель «Жауынгер үгітшілерінің кеңесімен» тиімді келісім табуға ұмтылды. Мұндай жол жалпы әскери кеңес болды. Бұл кеңесті құрғаннан кейін Кромвель үгітшілердің әрекетіне бақылау жасауды өз қолына алды. Үгітшілердің офицерлер көпшілігіне бағынуына тура келді. Үгітшілердің қысымымен индипенденттер басшылары тамыздың басында Лондонды алуға бұйрық берді. Енді елдің бүкіл саяси өмірі әскерге шоғырланды. Әскерде: офицер-индипенденттер және левеллерлер идеясын жақтайтын жауынгерлердің екі тобы құрылды. Офицерлер тамызда жаңа конституция жобасын жариялады. Ол «Негізгі ұсыныстар» деп аталды. Оның мазмұны: парламентті тарату, заттай салық цензасының негізінде парламент құру, тиісті салық төлемегендерді сайлау құқынан айыру болды.

Әрине бұл жоба буржуазияны, джентрилерді, болмаса кедей және орта шаруа-капигольдерлерді, коттерлерді, кәсіпкерлерді, жұмысшыларды қанағаттандыра алмайтын еді. Конституцияның индипенденттік жобасының шектелген сипаты әсіресе король мен лордтар туралы бабында айқын көрінді.

«Негізгі ұсыныстар» монария мен лордтар палатасын сақтауды көздеді. Конституция жобасының арнаулы (XIV) бабында: «мәртебелі корольдіктің құқын, бостандығын, бейбітшілігі мен қауіпсіздігін белгілеп, қамтамасыз ету керек» делінген. Осы жобаға қарсы әскер өкілдері левеллерлер өздерінің әлеуметтік-саяси өзгертулері кеңейтілген бағдарламасын жасады. 1647 жылы 15 қазаннан бастап «Әскер ісі» деген бағдарламасын халыққа таратты. «Әскер ісінің» басты авторларының бірі – Джон Уайлдман болды. Ол левеллердің көрнекті шешені және публицист еді. Олар король өкіметін, лордтар палатасын мойындамады. Левеллерлер жалпыға бірдей сайлау құқының негізінде сайланған бір палаталы парламентті жақтады. «Әскер ісі» бағдарламасы бірқатар әлеуметтік-экономикалық талаптарды: кедейлерге салықты азайту; банкирлерге салықты көбейту; «Қоршауға алу» саясатын

тоқтату, тартып алынған қауымдық жерлерді қайтару, монополияны, десятианы жоюды қарастырды. Бұл құжат әскердегі екі лагерьдің – индипенденттер мен демократия лагерінің батыл жікке бөлінуінің айғағы болды. Левеллерлер «Әскер ісі» бағдарламасынан басқа «Халық келісімі» құжатын жасады. «Халық келісімі» - бұл левеллерлердің демократиялық конституциясының жобасы болды. «Халық келісімі» жалпыға бірдей сайлау құқын, мемлекеттің діни іске ешбір қол сұқпауын, лордтар палатасы, король өкіметі сияқты феодалдық мекемелерді жоюды талап етті. Бұл Англиядағы феодалдық тәртіптерді революциялық жолмен жою ісінде батыл қадам болды. Алайда Кромвель бастаған индипенденттер жалпыға ортақ сайлау құқы мен барлық адамдардың теңдігін Заң алдында жеке меншік пен өз сенімдері үшін қауіпті деп білді.

Халық бұқарасының күшімен абсолютизмді жеңе отырып, ағылшын буржуазиясы мен джентрилер феодалдық монархиямен күресте өздерінің демократиялық одақтастарына бірден нөқта кигізбек болды. Индипенденттердің бұл талабының айқын көрінісі Патнидегі Әскер Кеңесінің мәжілісіндегі жарыссөз болып табылады. Бұл 1647 жылдың қазан-қараша айларында өтті. Бұл жоғары офицерлер құрамы мен левеллерлер кездескен конференция еді. Ең көп талқыланған мәселе – сайлау құқығы болды. Левеллерлер жалпыға ортақ сайлау құқының енгізілуін талап етті. «Біз соғыста құқысыз болып қалу үшін шайқасқанымыз жоқ» деді левеллерлер. Бірақ индипенденттер жалпыға ортақ сайлау құқынан қорықты. Дегенмен ақыр аяғында левеллерлер ндипенденттердің бұл ұсынысына көнді. Олар кіші шеберлердің, қызметшілер мен кедейлердің сайлау құқынан айыруға келісім берді. Бірақ олар конституция мәселесінде, яғни Англияның болашақтағы саяси құрылысы жөнінде өзара келісімге келе алмады. Левеллерлер мен оның жетегіндегі әскерилер заңдық билікті тек өздеріне беруді қауымдар палатасының басшыларынан талап етті. Олар лордтар палатасы да, король де қауымдар палатасының шешіміне тыйым сала алмайды, тіпті бөгет жасай алмайды деп санады.

Бұған керісінше, грандтар монархиялық құрылыстың сақталуын қалап, елдегі бейбітшілік пен тыныштықты сақтау үшін «корольдің көмегі» керек деді. Жарыссөз қыза түсті, грандтар мен левеллерлер арасында келісім болмай қалды. Полктерде көтеріліс басталды. Левеллерлердің бірінші аттанысы 1647 жылы 15 қарашада болды. Полктердің бірін Джон Лильберннің інісі – Роберт Лильберн басқарды. Алайда көтеріліс тез басылды. Тұтқынға алынғандарды әскери сот үкім шығарып үшеуін өлім жазасына кесті.

Бірақ бұдан кейінгі оқиғалар левеллерлер мен индипенденттерді уақытша бірігуге мәжбүр етті. Өйткені корольді жақтаушылардың бас көтеруі және жаңа екінші азамат соғысы пісіп келе жатты. Уэльсте, Кентте және басқа графтықтарда роялистік көтерілістер бұрқ ете түсті. Жаңа азамат соғысының үшінші ошағы бірте-бірте Англияның солтүстік шекараларында пайда бола бастады. Кенттегі көтеріліспен бір мезгілде флотта да көтеріліс болды. Көтеріліске шыққан кемелер Голландия жағалауына қарай бет алды,

мұнда көтеріліске шыққан флотты Карл I ұлы ханзада Уэльский басқарды. Роялистерге барлығы 10 кеме қосылды. Сонымен екінші азамат соғысы роялистердің бірқатар табыстарымен басталды. Олар алғашында парламентті жақтаушыларға қатты қауіп төндірді. Бірнеше айдан кейін революцияшыл әскер соғыстың үш жерінде де жеңіске жетті.

1648 жылдың мамыр-маусым айларында Кромвель басқарған 7 мың адам Уэльске жіберілді. Мұндағы мақсат – осындағы роялистердің басты күшін жою еді. Маусым-шілде айларында әскердің 7 полктен тұратын басқа бөлімдері Кентке беттеді. Мұнда ханзада Уэльстің жағына шыққан соғыс кемелерінің көтерілісшілерге көмектесуі мүмкін еді. Алайда Ферфакс пен Айртонның Кенттегі әрекеті сәтті басталды. Бірнеше күннен кейін Колчестер, Дувр, Кентербери алынды.

Тамыз-қыркүйек айларында Кромвель Оңтүстік Уэльстегі роялистерді талқандап, солтүстікке қарай асықты. Ондағы ойы – шотландықтарды Англия аумағына жібермеу еді. 17 тамызда Кромвель Престон түбінде шайқасқа кірді. Келесі күні ол шотландықтардың негізгі күшін талқандады.

Престондағы шайқас революцияшыл әскердің тағы бір тамаша жеңісі болды. Кромвель мұнда да өзінің үлкен қолбасшылық өнерін көрсетті. Кромвель саны жағынан екі есе көп шотландия мен ағылшын роялистерін талқандап шықты. Престондағы жеңістен кейін 21 қыркүйекте Кромвельдің әскерлері Шотландия жеріне кірді. Мұнда оны Шотландияның жаңа билеушілері салтанатпен қарсы алды. Шотландықтар Англиядан қуылып, Колчестер тізе бүккеннен кейін екінші азамат соғысы іс жүзінде аяқталды. Ол революцияшыл әскердің роялистерді толық жеңуімен аяқталды.

Алайда Лондонда әскер жоқ кезде пресвитериандар парламентте қайтадан басым болды. Парламент: ағылшын конституциясы бұдан былай өзіне корольді, лордтар мен қауымдар палатасын енгізуге тиіс деп жариялады. Сөйтіп парламент корольдің қайтадан таққа келу жағдайларын ойластырды. Осы оқиғаға байланысты әскерилер «Әскерді қайта құру» декларациясын қабылдады. Мұнда корольмен келіссөз жүргізуді тоқтатуды және корольді сотқа тартуды, сөйтіп парламентті таратуды талап етті. Алайда парламент Карл I-мен келіссөз жүргізуден бас тартпағаны былай тұрсын, әскерді тарату туралы шешім қабылдады. Осыдан кейін әскер Лондонға жетуге асықты. Кромвельдің бұйрығымен полковник Прайд парламентті пресвитериандар депутаттарынан түгел «тазартты». Тарихқа «Прайдтың тазалауы» деген атпен енген осы оқиғалар кезінде қауымдар палатасының 47 мүшесі тұтқынға алынды. Прайдтың тазалауы нағыз төңкеріс болды. Ол өкімет билігін индипенденттерге алып берді. Пресвитериандардың үстемдік ету кезеңі аяқталып, Кромвель мен оның партиясының үстемдік ету кезеңі басталды. Ақырында 1649 жылы 30 қаңтарда «тиран, опасыз, кісі өлтіруші және мемлекеттің жауы» ретінде корольдің басы алынды. Сонымен, халық бұқарасы мен левеллерлер партиясының ұзаққа созылған табанды күресі индипенденттерді корольді өлтіріп, монархияны жоюға мәжбүр етті.

1649 жылдың ақпанынан бастап Англия Парламент басқаратын республика болып жарияланды. Жаңа республиканың жағдайы өте күрделі

болды. Жаңа саяси құрылысты нығайту үшін оны ел ішінде және одан тысқары жерлерде әрекет етуші ескі, биліктен айрылған феодалдық күштердің қастандығынан қорғау керек еді. Екінші жағынан Англияның жаңа билеушілері өз қолдарында билікті ұстап қалуы үшін буржуазиялық республикаға қанағаттанбаған демократиялық халық бұқарасы тарапынан келетін қауіптің бетін бұруға тиіс болды. Оңнан да, солдан да келетін дұшпандарына тойтарыс беру – республиканың индипенденттік басшылығының басты міндетіне айналды.

Монархияны реставрациялаудың қауіптілігі, әсіресе бірінші кезеңде күмәнсіз болды. 5 ақпанда Эдинбургте Шотландия монархистері ағылшын пресвитериандарымен және роялистерімен бірігіп, өлім жазасына кесілген Карл I-нің ұлы Уэльс ханзадасы Карлды король деп жариялады. Бұл республикаға жасалған ашық шабуыл еді. Әсіресе солтүстік және батыс графстволарындағы роялистердің бүлігі шын қауіп төндірді. Бұл ұзақ уақыт бойы корольдің тірегі болған еді. Сондай-ақ Ирландия теңізінің бойына орналасқан, Ирландияның католиктік және роялистік орталығына неғұрлым жақын графстволар қауіп төндірді.

Ұзақ парламентке бірқатар репрессиялық шаралар қабылдауға тура келді. Осылайша роялистік партияның аса қауіпті басшылары өлім жазасына кесілді. Герцог Гамильтон, Голландия лордтары мен Капельдің бастары алынды. Бұл роялистік контрреволюцияға берілген қатты соққы болды, ол өзінің ең белсенді көсемдерінен айрылды. Роялистерді қуғындау тоқтамады. Белгілі монархистердің бір бөлігі Англиядан қуылып, жер иеліктері тәркіленді, екіншілері түрмелерге қамалып, жер иеліктерінен айрылды. Роялистерге қарсы террор өз әрекетін жандандырды. Монархияны жақтаушылар ендігі жерде ел ішіндегі роялистік күштерге үміт артудан гөрі сырттан көмек күтуге тиіс болды. Шетел интервенциясының қаупі ол кезде өте күшті еді. Бұл кезде республиканы бірде-бір үкімет мойындаған жоқ. Көптеген еуропалық мемлекеттер корольді өлім жазасына кесуге наразы екендіктерін ресми түрде мәлімдеді.

«Патшаны өлтіруші» республиканы Франция, Испания, Австрия сияқты феодалдық еуропалық монархиялар ғана емес, тіпті буржуазиялық Голландияның республикалық үкіметі де мойындамай, өлім жазасына кесілген Карл I-нің ұлы – болашақ Карл II өздерінде қабылдауға жол берді. Голландия ағылшын роялистерінің жаңа ағылшын мемлекетіне қарсы күресте құрылықтағы аса белсенді қызметінің тірегі болды. Ирландияда Англияға жіберу үшін көрнекті роялист граф Ормондтың басшылығымен тұтас бір әскер дайындалып жатты. Роялистік қауіп Шотландия тарапынан да төнді. Мұнда республиканы танудан бас тартып қана қойған жоқ, Уэльс ханзадасын Король де жариялады.

Шетелдердегі роялистік агенттер де революцияшыл Англияға қарсы басараздықтарын күшейтті. Әсіресе Францияда Генриетта – Мария әрекетін тоқтатпады. Тіпті Англияның өз отарлары да метрополияға қарсы дұшпандық ұстанымда болды. Интервенцияның қаупі республика үкіметін сырттан жасалатын шабуылға қарсы теңіз жағалауларын нығайту үшін

асығыс түрде шаралар қабылдауға мәжбүр етті. Флот едәуір күшейтілді, флотқа басшылық ету қайта құрылды.

Индепенденттер республикасы үшін ел ішінде роялистік контрреволюциядан басқа да қауіптер бар еді. Буржуазияның барлық топтары бірдей республиканы қолдаған жоқ. Ұзақ парламенттің пресвитариандық көпшілігінің тірегі болған Ситидің ақшалы қапшықтары жаңа мемлекеттік тәртіпке қырын қарады.

Алайда ағылшын республикасының үкіметі алдында өте қиын ішкі міндет тұрды: ол жеңген тап пен қалың еңбекші бұқарасының талаптары арасындағы қайшылық еді. Бұл қайшылықтың күшті болғаны соншалық, Англияда жаңа революциялық толқын туып келе жатқан сияқты болды. Англиядағы қалың еңбекшілер бұқарасының жағдайы республиканың орнау кезеңінде өте ауыр болды. Азамат соғысының барысында және егіннің шықпай қалуынан қатты зиян шеккен ауыл шаруашылығы халықты қажетті тағам өнімдерімен қамтамасыз ете алмады. Азық-түліктің жетіспеуі тағам өнімдерінің бағасын күрт өсіріп жіберді. Ең алдымен нанның қымбаттауы ағылшын халқының қалың бұқарасы арасында аштық туғызды, қайыршылық күйге душар етті. Англияда ешқашан мұндай ауыр жағдай болған емес еді. Ондаған мың кедейлер аштыққа ұшырап, қырылып жатты, тіпті орташа дәулеті бар адамдар кедей болып шықты, ал бұрын кедей болғандар енді құрып кетуге сәл-ақ тұрды.

Алайда буржуазия халық қамын ойламады. Республика өзінің өмір сүруі үшін соғыс жүргізіп жатты. Әскерді, флотты ұстауға жұмсалған орасан шығындар қазынаны қаңыратты. Индепенденттер парламентінің осы шараларының бәріне қайтарылған жауап – Джон Лильберннің тамаша памфлеттерінің бірі – «Англияның жаңа бұғауларын әшкерелеу» деген памфлеті болды. Памфлеттің атының өзі көп нәрсені аңғартады. Мұнда индепенденттер республикасының құрылысы «Англияның жаңа бұғаулары» ретінде алынады. Петиция түрінде жазылған бұл памфлет парламентке табыс етілді. Мұнда Лильберн индепенденттер республикасының мемлекеттік құрылысын қатаң сынға алады.

Лильберн республика басшыларын «ұлт мүддесі үшін, еңбекшілер мен кедейлердің жағдайын жеңілдету үшін ешнәрсе істеген жоқ» деп айыптаған кезде памфлеттің жалынды күші арта түседі. Лильберн мемлекеттік қызметтерді бір-біріне және өздерінің туған-туысқандарына бөліп бергендерді, жыл сайын түсетін мыңдаған және жүз мыңдаған фунт стерлинг қаржыны жеке мүддесі үшін талан-таражға салып, мемлекеттік несиеге нұқсан келтіріп, көптеген семьяларды аш қалдырғандарды жауапқа тартуды талап етеді. Левеллердің ойындағысы мұндай республика емес еді, демократияшыл бұқара – шаруалар, кәсіпкерлер, қала мен ауыл кедейлері король мен монархияға қарсы мұндай мемлекеттік құрылыс үшін шайқасқан жоқ болатын. Халық бұқарасының демократияшыл идеалдары индепенденттер құрған республиканың болмысымен мүлде жанаспады. Лильберн мен оның жақтастары формальдық теңдікті, яғни барлық адамның заң алдындағы теңдігін талап етті, бірақ ұсақ буржуазияның өкілдері ретінде

жеке меншікті бұлжымас нәрсе деп есептеді. Левеллердің жеке меншікке мұндай көзқарасы қала мен ауылдың жартылай пролетарлық және пролетарлық элементтерін қанағаттандыра алмады. Сондықтан да левеллерлер арасынан «нағыз левеллерлердің» немесе диггерлердің (теңгермешілердің) неғұрлым батыл ағымы бөлініп шықты.

Қала плебейлері мен ауыл кедейлерінің мүддесін білдіре отырып, диггерлер жерге жеке меншіктің болуына қарсы, сословиелік теңсіздікке, феодалдық тәртіптерге, адамды адамның қанауына қарсы шықты. Диггерлер қозғалысының көрнекті басшысы мен идеологы Джерард Уинстенли болды. Оның басты памфлеттері: «Әділеттіліктің жаңа заңы» (1649 жылы қаңтар), «1649 жылдың сәуірі», «Англияның кедей езілген халқының декларациясы» (бұған 45 адам қол қойды). Бұларда диггерлердің жалпы идеялары мен тікелей мақсаттары айтылды. Памфлетте құлдық атаулының басты көзі мен себебі жерге деген жеке меншікті дәлелдеді. «Жер тек сіздер үшін, сіздер оның қожасы, ал біз сіздердің құлдарыңыз, қызметшілеріңіз бен қайыршы болуымыз үшін жаратылған жоқпыз. Жер барлық адамдар үшін ортақ өмірлік қажеттілік болуға жаратылған» – деп жазды диггерлер өзінің памфлетінде. 1649 жылдың басында диггерлердің ашық бас көтерулері басталды. Олар бейбіт сипатта болды, өйткені диггерлер өз мақсаттарын күш қолданбай, бейбіт жолмен жүзеге асырамыз деп есептеді. Олар сондықтан игерілмеген қауымдық жерлер мен бос жатқан жерлерді күрепкен қазып, өңдей бастады. (Диггерлер деген ат осыдан шыққан. Сөзбе-сөз аударғанда «қазушылар», ағылшынның *today* – қазу деген сөзінен шыққан). Олар кедейлерді өздерінен үлгі алуға шақырды. Кейін неғұрлым жетілген және әділетті қоғамдық құрылысқа көшпек болды. Онда жеке меншік болмайды, бәрі бірігіп еңбек етеді, бірге тамақтанады және өмірлік игіліктердің бәрін теңдей бөліседі деп ойлады олар.

Алайда диггерлердің қауымдық жерлерді өңдеуден әрі баруға батылы жетпеді. Олар күрес пен күштеу жолымен емес сендіру жолымен, «христиан рухының» сүйіспеншілігі мен жеңісі жолмен лордтарды олардың идеяларын қабылдауға, сөйтіп жерді бүкіл халықтың пайдалануына беруге көндіре аламыз деп ойлады. Левеллерлер мен диггерлердің көтерілісін басқаннан кейін Кромвель Ирландияны бағындыруға кірісті. Ирландияға жасалған әскери экспедиция ағылшын буржуазиясына экономикалық жағынан да, сондай-ақ саяси жағынан да қыруар пайда келтірді. Экономикалық жағынан ол буржуазияның Ирландия жерін тәркілеу есебінен, Ирландия халқын тонау мен құлдыққа айналдыру есебінен баюына мүмкіндік берді.

Саяси жағынан – Ферфакс пен Кромвель бастаған әскер басшыларына левеллерлерден, әскердің революцияшыл ниеттегі бөлігінен құтылуға, оны Англиядан қууға мүмкіндік берді. Ирландия соғысында әскерді өз жағына қаратып алу, жауынгерлерді Ирландия жерлері мен мүліктерін тонау мүмкіндігімен еліктіру – олардың назарын ішкі саясат мәселелерінен аударып жіберу деген сөз еді. Ирландияға осы мақсатқа сай жабдықталған 12 мың жауынгерді бастап Кромвельдің өзі аттанды.



Бұл жазалаушы экспедиция ирландықтарды 1641 жылғы көтерілісі үшін «жазалау» деген сылтаумен жасалды. Негізінде бұл басып алу, отарлау соғысы болды. Ол өте қатаң жүргізілді. Тек жауынгерле ғана емес, бейбіт тұрғындарға да аяушылық болмады. Қарттар, әйелдер, балалар жасырынған үйлер мен шіркеулер отқа өртелді. Ирландия халқының қарсылығын жою үшін Кромвель ең қатал және тағылық әрекеттің бәрін жасап бақты. Ирландия халқының үштен бірі қырылды. Көбі тұтқынға алынып Америкаға құлдыққа сатылды.

1652 жылдың мамырына қарай соғыс әрекеттері негізінен аяқталды. Сосын ағылшындар Ирландияны тонауға – яғни Ирландия халқын жерді бөлісу жолымен тонауға кірісті. Ирландия ағылшын отарына айналды. Тоналған және қысым көрген Ирландия халқы осы күннен бастап өздерін құлдыққа салушылар ретінде ағылшындарды жек көре бастады. Ситидің ірі саудагерлері және республика басшылары мен Кромвель басқарған әскерді байытқан Ирландияның таңдаулы жерлерінің орасан бөлігін тәркілеу Ирландияда жаңа жер аристократиясын құруға алып келді. Ол Англияның өзіндегі реакцияның тірегі болды.

Ирландиядағы көтерілісті басқаннан кейін Кромвель Шотландияға тиісті. Ол бірнеше шайқаста Карл II-нің әскерлерін талқандады. Король қашып құтылды. Кромвель Шотландияның король тағын дарға асуға бұйырды. 1654 жылы Англияны, Шотландияны және Ирландияны біртұтас мемлекетке біріктіру туралы заң шығарылды. Шотландия мен Ирландия парламенттері жойылып, олардың депутаттарына ағылшын парламентінен 30 орыннан бөлінді.

Республика өз қуаты мен күшінің шыңына шықты. Шет мемлекеттер Англиямен дипломатиялық және сауда қатынастарын қайта бастады. Өзінің ішкі жауын талқандаған соң ағылшын буржуазиясы сыртқы жауларымен және бақталастарымен күресуге өзін күшті сезінді. 1651 жылы парламент «Навигациялық акт» (теңізде жүзу туралы заң) шығарды. Бұл заң бойынша тауарларды Англияға тек ағылшын кемелерімен немесе әкелінген тауарды шығаратын елдің кемелерімен әкелуге рұқсат етілді.

Бұл заң Голландияның аралық саудасына нұқсан келтіргендіктен ол бұл заңды қабылдаудан бас тартты. 1652-1654-жылдары Англия мен Голландия арасында соғыс болып, мұнда Голландия жеңіліп қалды. Англияның отарын кеңейтуге ұмтылған Кромвель Испаниядан Ямайка аралын, Вест-Индияны тартып алды.

**Протекторатқа көшудің себептері.** 50-жылдардың басына қарай буржуазия мен жаңа дворяндар революцияны аяқталды деп есептеді. Олардың өкіметі мен меншігін қорғау туралы ойлау керек болды. Оларға ауыл мен қаланың «төменгілеріне» қарсы күресуде тиімді құрал ретінде әскери диктатура керек болды.

1653 жылы сәуірде Кромвель ұзақ парламенттің қалдықтарын қуып шықты. Ұзақ парламентті таратуға ел ішінде қарсылық болған жоқ. Ұзақ парламент қуылғаннан кейін бір жарым ай өткенде 1653 жылдың шілде айында Кіші парламент деп аталған жаңа парламент шақырылды. Кіші

парламентке өте діни ағымдар мен секталардың өкілдері сайланды. Кіші парламенттің құрамында тым батыл левеллерлік элементтер де болды. Осы топтардың бәрі айтарлықтай сол қанат құрды. Кромвель сәл қателесті. Ол ел ішінде радикалдық діни және саяси пиғылдың қайтадан көтеріліп келе жатқанын ескермеді. Өзінің өмір сүрген аз ғана уақыты ішінде Кіші парламент кәдімгідей үлкен жұмыс атқарды. Ол халықтың қалың көпшілігінің жағдайын жақсартуға ұмтылды. Жаңа парламент азаматтық қоғамды қайта құруға өте жігерлі кірісті.

«Әулиелер» (жаңа парламент мүшелері осылай аталды) барлық ескі заңдарды, күрделі және шиеленіскен ағылшын құқықтарының бәрін шағын бір кодекске сыйдыру үшін комитет тағайындап, ағылшын заңгерлерінің зәресін ұшырды. Бұл тым батыл, демократиялық шаралар еді. «Әулиелер» шіркеу мәселесіне де қызу кірісті. Жаңа парламент Англиядағы некенің бірден бір формасы ретінде азаматтық некені енгізді, оның заңдық күші болды. Шіркеулік десятиананы жою, канцлерді соттауды жою, әскердің санын қысқарту туралы, борышы барларды түрмеден босату туралы мәселе қойды. Кедейлерге мемлекеттік көмек ұйымдастыру туралы заң жобасы жасалды.

1653 жылы 16 желтоқсанда қабылданып, «басқару құралы» деп аталған жаңа конституцияға байланысты Кромвель лорд-протектор (қорғаушы, есіркеуші) дәрежесіне ие болды, «республиканың» өмірлік басшысы болып шықты. Кромвель елді бір палатадан тұратын парламентпен бірігіп басқаруға тиіс болды. Парламент Англияның 400 депутатынан, Шотландия мен Ирландиядан 30 депутаттан құрылуға тиіс болды.

1654 жылы қыркүйекте жаңа конституцияға сәйкес сайланған бірінші парламент шақырылды. Алайда жаңа парламентте Кромвельге оппозициямен кездесуге тура келді. Тіпті бұл парламентте де бірен-саран республикалық пиғылдағы депутаттар болды. Олар жаңа конституцияның кейбір қағидаларын талқылап, мәні бар түзетулер енгізді. Депутаттардың бұл бөлігі парламенттің егемендігін жақтап, протекторға парламенттің еркін орындаушының рөлін ғана берді. Осыдан кейін Кромвель парламентті өзінің диктатурасын мойындағысы келмегендерден тазартты. Кромвель бағынғысы келмеген депутаттардан «тазартқан» осы парламенттің өзі әскерді (Кромвельдің басты тірегі) 57 мың адамнан 30 мың адамға дейін қысқартуды талап етті.

Әскерді екі еседей дерлік қысқартуды талап ете отырып, парламент жауынгерлердің борышын өтеуге ақша босатпады, әскер үшін протектор талап еткен қаржыны бекітпей тастады.

Сосын 1655 жылы 22 қаңтарда Кромвель парламентті таратып жіберді. 20 айға созылған, парламентсіз басқару кезеңі туды, бұл кезде елге лорд-протектор мемлекеттік кеңеспен бірігіп басшылық етті. Англияның саяси құрылысы әскери диктатураның айқын формасына көшті.

**Протектордың таптық сипаты.** Протектордың арқа сүйері, тірегі әскер болғандығы жоғарыда айтылды. Өкімет басында тұрған әскери басшылар әлеуметтік құрамы жағынан ірі жериеленушілердің жаңадан құрылған тобы

еді. Олар Англиядағы тәркіленген жерлерді алудан, Ирландия мен Шотландиядағы жерлерді басып алу мен тонаудан байыды.

Оның бір ерекшелігін айта кету керек. Бұл жаңа жериеленушілерде ескі феодалдық шонжарларға, монархияны қайта орнатуды жақтаушыларға деген бітіспес дұшпандық сақталып қалған еді. Мұның мәнісі – революция нәтижесінде алынған жерлерден айрылып қалу қаупі еді. Міне сондықтан да жериеленушілердің әлеуметтік жағынан туыстас осы екі тобы бір-бірін өте жек көрді. Өзара дұшпан екі күштің арасында қалған Кромвель мемлекеттік өзгеріс жасау үшін ол екеуінің ешқайсысына арқа сүйей алмады. Бұл күштердің әрқайсысы Кромвельді біршама қолдағанымен, оны ең алдымен өз бақылауында ұстағысы келді. Әскери топ ол үшін өзінің әскерге ықпалын пайдаланды, ал парламент тобының қолында елдің қаржысы болды. Олар соны пайдаланды. Парламенттің келісімінсіз салық алынбайтын.

Мұндай жағдайда үкіметтің бірден бір міндеті – сол кездегі тәртіпті қорғау болды. 1655 жылы Кромвель левеллерлердің, радикал сектанттардың және роялистердің бас көтеруін пайдаланып, Англия мен Уэльсті 11 әскери-әкімшілік округқа бөлді. Оларды генерал-майорлар басқарды. Олардың қолында шексіз билік болды: олар ең алдымен полицияның қызметін және саяси бақылау қызметін жүзеге асырды. Жергілікті басқаруды қолдарына алды. Салық жинады. Диктатураның дұшпандарын аяусыз түрмеге қамап отырды. Халықтан әртүрлі жолмен қаржы жиналғанымен ақша жетіспеді.

Сондықтан Кромвель екінші парламент шақырды. Испаниямен басталған соғысты жүргізу үшін Кромвельдің парламенттен қаржы алуы өте қажет болды. Парламент үкіметтің соғысты жүргізуін жақтап, біраз ақша берді. Ал Кромвельден генерал-майорлар жүйесін жоюды талап етті. Одан әрі парламент реставрациялық саясат жүргізді.

1656 жылы парламент лорд-протекторға петиция тапсырды. Онда лордтар палатасын, король өкіметін және мемлекеттік шіркеуді қалпына келтіру туралы ұсыныс жасалды.

Кромвельдің өзі де король болғысы келген еді. Бірақ оған әскер қарсы шықты. Офицерлер протекторат тәртібін, әскери диктатураны жақтады. Бүлік шығудан қорыққан Кромвель тәжден бас тартты. Ал бірақ 1657 жылы лордтар палатасын қалпына келтірді. 1658 жылы 4 ақпанда Кромвель өзінің екінші және ең соңғы парламентін таратты. Ал 3 қыркүйекте Кромвель қайтыс болды. Кромвель қайтыс болған соң өкімет билігі офицерлердің қолында қалды. Кромвельдің баласы – Ричард Кромвель жаңа лорд протектор болды. Ол енді офицерлер кеңесі арқылы басқарды. Әскердің талабына сай Ричард Кромвель 1659 жылы 22 сәуірде парламентті таратты. Көп ұзамай, 1659 жылы 25 мамырда протектордың өзі тақтан түсті. Өкімет билігі ұзақ парламенттің қолына көшті. Тұрақты үкіметті іздеген ірі буржуазия мен жаңа дворяндар роялистермен келісім жасамақ болды. Парламент болса Карл II-ге таққа отыру туралы ұсыныс жасады. Олар 1660 жылы Бред декларациясында айтылған шарттарды негізге алды.

Азамат соғысы кезінде роялистерден, корольден және шіркеуден тартып алынған жерлер жаңа дворяндар мен буржуазияның қолында қалды. Екінші

жағынан, Бред декларациясында монархияға қарсы шыққандарды діни сенімдері үшін қудалауды тоқтату және кешірім жасау туралы уәде бар болатын.

1660 жылы дворяндар стюарттардың монархиясын қайта орнатты, Корольдер Карл II (60-85) мен Яков II (85-88) Англияда революциядан бұрынғы тәртіптерді қайта орнатқысы келді, бірақ мұнан ешнәрсе шыққан жоқ. 1689 жылы қаңтарда парламент ресми түрде Яков II өкімет билеуден босатты және таққа отыруға оның жездесі – Нидерландтың басқарушы Вильгельм Оранскийді шақырды. 1688-89 жылдары болған төңкерістің нәтижесінде ірі жер иелері мен капиталистердің үстемдігі нығайды. 1689 жылдан кейін қалыптасқан конституциялық монархия бұл үстемдіктің саяси түрі болды.

XVII ғасырдың 40-жылдарында болған ағылшын революциясы тек қана Англияның тарихында емес, бүкіл дүниежүзілік тарихта жаңа кезең ашты. Бұл революция Англияда феодалдық үстемдікті жойып, капиталистік үстемдікті бастады. Капиталистік қоғамның негізгі таптары – буржуазия мен пролетариаттың біржолата қалыптасуы болды. Революция Англияны өндіргіш күштерінің дамуын тежеген феодалдық тұсаулардан босатса да, еңбекшілер бұқарасына жеңілдік бермеді, бостандық әперген жоқ. Революцияның нәтижесінде Англияның соғыстық қуаты өсті, бұл отарлық империя құруға мүмкіндік берді.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. XVI ғасырда пуритандар қандай ағымдарға бөлінді?
2. Англиядағы алғашқы қорлану қалай жүзеге асты?
3. Англия халқының әлеуметтік құрамы қандай еді?
4. Англияда азамат соғысының шығу себебі неде?
5. Протектордың әскермен қарым-қатынасы қандай?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Ағылшын тарихындағы Кромвельдің рөлі

## 2-ТАҚЫРЫП. XVII- XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АНГЛИЯ

**XVII ғасырдағы Англияның сыртқы саясаты.** Жаңа кезеңнің басындағы Англия тарихының ең маңызды оқиғасы ретінде 1640-1660 жылдардағы буржуазиялық революцияны айтуға болады. Бұл революцияның нәтижесі Англияның алдағы екі ғасырдағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі алатын орны мен рөлін айқындап берді. Ағылшын революциясы мемлекеттің сыртқы саяси бағытын айқындап, британ дипломатиясының жаңа қағидатының қалыптасуына, оның жаңаша сипатқа ие болуына әсер етті. Монархияға қарсы ұзақ күрес нәтижесінде ағылшын буржуазиясы билікке келіп, парламентте орынға ие болумен қатар, мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыруына араласты. Буржуазия мен джентри атты жаңа дворяндар тұрақты тәртіпті және Еуропа құрлығындағы державалармен сауда-саттық, дипломатиялық қатынастар орнатуды көздеді. Қомақты қаржыға ие бола отырып, өндірісті капиталистік негізде дамыта отырып, олар Еуропа нарығына соғыс арқылы емес, экономика арқылы келуге талпынып, Еуропаның британ өнімдерін пайдалануына ықпал етті.

Ағылшын революциясы кезіндегі британ дипломатиясының ерекшеліктері қарапайымдылық, биік мақсат қоя білу, батылдық болып табылады. Осы жетістіктер оның абсолюттік монархия кезіндегі дипломатиядан айырмашылығы еді. Абсолюттік монархия кезіндегі дипломатияда құпиялық, тартыс, қастандық, күрделі мәселелер белең алды.

Англияның сыртқы саясаты XVII ғасырдың 40-50-жылдары алғашында парламент арқылы, кейін 1653 жылы парламент тараған соң Оливер Кромвельдің араласуымен жүргізілді. Король мен парламент арасындағы тартыс кезінде Англия Еуропадағы жағдайға араласпады. Флот, буржуазия мен сауда-саттықпен тығыс байланыста болғандықтан, парламент пен революция жағын қолдады, бұл революцияны Еуропа державаларының интервенциясынан қорғап қалды.

Бұл кезеңде Еуропа монархтары Англиядағы жағдайдан бейхабар болғандықтан, британ мәселелеріне қызығушылық танытпады. Ағылшын революциясының алғашқы жылдарында Еуропа мемлекеттерінің билеушілері оған дұрыс баға бермей, континент үшін жасайтын әсерін түсінбеді, сондықтан Англиядағы азамат соғысы сыртқы елдердің кедергісіз жүріп жатты. Алайда британ монархы I Карл Стюарт Франциядан қолдау табу мақсатында құпия хат алысқанмен, сәтсіздікке ұшырады. 1645 жылы Нейзби түбіндегі шайқастан соң құпия хаттар парламенттің қолына тиді. Король өз мемлекетінің жауы, сатқын, өз халқына қарсы еуропалық мемлекеттердің басқыншылығын ұйымдастырғысы келген деп айыпталды.

Сауда-саттықпен айналысатын топтарды жақтай отырып, Ағылшын республикасының сыртқы саясатының негізгі басымдығы ретінде парламент Еуропа елдерімен дипломатиялық және сауда-саттық қатынастарды орнатуды санады. Революция кезінде осы елдердің дипломатиялық агенттері Лондонда тұрып жатты. Дегенмен, монархия құлағаннан кейін ірі державалар

Англияның жаңа билеушілерімен дипломатиялық қатынастарды орнатуға асықпады, сондықтан олардың дипломатиялық өкілдерінде сенім грамоталары болған жоқ.

Алғашқы болып Ағылшын республикасын мемлекет ретінде Британияның бұрынғы қарсыласы Испания таныды. Испанияның Лондондағы елшісі дон Алонсо Карденья өз монархынан сенім грамотасын алмаса да, республика үкіметімен жасырын түрде байланысуға өкілетті болды. Испанияның бұл әрекетінің бірінші себебі – өзінің қарсыласы Франциядан бұрын Англиямен одақтас болу және Британ республикасын оған қарсы қою. Екінші себеп – 1640 жылы Испаниядан бөлініп шыққан Португалияға сес көрсету. Буржуазиялық революциядан кейін португалдықтардың Англиямен қарым-қатынасы шиеленісіп кеткен еді.

Ағылшын-француз қатынастары революцияның бас кезінен-ақ нашарлады. 1649 жылға дейін-ақ, яғни I Карлдің өлім жазасына кеспей тұрып, Англия мен Франция арасындағы кедендік соғыс белең алды. 1648 жылы француз үкіметі Англия азамат соғысы салдарынан әлсіреді деп ойлағандықтан, Францияға ағылшындық жібек және жүн өнімдерін әкелуге тыйым салды.

Ал ағылшын парламенті өз кезегінде өз жеріне француз шараптарын әкелуге тыйым салды. Францияның Англиядағы сенімді өкілі Круллеге олар былай деп мәлімдеді: “корольге деген бұрынғы сенімділігіне қарамастан ағылшындықтар онсыз да күнін көре алады, француз шарабынсыз да жеңіл өмір сүреді”. Кедендік соғыс шынайы әскери соғысқа ресми хабарланбастан ұласты, сауда кемелерін жаулап алу басталды. Ағылшын-француз қатынасының шиеленіскенін пайдаланған Карденья Испан үкіметінен жаңа сенім грамотасын алды. Ол өз королін Англия республикасын ресми түрде таныса, зор табысқа жетуге болады деп сендірді. Англияны антифранцуз одағына қосуға, оны Испанияның теңіздегі қарсыласы емес, керісінше Францияға қарсы тұрған Испанияның одақтасына айналдыруға болатын еді. 1650 жылдың желтоқсанында дон Алонсо Карденья салтанатты жиында парламентке сенім грамоталарын ресми түрде тапсырып, ұлы әміршісі атынан палатаны ұлттың жоғарғы билігі ретінде танитындығын жариялады.

Ағылшын республикасын Испанияны ресми танығаны жөніндегі хабар Франция үшін жағымсыз еді, алайда осының нәтижесінде Франция Англиямен жақындасып дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатты. Жаңа қалыптасып келе жатқан француз буржуазиясы болса Англиямен тек қана дипломатиялық емес, тұрақты сауда-саттық қарым-қатынастардың орнауына мүдделі еді. Буржуазия екі ел арасындағы кедендік соғыста зор шығынға батты. Ағылшын корсарларының тонауына ұшыраған француз саудагерлері өз үкіметінен Англия республикасын танып, сауда-саттық қарым-қатынастарды орнатуға итермеледі.

Мазарини 1652 жылы сыртқы істермен айналысып отырған Кромвельмен келіссөздер жүргізуге келісті. Кромвель өз кезегінде Францияға бірнеше шарт қойды. Біріншіден, Франция республикасы дипломатиялық тұрғыдан мойындап, Англияға ресми елші жіберуі керек. Екіншіден, теңізде

жасалған қарақшылық үшін ағылшындарға сыйақы төлеуге тиіс. Өз кезегінде Кромвель Фронда табысқа жеткен жағдайда, корольдік билікті шектеу үшін халық қозғалысын және Францияда Бас Штаттары құрылған кезде Мазариниге өз елінде жасырынуға ұсыныс жасады.

Фронда қызметінің күшеюі, испандықтардың Францияға қарсы ағылшын-испан келісіміне қол қоюға арналған іс-әрекеттері Мазариниді О.Кромвельдің шарттарын мақұлдауға және Ағылшын республикасын дипломатиялық түрде тануға мәжбүрледі.

1655 жылы Франциямен ресми келісім жасалды. Франко-испан қайшылықтарын пайдаланып, Кромвель Франция тарапынан біраз жетістіктерге қол жеткізді. Англияның сыртқы саяси маңызды мәселелерінің бірі – XVII ғасырдағы Еуропалық держава Голландиямен қарым-қатынастарды орнату еді. Ол кезде Голландия Англияның ең қауіпті қарсыласы болды. Ол Голландияның теңіз жолдарындағы және сауда-саттық істеріндегі үстемдігін мойындағысы келмей, осыған қатысты өз саясатын жүргізді. Бұл саясат бір-бірін мақұлдамайтын екі қағидатқа келіп тірелді: екі теңіз державасының Англия туының астында бір мемлекет болып бірігуіне дейін апаратын мықты одақ құру немесе британ үстемдігін орнату мақсатында Голландияға қарсы ашық соғыс жариялау.

1651 жылы ақпан айында ағылшын парламентінің екі төтенше өкілі, Сен Джон және Стрикленд Гаагаға келіп салтанатты түрде қабылданды. Республика провинциясының жеті комиссары ағылшын республикасымен достық қарым-қатынас орнауын қолдап, елшілерді достыққа шақырды. Ағылшын елшілері бұған жауап ретінде тым жақын одақ құруға келісетіндіктерін мәлімдеді. Ағылшындардың шынайы ойы мынадай еді: Голландияның өз еркімен Англияның қол астына өту, ал бұған келіспеген жағдайда, барлық қатынастарды үзіп, оны сауда және теңіз қарсыласы ретінде толығымен жою. Голландиядағы қоғамдық пікірі елдің Англияға қосылуы туралы ойды теріске шығарды.

Екі мемлекет арасында қақтығыстар болып, сауда кемелерін басып алу белең алды. Сен-Джон және Стрикленд парламенттен Голландияға келісімге келуді ультиматум түрінде қоюға жаңа бұйрық алды. Бұл ультиматум 7 тармақтан тұрды, онда Англия мен Голландия, соғыс және бейбіт мәселелерінде, одақтастық құрғанда, халықаралық келісімдерде біріккен мемлекет ретінде қатысуы тиіс делінген. Кейбір жағдайларда Голландияның Бас Штаттары ішкі істерінде де ағылшын парламентінің қаулыларына сай іс жүргізу керек делінген. Голландияның Бас Штаттары бұл шарттармен келіспеді, олар бұл шартты Голландияның беделін түсіру деп қабылдады. Екі ел арасында байланыс шиеленісіп, Кромвель Навигациялық акт жариялады. Бұл XVII ғасырда меркантилизмнің экономикалық доктринасының жемісі еді. Осы Навигациялық актіде көрсетілгендей Англияға шет ел өнімін тек қана ағылшын кемесімен тасу керектігі және ол кемелі ағылшындар басқарып, ондағы матростардың төрттен үш бөлігі ағылшын матростары болуы шарт еді. Голландықтар көбінесе делдалдық саудамен айналысқандықтан енді Англияға сауда-саттық жасай алмады.

1652-1654 жылдары Англия мен Голландия арасында соғыс басталып кетті, нәтижесінде Голландия жеңіліп Навигациялық актімен келісуге мәжбүр болды. Голландия енді Англиямен енді теңізде бақталас бола алмады. Голландияның саяси қайраткерлерінің бірі Корнеллий де Витт Құрама провинциялардың Бас штаттарының отырысында былай деді: “Енді біз де, теңіз де Англияның билігінде екендігімізді айту менің міндетім”. Ағылшын – Голландия соғысынан кейін Англия XVIII ғасырдың басында теңіз бен сауда-саттықта үстемдік ететін алғашқы ірі державаға айналды. 1645 жылы Кромвель бір мезгілде Голландиямен бейбіт келісімшартқа келе отырып, Швеция, Дания, Португалиямен де сауда-саттық келісімін жасады.

Ал Англия мен Испания арасында қарым-қатынас ағылшын-голландтық соғысынан кейін шиеленісті. Испания бірінші болып Англия республикасымен қарым-қатынасын жасауға келіскеніне қарамастан, оны дипломатиялық қолдау туралы келісімге қол қоймады. Испания болса, Англияны Францияға қарсы кою, сөйтіп антифранцуздық келісім жасау мақсатында Кромвельге протектор ретінде билігін сақтап қалуға көмек қолын созуға ұсыныс жасады. Карденья өз королі атынан өлім жазасына кесілген корольдің баласы Карл Стюарттың британ тағына келуіне қарсы болатындығына уәде берді. Франция Кромвельге біршама тиімді ұсыныстар жасады, себебі ол ағылшын-испан одақтастығынан қауіптенді. Ол Франциядан I Карл Стюарттың жанұясын қуғындап, Кромвельге қаржылай көмек көрсетіп және одақтас болатындығын астарлап білдірді. Кромвель болса, өзіне протектор титулынан өзге ешқандай титул керек еместігін мәлімдеді.

Ол Испания мен Францияның қайсысымен одақтасу керектігін ойланып, уақыт созды, нәтижесінде Францияны таңдады. Франция қарсылас ретінде мықты және қауіпті болғандықтан онымен соғыс жүргізу Англия үшін өте ауыр болатын еді. Ал Испанияның экономикалық құлдырау үдерісі басталған еді, сондықтан оны жаулап алған жағдайда қомақты табыс табуға болатын. Сонымен бірге, ағылшын буржуазиясы Испаниямен одақтасуды қолдамады. Кромвель Испаниядан Вест-Индияға теңіз жолы арқылы бару үшін еркіндікті және инквизициялық тергеуді тоқтатуды сұрады. Бұл талапты қойғаннан кейін Испаниямен соғыс басталатыны анық болды. 1655 жылдың 24 қазанында Карденья Англиядан қуылып, Испания мен Англия арасында қатынастар үзілді. Бұл уақытта Кромвель Франциямен бейбіт және сауда келісім жасасты. Ағылшын-испан соғысы 1658 жылы Кромвель қайтыс болғаннан кейін Испанияның жеңіліс табуымен аяқталды. Англия құл сату саудасының орталығы – Ямайка аралын басып алып, осыдан қомақты қаржы тапты.

Британия тарихында XVII ғасыр өзгерісті кезең еді. Ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде ағылшын–голландтық, ағылшын–испан соғыстары арқасында Англия теңіздерде және сауда-саттықта үстемдік етуге қол жеткізді. XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында Франция Англияның ең қауіпті бақталасы болып, онымен әскери қақтығыстың нәтижесінде Англия Еуропада және теңіздерде өз үстемдігін орнатты.



**XVIII ғасырдың 60-80-жылдарында Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің басталуы.** XVIII ғасырдың 60-80-жылдарының Англия тарихындағы орны ерекше. Бұл жылдары өнеркәсіп төңкерісі басталған еді. Мұның нәтижесінде Англия көп ұзамай дүниежүзіндегі ең дамыған өнеркәсіпті ел болды. Мануфактуралық сатыдан фабрикалық сатыға өтуді білдіретін өнеркәсіп төңкерісінің Англияда басталуы тегін емес еді. XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революция капитализм дамуына жол ашты. Осы революцияның нәтижесінде үкімет басына жериеленушілермен бірге капиталистер келді. XVIII ғасырдың ортасында Англия Құрама Корольдік деп аталды. Революциядан кейін Англияда сауда, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы тез дамыды, мануфактура өркендеді. Алайда өнеркәсіп төңкерісі революциядан кейін іле-шала болған жоқ. Өйткені оған басқа да алғышарттардың қалыптасуы, атап айтқанда мол капитал, қолы бос жұмысшылар, шығарылған өнеркәсіп өнімінің едәуір бөлігін алып отыратын ішкі тұрақты нарық қажет еді. Тек осындай алғышарттар XVIII ғасырдың орта шенінде ғана пайда болды. XVIII ғасырда Англияда алғашқы қорланудың нәтижесінде орасан зор капитал пайда болды. Ол шаруаларды тонау жолымен, отарларды тонау, құлдарды сату арқылы қалыптасты.

Бұл капиталдар өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, саудада пайдаланылды. Экономиканың барлық салаларында капиталдың үсті-үстіне келіп түсуі, билеуші топтардың өз байлығын көбейтуге ұмтылуы Англияда капитализмнің дамуын тездетті. Сонымен бір мезгілде Англияда жұмыссыздар қатары пайда болды. XVIII ғасырда шаруалардың жерсізденуіне парламенттің қоршау саясаты жөніндегі актілері үлкен әсер етті. 1760-1801 жылдар аралығында шаруалар жерін қоршау жөнінде екі мыңнан астам акт жасалды.

Аграрлық революция жұмыссыздар санын көбейтіп қана қойған жоқ, сондай-ақ ішкі нарықтың кеңеюіне әкеп соқтырды. Егер бұрын кәсіпкер, шаруа көп тұтынғанымен, аз сатып алған болса (өйткені оның өз шаруашылығы болды) пролетариатқа айналған соң көп сатып алуға көшті. Екінші жағынан ішкі нарық байыған шаруалардың есебінен кеңейді. Өйткені олар нарықтан ауылшаруашылық құрал-саймандарын, минералдық тыңайтқыштар сатып алатын еді. Ақырында Англияда өнеркәсіп төңкерісіне қажетті техникалық алғы шарттар пайда болды.

Өнеркәсіп төңкерісінің қарсаңында өндірісті ұйымдастырудың үстем формасы мануфактура болды. Ендігі жерде жұмысшылар арасында еңбек бөлінісі күшейе түсті. Осының салдарынан жұмысшылар енді бұйымдарды тұтас емес, белгілі бір бөлігін ғана жасайтын болды және оны тезірек жасауды үйренді. Мануфактура кезінде техникалық өрлеу байқала бастады. Өндіріс үдерісінің ұсақ және қарапайым операцияларға бөлінуі, одан әрі осыларды атқаратын машиналар жасауға мүмкіндік берді. Жұмысшылардың шеберлігі артты. Мануфактура дамуының барысында ірі фабрикаға жол ашылды. Сонымен, XVIII ғасырдың ортасына қарай Англияда өнеркәсіпті дамытуға қажетті капитал да, бос жұмысшы қолы да, ішкі нарық та, қажетті техникалық алғышарттар да болды. Оның үстіне билеп-төстеуші топтар

буржуазияны барынша қолдады. Осындай жағдайларда капитализмнің мануфактуралық сатысынан оның фабрикалық сатысына көшу шарттары әбден мүмкін болды.

XVIII ғасырдың ортасында-ақ мануфактура өндірісіндегі шағын техникалық өрлеудің жаңа жағдайға сай келмейтіндігі анық байқала бастады. Нарықтардың шапшаң кеңеюі сұраным мен ұсынымның арасын алшақтатып жіберді. Тауарды көптеп шығару үшін неғұрлым жетілген құрал-жабдықтар керек болды. Тауарға деген сұраныстың бәрін өтеу қажеттігі техникалық жаңалықтар енгізуге итермеледі. Ал бұл ағылшын өнеркәсібіне бүтіндей техникалық төңкеріс жасады. Бұл техникалық төңкеріс аса маңызды бола тұрса да өнеркәсіп төңкерісінің мәнін түгел ашып бере алмады. Жаңа машиналардың енгізілуі өнім шығаруды көп арттырғанымен, өндірісті ұйымдастырудың өзіне түбірлі өзгерістер жасады. Атап айтқанда мануфактураның орнын фабрика алды, машина енгізіліп, фабрикалық жүйеге көшумен бірге селолық үй өндірісі құрып кетті. Шаруаның орнына өнеркәсіп жұмысшысы келді. Ол өз жұмыс күшін сатып қана күн көре алатын болды.

Жеңіл өнеркәсіпте де төңкеріс басталды. Өйткені, жеңіл өнеркәсіп орындарына салынған капитал ауыр өнеркәсіптегіге қарағанда тезірек пайда беретін еді. Алғаш барлық техникалық жаңалықтар негізінен Ланкаширде шоғырланған мақта-мата өнеркәсіптерінде қолданылды. Бұл кездейсоқ емес еді. Жүн мата өнеркәсібінен едәуір кейін пайда болған мақта-мата өнеркәсібі техникалық өрлеуге кедергі жасайтын цехтарды білген жоқ. Ланкаширде жаңа машиналардың пайда болуы бұл аймақта үлкен әлеуметтік өзгеріс жасады. Бұл саладағы алғашқы жетістік 1733 жылы механик Кэйдің ойлап тапқан тоқыма станогындағы жылжымалы тігін қайығы болды. Кэйдің ойлап тапқан жаңалығы тоқыма үдерісін тездетті.

1765 жылы тоқымашы Джемс Харгривс механикалық ұршықты ойлап шығарды. Бұл ұршық «джени» (өзінің қызының атымен) деп аталды. Бұл кішкентай станок адамның көмегінсіз-ақ мақтаны түзу, жіңішке жіпке айналдырды, бірден 15-18 ұршық жұмыс істеді. 1767 жылы Т.Хайс судың күшті қозғаушы қысымын пайдаланып мақта, кендір, жүн иіретін машинаны ойлап тапты. Жаңа техника өнеркәсіпті жаңаша ұйымдастыруды талап етті. Мануфактураның орнына фабрика келді, оның техникалық негізін машиналар мен механикалық қозғалтқыш құрады. 1771 жылы Ричард Аркрайт Дерби маңында жіп иіретін тұңғыш фабрика ашты. 1780 жылы елдегі фабрика саны 20-ға жетті, ал он жылдан кейін 150-ге жетті.

1779 жылы кәсіпкер С.Кромптон шүйке созу, есу және оны орау ісі бір мезгілде емес, бірінен соң бірі болып тұратын иіру машинасын ойлап тапты. Бұл машинада алдыңғы екі машинаның да жақсы қасиеттері бар еді. Ол шығарған жіп “Дженни” шығарған жіптей жіңішке, “Аркрайто” шығарған жіптей берік, мықты болды. 1785 жылы Э.Картрайт механикалық жіп иіру машинасын жасап шығарды. Бұл станок тоқыма өндірісінде өнімді қол еңбегімен салыстырғанда 40 есеге көбейтті. Алғашқы машиналар судың күшімен жұмыс істеді. Сондықтан фабрикалардың көбі өзен жағасына салынатын, кейде олар үлкен жолдар мен нарықтан да қашық болды. Дамып

келе жатқан машиналық өндіріске жаңа, жан-жақты, қуатты қозғалтқыштар қажет болды. 1784 жылы ғалым-механик Джеймс Уайт су қозғалтқыштарын біртіндеп ығыстыра бастаған бу қозғалтқыш-машинасын құрастырып шықты. Бу машинасының жұмыс істеуі үшін көмір өнеркәсібі, металлургия жетілдірілді. Енді фабрикалар жұмыс күші көп қалаларда, қатынасқа ыңғайлы жерлерде салына бастады. 80-жылдары елде жүз елуге таяу тоқыма фабрикалары болды, фабрикалық жүйе қалыптаса бастады. Англияда машинамен жабдықталған ірі өнеркәсіп орындары пайда болды.

Англияда металлургия саласында да бірқатар табыстарға қол жетті. XVII ғасырдың ортасына дейін темір мен шойын ағаштың күшімен балқытылатын. Бірақ бұл кезге дейін Англияда ағаш кесіліп, ағаш тапшылығы байқала бастады. XVIII ғасырдың басында-ақ ағаш қымбаттап кетті. Оны отынның басқа түрімен – атап айтқанда тас көмірмен ауыстыру керек болды. Темірді Ресей мен Швециядан әкелуге тура келді. 1735 жылы ағылшын Э.Дерби шойын балқытуға тас көмірді пайдаланудың тәсілін тапты. Шойын қорыту үш есеге көбейді. Ірі фабрикалық өнеркәсіптің дамуы Англияның экономикалық географиясын бірден өзгертті. Бұрын халық тығыз қоныстанған, сауда-өндірістік қатынасы дамыған орталық Лондон болса, енді елдің солтүстік-батысында өнеркәсіп басым бола бастады. Себебі елдің осы бөлігінде жоғары сапалы тас көмір қоры бар еді. Сондықтан бұл жерде фабрикалар, жаңа қалалар пайда болды. Өнеркәсіпке машинаның енгізілуі өндірістің барлық салаларында – көмір қазу, шойын балқытуда – еңбек өнімділігін арттырды. 1720 жылы Англияда шойын өндіру 18 мың тонна болса, 1802 жылы 250 мың тоннаға жеткен. Тас көмір 1750 жылы 5 млн тоннаға жуық, ал ХУІІІ ғасырдың аяғына қарай 10 млн тоннадан астам болды. Өндіріске машинаның енгізілуі көлік жүйесінің дамуына түрткі болды. Көлік ретінде паровоздар мен бу кемелері қолданыла бастады. Бұл жүк тасу талаптарын қанағаттандыруға сай келді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында басталған өнеркәсіп төңкерісінің негізгі мазмұны заманға сай фабрикалық жүйенің жасалуы және ең бастысы өнеркәсіп пролетариатының қалыптасуы еді. Англияда басталған өнеркәсіптік төңкерісінің нәтижесінде екі тап – қанаушы капиталистер табы мен қаналушы пролетариат табы пайда болды. Капиталистік қоғамның бұдан былайғы тарихы осы таптар арасындағы кескілескен тап күресімен өтті. Англия «дүниежүзілік шеберхана» атанды.

**Ауылшаруашылығы және аграрлық қатынастар.** Өткен ғасырларда тауарлық өндірістің дамуы Англияда ауылшаруашылығының жіктелуін көбейтті. Ауылшаруашылықпен, егіншілікпен шұғылданбайтын, қалалық тұрғындардың саны өскен сайын XVI ғасырдың бас кезінен ауылшаруашылық өнімдерінің қажеттілігі арта берді, бұл ауылшаруашылық өндірісінің жаңа капиталистік формаларға көшуін тездетті. XVI ғасырға қарағанда XVII ғасырда дәнді дақылдар өсірудің маңызы арта түсті, қой шаруашылығынан басқа, сүт өнімін және мол ет беретін ірі қараны дамытуға көп күш жұмсала басталды. Ірі қалалардың айналасында өз алдына жеміс пен бау-бақша өсіру кең етек алды, техникалық дақылдар кең тарай бастайды.

Егер солтүстік және солтүстік батыс графтар жерлерінде ішінара барщиналық жұмыстарды қолданғанды былай қойсақ, Англияның ауылшаруашылығында XVII ғасырда басыбайлы барщина жоққа шықты. Поместьеде лорд шаруашылығын өзі жүргізгенде барщиналық еңбектің орнын жалдамалы еңбек басты. Жұмысшы мен оның жанұясының жалдамалы еңбегін помещик өзіне керек уақытында және өзіне жалдаушы ретінде қолданады. Елдің капиталистік дамуына ауылшаруашылығында сақталып қалған феодалдық қатынастар үлкен кедергі жасағанымен, XVII ғасырда Англияда бидай, ұн және жүн саласында ұлттық нарық күшейді. Астық нарығы Лондонның ықпалына көшті, ол елде ең ірі тұтынушылар орталығына айналды. 1661 жылы Лондон тұрғындары 460 мың адам болды (1534 жылы 60 мың еді).

Астық нарығы бүкіл Англияны қамтыды, сонымен бірге жүн нарығы қалыптасты. Капиталистік өндіріс тарихында, оның алғашқы даму кезеңінде жүн өнеркәсібі басты рөл атқарды. Бұл өнеркәсіп жаңа капиталистік өндіріс жүйесіне қарай алғаш қадам жасаған елдерде пайда бола бастады. Астық және жүн нарықтарымен өсіп келе жатқан ағылшын өнеркәсібінің үлкен топтары мен жаңа дворяндар байланыста болды. Бұл нарықпен әсіресе тығыз байланыста фермерлер, дән мен жүнді сатып алушылар және алып-сатарлар болды. Сол кездегі жұмысшылардың қалыптасу үдерісіне тоқталатын болсақ, Англияның ауылды жерлеріндегі көптеген кедейлер ауылшаруашылығы мен капиталистік өнеркәсіпке тартыла бастады, олар қалаларда, өнеркәсіп орталықтарында, әсіресе Лондонның маңында шоғырлана бастады.

Англияның шығысында батпақ пен дымқыл жерлерді құрғату үшін қыруар жұмыстар – каналдар қазу, ескі арналарды тазарту сияқты жұмыстар жүргізілді. Сонымен, Англияда қалыптасып, дамып келе жатқан капитализм, дәстүрлі шаруашылық өмірді бұзып, ауылшаруашылығына тарай бастады, ол қоршау, байырғы орман заңдарын барлық аумақтарда тоқтату арқылы жүрді, соның салдарынан халық бұқарасы тоналып, қайыршыланып кетті.

**XIX ғасырдағы Англияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.** XIX ғасырдың алғашқы онжылдығында Англияда капитализм өте тез дамыды. Егер ХУІІІ ғасырдың аяғында жеңіл өнеркәсіп күшті дамыса, енді индустрияның басқа салалары, атап айтқанда ауыр өнеркәсіп дами бастады. XIX ғасырдың басында Англия экономикалық жағынан дамыған мемлекет болды. 1811 жылы Англияның сауда және өнеркәсібінде халықтың 44 пайызы шұғылданды. Еңбекшілердің жағдайы өте ауыр болды. Ағылшын тауарлары дүниежүзінің барлық елдеріне шығарылды. Бұл үлкен көліктік шығындарға апарып соқты, сондықтан да өнеркәсіпшілер жұмысшылардың еңбек ақысын азайту арқылы өнімнің бағасын төмендетуге тырысты. Сондай-ақ өндірісте машиналардың қолданылуы қолөнершілер мен өнеркәсіпшілердің кедейленуіне, жұтауына әкелді. Өздерінің бақытсыздығын машиналар деп ұққан жұмысшылар машиналарды қирата бастады. Бұл қозғалыс машинаны бірінші болып қиратқан жұмысшы Лудданың атымен, луддистер қозғалысы деп аталған болатын. Луддистер қозғалысы 1811-1812

жылдары кең өріс алды. 1813 жылы үкімет машиналарды қиратқандарды өлім жазасына кесті.

XVIII ғасырдың аяғы –XIX ғасырдың басындағы Франция мен Англия арасындағы күрес салдарсыз болмады. Наполеон соғыстарынан кейін Англия бірнеше жылдар бойы экономикалық қиыншылықтарды басынан өткізді. Мемлекеттік қарыз 450 млн фунттан асып кетті. Жарты миллионға таяу адам әскерден босатылды. Заң шығару билігі парламенттің қолында болды. Атқару билігі корольде және парламент тағайындаған үкіметте болды. Елде тіпті XVIII ғасырдың аяғында қалыптасқан екі бақталас партиялар қызмет етті. Тори партиясы жер қожалығы бар ақсүйектер мен дін басыларының мүддесін көздеді. Виги партиясы өнеркәсіп және қаржы капиталистеріне сүйенді. Ақсүйектердің саяси үстемдігін сақтауға Англияда болған сайлау жүйесі көмектесті. Жоғарғы палата лордтар палатасы пэр ақсүйектерінің өкілдерінен тұрды. Ондағы орын мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Жоғарғы палата төменгі палата қабылдаған заң жобаларын бекітті. Қауымдастық палатасы – графтық және қалалық сайланған депутаттардан тұрды. Жоғары мүліктік шарт қауымдастық палатасына сайлауға және сайлану құқына тек ауқатты азаматтардың яғни «жаңа дворяндар», өнеркәсіп және қаржы капиталистерінің ие болуына әкелді.

Англияда көне сайлау жүйесі сақталды. Графтық және қалалық шекаралар король Яков I тұсында анықталған күйінде қалды. Бірыңғай сайлау цензасы болмады. 16 млн халықтың сайлауға тек 16 мың адамы ғана қатысты. Парламенттік сайлауға дауыс беру құпия түрде емес, ашық түрде өтті. Сондықтан Англиядағы әкімшіліктегі жергілікті ақсүйек – ірі жер иеленушілер оның бай арендаторлары-йомендердің қалай дауыс бергенін және оларға қысым көрсетуге болатындығын білді. Жериеленуші ақсүйектердің қолдарында үкімет тағайындаған жергілікті билік органдары болды.

**Парламенттік реформа үшін күрес.** 1815 жылы шетелдік астыққа жоғары салықты бекіткен астық заңдары «Астық баж салығы» қабылданды. Егер ішкі нарықта астық бағасы бір квартал үшін 80 шилингтен төмен түсіп кеткен жағдайда елге шеттен астық әкелуге тыйым салынды. Бұл астықтың бағасын жоғары деңгейде сақтау үшін қолданылды. Сонымен бірге бұл лендлордтар мен фермерлерге жоғары кірісті сақтауға мүмкіндік берді. Жұмысшылар үшін нан қымбатқа түсті. Елдегі жағдай шиеленісті. Радикалдар арасынан Уильям Кобетт (1762-1835) шықты. Халықтың қайыршылық жағдайының себебін ол ақылсыз басқарудан деп есептеді. Ол ерлер үшін жалпы сайлау құқын енгізуді және құпия дауыспен қауымдастық палатасын жылда қайта сайлауды ұсынды. Радикалды Гемпдон клубтары құрылды. Радикалдардың талаптарын мәлімдеген петицияға қол жинау қарқынды жүрді. 1817 жылы қаңтарда радикалдар топтарының өкілдері парламент үйіне ұзақ тізім күйіндегі петициясын кіргізді. Үкімет бұған жауап ретінде іс-әрекеттеріне тыйым салды. Қарсылық қозғалыстары мыңдаған митингілерден байқалды. 1819 жылы тамызда Манчестерде болған үлкен

шеруге 150 мың адам қатысты. Олар парламенттік реформа мен арзан астықты талап етті. Көмекке полициялық әскер шақырылды.

Вигилер ақсүйектік үстемдікті жоюға мүмкіндік беретін парламенттік реформа жүргізуді талап етті. Виги партиясының жетекшісі Чарльз Грей осы реформаны жүргізу арқылы ғана Англияны төңкерістен құтқаруға болады деп есептеді. 1812 жылдан 1827 жылға дейін елді лорд Ливерпул-Каслри кабинеті басқарды. Осы кабинеттен Джордж Каннинг, Роберт Каслри, Джон Пальмерстон және Роберт Пиль шықты. Ішкі заң шығару саласында біршама істер атқарылды. Р.Пиль мырза ішкі істер министрі болғанда парламент арқылы қылмыстық құқықтың сипатын жеңілдететін бірнеше актілер жүргізді. 1819 жылы лорд Ливерпул кабинеті әлеуметтік заң шығару саласында маңызды қадам жасады. Парламент өзінің актісінде 9 жасқа дейінгі балаларды жұмысқа алуға тыйым салды, ал 16 жасқа дейінгілерге жұмыс күнін 15,5 сағатқа дейін қысқартты.

1830 жылы парламенттік сайлау реформа жақтастарына жеңіс әкелді. 1831 жылы вигилер қауымдастық палатасына заң жобасы мен парламенттік реформа енгізді. Аталған жобада «жарамсыз жерлер» есебінен жаңа өнеркәсіп қалаларына орын беруді ұсынды. Сайлаушылар үшін мүліктік цензаны төмендету қарастырылды. Тіпті осындай бірыңғай реформалар ақсүйектер тарапынан қарсы әрекет тудырды. 1832 жылы сайлау қорытындысы бойынша қауымдастық палатасы «реформа туралы заң жобасын» қабылдады. 1832 жылғы сайлау реформасы 21 жасқа толған, жылына 10 фунт стерлинг жылдық кіріс беретін қозғалмайтын мүлігі бар ер адамдарға сайлау құқығын берді. Реформа нәтижесінде сайлаушылар 652 000-ға дейін жетті. Дегенмен, жұмысшылар мен ұсақ буржуазия сайлау құқығын алған жоқ. 1832 жылғы реформалардың маңызды нәтижесі саяси партиялардың қайта құрылуында болды. Торилер консерваторлар партиясы, ал вигилер – либералдар партиясы деп аталды. Бүтіндей мемлекеттік басқару жүйесі қайта ұйымдастырылды.

**Чартистік қозғалыстар.** 1832 жылғы реформа Ұлыбритания еңбекшілерін қанағаттандырмады. Ол 1836-38 жылдардағы экономикадағы дағдарыс жұмысшы саяси қозғалыстарының пайда болуына ықпал етті. ХІХ ғасырдың 30-50-жылдары Англиядағы пролетариаттың алғашқы бұқаралық, саяси революциялық қозғалысы «чартизм» деген атауға ие болды. Чартизм ағылшын сөзінен шыққан, онда әлеуметтік таптар мен топтардың саяси талаптары көрініс тапты. Олардың талаптары: тұрғылықты жерінде 6 ай тұрып жатқан 21 жасқа толған ер адамдар үшін сайлау құқығын беру; парламент депутаттығына үміткерлерге мүліктік цензді алып тастау; тек өкілдік және сайлау округтерін теңестіру; парламентке жыл сайынғы сайлау; депутаттар еңбегіне сыйақы беру; құпия дауыс беруді ұсынды.

1839 жылы Лондонда Хартияның табысқа жетуі үшін күрестің түрлері мен әдістері талқыланған бірінші чартистік (құжат) конвент жиналды. Олар петиция немесе көтеріліс сияқты екі жолды талқылады. 1839 жылы 6 мамырда 1 млн 250 мың адам қол қойған хартия парламентке жіберілді. 1839 жылы 2 тамыз күні ереуілге ешкім келмегендіктен, үкімет күдікті адамдарды

жазалады. Чартистер арасында алауыздық белең алып, радикалдар тастап кетті. 1840 жылы Манчестерде ұлттық чартистік одақ құрылды. 1842 жылы мамырда 3,3 млн адам қол қойған петицияны парламент қабылдамады. 1848 жылы 10 сәуірде 5 млн адам қол қойған хартияны О'Коннор парламентке ұсынды. Бұл петицияны да парламент қабылдамады. Жұмысшылардың алғашқы жеке бас көтерулері болған чартистік қозғалыс бәсеңдеді. Чартистер күресінің сәтсіздігіне, жұмысшылардың жалпы сайлау құқығына қол жеткізе алмауына олардың басқа таптар тарапынан қолдау таппағандығы себеп болды.

Чартизм жеңілгеннен кейін Англияның жұмысшы қозғалысы таза экономикалық бағыт алды. Арнаулы білімді жұмысшылардың кәсіподағы-тред-юниондар құрылып, олар күшейе бастады. Олар жұмысшы-сайлаушылардың санының өсуі олардың көпшілік палатасына ықпалы күшейтілді деп үміттенді. Екі партия да, жұмысшы қозғалысының кең қанат жаюын назарға ала отырып, реформа жолына түсті. 1867 жылы Б. Дизраэли консервативті кабинеті мынандай реформа жүргізді: депутаттық орындар өнеркәсіптік қалалар мен графтықтар пайдасына үйлестірді. Салық төлеушілерге мүліктік ценз төлетілді. Осылайша сайлаушылар тізімі ұсақ буржуазия, қолөнершілер және жұмысшылар есебінен кеңейе түсті. Сайлаушылар саны миллионнан асып түсті. Осылайша кәсіподақтар пролетариаттың экономикалық және саяси құқығы үшін күрес жүргізу түріне айналды. Жұмысшы қозғалысы қуатты саяси күш болып есептелді.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Ағылшын революциясы мемлекеттің сыртқы саяси бағытына қалай әсер етті?
2. XVIII ғ. 60-80-жылдарында Англияда өнеркәсіп төңкерісінің басталуының мәні?
3. XVII ғасырда Англияда ауылшаруашылығы қандай күйде болды?
4. XIX ғасырдағы Англияның әлеуметтік-экономикалық дамуы қалай өрбіді?
5. Чартистік қозғалыстардың мәні қандай?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. XVII ғасырдағы Англияның сыртқы саясаты.

### 3-ТАҚЫРЫП. XVII-XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦИЯ

**Саяси экономикалық дамуы.** XVII ғасырдың екінші жартысында Франция Еуропадағы орталықтандырылған ең үлкен мемлекеттердің бірі болды. 1618-1648 жылдардағы отызжылдық соғыстағы жеңісі Еуропадағы әскери-саяси басымдықты қамтамасыз етті. Франция аграрлы ел болды, халық саны 28 млн, ал оның 90% пайызын шаруалар құрады. Соғыс нәтижесінде салық үш есеге ұлғайды және қазақ тапқандар мен жаралылар саны да көп болды. Бірақ елде шаруалардың еңбегін пайдаланушы бытыраңқы мануфактура жылдам дами бастады. Олар негізінен ішкі нарыққа және сыртқы нарыққа өнімдерін шығаратын тоқыма кәсіпорындары болды.

Француз өнеркәсібі негізінен қымбат мата, гобелендер, сағат, шарап тәрізді сәндік бұйымдар және басқа да тауарлар өндірді. Орталықтандырылған мануфактуралар да болды: қару жарақ кәсіпорны, қағаз мануфактурасы, кітап басу және т.б. Францияның бірқатар шұрайлы солтүстік аудандарында капиталистік типтегі жалға беру де дами бастады.

XVII ғасырдың екінші жартысында Францияда кардинал Ришелье (1624-1642) билеген шақта негізінен абсолютизмге қарсы күрес жүрді. Оның және Людовик XIII Бурбонның (1643) қайтыс болғаннан кейін әлі жас Людовик XIV (ол 5 жаста еді) регенті анасы Анна Австрийская болды. Шын мәнісінде елді каринал дәрежесіне ие болған оның әспетті итальяндық Мазарини басқарды.

**Мазарини саясаты және Фронда.** Мазарини, Ришелье сияқты, ақылды әрі айлалы болып, абсолютизм саясатын жүргізуге тырысты. Бұл әр түрлі қоғам топтарында наразылық тудырды. Францияның оңтүстік-батысында көтерілген шаруаларды билеушілер жіберген әскермен басылды. Қалалар парламенттері өкіметке қарсы болды, себебі билік оларға жаңа салыққа санкция жариялауды талап етті. Жоғарғы сот палатасы париш парламенті салықты бекітуге қарсы болғанда, король бұйрығымен оның отырыстарына тыйым салынды. Күрес оты тұтанды. Париш парламенті халық арасында және қала магистраттарының қолдауын тапқан король жарлықтарына қарсы бірталай реформа жасау жөнінде шешім қабылдады. 1648 жылы Париш парламентінің екі көшбасшысы тұтқынға алынды. Оған жауап ретінде Париш тұрғындары мыңдап баррикадаларды салды. Бұл қозғалыс Фронда деп аталып кетті. Оны көбінесе парламенттік деп есептейді, бірақ ол жалпы халықтың қолдауына ие болып, 1648 жылдан 1649 жылға дейін созылды. 1650-1653 жылдары Фронданы король билігін шектеуді және Бас штаттарды құруды талап еткен аристократтар тобы басқарды. Екінші Фронда «ханзадалар Фрондысы» деген атқа ие болды. Мазарини осы Фронданы да жеңіп шықты.

**Людовик XIV абсолютизмі.** 1661 жылы Мазарини қайтыс болып, Людовик XIV елді жалғыз өзі биледі. Людовик XIV билігі тұсында француз абсолютизмі өзінің шарықтау шегіне дейін жетіп, құлдырау кезеңі де басталды. Осы кезеңді көбінесе «алтын ғасыр», «Людовик XIV ғасыры» деп, ал оның өзін «күн-королі» деп атады. Оның билігі кезінде король билігі өсіп,



мемлекеттік орталықтандыру нығайды. Король тұлғасын ұлықтау, салтанатты сарайдың рәсім жүргізу салты, шегі жоқ тойлар, Версальда салтанатты король резиденциясын салу – абсолютизмнің салтанат құрғанын дәлелдейді.

Мемлекеттің негізгі қаражаты соғыстарға кетті. Людовик XIV 54 жыл билігі кезінде 33 жыл соғыспен болды. Бірақ оның негізгі мақсаты – Еуропада гегемонияға ие болу – жүзеге аспады. Францияның жеке мемлекеттермен әрі мемлекеттер коалициясымен жүргізген үздіксіз ауыр соғыстар елдің қаражаты мен қаншама адам өмірлерін әкетті. Людовик XIV төрт соғыс жүргізу нәтижесінде халық саны қатты қысқарды. XVII ғасырдың соңғы ширегінде Францияда 15 млн. астам адам болса, XVIII ғасырдың басында 12 млн. халық қалды. Әсіресе Испан мұрасы үшін соғыс (1701-1714) ауыр болды. Осы соғыс барысында Севенн тауларында камизарлардың (chemis сөзінен – көйлек: көтеріліске шыққан шаруалар киім үстінен ақ көйлек киген) көтерілісі басылмады.

Соғыстар мемлекеттің экономикалық жағдайын бұзды. Паржиде және басқа да қалаларда қарапайым халықтың, буржуазияның, тіпті дворяндардың наразылығы үнемі сезіліп тұрды. Көтерілістер қалаларды шарпыды. Тіпті талантты экономист Францияның өнеркәсіп, сауда және қаржыны бас бақылаушысы Кольбер елдің ауыр экономикалық жағдайынан шығара алмады. Кольбер белсенді түрде меркантилизм саясатын жүргізді. Ол протекционистік баж салығын, ірі мануфактураларды субсидиялады және ір түрлі артықшылықтар берді. Жаңа отарларды басып алу үшін мемлекеттің қатысуымен Ост-Үнді, Вест-Үнді, Левантиялық сауда компаниялары құрылды.

**Француз абсолютизмнің дағдарысы.** Людовик XIV қайтыс болғаннан кейін билік оның бес жастағы шөбересі Людовик XV (1715-1774) көшті. Оның регенті герцог Филипп Орлеанский сегіз жыл биледі. Жаңа өкіметтің негізгі міндеті мемлекетті экономикалық дағдарыстан шығару болды. Бас бақылаушы болып шотландтық Джон Лоу тағайындалды. Ол көп ақша банкноттарын шығару арқылы Францияны қаржы дағдарысына ұшыратты.

XVIII ғасырдың 40-60 жылдары Франция соғыстарға қатысып, ауыр экономикалық жағдайын одан әрі қиындатты. Франция Австрияға қарсы соғыста Пруссиямен бірге соғысты (1740-1748), ал Жетіжылдық соғыста (1756-1763) – Англияға қарсы болды. Соңғы соғыс нәтижесінде Жаңа Әлемдегі және Үндістандағы барлық отарларынан айырылды.

Қаржылық дағдарыс сарайдың салтанатына және сарай маңындағы аристократтарын қамтамасыз етуге кеткен ақшамен одан әрі күшейтілді. Король өз уақытын аң аулауға, көзтаныстарына (маркиза де Помпадур, графиня Дюбарри) арнап өткізді. Егер Людовик XIV: «Мемлекет – бұл мен» десе, Людовик XV: «Артымнан топан су басса да, бәрі бір» деп айтқан еді.

XVIII ғасырдың ортасында өнеркәсіптің, сауданың және ауыл шаруашылығының дамуы тездетілді. Франция халқы өсіп, 1790 жылы 26 млн. жетіп, оның 84% ауыл халқы болды. Аграрлық қатынастарға капиталистік тәртіптің енуі белсенді жүрді. Шаруалардың әлеуметтік

жіктелуі нығайды. Францияның кейбір аймақтарында дворян-жер иеленуші шаруашылықты жүргізудің капиталистік жолына түсті. Шаруаларға жердің шамамен 40% цензива ретінде (шексіз мұра ретінде ұстау) тиесілі болды. Сонда шаруа кете алмады, ал жер иеленуші (негізінен сеньор) оларды қууға немесе жерді тартып ала алмады. Шамамен 90% шаруа жеке бас ерікті болды, бірақ кейбір жерлерде шаруалардың тәуелділігі сақталды (яғни серваж). Шаруалар – жеке бас еркілер, тәуелділер – көптеген дәстүрлермен байлаулы болды. Төңкеріске дейін **«өлі қол» (право «мертвой руки»)** дәстүрі сақталынды, яғни мұраны берудегі төлем, сеньордың меншігінде нан пісірген үшін және бидайдан ұн тартқан үшін төлем және т.б., алайда сол кездері пеш те, диірмен де болмады, сеньорлар да басқа жақта тұрды. Тек цензива ғана емес, шампар (табиғи салық), шіркеуге десятина салығы, көптеген жол, көпір және т.б. салықтар түрлері сақталды.

Франция ауыл шаруашылық мемлекеті болып сақталғанымен, өнеркәсіп экономикада елеулі роль атқарды. Француз өнеркәсібі үшін қолдан жасалған бұйымдарды шығару сипатта еді. Бірақ мануфактуралар дамудың жоғарғы сатысына жетті. Орталықтанған мануфактуралардың саны көбейе бастады. Оларда машиналарды қолдана бастады. Жалпы француз нарығыны қалыптасуы тездетілді, сыртқы және ішкі сауда дамыды.

Капиталистік қатынастардың дамуына байланысты сауда-өнеркәсіптік орталықтар рөлі өсе бастады, олардың экономикалық және саяси маңыздылығы арта түсті. Алайда сауда мен өнеркәсіптің әрі қарай дамуына Франциядағы абсолютизм кедергі болды. Капиталистік қатынастардың дамуына жол ашу үшін ауыл шаруашылығында сақталған тәртіп, цехтік жүйелер, монопольді артықшылықтарға ие болған «корольдік мануфактуралар» сияқты болған тәртіпті бұзу қажет еді. Жалпы француз нарығының құрылуына феодалдық бытыраңқылық кедергі болды: бірыңғай өлшеу жүйесінің болмауы, ішкі кеден және т.б.

Азаматтық теңсіздік жүйесі және дворяндар мен діни қызметкерлердің таптық артықшылықтары наразылық тудырды. Олар, мысалы, негізгі салықтарды төлеуден босатылды, жоғары дәрежелерге ие болуға және әкімшілікте, сотта, әскерде жұмыс істей алды. XVIII ғасырдың екінші жартысында абсолютизмге қарсы ірі оппозиция толқыны көтерілді. Абсолютизмді қажет етпеген өнеркәсіпшілер оппозицияның басында тұрды. Олардың әлеуетті одақтастары ренітінде халық массасы және шаруалар болды. Буржуазиямен одақтасуға буржуазияланған дворяндар дайын болды. Абсолютизм оппозициясында париш парламенті бастаған парламенттер болды. Олар абсолютизмнің артықшылықтарға ие болған таптар пайдасында шектелуін талап етті. Бұл аристократиялық оппозицияның ұстанымы еді.

Сонымен, XVIII ғасырдың соңына қарай Франция өнеркәсіпшілердің, либералды дворяндардың, шаруалардың және жалдамалы жұмысшылардың наразылығы өсті.

**Франциядағы ағартушылық.** Таптық қайшылықтарды одан әрі тереңдете түскен, феодалдық-абсолюттік құрылыстың іріп-шіруін тездеткен және оған қарсы үшінші сословиеге кірген барлық таптық күштердің күресін

күшейткен жаңа XVIII ғасыр ескі құрылысқа қарсы идеологиялық шабуылмен көзге түсті. Сол кездің алдыңғы қатарлы адамдары дінді, дүние тануды, мемлекеттік тәртіпті – осының бәрін сынады.

Франциядағы XVIII ғасырдағы осы ұлы идеялық қозғалыс тарихта «ағарту» деп аталды. Философтар, экономистер, ақындар, жазушылар – сол кездің алдыңғы қатарлы, прогресшіл идеяларын жақтап, халықтың көзін ашты. Ағарту дамып келе жатқан буржуазияның идеялық қозғалысы болды. Сол кезде халықпен одақтасқан революцияшыл буржуазия өз табының ғана жеке мүддесін қорғаған жоқ, оның феодализмге қарсы күресі бүкіл үшінші сословиенің, бүкіл француз ұлтының мүддесін қорғады. Буржуазияның мүддесін бүкіл қоғамның мүддесімен ұқсастыруға буржуазия идеологтарына мүмкіндік берді.

XVIII ғасырдағы буржуазия ағартушыларының негізін қалаған Монтескье мен Вольтер болды. Шарль де Монтескье (1689-1755) бай семьядан шыққан еді. Ол сол кезге сәйкес өте жақсы білім алған еді. 30 жасында Бордода парламент президенті болды. Үш жыл Европаға саяхат жасады. 1721 жылы «Парсы хаттары» деген еңбегін жариялады. Атақты парсы саяхатшыларының атынан хат түрінде жазылған бұл еңбегінде Монтескье француз абсолютизмінің әлеуметтік-саяси мекемелерін ащы, кекесін мысқылмен сынады. Адамдардың еркіндік құқықтарын дәлелдеді.

1748 жылы Монтескье «Заң рухы туралы» деген басты еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде ол өкіметті құрудың неғұрлым кең тараған үш түрін көрсетті:

- Деспотизм;
- Конституциялық монархия;
- Республика.

Ол деспотизмге қарсы шықты. Оның саяси идеалы конституциялық монархия болды. Бостандықтың қажетті кепілі ретінде Монтескье үкіметті үш бөлікке бөлу деп білді: орындаушы, заң шығарушы, сот органдары.

Сонымен, Монтескье революциялық жолды жақтаған жоқ, ол реформа жолымен буржуазияның мүддесін жақтайтын мемлекеттік құрылысты қалады.

Францияда абсолютизмнің нағыз кемеліне келіп тұрған ғасырда Монтескьенің деспотизмге қарсы шыққаны, дінді сынағаны, бостандықты қорғағаны – келесі ұрпаққа революциялық ықпал жасады. Мұны Монтескьенің өзі де ойлаған жоқ еді.

Якобиндердің көрнекті өкілдерінің бірі Мараттың Монтескьені өзінің алғашқы ұстазы деп есептеуі тегін емес.

1733 жылы «Философиялық хаттар» деген кітап шықты. Бұл кітап өткірлігімен, таланттылығымен орасан күшпен варварлықты, католиктік шіркеуді, мемлекеттік саяси мекемелерді сынады. Париж парламентінің мәлімдемесі бойынша «Философиялық хаттар» отқа өртелді. Кітапты шығарушы адам Бастилияға қамалды, ал оның авторы жасырынуға мәжбүр болды. Бұл кітаптың авторы – атақты француз жазушысы Франсуа Мари Аруэ еді, ол Вольтер деген бүркеншік атпен жазатын.

Вольтер (1694-1778) француз оқу-ағартуының ең таңдаулы өкілі еді. Вольтер әрі ақын, беллетрист, драматург, философ, физик, саяси қайраткер болды. Өзінің тамаша шығармаларында Вольтер деспотизм мен феодалдық тәртіпке қарсы шығып, попшылдықтың қас жауы болды. Шіркеуді, католик дінін ол басты жау деп есептеп, ақтық демі біткенше оларға қарсы күресті.

Вольтер жас кезінде өзінің айыптаушы шығармалары үшін екі рет Бастилияға қамалды. Католик шіркеуіне қарсы шыға отырып Вольтер өлім жазасына әділетсіздікпен кесілген протестанттарды (наразылық білдірушілерді) қорғаушы ретінде танылды.

Алайда Вольтер өзінің саяси көзқарасы жағынан революцияшыл-демократиялық идеалдардан қашық еді. Әрине, ол самодержавиеге, сословиелік теңсіздікке қарсы болды, буржуазиялық бостандықты жақтады.

Бірақ та ол өкімет билігіне жоғарыдан реформа жасау идеясын уағыздады. Көп уақыт бойы ағарту абсолютизмінің жақтаушысы болды. Бірқатар монархтармен – Пруссия королі Фридрих II-мен, Екатерина II-мен, Швеция, Дания, Польша корольдерімен хат жазысуды және басқа қатынастарды жақтады.

Тек кейінірек, өз өмірінің соңына қарай ол Конституциялық монархияға, кейде республикаға да мойын бұра бастады. Осылай болғанмен де ағарту идеясын дамыту мен насихаттауда Вольтердің ролі орасан зор болды.

Өткір, анық формада берілген Вольтер идеяларының орасан зор революциялық маңызы болды. Осы уақытқа дейін Вольтерді еске алудың өзі реакционерлердің зәресін алады.

Вольтер мен Монтескье француз ағартушыларының аға буындарына жатады. ХУІІІ ғасырдың ортасында өздерінің саяси және жалпы теориялық көзқарастарында неғұрлым батылырақ болған жас буын шықты.

Жас буынның неғұрлым көрнекті өкілі Дени Дидро (1713-1784) болды. Дидроның есімі сондай-ақ «Энциклопедияның» (1751) шығуымен байланысты. Оның алғашқы екі томы 1751, 1752 жылдары шықты.

«Энциклопедия» немесе ғылымның, өнердің және кәсіптің түсіндірме сөздігі» сол кездегі ең алдыңғы қатарлы көзқарастар тұрғысынан алып қарағанда сындарлы білімдердің жинағы еді. Энциклопедия басқа жағынан да тартымды болды. Осы кезге дейін ойшылдар, буржуазия мен халық бұқарасының идеологтары өздерінің қуатты дұшпанының алдында ыдыраған түрде жеке-жеке әрекет етіп келді. «Энциклопедия» шашыраған күштерді қуатты топқа біріктіріп, топтастырды.

1751-1780 жылдары Дидро мен Д'Аламбер шығарып тұрған атақты «Ғылымның, өнердің және қолөнердің энциклопедиясы немесе түсіндірме сөздігінің» төңірегіне біріккен ХУІІІ ғасырдағы француз философтарының, жазушылары мен публицистерінің бір тобы энциклопедист тобына Руссо, Дидро, Гельвецкий, Гольбах, біраз уақыт Вольтер, тағы басқалары кірді. Энциклопедистер феодалдық-абсолюттік мемлекет жүйесіне және католиктік шіркеуге қарсы шықты. Олар жаңа буржуазиялық мемлекет пен буржуазиялық идеологияның негізгі қағидадарын жасады.

Өздерінің философиялық көзқарастарында көптеген энциклопедистер дүниенің негізі табиғат деді де «тәжірибелі» философия, яғни жаратылыс тану – ғылыми деректерге сүйенген философия жасамақшы болып, материализм позицияларын жақтады, идеализм мен дінге қарсы күрес жүргізді. Алайда сол кездегі ғылымның даму дәрежесі оларға механикалық материализмнен әрі ұзап баруға, табиғаттың диалектикалық дамуын толық ұғынуға мүмкіндік бермеді. Қоғамдық құбылыстарды түсіндіруде энциклопедистер идеалист болып қалды. Бірақ өздерінің қанша томағатұйықтығы мен кемшіліктеріне қарамастан, энциклопедистер сол дәуір үшін революциялық идеологияны алға апарушылар болды.

«Энциклопедия» қызметкерлерінің көзқарастарында алшақтық, түсініспеушілік болды. Мұнда атеистер мен деистер, агностиктер мен материалистер, Конституциялық монархияны жақтаушылар мен нағыз республикашылдар бар еді. Бұлардың бәрінің басын қосқан нәрсе – феодалдық-абсолюттік тәртіпке қарсы бітіспес жаулық, үшінші сословиенің құқықтары мен мүдделерін қорғау болды.

«Энциклопедияның» редакторлары аса ірі француз философы-материалист, мықты жазушы және тамаша қайраткер Дени Дидро мен атақты математик, философ Жан Лерон Д'Аламбер (1717-1783) болды.

Энциклопедия қызметкерлерінің ішінде аса ірі ғалымдар – сол кездегі француз ғылымының озат ойшылдары – Вольтер, Монтескье, Руссо, Кенг, Гольбах, Гельвеций, Мабли және басқалары болды.

Феодализм мен оның идеологиясының революцияшыл сыншыларының тобын энциклопедистер деп атай бастады.

«Энциклопедия» мен энциклопедистер қуғын-сүргінге ұшырап отырды. Оның алғашқы екі том құртылу керек деп жарияланды. Оған шіркеу мен ресми өкімет қарсы шықты. 1759 жылы «Энциклопедияға» тыйым салынды.

Энциклопедистер XVIII ғасырдағы француз қоғамының идеялық дамуында өте үлкен роль атқарды. Олардың көпшілігіне жауынгер демократизм тән болды. Олар халықтың күшіне сенді, онымен жақындасуға ұмтылды.

Мысалы, Вольтер, қарапайым халықтың философиямен айналысуынан қорықты. Ал Дидро болса, керісінше философияны халыққа жақындату керек, ал халықты философтар дәрежесіне көтеру керек деп есептеді.

Халыққа мұндай көзқарастың болуына, онымен одақтасып, күреске бірге шығуға әсер еткен жай – XVIII ғасырдың екінші жартысында елдегі дағдарыстың шиеленісуіне байланысты француз буржуазиясының санасында болған өрлеу еді.

Төменгі халықтың мүддесін білдіруші, демократиялық идеологияның өкілдері ертедегі коммунистік идеяны жасаушылар – Мелье, Морелли, Мабли болды.

Жан Мелье (1664-1729) – аул дінші. Ол жергілікті епископтың әділетсіздігіне және жергілікті сеньердың шаруаларға жасаған қысымына наразылық ретінде аштан өлді. Өлер алдында Мелье «өсиет» жазып қалдырды. Мұнда ол «шіркеу князьдарымен», корольдермен-тирандармен

күреске шақырды. «Осы бір маскара әділетсіздікті құрту үшін, – деп жазды Мелье, – Геркулестей күшті болуды тілер едім». Мелье барлық ауыртпалықтың көзі жеке меншікте деп білді. Ол «өсиетінде оны жоюға шақырды. Мельенің идеалы – еңбек пен рахат теңдігі болды.

Тек коммунистік қоғамда ғана, деп жазды Мелье, мұратқа қол жетеді, тұрмыс жаңарады. Мұқтаждық жоғалады, бәрі де бақытты, тең болады.

Жан Мельенің «Өсиеті» ХҮІІІ ғасырдағы Франциядағы қоғамдық озық ақыл-ойдың тамаша шығармаларының бірі болды. Оның батылдығы, оның жауынгер революцияшыл рухы француз халқының, дәлірек айтқанда – төменгі халықтың – шаруалар мен қала кедейлерінің ақыл-ойы мен сезімінің көрінісі болды.

Енді тағы бір шығармаға тоқтала кетейік. Ол – аббат Мореллидің «Табиғат кодексі» деп аталады. Сол замандағы қоғамдық құрылыстың басты жауы – жеке меншік деп санады Морелли.

Жерді ортақ иелену орнаған кезде, оның байлығын жұрттың бәрі пайдаланған кезде қоғамдық құрылыс табиғатпен сәйкес келеді.

«Табиғат кодексінде» Морелли осы бір болашақ қоғамның құрылысын жан-жақты жазып көрсетті.

Сонымен, көтеріле бастаған буржуазия ескі, қоғамдық-реакциялық теорияларға, идеяларға, мекемелерге қарсы өзінің идеологиясын, сол заман үшін терең революцияшыл және прогресшіл идеологиясын ұсынды.

**Революция қарсаңында ел ішіндегі жағдай.** Жаңа өндіргіш күштер барған сайын үстемдік етуші феодалдық қатынастармен күшті қайшылыққа түсе берді. Бұл қайшылықтар барлық жерден көрінді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Франция Европаның алдыңғы қатарлы елдерінің бірі болды. Ол экономикалық даму жағынан тек Англиядан ғана артта қалғанымен әлі де аграрлық ел еді. Ауыл шаруашылығы өте артта қалған еді. Жерді өңдейтін құралдары тым қарапайым еді, ауыл шаруашылығының өнімділігі өте төмен болды.

Революция алдындағы Францияның ауыл шаруашылығының мұндай ауыр жағдайына себеп болған нәрсе – ауылдық жерлерде сақталып, тамыр жайған күшті феодалдық қатынастар еді.

XVIII ғасырда Францияда крепостнойлық құқық жоқтың қасы болды. Ал дегенмен Франциядағы шаруалардың негізгі бұқарасының басы бос болғанмен олардың жерлері феодалдарға тәуелді болып қала берді. Шаруалар өздері өндеген жерлерге жеке меншік иесі болған жоқ, феодалдық правода ұстаушы ғана болды. Жердің қожасы сеньор болды. Негізгі салықтар ценз ақшалай аренда алу үшін төлейтін (ақшалай салық), шампар (астықтың 20-25 пайызын төлейтін) жан басына мемлекетке талия салықтарын, шіркеуге десятина салығын төлейтін. Ежелгі салықтар да (жол пайдаланғаны үшін, тұз салығы, т.б. шаруалардың төлейтін 50-түрлі салықтары болды) сақталды.

Сеньордың қолында диірменге, ұста дүкеніне, наубайханаға және тағы сол сияқтыларға деген билік болды, ол осыларды пайдаланғаны үшін басқалардан ақы алып отырды.

Францияда аренда кең өріс алды. Сеньорлардың көпшілігі өз иеліктерін ұсақ участоктерге бөліп, шаруаларға арендаға таратып беріп отырды.

Жер қатынастарының осы жүйесінің таяудағы нәтижелерінің бірі – жер иеліктерінің тым бөлшектеліп кетуі болды. Бұл техникалық жаңалықтар енгізуге, ауыл шаруашылығына жаңа әдістер қолдануға бөгет жасады.

Англияда XVI-XVII ғасырларда-ақ капиталистік қатынастар ауыл шаруашылығына тереңдеп еніп, сеньорлар өз шаруашылығын жаңа, буржуазиялық жолға қойған болса, Францияда буржуазиялық революция қарсаңында деревнядағы капиталистік қатынастардың дамуы өте нашар болды.

Рас, Францияның бірқатар жерінде, әсіресе солтүстік-шығыс провинцияларда көптеген ірі помещиктер капиталистік жолға түсуге тырысты. Олар шаруаларды жерден қуып, өздерінің ыдырап кеткен иеліктерін біріктіріп, ол жерде не ірі шаруашылық, не капиталистік фермерліктің жүйесін құрды.

Францияның бірқатар провинцияларында жердің біраз бөлігі XVIII ғасырда буржуазияның қолына көшті. Бірақ бұл өте аз, айтуға тұрарлықтай емес еді. Жалпы алғанда, Францияның ауыл шаруашылығында XVIII ғасырдың аяғында әлі де болса ескі, орта ғасырлық, феодалдық қатынастар үстемдік етті. Сеньор-помещик ескі феодалдық құқықтар негізінде шаруалардан барынша алып отыруға тырысты. Шаруалар күйзелді, олардың көпшілігі отырған жерлерін тастап, қайыршылыққа көшті. Помещик-феодалдар шаруаларды бұрынғыдан да қыса түсті.

Францияда 80-ші жылдардан бастап тарихшылар феодалдық реакция деп атаған кезең туды. 80-ші жылдардағы «феодалдық реакцияның» негізінде сеньорлардың шаруаларды қанауды күшейтуге тырысуының әртүрлі формалары жатты. Ал бұған қосымша себептер келіп қосылды.

Он сегізінші ғасырдың 70-ші жылдарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы түсіп кетті. 80-ші жылдары баға сол төменгі дәрежесінде болды. Осыған байланысты помещик табысының азаюы оларды табыс табудың жаңа көздерін іздеуге мәжбүр етті. Табысты жер өңдеуді жақсартудан, агротехниканы арттырудан іздеудің орнына дворяндардың көпшілігі шаруаларға қысым жасау жолына түсті. Бұл шаруалардың бас көтерулерінің өсуіне әкеліп соғып отырды.

1782 жылы Пуатуда шаруалардың үлкен көтерілісі болды, 1786 жылы – Визилде, 1789-1790 жылдары Севеннада және басқа көтерілістер болды. Аграрлық мәселе, жер иелену туралы мәселе, шаруаларды күйзелткен феодалға бағыныштылықты жою – туып келе жатқан революцияның негізгі мәселесі болды.

XVIII ғасырда негізінен ауыл шаруашылықты ел болған Франция туралы айтқанда қала мен деревнядағы өнеркәсіптің көлемі мен ролін кемітуге болмайды. Ауыл шаруашылығымен салыстырғанда өнеркәсіп қанаудың капиталистік әдісінің неғұрлым дамуымен көзге түсті.

XVIII екінші жартысындағы Франция кең тараған капиталистік мануфактура болды. Басқа салаларға қарағанда жас мақта-мата өндірісі тез

дамыды. Ол негізінен Руана-Гавра аймағында шоғырланды. Лионда Жібек мата өндірісі, Эльзаста, Лотарингияда және Арденде металлургия өнеркәсібі дамыған еді.

Шұға мануфактуралары барлық жерде дерлік болды. Кәсіпорындардың айтарлықтай бөлігі әшекей бұйымдар, қымбат заттар шығарды. Бұларды Францияның және Европаның басқа елдерінің бай манаптары сатып алып отырды. өнеркәсіптің дамуына байланысты қалалардың маңызы тез өсті, олардың халқы артты.

1) Революция қарсаңында Парижде жарты миллионнан астам халық болды, шамамен алғанда оның бестен бір бөлігі жалдамалы жұмысшылар еді. 2) Көлемі жағынан алғанда екінші саналатын Марсельде 90 мың халық болды. 3) Ал Лионда – жібек өнеркәсібінің орталығында 85 мың халық болды. 4) Теңіздің ары жағындағы елдермен сауда жүргізетін, кеме жасаушы өнеркәсіп орталығы, ірі портты қала – Бордода 84 мың халық бар еді.

Өнеркәсіпте капиталистік мануфактура жетекші роль атқара бастады. 50-100 жұмысшысы бар үлкен мануфактуралар көптеп саналды. Неғұрлым ірі мануфактуралар металлургия және тас көмір өнеркәсіптерінде пайда болды. Анзен компаниясының көмір шахталарында 4 мың адам жұмыс істеді.

Өнеркәсіпке баяу болса да машиналар енгізіле бастады. 70-80 жылдары Англиядан әкелінген 18 станокты механикалық прятка Дженни қолданылды. Ол Нормандияның тоқыма өнеркәсіптерінде, Лион аймағында кеңінен тарады. Сондай-ақ ағылшынның мақта иіретін машинасы Аркрайта қолданылды. Отандық өндірістен шыққан машиналар пайда бола бастады.

Дегенмен Францияның өнеркәсібінде қол еңбегі басым болды. өнеркәсіпте консервативтік традициясы бар цехтық құрылыс әлі де үстемдік етуде еді. өнеркәсіптің дамуына феодалдық-абсолюттік тәртіп бөгет жасады. Ішкі рыноктың тарлығы, халықтың негізгі бұқарасы – шаруаларының кедейленуі, үкіметтік регламентация, цехтық тәртіп, провинциялардың шашыраңқылығы – өнеркәсіп өндірісінің өсуін тежеген басты кедергілер болды.

Революция алдындағы соңғы жүз жылда Францияның ішкі және сыртқы саудасы айтарлықтай өсті. 1715 жыл мен 1792 жыл арасында Францияның сыртқы саудасының айналымы 4 есе өсті. Революция алдындағы екі жыл ішінде, 1787 жылы Францияның сыртқы саудасынан айналымы 1 миллиард 155 миллион ливрге тең болды.

Франция Европаның барлық елдерімен, Америкамен, Шығыс елдерімен сауда жасады. Сыртқы сауда айналысында отар саудасы үлкен орын алды. Вест-Индиядағы (Сан-Доминго) өз отарларынан Франция қант, тәтті тағамдар алып отырды.

Бордо, Марсель, Гавр, Нант – ірі теңіз сауда порттарына айналды. Мұнда айтарлықтай дәрежеде кеме жасау ісі дамыды. Алайда ішкі және сыртқы саудаға әртүрлі шек қою кедергі жасады.

Ел ішінде қандай шектер болды? Ел көптеген ішкі таможняларға бөлінген еді. Қайсыбір өнімді тасығанда жол сеньерлардың иеліктері арқылы өтетін болса, олардың әрқайсысына баж салығын төлеу керек болды.



Мынадай бір қызықты жай болған. Бір меңгеруші сатуға астық апара жатып, әр заставадан өткен сайын төлеген салығын жазып отырған. Бірнешеуінен өткеннен кейін ол есептеп қараған кезде апара жатқан астығын қаншаға сатқанмен де зиян шегетінін байқаған. Меңгеруші астығын тастап, үйіне қайтқан.

Кейінірек астықты теңіздер мен мұхит арқылы Қытайға апарудың тиімділігі анықталады. Бұл оны Францияның бір жерінен екінші жеріне апарудан арзанға түскен. Ішкі сауданың дамуына бөгет болған нәрсенің бірі – өлшем мен таразының әртүрлі болды.

Сауда бір топ купецтердің-монополистердің қолында болды. Барлық кедергілерге қарамастан өнеркәсіп пен сауданың дамуы мынаны көрсетеді: феодалдық қоғамның қойнауында капиталистік укладтың айтарлықтай дамыған түрлері өсіп, қалыптасты.

Феодалдық-абсолюттік құрылыстың шыңы – монархия, король өкіметі болды. Корольдің қолында бұрынғысынша шексіз, самодержавиелік билік болды. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы істерінің бәрін шешіп отырды. Ол министрлер мен чиновниктерді тағайындап, ауыстырып отырды, Заң шығару немесе оны жою, жазалау немесе ақтау оның қолында болды.

Кезінде француз абсолютизмі прогресшіл роль атқарды. Франция территориясында ұлттық мемлекет құруға жәрдемін тигізді. XVIII ғасырда абсолютизмнің мағынасы тіпті басқаша болды. Ол елдің тарихи дамуын тездетудің орнына баяулатты.

Францияның әкімшілік құрылысында біркелкілік деген болмады. Ел көптеген провинцияларға бөлінді. Ал олар болса одан әрі ұсақ әкімшіліктерге бөлінді.

Әр провинция өз бетінше басқарылды. Олардың өздерінің әкімшілігі мен соты болды. Салықтар түрліше алынды. Тіпті өлшемдері де әртүрлі болды.

Орасан зор мемлекеттік аппараттың басты қызметі еңбекші халықты езу болды. Олардан салық алу болды және тағы басқалар:

Монархия қоғамды сословиеге бөлудің ескі феодалдық тәртібін сақтады.

1) Бірінші сословие – дінбасылар

2) Екінші – дворяндар

3) Үшінші – қалған халық (шаруалар, буржуазия...)

Ескі француз формуласында былай деп айтылатын еді: «діншілдер корольге дінмен, дворяндар қылышпен, үшінші сословие – затпен қызмет етеді».

«Дінмен» және «қылышпен» қызмет ету, затпен қызмет етуден көп жеңіл еді. Өйткені затпен қызмет көрсету – монархияның барлық шығынын өтеу деген сөз еді. Бұл үшінші сословиенің жағдайының тең емес екенін көрсететін.

Дінбасылар мен дворяндар халықтың ең аз бөлігі болды. Екеуін қосқанда олар Франция халқының 1 проценті ғана еді. Бірақ та олар феодалдық-абсолюттік фр-ның үстем табына жататын еді. Олардың қолында мемлекеттік билік пен шіркеу армиядағы барлық басты қызметтер болды.

Дегенмен осы аз сословиенің өзі құрамы жағынан біркелкі болмады. Дінбасылардың көпшілігі селолық священниктерден еді. Ал олар шаруалармен, яғни үшінші сословиенімен байланысты болды.

Дінбасылардың бір бөлегі – шіркеу князьдары, жоғары дінбасылар – епископтар, архиепископтар болды. Олар белгілі дворяндардан шыққандар еді не негізінен ірі жер иеленушілер болды.

Дворяндар формалдық жағынан әртүрлі екі топтан құралды.

1) Ата-тегінен келе жатқан дворяндар (қылыш дворяндары, мантия дворяндары)

2) Ұсақ дворяндар

Жоғарғы дворяндар – бұл сарай маңындағы аристократия мемлекеттік қызметте отырғандар. Бұлар атақ алған дворяндар – графтар, виконттар, маркиздер, герцогтар.

Бірақ та алғашқы екі сословиенің жекелеген топтары арасындағы айырмашылық қандай болғанмен де ол қайшылық туғызған жоқ.

Бірінші және екінші сословиелер – дінбасылар мен дворяндар – монархияның тірегі болды. Олар паразиттік және өте реакцияшыл күш болды.

Үшінші сословие шамамен бүкіл ұлттың 99 проценті еді. Таптық қатынасы жағынан ол біртекті болмады. Оның құрамына: буржуа, шаруалар, ұсақ саудагерлер, жұмысшылар енді. Бірақ та бұл таптар мен таптық топтардың бәрі де саяси жағынан бірдей правосыз еді.

*Буржуазия.* XVIII ғасырдың аяғына қарай буржуазия ең күшті, ең бай және экономикалық жағынан қуатты тап болды. Оның қолында елдің өнеркәсіп орындары болды, барлық ішкі және сыртқы сауданы жүргізді. Буржуазияның қатарында ірі миллионерлер де көп болды. өз байлығынан айрылған дворяндар дәулетті буржуазиядан қарыз сұрауға мәжбүр болды. Король маңындағылар да, мемлекеттік қазына да буржуазиядан қарыз алып отыруға мәжбүр болды.

Буржуазия әрі бай, әрі білімді болды. Ол білімді меңгеруге, оны өз мақсатына жұмсауға тырысты. Қанша қуатты болғанымен оның саяси правосы болмады. Мемлекеттің саясаты оның мүддесіне сай келмеді. өнеркәсіпте, саудада, барлық жерде де оған шек қойылып, Үкіметтің бақылауында болды.

Жалпы алғанда буржуазия халыққа сенімсіздікпен қарағанымен оның неғұрлым ақылды өкілдері халықты өздерін Үкімет білімін жеткізетін күш деп білді. Буржуазия ол кезде революциялық күш еді. Ол өз мүддесіне сай келетін жаңа қоғам орнатуға ұмтылды. Оның орнатқысы келген қоғамы тарихи жағынан прогресшіл еді.

*Шаруалар.* Феодалдық-абсолюттік тәртіп кезінде бар ауыртпалық шаруаларға түсті. Біз жоғарыда мана айтқанбыз: шаруаларда жер болмады, ал пайдаланған жер үшін сеньеф га, ценз (ақшалай төлем) беріп отырды, астықтың едәуір бөлігін (шампар) беріп отырды.

Помещикке салық төлеумен бірге шаруалар шіркеуге де, Үкіметке де ақы беріп отырды.

1) Шаруалар шіркеуге десятина төлеп отырды (яғни табысының оннан бір бөлегін беріп отырды).

2) Мемлекетке шаруалар зат салығын төледі (талья) табыс салығын (оның жиырмадан бір бөлігін), кеңінен тұтынылатын заттар: тұз, шарап та мемлекеттік салық түрінде болды. Мұның нәтижесінде шаруалар кедейленіп, қайыршылыққа ұшырады.

Францияда революция қарсаңында 2 миллионға жуық қайыршыланған шаруалар болғаны есептен шығарылды. Феодалдық езуден, мемлекеттің, шіркеудің салықтарынан қиыншылық көрген шаруалар феодалдық құрылысты жоюға мүдделі болған тап екені түсінікті еді.

*Қалалық плебейлер.* Парижде және басқа ірі қалаларда плебейлердің айтарлықтай тобы пайда болды, олар, кәсіпшілер, ұсақ саудагерлер, товар тасушылар, қаңғыма музыканттар, жұмыссыздар еді. Плебейлер барып тұрған правосыз, үйсіз-күйсіз әлеуметтік топ еді. Сондықтан да плебейлердің феодалдық абсолюттік құрылысқа қарсы күресушілердің алдыңғы санында болуы таңғаларлық емес еді. Қала кедейлері мен күйзелген шаруалардан шыққан жұмысшыларлар жұмысшы кадрлары пайда болды. өнеркәсіптің дамуы жұмысшылардың пайда болып, қатарының өсуіне әсер етті. Жұмысшылардың жағдайы адам төзгісіз еді. Жұмыс күні 16-18 сағатқа дейін созылды. Олардың табысы күн көрісіне де жетпейтін еді. Жұмысшылар талай рет ереуіл жасады, қолға қару алып, жалақыны өсіруді талап етті. Алғашқы қалыптасу кезеңінде жұмысшылар өздерін ерекше тап деп түсінбеді, олар өздерінің таптық мүдделерін ұғынбады және өз бетінше таптық күреске шыға алмағандықтан буржуазияның соңына ерді.

Сонымен әртүрлі жағдайы мен мүддесіне қарамастан үшінші сословиенің құрамына енген таптар мен топтар түрлі себептермен феодалдық-абсолюттік тәртіптен жапа шеккендіктен оны жоюға мүдделі болды.

Феодалдық құрылыс пен өсіп келе жатқан капитализмнің арасындағы қайшылықтың және оның үшінші сословие мен жоғарғы сословиенің арасындағы қайшылықтың таптық көрінісі – революцияны сөзсіз болдыратын басты себептер міне осылар еді.

#### 4-ТАҚЫРЫП. XVIII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ ФРАНЦУЗ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

**Революцияның басталуы.** Францияның алдыңғы қатарлы адамдары Францияның артта қалған, феодалдық құрылысын сынады. Экономикалық жағынан қуатты, дамып келе жатқан сауда-өнеркәсіп буржуазиясы саяси өкіметті жеңіп алуға, феодализмді құлатуға ұмтылды. Әсіресе шаруалар мен қала кедейлері феодализмді жоюға шын мүдделі болды.

Король айналасының жағдайы қандай еді? Король Людовик 16-ның финансы жағы тым нашар болды. Мемлекет қазынасында ақша болмады. Қарызға ешкім бермеді. Мемлекет финанстық дағдарысқа ұшырау қаупінде тұрды. Мемлекеттің борышы орасан сомаға – 1,5 миллиардқа жетті.

Қиын жағдайға душар болған Король 1787 жылы Нотаблдердің (атақтылардың), яғни дворяндар мен дін басыларының жиналысын шақырды. Осы жиналыста король жеңілдік жасалған сословиеге бұдан былай да салықтың бір бөлігін төлеп тұруды ұсынды. Бірақ дворяндар мен дін басылар бұл ұсынысты қабылдамады.

1788 жылы астық шықпай, аштық болуына байланысты шаруалар толқуы әдетке айналып кетті. Халық қаражатын бақылаусыз, жүйесіз жұмсай беру елді 1789 жылы финансы апатына ұшыратты. Бұл жағдайдан шығудың жолын таба алмаған король XVI Люд. 1789 жылы 5 майда Версальда барлық үш сословия өкілдерінің – Бас штаттардың жиналысын шақыруға мәжбүр етті. Олар 170 жылдан астам жиналмаған еді (1614 ж.). Ондағы мақсаты – жаңа заемдар мен салықтар жинауға келісім алу еді. Салық төлеуден бас тартты.

Дәстүрлі түрде король жанында 1-2-ші сословие отыратын, ал 3-ші сословие түрегеп тұратын. 3-ші сословие депутаттары дауыс беруді талап етті. 3-ші сословие күшейіп келе жатқан соң король енді олардан 600 адам депутат сайлады. 3-сословие буржуазияның мүддесін көздеді, олардың көбі заңгерлер (200 адвокаттар), зиялы қауым, саудагерлер, банкирлер, жериеленушілер болды. 270-депутат дворяндар өкілінен (оның 90 либералды дворяндар) және 291 депутат дін басылары болды. Бірақ король өз мақсатына жете алмады, 3-ші сословие салықтарға қарсы шықты. 17 маусым күні 3-ші сословие депутаттары өздерін Ұлттық жиналыс деп жариялады. 20 маусымда король өткізген мәжілісіне 3-сословиені кіргізбейді. Бұлар өздеріне жаңа конституция қабылдамай тарамауға ант береді. 9 шілдеде 1789 жылы Жиналыс өздерін Ұлттық Құрылтай жиналысы деп атады. Олар конституциялық монархияны орнатуға тырысты және де корольдің қол қоюын талап етті. 12 шілде күні король қаржы министрі Неккерді қызметтен босатты.

**Революцияның бірінші кезеңі.** Қымбатшылықтан жапа шеккен халық енді сақтық үшін әскерлердің кіргізілуін өздерінің көптеген үміттерін артқан Ұлттық жиналысты тарату деп түсініп, әскермен қақтығыс басталды. 1-2 күнде король әскерін қуып шығып, 14 шілдеде король түрмесін құлатты. 14 шілде күні Париж көтерілісшілердің қолында болды. Көтерілістің шарықтау

шегі және аяқталу кезі деп Бастилияның алынуы. Бастилияның алынуы Француз буржуазиялық революцияның басталуы және оның бірінші жеңісі болды. Қалаларда “муниципальды революциялар” кең етек алды, халық ескі өкімет билігін жойып, жаңа муниципалитеттер (кейбір елдерде қалалық немесе селолық басқарма орны) құрды. Билікті біраз либералды дворяндармен буржуазия қолына алды. Буржуазиялық милиция (Ұлттық гвардия) құрылды. Ауылды жерлерде де шаруалар көтерілістері де кең етек алды. Ол Францияның шығыс және солтүстік, батыс бөліктерінде болды.

1789 жылғы көтерілістің негізгі саяси қорытындысы буржуазияның халықпен бірігуінің нәтижесінде шын мәнінде абсолютизмді құлатты десек болады. Құрылтай жиналысы бүкіл Францияның уақытша өкіметі болып қалды. Бір сөзбен айтқанда, Францияда мемлекеттік билік жаңа қоғамдық тап-буржуазияға өтті.

Құрылтай жиналысы бұрынғы сословияларға бөлінуді жойды. **19 июль 1792 ж.** Ол жалпы мұрагерлік праволарды жойды. Бұрынғы жорлдарды – князь, герца, маркиз, граф. т.б., дворян гербалаларын жойды.

«Муниципалдық революция» – Буржуазия халық көтерілісінің пайдаланып қалалық басқару системасын өзгертті. Муниципалдық революция әрбір түрлерінде өтті. Кейбір қалаларда ескі қалалық өкіметті құлатып, жаңадан құрды, басқа қалаларды бұрынғы муниципалдық өкіметтері жаңа өкіметімен қосылды.

**Аграрлы заңдардың қабылдануы. Адамдар мен азаматтар құқықтары туралы декларация.** Құрылтай жиналысы халық толқуларынан қорқып 1789 жылдың тамыз айында жедел түрде екі маңызды заң шығару актісін қабылдады. Француз революциясының басты әлеуметтік-экономикалық мәселесі болып табылатын аграрлы мәселелерді шешуге кірісті. 4-11 тамыздағы Декреттер бұрынғы ежелгі қосымша феодалдық салықтарды жойды, король жерлерінің бәрін Ұлттық меншік деп жариялады, оларды сатуға құқық берді, оны ірі-ірі телімдермен сататын болды. Бірақ оны тек ірі буржуазия өкілдері сатып алды.

26 тамызда 1789 жылы Францияда “Адамдар мен азаматтар құқықтары туралы декларация” қабылданды. Декларация әр адам мен азаматтың табиғи құқықтарын, яғни әрбір жеке тұлғаға тән құқықтарын жариялады. Декларацияда теңдік қағидасы көрсетілді: “Адамдар ерікті және құқық жағынан тең болып туылады және солай қала береді, барлық адамдар заң алдында тең, сөз бостандығына, баспасөз бостандығына, дін бостандығына құқылы” делінген. Декларацияда мемлекет жеке меншікті қорғайтын, билік бүкіл халық атынан жүргізілуі тиіс делінген. Адам құқын естен шығару немесе елемеу бұл үкіметтің көргенсіздігі және азғындығы, бұл қоғамдық апаттың бірден-бір себебі болып табылады деген. Декларацияның кемшілігі құлдар туралы ештеңе айтылмады, құлдық сақталып қалды. Осы Декларацияда келтірілген бірқатар әділ де, құнды қағидалар бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігі мен мәнділігін сақтауда. Бірақта Людовик XVI осы Декларацияны бекітуден бас тартты. Осыған орай 5-6 қазанда Парижде халық көтерілісі болды. Олардың талабы корольді Версальдан Парижге

көшіру және осы декларацияларды бекітіру еді. Король Парижге көшуге және декларацияны бекітуге мәжбүр болды.

Құрылтай жиналысы дінбасыларға жасалатын жеңілдік туралы мәселеде неғұрлым батылырақ қимылдады. Бұл – феодалдық тәртіптің басты тірегінің бірі еді. 1789 жылғы 2 **ноябрьдегі** декрет шіркеу бұйымдарын бүкіл ұлттың жеке меншігі деп жариялады. Олар сатуға қойылып, оған төленетін ақшаның мерзімі ұзартылды. Сату тәртібі ірі буржуазия мен ауқатты шаруаларға қолайлы болды. 1791 жылдың 1-ші ноябіріне қарай «ұлттық бұйымдарды» сатудан мемлекетке орасан ақша – 1,5 миллиард ливр түсті. Бұл қағаз ақшаның құнсыздануын (ассигнаттарды) біразға дейін тоқтатты.

**1791 жылғы Конституция.** Өздерінің позицияларын күшейтіп алған Құрылтай жиналысы буржуазиялық тұрғыдан елде қайта құрулар жүргізуді жалғастырды. Буржуазиялық-либералды қайта құруларды жақтаушылар ірі буржуазияның-банкирлердің, ірі саудагерлердің, либералды ақ сүйектердің мүддесін көздеді. Шіркеудің, монастырьлардың жерін, мүлкін конфискелеу туралы Құрылтай жиналысы қаулы қабылдады. Шіркеу жерлерін сатуға қойды. Буржуазия ол жерлерді сатып ала бастады. Енді әрбір дін басы мемлекеттен жалақы алып отыратын. Осындай өзгерістер ірі буржуазия мен саудагерлерді қанағандандырды. Монархтар эмиграцияға қашқандармен бірігіп революцияға қарсы шығуға дайындалды. 1791 жылы 21 маусымда король жанұясымен құпия түрде қашады. Корольді шекарада тұрған солдаттар танып, оны қайта Парижге әкеледі. Бұл оқиға Варень дағдарысы деп аталады. Бұл дағдарыс буржуазияға енді конституцияны тездетіп жасауды, корольге қол қойдыруға асықтырды. 1791 жылы қыркүйек айында Конституция жасалып, қол қойылды.

Бұл конституция буржуазия мүддесін көздеген конституциялық монархияны орнатты. Корольде атқару билігі болды, парламент заң шығарады, заң шығаратын жиналыс деп аталды. Король жоғарғы чиновниктерді тағайындады, соғыс жариялау және бітімге қол қою құқы король қолында болды. Сот билігі жергілікті сайланатындардың қолында болды. Парламентке депутаттар сайлау үшін әртүрлі цензылар болды. Буржуазия барлық азаматтарды 2-санатқа бөлді: 1. белсенді сайлауға, өздері сайлануға құқықтары болды, оған ірі буржуазия мен дворяндар кірді; 2. енжарлы азаматтар бұлар сайлауға қатыспайды, тек қарап отырады. Сонымен қатар жоғары жалақысы барлар белсенділер санатына кірді. Қабылданған декреттер халықтың ауыр жағдайын шешпеді.

1791 жылы Францияда жұмысшыларға қарсы заң қабылданды. Оны Ле Шапель заңы деп атады. Заң бойынша жұмысшылар ұйымын құруға, ереуілге шығуға тыйым салынды.

1791 жылы **1 октябрьде** Құрылтай жиналысының орнын жаңа Конституция бойынша сайланған Заң шығару жиналысы басты. Оның қызметі басталған кезде шаруалардың бас көтеруі, қала мен село кедейлерінің азық-түлік бағасының тұрақты болуы үшін, алып-сатарлыққа қарсы күресі жанданған еді.

1792 жылғы көктемдегі елде экономикалық дағдарыс болды. Эмигрант дворяндар мен елдің ішіндегі революция жауларының басты үміттері еуропалық монархиялық мемлекеттердің (Австрия мен Пруссия) әскери қимылдарын пайдалану еді. 1791 жылы 27 тамызда Австрия императоры Леопольд II мен Пруссия королі Фридрих Вильгельм II Пильниц декларациясына қол қояды. Онда Людовик XVI әскери көмек көрсетуге дайын екендіктерін айтады және де басқа еуропалық монархтарды көмектесуге шақырады. 1792 жылы 7 ақпанда Австрия мен Пруссия Францияға қарсы әскери одаққа қол қойды. Еуропалық мемлекеттердің бірінші антифранцуздық коалициясы құрылды. Францияға шетелдік басқыншылық қаупі төнді. Герман мемлекеттерінің басқыншылығы басталды. Германия эмигранттарды пайдалана отырып, Францияның 2 провинциясы, ауыр индустрияның орталығы болған провинцияларын басып алуға тырысты. Мұнда жартылай француздар, жартылай немістер тұратын. Тұрақты әскер болған жоқ, тек ұлттық гвардиялар әрбір қалаларда болды. Заң шығару жиналысы «Отанымызға қауіп төнді» деп жариялады. Басқыншыларға қарсы ұлттық гвардиядан Тұрақты әскерлер құрыла бастады. Халық Отанын интервенттерден қорғауға шықты. Францияның ақыны, композитор Руже де Лилем Марсель полкінде болған, кейін «Марсельеза» патриоттық өлеңінің авторы, кейін бұл өлең гимнге айналды. 1792 жылы басқыншылар Францияның көптеген жерлерін басып алып, Парижге жақындады. Заң шығарушы ірі буржуазия ешқандай заң шығармады.

**Революцияның екінші кезеңі.** 1792 жылы 10 тамызда Парижде халық бұқарасының үлкен көтерілісі болды. Нәтижесінде өкімет басына жирондистер келді. Революцияны бірінші кезеңі 1789 жылы 14 шілдеден-1792 жылы 10 тамызға дейінгі аралықты қамтыды. Заң шығарушы ірі буржуазия өкілдерін қуып шықты. Негізгі қозғаушы күш кедейлер болды. Жеңісін орта буржуазия өкілдері көрді. Енді олар өкімет басына келді. Орта сауда-өнеркәсіп буржуазиясының бір бөлігі жиронда деп аталды. Жиронда көсемі Варньо болды. Тез арада ұлттық гвардиялар құрылып, шешуші шайқас 1792 жылы 20 қыркүйекте Вальми деген жерде басқыншыларға қарсы шешуші шайқас болып, оларға тойтарыс берілді.

1792 жылы 22 қыркүйекте Францияда республика жарияланды. Францияға қарсы құрылған Австрия-Пруссияның I-коалициясының іс-әрекеті сәтсіз аяқталды. Республика құрылған соң заң шығарушы органының орнына Конвент деген парламент құрылды. Бірінші күннен бастап Конвентте 3-топ пайда болды. 1) Жирондистер; 2) Сол қанатында якобиншілер партиясы болды. Бұлар ұсақ буржуазия, қала кедейлерінің мүддесін көздеді. Якобиншілер депутаттарының жиналысы кезінде жоғарғы орындарда отырғандықтан «таулықтар» деп аталды. 3) Батпақтар, бұлардың саяси бағдарламалары болмады және әлеуметтік құрамы да әртекті болды. Жирондистер мен таулықтар арасындағы күреспен революцияның екінші кезеңі сипатталады. Якобиншілер азық-түлік мәселесін шешу үшін тұрақты баға қоюды талап етті. Алып-сатарлыққа қарсы қатаң күрес жүргізуді ұсынды, бірақ жирондистер қарсы болды.

1792 жылдың күзінде революцияшыл Францияның әскерлері жаудың шабуылын тойтарып, өздері көрші елдердің жеріне кірді. Олар Бельгияда австриялықтарды батыл жеңіп, Батыс Германияның бірқатар қалаларын басып алды. Бұл тамаша жеңісте басып алынған жерлердегі Конвенттің саясаты аз роль атқарған жоқ. 1792 жылы 15 декабрьде Конвент декрет қабылдады. Мұнда әскер басшыларына жау елдің жеріне кіргенде ескі өкіметті жаңа революцияшыл өкіметпен ауыстыруды, сословиелік құрылысты жоюды, шіркеу заттарын конфискелеп, сатуға міндеттеді.

Бірақ ағылшын буржуазиясы революцияшыл Францияға қарсы Европа мемлекеттерінің одағын құра білді.

Европа державаларының контрреволюциялық одағының ұйымдастырушысы болған ағылшын үкіметінің күш салуы нәтижесінде 1793 жылы мартқа қарай республикалық Францияға Европа мемлекеттерінің үлкен бөлігі қарсы тұрды: Англия, Россия, Австрия, Пруссия, Германияның ұсақ және орташа князьдіктері, Голландия, Испания, Венеция, Сардиния, Пьемонт, Неаполь. Тек Англия емес, одаққа қатысушы басқа елдер де басып алу мақсатын ұстады. Пруссия Франциядан Эльзас пен Лотарингияны бөліп алғысы келді, Австрия Францияның шекаралық бекіністерін басып алуды армандады.

1793 жылы орыс флоты ағылшын флотының француз жағалауларын бөліп тастауына көмектесті, бірақ Польшаны бөлісу мен Россияның Пруссиямен және Австриямен қатынасының шиеленісуі патша әскерлерінің Францияға қарсы соғыс қимылдарын жасауын тоқтатты.

**Конвенттегі Таулықтар мен Жиронда күресі.** Конвент үш негізгі саяси топтан тұрды. Оң қанат (200 адам) «жирондистерден» – Жиронда департаментінің депутаттары мен олардың пікірлестерінен құралды. Қарамағында 80 адамы бар солшылдар «Монтаньярлар», яғни «таулықтар» деп аталды, өйткені олар мәжіліс залының жоғары орындықтарынан орын алды. Көпшілігі (500 адам) орталықтан болды, бұл топтың депутаттары төменгі орындықтарда отырғандықтан «батпақ» (басқаша айтқанда – «жазықтық») деп аталды.

Жирондистер ірі капиталистердің мүддесін білдірді. Олар революцияның дамуы монархияның құлауымен тоқтатуға тиіс деп ойлаған баяу республикашылдар еді. Монтаньярлар, буржуазияның неғұрлым революцияшыл қанатының өкілдері, орташа және ұсақ капиталистердің, орташа шаруалардың мүддесін білдірді. Сөйтіп олар күрес барысында революцияны одан әрі дамытуға ұмтылған халықтың қалың тобының бастаушысы болып шықты. Буржуазияның орташа тобына ең жақынырақ тұрғандар «батпақ» болды, бұлар кейінірек монтаньярлармен уақытша одақта болып шықты.

Жиронда партиясының басты қайраткерлері мыналар еді: журналист Бриссо, мануфактура инспекторы Ролан, адвокат Верньо, ғалым Кондорсе. Монтаньярлар арасында Робеспьер, Марат, Дантон және «Конституция достарының қоғамынан» «Бостандық пен теңдік достарының қоғамы» болып



қайта құрылған якобиндер клубының басқа да қайраткерлері жетекші роль атқарды.

**Таулықтар** мен Жиронда арасындағы бірінші қақтығыс «департаменттік гвардия» дейтін мәселе бойынша болды. Мұны жирондистер Коммуна мен Якобиндерді қолдаған Париждің ұлттық гвардиясына қарсы күрес үшін Конвентті қорғау деген сылтаумен құрмақ болған еді. Кескілескен жарыссөзден кейін бұл ұсыныс қабылданбай қалды.

Тақтан тайдырылған Король тағдыры туралы мәселе күшті айтыс туғызды. Оны Конвенттің өзі соттады. Мемлекетке опасыздық жасады, Францияның жауларына қосылды деп айып тағылған 1793 жылы **21 январьда** Людовик XVI-шы өлім жазасына кесілді.

1793 жылы Франция өз аумағын азат еткеннен кейін басқа мемлекеттердің, оның ішінде Германия жеріне көз тікті. 1792-1793 жылдары революциялық соғыстар (себебі революцияны жақтау негізгі мәселе болды) деп аталса, кейіннен бұл басқыншылық соғыс деп аталды. 1793 жылы 31 мамыр - 02. шілдеде Парижде халық бұқарасы бастаған көтеріліс басталды. Конвенттен жирондистер қуылып, енді якобиншілер өкімет басына келеді. Революцияның екінші кезеңі 1792 жылы 10 шілдеден – 1793 жылдың 31 мамыр - 02 шілде аралығын қамтыды.

**Революцияның III кезеңі** – 1793 жылы 31 мамыр - 02 шілде күндері Парижде халық көтерілістері болды. Парламентте якобиншілер үстем болды. Якобиншілер кезеңі революцияның ең жоғарғы кезеңі болып табылады. Олардың билігі революциялық-демократиялық диктатура деп аталды. Осы кезеңдегі басты мәселе аграрлы мәселе еді. Сондықтан олар аграрлы мәселе жөнінде заң қабылдады.

Конвент 3 июньде жирондистердің тоқтатып тастаған эмигранттық жерлерін сатуға ұлықсат етті. Жерді сатып алу енді тәртібі едәуір өзгерді. Жерсіз және жері аз шаруалар «ұлттық мүліктер» қорынан бір арпан жерді жерлер сатып алды. Конвент заңы бойынша шаруаларға 10-жылға несие берілетін болды. Жерді ұсақ учаскелермен сататын болды. Жер мәселесі едәуір өзгеріп, әр шаруа жер сатып ала бастады.

10 июньде декрет шықты. Ол кезінде помещиктер тартып алған жерлерде помещиктер қайтарып берді. Қоғамдық жерді жеке бөліп алу немесе бірге пайдалану еркі шаруалардың өзіне берілді. Осыған байланысты еркіндіктің деревняда байлар мен кедейлер арасында кескілескен күрес жүрді.

17 маусымда Конвент ешқандай өтеусіз салықтарды жойды. Демек, шаруалар буржуазиялық революция басталғасын 4 жылдан кейін феодалдық қысымнан құтылды. Феодалдық тәртіптен буржуазияның көмегімен құтылғандықтан француз деревнясында буржуазияның салмағы артып кетті.

Якобиншілер жаңа конституция қабылдады. Франция республика болғандықтан жаңа конституция қажет болды. Конституция бойынша Франция демократиялық республика болды. 21-жасқа толған ерлерге сайлау құқы берілді. Конвент - қазір ұлттық жиналыс деп аталады. Конституция жеке меншік мүддесін жоғары көтеріп, оны қорғады. Басқыншыларға қарсы

шаралар қабылданылды. Бірақ бұл демократиялық конституция жүзеге аспай қалды.

Өз тұсында 1793 жылғы конституция сөзсіз прогрессивті, революциялық документ болып саналады. Алайда оның шегі болған еді. Ол жеке меншіктің мүддесін жоғары көтеріп, еңбекші бұқараны елеусіз тастады.

Интервенциямен кескілескен күрес кезінде қабылданған конституция «француз халқы өз территориясында отырған жаумен еш уақытта бітім жасамайды» деп мәлімдеді. Бұл мәлімдеменің іске асуында Конвенттің бір мүшесі күдік келтіргенде, Робеспьер орнынан тұрып: «Осы мәлімдемені жасаған халықта қаншама күш-қуат барын жұрттың бәрі білсін!» – дейді.

1793 жылғы конституция жүзеге аспай қалды. Францияға жан-жақтан төнген әскери қауіптің кесірінен Конвент жаңа сайлау ұйымдастыруды қажет деп таппады. Бір жылдан кейін якобиндер диктатурасы құлады.

Контрреволюциялық элементтер якобиндер диктатурасына азамат соғысымен жауап берді. Вандей мен Бретанидегі монархиялық бүліктердің аумағы кеңейе бастады. Парижден қашқан жирондықтар оңтүстікте бүлік шығарды. 83 департаменттің 60-ысын дерлік Конвентке қарсы көтеріліс жайлаған кез де болды. Тек жаудың шабуылынан қауіп төніп отырған орталық және шекаралық департаменттер ғана республика жағында қалды.

**13 июльде** Парижде Марат өлтірілді. «Халық досы» контрреволюцияшыл жаулардың қолынан қаза тапты. Мараттың өлімі халықтың ашу-ызасын туғызды. Жалынды шешен және публицист, бостандық үшін табанды күрескерді жерлеуге ондаған мың адам қатысты.

Монархистермен одақтасып әрекет жасаған жирондықтар айтарлықтай отрядтар ұйымдастыра алмады. Вандей мен Бретаниеден басқа провинциялардың халқы республика жауларына ешжерде айтарлықтай көмек көрсеткен жоқ. **25 августа** Конвент әскерлері Марсельді алды. **9 октябрьде** Лион берілді, мұның берілуіне қарулы шаруалар көмектесті. **13 декабрьде** Тулон құлады. Мұнда монархистерді ағылшын

1793 жылы **5 сентябрьде** ағылшындар Тулонды алды деген хабардың ертеңіне Парижде халықтың жаңа бас көтеруі болды. Контрреволюциямен күресу үшін және азық-түлік реквизициясын жүргізу үшін Конвент дәл сол күні «революцияшыл армия» отрядтарын құру туралы декрет қабылдады. 13 сентябрьде Конвент жері жоқ азаматтар үшін жер сатып алудың жеңілдетілген шарттарын бекітті. **29 сентябрьде** «Жалпыға ортақ максимум» туралы Заң жаңарды, яғни кеңінен тұтынылатын товарлар мен өнімдердің бәріне дерлік тұрақты баға қою туралы Заң жаңарды. 1 ноябрьде оның күші республиканың барлық жеріне таратылды. Нанға, етке, қантқа, сабынға және басқа кейбір өнімдерге карточка енгізілді. Нанмен жеке сауда жасауға тыйым салынды. Бұл декрет бойынша тек товар емес, сонымен бірге жұмысшылардың жалақасына да максимум енгізілді.

Максимум туралы Заңды бұзушылар революцияшыл трибуналдың сотына тартылып, қатал жазаға кесілді. Оның ішінде өлім жазасы да болды.

Якобин үкіметінің маңызды тірегі – жергілікті басқарудың сайланатын органдары – коммуналар болды. Үкіметтің екінші бір маңызды тірегі –

революциялық клубтар – «Халық қоғамдары» еді. Оның жалпы саны 3 мыңға жетті. Олар көбінесе Париждегі Якобиндер клубынан еді. «Халық қоғамдары» арасынан Якобин диктатурасының неғұрлым белсенді қайраткерлері шықты.

Конвент халық жауларына қарсы қатал декреттер шығарды. 1793 жылғы **7 сентябрьдегі** декретте жау басып алған жерде қандай бір болмасын жау қолымен қоғамдық немесе мемлекеттік қызметке тағайындалғандардың бәрі опасыз деп жарияланды. 17 сентябрьдегі «Сенімсіздер туралы» декретте саяси сенімсіз адамдарды бақылап, оларды сотқа тарту керек деп жазылды.

**3 октябрьде** Конвент қайта тазартылды, одан 136 жирондист пен оларға ниеттестер шығарылды. Олардың кейбіреуі тұтқынға алынды.

Революциялық трибунал халық жауларын, революциялық заңдылықты бұзушыларды аяусыз жазалап отырды.

Якобиндер сыртқы жауға қарсы қалай батыл күрессе, ішкі контрреволюцияға қарсы да солай батыл күресті. 1793 жылдың күзінде Франция жау армиялардың қоршауында қалды.

**23 августа** халық бұқарасының талап етуімен Конвент 500 мың жауынгерді жасақтады. Енді оларға киім-кешек, қару-жарақ керек еді. Қоғамдық құтқару комитеті қызметін жандандырып, елдің соғыс ресурстарын тез арада ұлғайтты. Ірі ғалымдар, инженерлер, химиктер елді қорғауға бар күш-жігерін жұмсады. Соғыс заводтары көбейді, оқ-дәрі шығару артты. Соғыс инженерлерін әзірлеу үшін политехникалық мектептер ашылды. Олар кейіннен Францияның ғылымы мен техникасын дамытуда ірі роль атқарды.

Сонымен 1794 жылдың басына қарай Францияда жақсы жабдықталған 600 мың армия болды. Ал одақта тек 400 мың армия болды. Оның үстіне француз әскерлерін талантты генералдар басқарды. Олар демократиялық топтардан шыққан еді. Оларға армия сеніп тапсырылды. Мұның нәтижесінде Франция жеңіп шықты.

### **Якобиншілер лагерінің ішіндегі фракцияның күресі**

Якобиндер, революцияшыл буржуазиялық демократтардың партиясы, өзінің құрамы жағынан болсын, көзқарастары жағынан болсын біртекті емес еді. Париж Коммунасының көрнекті қайраткерлері, солшыл якобиндер Шометт пен Эбер секцияларға – астананы революциялық жолмен басқарудың төменгі ұйымдарына жақын болды да – өздерінің кейбір талаптарында қала кедейлерінің мүддесін білдірді. Плебейлер бұқарасының ықпалымен Конвент 1793 жылы **сентябрьде** маңызды декреттер шығарды. Бұл декреттер революциялық диктатураны нығайтты. Бірақ та Робеспьер мен Сен-Жюст бастаған якобиндердің билеуші тобы ұсақ және орташа буржуазияның ауқатты топтарының мүддесін білдіріп, Шометт пен Эбердің фракциясына қырын қарады.

1793 жылғы күзден бастап якобиндер фракциясының арасындағы күрес шиеленісе түсті. Шометт пен Эбердің тобы революционерлерге халық жауларының жерін беруді талап етті, буржуазияның сауда-өнеркәсіп орындарын национализациялауды талап етті. Солшыл якобиндер бірқатар

саяси мәселелерде авантюризмге қарай ауып кетті. Мұндай авантюристік талаптардың біразы мынадай болды: барлық шіркеулерді тез арада жауып тастау, дінге сенушілердің бәрін тұтқындау, католик дінін атеистік дінмен ауыстыру.

Якобиндер лагерінің ішінде үш топ құрылды:

- 1) Робеспьер тобы – билеуші тобы
- 2) Солшыл якобиндер – Шамет, Эбер
- 3) Оңшыл якобиндер – Дантон, Камил, Демулен.

Әрине, дінбасылардың көпшілігі контрреволюциялық роль атқарды. Бірақ та Францияның сол кезде шаруалар елі болғанын ұмытпау керек. Оның халқының басым бөлігі шіркеулерді күштеп жабуға қарсы тұрған болар еді. Мұның өзі оның үстіне республикаға төнген қауіп-қатерді күшейте түскен болар еді.

Сыртқы саясат мәселелерінде де Робеспьердің және Шамет пен Эбердің арасында алауыздықтар болды. Шамет пен Эбер одаққа қарсы соғыс европаның барлық халықтары француз әскерлерінің көмегімен монархиялық тәртіптен азат болып, өздерінде республика орнатқанға дейін жүргізілуге тиіс деп есептеді.

Робеспьер болса, француз республикасы бүкіл Европаны күштеп, революцияландыру міндетін қоймауға тиіс деп есептеді. Ол Францияның мүддесі басқа сыртқы саясатты талап ететіндігін, атап айтқанда: антифранциялық одақтың ыдырауын және одақтың кейбір мүшелері мен сепараттық бітім жасауды талап ететіндігін дәлелдеді.

Якобиндердің оң қанатындағы Дантонды жақтаушылар тұрақты бағаны жою үшін, террорлық саясаттан бас тартуды, буржуазияның өнеркәсіптік және сауда қызметіне толық бостандық беруді, эмигранттарға кешірім жасауды талап етті, яғни оңшыл якобиндер жаңа байлардың; сатып алушылардың, сатушылардың, алып-сатарлардың жаршысы болды. Бұл топтың кейбір өкілдері батыл революциялық шараларды бетке ұстап, ұрлықпен, алып-сатарлықпен, жеке басын байытумен айналысты, қазына ақшасын иемденді.

Сыртқы саясат мәселесінде бұл топ революцияшыл Францияның қас дұшпаны Англиямен бейбіт келісім жасауға ұмтылды. Сондықтан да кейінірек Дантонистердің бұл тобының контрреволюциялық төңкерістің басты қайраткерлері болып шығуы таңданарлық емес.

Бұл екі топтың екеуі де өзара кескілескен күрес жүргізді. Екеуі де Робеспьер бастаған революцияшыл диктатураны өзгертуге тырысты. Робеспьердің революцияшыл өкіметіне қарсы бұл күрес осы екі топты біріктірді.

1794 жылы **мартта** Эбер мен оның жақтастары Робеспьер басшылығына қарсы көтеріліс ұйымдастыруға тырысты. Бірақ халық бұқарасы Эбертистерді қолдамады. Сөйтіп 1794 жылы **24 мартта** Эбер өлім жазасына кесілді.

Эбертистердің талқандалуы Дантонды жақтаушылардың рухын көтерді. Олар революциялық тәртіпке қарсы шабуылын күшейте түсті.

Эбертистерді өлім жазасына кескеннен кейін 6 күн өткен соң Комитет Дантонды, Камил Демуленді тұтқындауға қаулы алды. 5 апрельде олар өлім жазасына тартылды.

Дантонистерді жазалағаннан кейін бірнеше күн өткен соң Революцияшыл трибуналда Шаметті соттау процесі басталды. Шаметт эбертистердің революцияшыл диктатураға қарсы күресін жақтамаса да, ол өзі бұған қатыспаса да ол өлім жазасына кесілді.

Шаметті өлтіру және басқа солшыл якобиндерді тұтқынға алу буржуазиялық революционер ретіндегі Робеспьердің екі жақтылығын айқын көрсетіп берді. Ол бір қолымен революция жауларына қарсы күрессе, екінші қолымен оның достары мен қорғаушыларын жазалады.

Шаметке тиген соққы революцияның күшін әлсіретті, якобиндер диктатурасынан плебей топтарының басым бөлегін алшақтатып жіберді. Сонымен бірге Робеспьер мен оның жақтастары бұл екі топты түгел талқандай алған жоқ. Көрнекті эбертистер, көтеріліске тікелей қатысқандар жазадан құтылып кетіп, өздерінің саяси ықпалын сақтап қалды. Дантонның жақын достары мен пікірлестері Тальян, Тюрье Конвентте ірі саяси роль атқара берді.

Якобиндердің күші – олардың халық бұқарасына сүйеніп, қала мен деревня плебейлерімен одақ құрғандығында болды. Бірақ та эбертистерді жазалау және Робеспьердің 1794 жылдың жазы мен көктемінде әлеуметтік-экономикалық саясаты еңбекшілердің қалың тобының наразылығын тудырды.

Атап айтқанда 1794 жылдың көктемінен бастап Робеспьер үкіметі жұмысшылардың жалақысына байланысты максимум саясатын бұрынғыдан да қатал түрде жүргізе бастады.

Париж Коммунасы қаулы қабылдады. Мұнда бұрынғыға қарағанда жұмысшыларға төменгі тариф жалақысы белгіленді. Мысалы, ағаш ұстасының жалақысы күніне 8 ливрден 3 ливрге дейін азайтылды. Басқа жұмысшылардың да жалақысы кеміді. Бұл қаулының жұмысшыларға ұнамағаны өзінен өзі түсінікті.

Робеспьер кедей шаруалардың арыздарына, петицияларына құлақ аспады. Керісінше ауыл шаруашылығының қызметкерлерін егіс жұмыстарына пайдаланамын деп олар деревнядағы одақтастарынан біржолата айрылды.

Орта шаруалар якобиндер диктатурасына тіпті дұшпан көзбен қарай бастады. Әсіресе семья қорын жою туралы заң шыққаннан кейін және 1794 жылғы астықтың бәрін конфискациялау туралы декрет шыққаннан кейін олардың контрреволюциялық пиғылы күшейді.

Ел ішіндегі жағдай шиеленіскенімен майдандағы жағдай жақсарған еді. Майдандағы тамаша жеңістер жаудың жаңа шабуыл жасау қаупінен және революцияға дейінгі тәртіптердің қайта орнау қаупінен құтқарды. Осының бәрі якобиндер тәртібін ірі буржуазияның алдында керексіз етті.

1794 жылы якобиншілерге қарсы (ірі буржуазия) мемлекеттік төңкеріс жасалды. Якобиншілер мәдени салада шіркеуді мемлекеттен бөлді, жаңа

күнтізбе енгізді, осы күнтізбе бойынша 1792 жылы республика қабылданған жыл бірінші жыл деп саналады. Якобиншілерге қарсы күрес осы шілде (термидор ыстық деген мағына) айында болғандықтан оны термидорьяндық деп атады. Буржуазия өкілдері 1794 жылы 27 шілдеде якобиншілерді талқандап, жойды. Осымен революция аяқталды. Революция нәтижесінде: феодалдық қатынастар толығымен жойылды.

Француз буржуазиялық революциясының тарихи маңызы мынада: буржуазия феодалдық тәртіптерді жойды, өкімет басына буржуазия келді, цехтық, сословиелік құрылыс жойылды. Бұл тарихта буржуазияның дворяндарды толық жеңуімен аяқталған революция болды. Естеріңізде болар, XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы буржуазия мен жаңа дворяндардың келісімімен аяқталған еді.

**Термидордан брюмерге қарай.** 1794 жылы якобиншілерге қарсы мемлекеттік төңкеріс жасайды. Якобиншілер мәдени салаларда шіркеуді мемлекеттен бөлді, көптеген училищелер ашты, жаңа күнтізбені енгізді. Ірі буржуазия өзінің экономикалық және әлеуметтік үстемдігін орнатқысы келді және төменгі бұқара халыққа жасауға мәжбүр болған жеңілдіктерін жоюды және олардың заң шығару және басқарудағы ықпалын біржолата жоюға тырысты. Демократиялық күштер қарсылық көрсетті, бірақта олар жеңіске жете алмады. Революциядан кейін (9 термидор күні) Конвент сақталып қалды. Конвентте жаңа буржуазия өкілдері үстемдік етті. Конвентке жирондистердің 73 депутаты қайтып келді. 1794 жылы қараша айында Якобиншілер клубы жабылды. Термидорияндықтар якобиншілердің мемлекеттің экономикаға араласу шараларын өзгертті, бағдарламаларын жойды. Нәтижесінде елде қымбатшылық, инфляция, азық-түлікпен қамтамасыз етуде тоқырауға әкелді. Жағдайы ауыр бұқара халық (1795 ж 1 04) 12 жерминал күні парламентке басып кіріп, астық беруді, 1793 жылғы конституцияны қайта енгізуді, тұтқынға алынғандарды босатуды талап етті. Мұны жерминаля көтерілісі деп аталды. Бірақ бұл ереуіл басылып тасталды. Бұдан кейін 1 прериалда (20 мамыр) ұйымдасқан түрдегі көтеріліс болды. Оларда 1793 жылғы конституцияны, азық-түлік беруді талап етті. Көтерілісшілер уақытша Конвентті басып алды. Көтеріліс 2 прериалға дейін жалғасты. Термидорияндықтар Парижге әскер кіргізіп, көтерілісті басты. Бұл прериал көтерілісі деп аталды. Сонымен қатар роялистерге де қарсы күресіп жатты. Франция коалиция әскерлерін жеңе бастады. Соғыс енді қарсыластарының аумағына өтті. 1795 жылы 5 сәуірде Пруссия Франциямен оңаша Базель бітіміне қол қояды. Бітім бойынша Рейннің солтүстік жағалауындағы неміс жерлері Францияға өтті. 1795 жылы шілдеде Франция Испаниямен бітімге қол қояды. 1795 қазанда Францияға Бельгия қайта қосылды. 1795 жылы тамызда термидорияндық Конвент якобиншілердің конституциясының орнына Францияның жаңа конституциясын жасайды. Конституция бойынша республика сақталды, бұл конституция бойынша парламент (Заң шығару корпусы) 2 палаталы болды. Төменгі палата (Бесжүздік кеңес заң шығару) және 40 жастан кем емес 250 мүшеден тұратын ақсақалдар кеңесі - заңды бекітеді). Атқару билігі Заң шығарушы корпус

сайлаған 5 адамнан тұратын Директорияға берілді. Конституция эмигранттық иеліктерді кәмпескелеуді бекітті, ұлттық мүлікті сатып алғандардың меншігіне кепілдік берді.

1795 жылы 25 қазан айында III–жылғы конституцияға сай құрылған мекемелерге билігін берген Конвент таратылды. Жаңа “термидориандық” буржуазия елде үстемдігін орнатты. Бесжүздік кеңес пен ақсақалдар кеңесінің 2/3 бөлігін бұрынғы термидориандық Конвенттың мүшелері құрады. Директория кезінде бай адамдардың финанстық айла-тәсілдері, ұлттық мүліктерді сатып алу, қайта сату, бір сөзбен айтқанда сауда-саттық жақсы дамыды. 1796-1797-жылдары реформалар баюдың қайнар көзі болды. Осындай жағдайларға байланысты қозғалыс болды, оны тарихта “Тепетендік үшін астыртын әрекет” деген атпен белгілі. Оның басшысы “Халық қайраткері” демократиялық газетін шығарушы Гракх Бабеф (1760-1797) болды. Мамандығы бойынша жер өлшеуші және заңгер. 1796 жылы мамыр айында Бабеф тұтқындалып, 1797 жылы 27 мамыр айында өлтірілді.

Термидориандық буржуазияға енді жаңа жерлер қажет болды. Франция енді сыртқы саясатында басқыншылық соғыстар жүргізе бастайды. Революциялық соғыстар басқыншылық соғыстарға айнала бастады. Наполеон Бонапарт Альпі таулары арқылы өтіп, Италияға қарсы жорығын бастады. Монтенотте (12.04), Миллесиме, Мондовииде (21.04) Лоди қаласының маңындағы көпірдегі (10.05) шайқастардан кейін, француз әскері 15 мамырда 1796 жылы Миланға кірді. 1797 жылы 17 қазанда Кампо-Формиода Австрия Франциямен бейбіт бітімге қол қояды, онда Бельгия мен Рейннің солтүстік жағалауы Францияға қосылды. Бұл Компоформ бейбіт бітімі Францияға қарсы құрылған I-ші коалицияның (Австрия мен Пруссия) ыдырауына әкелді. Францияның жеңу себептері: армиясы тұрақты болды; жергілікті халықтар помещиктердің езгісінде болғандықтан, Франция әскеріне өздері көмектесті; Еуропа мемлекеттері қаншама коалиция құрсада, олардың өзара қайшылықтарын Франция пайдаланып отырды.

Тек Англия ғана теңізде соғысын тоқтатпады. Директория өкіметі Мысырға әскери жорық ұйымдастырды. Бұл кездері Мысыр Осман империясының қол астында болатын. Директорияның мақсаты Англияға соққы беру еді. Өйткені, Мысыр Англия мемлекеті үшін Үндістанға шығатын бірден-бір жол еді, сондықтан осы жолды жабу. 1798 жылы мамыр айында 38000 солдат пен офицерлерді алып Мысырға аттанды. Мысыр кавалериясын жеңе отырып, Бонапарт өз әскерін Сирияға қарай беттетті. Бірақ Сирияға жорығы сәтсіз болды, армиясының 1/3 бөлігінен айырылған Наполеон Египетке қайтты. Француздардың Еуропаға және Қиыр Шығыстағы жорығы 1798 жылы Францияға қарсы жаңа екінші коалицияның құрылуына әкелді.

**“Ауытқу саясаты” 18 брюмердің мемлекеттік төңкерісі.** 4 жыл Директория басқаруында болған Франция бірқатар экономикалық дағдарысқа ұшырады. Өнеркәсіп өндірісі 1789 жылмен салыстырғанда төмендеп кетті. Экспорт жартылай төмендеді. Директория құрылысының саяси тұрақсыздығы да халық наразылығын тудырмай қоймады. Кейбір

якобиншілердің қалдықтары жаңара бастады. Осындай қиын сәтте буржуазия халық бұқарасының күресін басып тастайтын қуатты мемлекетті күтті. Наполеон өзіне шаруалар күресін пайдаланды және шаруалар да Наполеонға сенді. 1799 жылы 9 қарашада (18 брюмер) ҮІІІ жыл Наполеон Бонапарт әскердің күшімен Директория тәртібін жойған мемлекеттік төңкеріс жасады. 18 брюмер күні заң шығарушы 2 палатаның Бесжүздік кеңес пен ақсақалдар кеңесіне қарсы астыртын әрекет жасалынып жатқанын білген мүшелері Сен-Клуге мәжіліске жиналды. Бұған 4000 солдатымен Наполеон Бонапартта келді, ол мәжіліске қатыспақшы болды. Мәжіліске төрағалық еткен оның ағасы Люсьен еді. Бонапарт мәжіліске кірген кезде оны депутаттар ұнатпай қарсы алғандықтан, оны залдан шығарып жіберді. Жеңіліс тапқан Бонапарт депутаттар жиналысын тарату үшін әскер күшін пайдаланды. Мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде директорияны қуып шықты.

Төңкерістен кейін бір айдан соң (1799 24.12) Наполеон конституция қабылдады. Жаңа конституция бойынша атқару билік 10-жылға сайланатын үш консулдың қолына өтті. Біріншісі Наполеон Бонапарт болды. Ол министр, чиновниктерді, елшілерді тағайындап, армияға басшылық ететін. 2-3-консулдар тек кеңесші ретінде болды. Төңкеріс нәтижесінде француз революциясы аяқталды, ол тек ауқатты буржуазия үлесіне тиді. Роялистер мен радикалды республикашылар саяси өмірден алшақтатылды. Қуатты банкирлер мен ірі помещиктер Наполеонның күшін байқағандықтан, оған өздерінің көмектерін ұсынды. Консульдық конституцияны жасаған аббат Эмманю-эль Жозеф Сьейес бірінші консулға көптеген өкілдік берген. Екі консулдың және Мемлекеттік кеңестің көмегімен ол барлық офицерлерді, қызметшілерді, соттарды, сенат мүшелерін тағайындады. Демократиялық топтар осыдан кейін талқандалған болатын. Енді елде әскери диктатура орнай бастады. Мемлекеттік басқару және білім жүйесін басқару бір орталықтандырылды. Наполеон диктатурасының тірегі: әскер, полиция, шіркеу болды. Ол жергілікті қалыптасқан органдарды жойып, әрбір департамент басына префект қойды. Префекті өкімет тағайындады, оның және полиция билігі де шексіз болды. Францияда құпия тыңшылар көбейді.

Бүкіл Еуропа елдерінің өздерінде де Наполеон агенттіктері көбейді. Қатаң цензура енгізілді. Рим папасы Наполеон билігін мойындады, Франция Рим шіркеуіне көп қаржы төлеп отырды. Осы арқылы дін басылары арасында да Наполеонды қолдау болды. Эмигрант дворяндарға рақымшылық беріліп, олардың Францияға қайтуына рұқсат берілді. Наполеон өнеркәсіптің дамуына үлкен ықпал жасады. Ұлттық өнеркәсіпті қолдап отыратын қоғам құрылды. Өнеркәсіп иелері Наполеонға ірі қарыз беріп отырды. Ұлттық шеберханалар ашыла бастады.

1804 жылы Наполеон өзінің азаматтық кодексін жариялады. Өзінің шығарған заңын осы кодексте жинақтады. Қылмыстық кодекс жасады, оның мақсаты: буржуазияның өз меншігін пайдалануына жағдай жасау болды. Қылмыстық кодексте Наполеон жұмысшыларға қарсы заң бекітті. Ереуіл жасаушылар аяусыз жазаланды. Қожайын әрбір жұмысшыға мінездеме беретін болды. Осындай мінездемесіз жұмысшы жұмысқа алынбайды.



Қожайындарға мұндай құқық жұмыс жалақасын төмендету үшін өте пайдалы еді. Наполеон Сауда кодексін де жасады. Наполеон Англияға қарсы соғыс жүргізіп жатқан кезде Наполеонға қарсы роялистер көтеріліске шығады. Роялистердің мақсаты Наполеонды тақтан түсіру, консульдардың орнына мирасқорлық монархияны орнатуды талап етті. Наполеон тез мерзімде Парижге келіп, роялистерді басып тастады. 1804 жылы ол өзін императормын деп жариялады.

Жалпы бұл төңкеріс XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы француз буржуазиялық-демократиялық революциясын аяқтады. Бұл революция елдегі феодалдық-абсолюттік құрылысты жойып, жаңа қоғамдық тәртіптердің, буржуазиялық қоғамның қалыптасуына және Францияның капиталистік дамуына жол ашты.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Франциядағы ағарту қозғалысы қай бағытта дамыды?
2. 1789 ж. 5 мамырда корольдің Бас штаттарды шақыру себебі неде?
3. 1789 ж. адам құқықтарына қатысты қабылданған құжаттың маңыздылығы неде?
4. 1792 ж. күздегі Франция республика деп жариялануының мәні қандай?
5. Н.Бонапарт әскердің күшімен неге Директория тәртібін жойды?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Француз буржуазиялық революциясы: негізгі кезеңдері және даму жолдары.

## **5-ТАҚЫРЫП. XVIII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ФРАНЦИЯНЫҢ БАСҚЫНШЫЛЫҚ СОҒЫСТАРЫ ЖӘНЕ ВЕНА КОНГРЕСІ**

Консулдық және I империя жылдарында наполеондық Франция Еуропаның мемлекеттерімен толассыз қантөгіс соғыстарын жүргізді. Наполеонның әскери диктатурасының орнауымен буржуазиялық Францияның Еуропаның феодалдық-монархиялық мемлекеттерімен жүргізген соғыстарының сипаты да өзгерді. Францияның ұлт-азаттық соғыстары енді басқыншылық, контрреволюциялық соғысқа айналды. Еуропаның басып алынған елдерінде және Францияға тәуелді мемлекеттерінде Наполеон оларды француз тауарлары үшін тұтынушы нарығына және Франция өнеркәсібі үшін оларды шикізат көзіне айналдырды. Тәуелсіз мемлекеттерде француз буржуазиясының мүддесін орындау мақсатында өздерінің экономикалық дамуы тежелді. Себебі тиімсіз сауда келісімдерін жасау және күштеп француз тауарларына монополиялық бағалардың қойылуы сөзсіз өзінің кері әсерін тигізді.

Наполеон соғыстарының басты мақсаты Францияның Еуропада әскери-саяси және сауда-өнеркәсіптерін иелену еді. Әскери жетістіктер бұдан да басқа жаңа жоспарларға ұмтылдырды, яғни Францияның еуропалық және дүниежүзілік үстемдігін орнату. Антифранцуздық коалицияға кірген Англия, Ресей, Австрия, Пруссия мемлекеттері тек Францияның үстемдігін орнатуына қарсы шыққан жоқ, сонымен бірге олардың өздерінің агрессиялық мақсаттары болды. Бұл мемлекеттердің арасында біршама қайшылықтар да болды. Ресей мен Австрия Балкандағы иелікке ұмтылса, Австрия мен Пруссия герман жерлерінде үстемдікке ұмтылды. Ал Наполеон Бонапарт болса мұндай мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды өте тиімді пайдалана алды. Халықаралық қатынастардың ортасында басты назар екі капиталистік мемлекеттердің Англия мен Францияның экономикалық және саяси бақталастығында болды.

1800 жылы француз буржуазиясына қарсы құрылған феодалдық еуропалық мемлекеттердің II-ші коалициясы сыртқы қайшылықтардан ыдырады. Наполеон диктатурасының бекінуіне оның жеңістері көп көмектесті. Бірінші консул болысымен - ақ ол Францияның барлық күш — қуатын басқыншыларға қарсы жұмылдырды. 1800 жылы 14 маусымда Наполеон армиясын Альпі тауларының биік асуларынан алып өтіп,

Солтүстік Италиядағы Маренго деген жерде Австрияның үлкен армиясын жеңген еді. Ресей соғыстан шықты. Австрия да соғыстан шығып, бітімге келісті. 1801 жылы Ресеймен және Австриямен бейбіт бітім жасалды. Бітім бойынша Австрия Рейннің солтүстік жағалауын және Бельгияда Францияның үстемдігін мойындады. Австрия мен Ресей француз өкіметінің Италияда жүргізген ұстанымын мойындады.

Францияның билігі Италияның барлық аумағына, герман мемлекеттерінің бөлігіне, Бельгия, Голландияға тарады.

1802 жылы Амьенде Англиямен бейбіт бітім жасасты, бірақ бұл бітім әлсіз болды. Өйткені Англия Франциямен сауда келісімін жасаспақшы болды. Оның негізінде күшті ағылшын буржуазиясы үшін тиімді «еркін сауда» ұстанымы жатты, бірақ Наполеон келіспеді. Осы кезде ол жаңа басқыншылық соғыстарының жоспарларын жасады, яғни тек Англияның әскери күшін талқандап қана қоймай, оның отарларын жаулап алып, оны еуропалық нарықтан ығыстырып, Еуропадағы саяси беделінен айыру еді.

Англия мен Франция арасындағы әскери қимылдар 1803 жылы қалыптаса бастады. Ағылшын жағалауларына Наполеон өз десанттарын дайындай бастады. Наполеонның басқыншылық саясаты Ресейге де қауіп төндірді. 1805 жылы Наполеондық Францияға қарсы 3-одақ құрылды. Оған Англия, Ресей, Австрия және Неаполитан княздігі кірді. 3-одақпен басталған соғыс Франция үшін сәтсіз болды. 1805 жылы 21 қазанда Трафальгар мүйісінің жанындағы шайқаста адмирал Нельсон басқарған ағылшын флоты франко-испан флотын қиратты. Англия осыдан кейін Наполеон үшін тіс батпайтын елге айналды.

Алайда құрлықта Наполеон 1805 жылы желтоқсанда Аустерлиц түбінде Австрия мен Ресей империяларының біріккен армиясын асқан шеберлікпен жеңіп шықты. Наполеон сол жеңісті мақтан етіп, одан кейінгі сәтті шайқастарын бастарда, «Міне тағы да Аустерлиц таңы атып келеді» дейтін еді. Австрия мен Франция арасында бітімге қол қойылды. Осы бітім бойынша Австрия Наполеонды Италия королі деп мойындады, контрибуция төледі. Австрия Наполеонға Венеция, Истрия, Далмацияны берді. Неаполитан тағына Наполеон өзінің бауыры Жозефті отырғызды. Басқа бауыры – Людовик 1806 жылы вассалды Голландияның королі болды. Француз үкіметі өзінің позициясын Оңтүстік және Батыс Германияда күшейтті. 1806 жылы 16 герман мемлекеттерінде Рейн одағы құрылып, Наполеон Бонапарттың протекторатында болды. 1806 жылы Наполеон қуатты империя құрды, оның билігі Рейннің батысында ғана емес, Рейн мен Эльба өзендерінің арасында, Италия толығымен бағынды, енді ол Балканға кіруді көздеді.

Австрия талқандалғаннан кейін 1806 жылы Ресей, Англия, Пруссия, Швеция Наполеонға қарсы 4-одақты құрды. Бұған дейін Пруссия бірде-бір одаққа кірмеген болатын, енді Австрияның әскери жеңілісін пайдаланып, өзінің үстемдігін Германияның солтүстігінде орнатпақшы болды. Йена және Ауэрштедт жерлерінде болған шайқаста Пруссия тағдыры шешілді. Наполеон Пруссияны жеңіп, бір ай ішінде бүкіл елді басып алды. 1806 жылы 21 қарашада Берлинде Наполеон «континенттік блокада» туралы декретке қол қойды. Барлық Францияға тәуелді елдерге Англиямен сауда жасауға тыйым салынды. Декретті бұзушылар қатаң жазаланды. Бонапарт Англияны блокадамен тұншықтырмақшы болды, яғни Англияның экономикалық қуаттылығын қиратуды көздеді. Бірақ бұл бос қиял еді. Бұл блокада қайта еуропалық елдердің экономикасы үшін ауыр болды. Француз

өнеркәсібі ағылшын өнеркәсібінің арзан және жоғары сапалы тауарларын ауыстыра алмады, тіпті француз өнеркәсібінің өзі ағылшын өнеркәсібінің бұйымдары мен шикізатынсыз дамуының мүмкін еместігін көрсетті.

1806 жылы Пруссияның жеңілуімен, Наполеон одақтастарды толық жеңген жоқ болатын. Ресей соғысты жалғастыра берді. 1807 жылы Шығыс Пруссиядағы Прейсиш - Эйлау және Фридланд қалалары түбіндегі шайқастарда Наполеон Ресей армияларына екі дүркін соққы берді. 1807 жылы 7 шілдеде Франция мен Ресей өзара Тильзит бітіміне қол қойып, одақ құрды. Александр I Англиядан қол үзіп, Францияның басып алған жерлерін мойындады. Ресей болса Түркия мен Швецияға қарсы еркін қимылдар жасай алатын болды. Осы жерде бір мезгілде франко-прусс бейбіт бітіміне де қол қойылды.

Тильзит бітімі бойынша Наполеон Пруссия княздігін біржолата жойып, орнына Францияға тәуелді бірнеше мемлекеттер құрмақшы болды. Ресей бұған келіспеді, ал Наполеон оған Польша жерлерін беруді ұсынды. Пруссия княздігі сақталды, бірақ азайтылған түрде. Оның аумағынан Вестфаль княздігі құрылды (ол Наполеонның бауыры Жеромға берілді). Пруссия континенталды блокадаға қосылды. Еуропадағы жаңа күштердің ара салмағы қалыптасты. Келісім бойынша Еуропада екі қуатты державаның үстемдігі қарастырылды. Тильзит бітімі әлсіз болды. Наполеон Еуропада үстемдік орната алмағандығымен келісе алмады, орыс өкіметі Франция тарапынан ылғи да әскери қауіпсіздікті сезсе де, Еуропадағы өзінің ықпалының әлсірегендігімен келіспеді. Сондай-ақ континенталды блокада Ресей империясының экономикасына қатты соққы болды.

1807 жылы Наполеон әскері Португалияны басып алды. 1808 жылы Испанияны жаулады. Бірақта француз басқыншыларына қарсы бүкіл Испания халқы көтерілді. Ұлт-азаттық көтерілістер бүкіл түбекті қамтыды.

1800-1807 жылдардағы Наполеон соғыстары Францияның революциялық соғыстарының жалғасы болып табылады. Олар еуропалық коалициялар шапқыншылығынан қорғану соғыстары деп атауға болатын еді. Бұл кездегі Наполеон армиясының жорықтарын Еуропа халықтары революциялық феодализмге қарсы жорықтар деп түсінді. Италия мен Германияда, тағы басқа елдерде феодалдық тәртіп жойылып, буржуазиялық қатынастарға жол ашылды, Наполеон кодекстері енгізілді. Бұл жетістіктер кездейсоқ емес, оның алғышарттарын революция жасаған болатын. Француз армиясы бас бостандығы мен меншігі үшін күресетін ерікті шаруалардан тұратын. Ал оларға қарсы армиялардың көпшілігінде басыбайлы шаруалар солдат болды.

Революция жаңа соғыс стратегиясы мен тактикасын тудырса, Наполеон оны жетілдірді. Бұрынғы әлсіз әскери шептердің орнына Наполеон шебер қимылдайтын икемді, атқыштар жасағын енгізген болатын. Шайқаста атты әскер мен артиллерия, жаяу әскер қимылдарын үйлестіре қолдану ісін жоғары шеберлікке көтерді. Шабуыл мен қорғануды, әдіс-тәсілдер мен барлау жүргізуді соғыспен шебер үйлестірді. Солдаттарды көсемдердің жеңіске деген сенімділігі жігерлендіре түсті. Алайда біртіндеп

Наполеон соғыстары мен империя саясаты жауынгершілік, тонаушылық сипат ала бастады. 1808 жылы Наполеон Испанияны өзіне бағындыруды ойлады. Испан королі IV Карлды және оның мұрагерлерін алдап тұтынға түсіріп, оның орнына өз ағасы Жозеф Бонапартты отырғызды. Испан халқы Жозефке бас игісі келмеді. Басқыншыларға қарсы ұлт - азаттық көтеріліс басталды.

Сарагоса қаласының халқы екі айдай берілмеді. Әр көше, әр үй бекініске айналды. Сарагоса түбінде француздар 15 мың солдатын жоғалтып, қала халқының жартысынан астамы қаза тапқан соң ғана, басып ала алды.

Испан халқының ұлт-азаттық көтерілісі Еуропаның француз басқыншыларының езгісіне ұшырыған басқа да халықтарының бас көтеруіне түрткі болды. Осы кезден бастап Наполеонның соғыстары революциялық, антифеодалдық сипатынан айрылыш, әділетсіз, жаулап алу соғысына айналды. 1809 жылы Англия 5-одақты құрды. Оған Австрия ғана кіреді. 1809 жылы Наполеонның қиын жағдайын пайдаланған Австрия тағы да соғыс бастады. 1809 жылы шілдеде Ваграм түбіндегі соғыста Наполеон тағы да жеңіске жетіп, Вена қаласын алды. Австрия империясы континенталды блокадаға қосылды. 1809 жылы қазанда Шенбрунн бейбіт бітіміне қол қойылады. Австрияның барлық жерлері Наполеонға қосылды.

Англияны оқшауландыру мақсатын сылтау қылған Наполеон Бонапарт Папа аймағын, Голландияны, бүкіл солтүстік теңіз жағалауын басып алып, Еуропаның картасын өз еркіне орай қайта пішті. Голландия, Неаполь, кейбір германдық мемлекеттердің тағына өз туыстарын, кейбір қолбасшыларын отырғызды. Бұл кезде империя өз қуаттының шыңына жеткен сияқты еді. 1811 жылы Француз империясында 71 млн адам болды. Сонымен бірге тап осы уақыттан бастап оның ішкі әлсіреуінің белгілері байқала бастады. 1811 жылы экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық байқалды. Ел өнеркәсібінің тоқырауы, шикізат пен өнім сату нарығының жетіспеушілігі сезілді. Континенталды блокададан Англиядан гөрі Францияның өзі көбірек зардап шекті. Еуропаның ірі порттарындағы сауда тоқтап қалды. Франция халқы, сол сияқты буржуазия да ұзаққа созылған соғыстардан мезі болды. Бүкіл континентте Наполеон империясының саясатына наразылық өте түсті. Тек Ресей ғана дербестігін сақтап Англиямен саудасын жалғастырды, сөйтіп күш қуатын арттыра берді. Ресей тұрғанда Наполеонның Еуропаны толық билей алмайтындығы түсінікті болды.

Табыс пен билік басын айландырған Наполеон 1812 жылы 24 маусымда Ресей жеріне жорыққа шықты. Орыс армиялары 600 шақырымдық майданға созылған үш бөлімнен тұратын. Генерал М. Барклай де Толли басқарған бірінші армия Ковно-Вильно қалалары тұсында болса, П.И Багратионның екінші армиясы Неман және Буг өзендерінің аралығында тұрды, ал үшінші, генерал А.П Тормасовтың армиясы Киев бағытын қорғады. Орыс әскеріндегі 200 мыңдай қол осылай үшке бөлінсе,

Наполеонның қарамағындағы 600 мыңдық үлкен армия соғысты жылдам қимыл, үлкен шайқаста шешуге ұмтылды. Орыс армиялары ондай шайқастан бас тартып, қоршауға түспей, кері шегіне берді. Ақыры Багратионның әскери шеберлігінің арқасында бірінші және екінші армиялар Смоленск түбінде қосылды. Осы арадағы қақтығысудан кейін қоршауға қалу қаупі төнгендіктен Барклай де - Толли тағы да шегінуге бұйрық берді. Смоленскі алу Наполеонның үлкен жеңісі болды. Мәскеуге жол ашылды.

Соғыс басталған екі айдан бері орыс армиясының шегіне беруі саяси басшылықты да, генералдарды да, халықты да толқытты. Барклай де - Толлидің тегі шетелдік болғандықтан опасыздық жасауы мүмкін деген лақап таралды. Ақыры Александр I армия басшылығына Суворовтың шәкірті, үзеңгілесі М.И Кутузовты тағайындады. Жаудың күші әлі де басым болғандықтан Кутузов та шегінуді жалғастырды. Ақыры, Мәскеуге 110 шақырым қалғанда, Бородино ауылының тұсында ол соғыстың оданарғы барысын айқындауға тиісті шайқас ұйымдастыруға шешім қабылдады. Бородино шайқасы 1812 жылы 26 тамызда таңғы сағат бесте басталды. 130 мың орыс армиясына 120 мың француздар шабуыл жасады. Багратион армиясы 6 сағат бойы Наполеонның атақты қолбасшылары Даву, Ней, Мюраттардың жеті шабуылына төтеп берді. Сегізінші шабуылда Багратион ауыр жараланған еді (кейін қаза болды). Сол сәтте басшылықты қолға алған генерал Дохтуров болды. Шайқастың тағы бір шешуші кезеңі Раевский батареялары үшін өткен ұрыс болды. Үлкен шығын, қантөгіспен француздар бұл бекіністі алған еді. Алайда селдіреп қалған жау енді шабуыл жасауға дәрменсіз еді, сондықтан Наполеон өз армиясына шегінуге бұйрық берді. Сол күні кешке қарай қансыраған екі армия шайқасты тоқтатты. Оның нәтижесінде Наполеон шешуші жеңіске жете алмады, оның армиясы үлкен шығынға ұшырады, 30 мың әскерінен, соның ішінде 49 генералынан айрылды. Орыс армиясы 44,5 мың адамнан айрылды. Кейін өз естелігінде Наполеон Бородино шайқасына мынандай баға берді: «Менің шайқастарымның ішінде Мәскеу түбіндегі ең қатты қантөгісті болды. Француздар ол шайқаста жеңіске жете алатындығын көрсетсе, орыстар жеңіс бермейтіндігін байқатты». «Бұл күн, - деп жазды М.Кутузов, - орыс сарбаздарының қайтпас қайраттылығы мен ерлігінің мәңгілік ескерткіші бола алады. Олардың әрқайсысы жауға берілмей сол арада өлуге дайын болды».

Соғыстың ертеңгі күні орыс армиясы ұйымдасқан түрде қырғын даласынан шығысқа қарай шегінді. 1 қыркүйек күні Фили кыстағында М.Кутузов әскери кеңес өткізіп, жаңа шайқас өткіземіз бе, әлде Мәскеуді жауға береміз бе деген мәселені талқылауға ұсынды. Әрқилы пікірлер айтылса да, М.Кутузов Мәскеуді жауға беріп, шегінуге шешім қабылдады. «Мәскеуді жоғалтқанмен Ресей орнында қалады. Егер біз армиядан айырылсақ, онда Мәскеу де, Ресей де құлдырайды» - деді ол. 2 қыркүйекте Наполеон Мәскеуді алды. Француздар қалаға кірісімен онда

өрт басталды. Өрттің күштілігі соншалықты, күн мен түннің айырмасы болмады. Жеті күннің ішінде Мәскеу ғимараттарын өрт алды. Француз солдаттары өртпен араласып, қарақшыларды ұстаумен әуре — сараң болып, әскери тәртіптен айрыла бастады. Наполеон үшін бұл кезең жаман түс сияқты көрінді. Мәскеуде отырып, Александр патшаның елшілерін 35 күн күткен ол, ақыры бас иген орыс үкіметін көре алмай, кері қайтуға бұйрық берді. Міне сол кезде Ресей армиясы Тарутино мен Малоярославль түбінде оңтүстікке қарай беттеген француздарға тойтарыс беріп, оларды өткен шайқас барысында қирай талқандалған Смоленск бағытында шегінуге мәжбүр етті.

Орыстардың шабуылынан күн сайын жүздеп, мыңдап қырылған, аштық пен аяздан зардап шеккен Наполеонның ұлы армиясы соңғы соққыны шекарадағы Березина өзенінен өткенде алды.

Орыс халқының Отан соғысы Наполеон жеңілмейді деген көзқарасты жоққа шығарды. Ұлы армияның орыс даласында күйреуі бүкіл Еуропа халықтарының француздық езгіге қарсы көтерілуіне түрткі болды. Германия мен Италияда, Голландияда, тағы басқа елдерде ұлт-азаттық көтерілістер жалыны лаулай бастады.

1813 жылы көктемде жаңа 6-шы одақ құрылды. Оған Англия, Ресей, Швеция, Пруссия, Испания, Португалия кірді. Наполеон өзін Австрия қолдайды деп сенді. Ол одақтастарына қарсы жаңа армия құра бастайды. Наполеон мен 6-коалиция арасындағы шешуші шайқас 1813 жылдың қазан айында Лейпциг түбінде болды. Мұны «халықтар шайқасы» деп атады. Оған бүкіл одақтастар әскері қатысты. Бұл шайқаста Наполеон біржолата талқандалды. Одақтастар армиясы 1814 жылдың басында Францияның жеріне кірді. Елдің ішінде жағдай ауыр болды. Енді буржуазия Наполеонға сенуді қойды. 1814 жылы жорық ұзаққа созылмады. 1814 жылы наурызда одақтастар Шомон трактатына қол қойды. Наполеон өзінің ұлы үшін тақтан түспекші болды. Бірақ Еуропалық мемлекеттердің қысымымен Сенат француз тағына Бурбондар династиясынан — граф Прованскийді (ол Людовик XVI бауыры) тағайындауды шешті және оны шақырып Людовик XVIII деп өкімет басына отырғызды. Наполеон одақтастар келісімі бойынша Эльба аралына жіберілді. 1814 жылы 30 мамырда Париж бітімі болды. Франция жаулап алынған жерлерінен айырылды және 1792 жылғы шекараларына дейін қайтарылды. Келісім Венада халықаралық конгресті шақыруды қарастырды.

1814 жылы мамырда Людовик XVIII конституциялық хартияны жариялады. 1814 жылғы Хартия бойынша король билігін парламент (екі палаталы) шектеді. Жоғары палатаны король тағайындайды, ал төменгі палата мүліктік ценз негізінде сайланды. Бұл ірі жер иеленушілерге, дворяндарға, ірі буржуазияға билік берді. Ал ескі француз аристократтары және дін басылары ескі феодалдық тәртіптің орнатылуын талап етті. 20 мыңдай наполеон офицерлері мен чиновниктерін босату Бурбондарға қарсы наразылық тудырды. Онда Наполеон қайта өкімет басына келсін деген наразылықтар туды. Наполеон осыны пайдаланып қайтадан 1815 жылы

наурызда ол 1100 жақтастарымен Францияның оңтүстігіне келіп түсті. Бүкіл халықтың, қуанышты қолдауымен бір де бір оқ шығармастан 20 наурызда ол Парижді алды. Бурбондар қашып үлгерді. Наполеонның жаңа билігі тек жүз күнге ғана созылды. Францияға қарсы жаңа жетінші коалиция құрылды. Оған Англия, Ресей, Пруссия, Австрия кірді. 1815 жылы 18 маусымда Ватерлоо түбінде Наполеонның соңғы шайқасы болды. Екінші рет тақтан бас тартқан Наполеон Атлант мұхитындағы Қасиетті Еленаға жіберді, 1821 жылы Наполеон осында қайтыс болды.

Францияға Бурбондар тағы қайтып келді, бірақ феодализм мен абсолютизмге, ескілікке жол жабылды. Бурбондар 1830 жылғы француз халқының екінші революциясында тақтан мәңгілікке тайдырылды.

Наполеонның жеңілуі Еуропа монархиясы мен халықтары үшін де француз революциясының жеңілісі деп қабылданды. Француз езгісіне қарсы ерлікпен шайқасқан орыс, неміс, итальян халықтары өзінің құлдыққа, басыбайлыққа қайта түсуі үшін күрескен болып шықты. Шынында бүкіл Еуропада кертартпа істер, патшалар мен князьдердің қайта келуі, шаруалардың тәуелділігі, дарға асу мен түрмеге тығу, азаптау белең алды.

**Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесінің қалыптасуы.** Наполеонды жеңгеннен кейін барлық еуропалық державалардың өкілдері (Түркиядан басқасы) Еуропада феодалдық тәртіпті және наполеондық соғыс барысында құлатылған бірқатар бұрынғы әулеттерді қайта қалпына келтіру мәселелеріне байланысты шешім қабылдау үшін Австрия астанасында жиналды. Бұл конгресс қатысушыларын тағы да бір ортақ міндет біріктірген еді – ол революциялық және демократиялық қозғалыстармен күрес. Сонымен қатар, конгресс Франциядағы бонапарттық тәртіптің қайта оралмауына және Еуропаны жаулап алу әрекетінің болмауына тұрақты кепілдікті қамтамасыз етуі, жеңімпаз державалардың аумақтық дәмеленулерін қанағаттандыруы қажет болды. Талейран Венаға келмей тұрып-ақ Франция мүддесі тұрғысынан қарағанда «легитимизм принципін» ұсынудың оңтайлы болатындығын түсінген болатын. Бұл принциптің мәні Еуропа жерлерін қайта бөлу мен аумақтық шекараларды өзгерту барысында революциялық соғыстар басталғанға дейінгі, яғни 1792 жылға дейінгі заңды негізде болған аумақты қалдыруы қажет болды.

Конгресс жұмысы ішкі қайшылықтардың салдарынан нәтижелі болмады. Сол кезде Талейран өзінің көздеген мақсатына жету үшін жеңімпаз мемлекеттер арасында алауыздық туындатып отырды. Франция болса, Ресейдің күшеюіне кедергі келтіруге емес, Францияның тікелей көршісі әрі жауы Пруссияның күшеюіне кедергі жасауға мүдделі болды. 1815 жылы 3 қаңтарында жасырын келісімге үш держава өкілдері қол қойды. Ол Ресей мен Пруссияға қарсы бағытталып, Австрия, Франция және Англияны «егер жоғары келісім жасаған жақтардың біріне бір немесе бірнеше державалар тарапынан қауіп төнсе, әрқайсысы 150 мың солдаты бар армия жіберу арқылы бір-біріне көмекке келуге» міндеттеді. Үш қатысушының үшеуі де қарсыластармен сепаратты бейбіт келісім жасаспауды міндетіне алды.



Вена конгресі Германияның саяси бытыраңқылығын бекітті. Александр, Меттерних секілді, Германияның феодалдық бөлшектелгенін бекіту жөн деп санады. Англия бұл мәселеге бейтарап қарады, ал Пруссия болса, күреске араласқысы келгенмен, әлсіз еді. Вена конгресі өкілдерінің барлық ой шабыты қатысушы мемлекеттерде күшейіп келе жатқан буржуазия мүдделеріне қандай да бір жеңілдік жасағысы келмейтіндіктерін дәлелдеді; неміс халқының Германияның бірігуіне артқан үмітінің күл-талқан болуы кертартпа күштердің жеңісі еді.

1815 жылы 9 маусымында Вена конгресінің соңғы жиналысы болды, онда 121 баптан және 17 жеке қосымшадан тұратын «Қорытынды актіге» қол қойылды. Бельгия Голландияның жаңа короліне сыйланды; Данияға Шлезвигтен басқа, немістік Гольштеин берілді; Австрияға Ломбардия мен Венецияның таза итальяндық халқы берілді; Германия 38 дербес мемлекетке бөлініп қала берді. Польша тағы да үш бөлікке бөлінді, оның үстіне бұрынғы Варшава герцогтігінің жерінен жаңа Польша корольдігі құрылды. Познань, Гданьск (Данциг) және Торунь - Пруссияның, ал Бастыс Украина (Галиция) Австрияның иелігінде қалды. Краков қаласы, «оған қарасты облыспен бірге, Ресейдің, Австрияның және Пруссияның қамқорлығындағы «мәңгілікке еркін, тәуелсіз және бейтарап қала» деп жарияланды. Қуатты екі еуропалық держава – Англия мен Ресей Франциямен ұзақ мерзімді соғыстан едәуір нығайып, күшейіп шықты. Англия өзінің бұрын да аз болмаған отарлық иеліктерін кеңейтті. Ол өзінің басты бәсекелесі – Францияны ығыстыру арқылы толыққанды «теңіз иесі» болып қалды және басқа елдерді өзі орнатқан тонаушылық сипаттағы «теңіз құқығын» мойындауға мәжбүр етті.

Негізгі саяси және аумақтық мәселелерді шешуден басқа, Вена конгресі Бас трактатқа қосымша актілер ретіндегі бірқатар арнайы қосымша қаулылар қабылдады. Олардың ішінде 1815 жылы 8 ақпанында қол қойылған «Державалардың негрлерді сатуды жою жөніндегі Декларациясы», 1815 жылы 19 наурызында конгресс қабылдаған «Дипломатиялық өкілдердің рангілері туралы Ереже» маңызды орын алады. Бұл қаулы XVII ғасырдың дипломатиялық тәжірибесінде әдетте үлкендік мәселесіне қатысты болатын шиеленістерді реттеді. Рангілер: 1) елші, папалық легат және нунций; 2) өкіл; 3) сенімді өкіл деп белгіленді. Кейінірек, 1818 жылы бұл үш ранғаға министр-резидент рангісі енгізілді, ол өкіл мен сенімді өкілдің арасынан орын алды.

1814 жылы Венаға жиналған жеңімпаз мемлекет билеушілері: 1) Франция тарапынан қайталануы мүмкін басқыншылыққа қарсы кепілдеме құру; 2) өздерінің жеке аумақтық мүдделерін қанағаттандыру; 3) XVIII ғ. француз буржуазиялық революциясының барлық салдарларын жою және ескі феодалдық-абсолюттік тәртіптерді барлық жерлерде қалпына келтіру сияқты үш негізгі мақсат қойды.

Бірақ осы мақсаттардың тек алғашқысы ғана толығымен орындалды. Ал екіншіге – аумақтық мүдделерін қанағаттандыруға келсек, тек бірқатар жеңімпаз елдер ғана Франциямен болған ұзақ та қан төгісті соғыстан Еуропаның едәуір әлсіз елдерінің есебінен кеңейіп шықты. Вена конгресінің

үшінші мақсаты – революциялық бастауларды жою және легитимизм қағидаттарын толығымен бекітуге қатысушы-мемлекеттер қол жеткізе алмады. Осылайша, Еуропада және жалпы әлемде халықаралық қатынастардың Веналық деп аталған жаңа жүйесі орнатылып, ол қатынастардың жаңа тәсілдері мен нысандарын бекітті және құрлықтағы қарама-қайшылықтарға жаңа түйін салды.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Наполеон соғыстарының басты мақсаты қандай еді?
2. Тильзит бітімі бойынша мәселе қалай шешілді?
3. Наполеонның 1812 жылғы Ресей жеріне жорығы қалай өтті?
4. 1814 ж. мамырдағы Людовик XVIII конституциялық хартиясының мәні.
5. Халықаралық қатынастардың Веналық жүйесі қалай қалыптасты?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Наполеон соғыстарының сипаты. Наполеон империясының күйреу себептері.

## 6-ТАҚЫРЫП. 1848-1849 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕУРОПАДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛАР

**1848 жылғы төңкеріс. Франциядағы Екінші республика.** XIX ғасырдың бірінші жартысында кұрлықты Еуропада мануфактуралық өнеркәсіптен машиналық фабрикалық түріне ауыса бастады. Сол кезеңде Еуропаның барлық дерлік мемлекеттерінде феодалдық-абсолюттік тәртіп болған, әлеуметтік қанау ұлттықпен араласты. 1848-1849 жылдары Париж, Вена, Берлин, Рим және басқа да еуропалық астаналар төңкерістік бастамалардың орталығына айналды. Сірә, Еуропа бұрын сонды болмаған жалпы күрестің шиеленісуін, халықтық көтерілудің қарқынын және ұлттық-азат ету қозғалыстардың өрлеуін көрді. Алайда кұрлықтың әр бөлігіндегі күрес бір деңгейде болған жоқ, көтерілген халықтың тағдыры әртүрлі болды, тек күмәнсіз ортақ бір мәселе: төңкеріс жалпыеуропалық көлемде болды.

Езілген халық еркіндік үшін, буржуазия мен ірі державалардың қаналған әлеуметтік таптары, ең алдымен төмендегі таптар (жұмысшылар, шаруалар, кішігірім саудагерлер, қолөнершілер және т.б.), – феодалдық-абсолюттік қанауға қарсы күресті. 1848-1849 жылдары басталған төңкеріс 1845-1847 жылдары ауылшаруашылық дағдарысын тездетті және 1847 жылы бірден бірнеше мемлекеттерде болған экономикалық дағдарыс басталды.

Шілделік монархияның ішкі және сыртқы саясаты біртіндеп халықтың көптеген таптары – жұмысшылар, шаруалар, буржуазияның көп бөлігін оппозицияны қолдауға итермеледі. 40-жылдарының ортасында дағдарысты жағдай ушыға бастады. Әсіресе қаржы аристократиясының билігіне наразылық өсе бастады. «Насьональ» және «Реформа» газеттерінің айналасында оппозиция топтасып, өкіметті халықтың талаптарын орындауға көндіруге тырысты. 1847 жылдың жазында Францияда халықтық саяси банкеттер науқаны етек алды. Банкетті науқан Францияның әртүрлі бөліктерінде таңдамалы реформа үшін күресін дамуына себепші болды. Банкеттерде тілектің орнына саяси және әлеуметтік реформаларды талап еткен ұсыныстар айтылды.

1847 жылы желтоқсан айының соңында француз парламентінің заң шығарушы сессиясы басталды. Осы өте қызу жағдайда болып жатқан сессияда өкіметтік ішкі және сыртқы саясаты либералды оппозиция тарапынан қатты сынға алынды. Бірақ оппозиция талаптары қабылданбады және таңдамалы реформа жақтаушылардың 22 ақпанда болатын банкетіне тыйым салынды. 21 ақпанда кешке оппозициядағы депутаттар мен журналистер халықты билікке бағынуға шақырды. 19 ақпан күні «Реформ» газет редакциясының жиналысында Ледрю-Роллен Луи Бланның қолдауымен банкетті қақтығысқа қарсы шығып, халықтың күреске дайын емес екенін және қарудың жоқтығын себеп қылды. «Реформ» Париж тұрғындарын тыныштыққа, төңкеріске қатысудан бас тартуға, ал социалистер де ескертіп сақтануға шақырды.

22 ақпанда мыңнан аса Париж тұрғындары, ең алдымен студенттер және қала маңындағы жұмысшылар алаңға шықты. Полициямен қақтығыс

басталып, бірінші баррикадалар пайда болды және олардың саны өсті. Ұлттық гвардия батальоны көтерілісшілермен күресуден бас тартты, ал кейбір жағдайларда көтерілісшілердің жағына шығып кетті.

23 ақпанның соңына қарай король Луи Филипп болып жатқан оқиғалардан сескеніп, премьер Ф.Гизоны құрбандық етуге шешті. Жаңа үкіметтің басшысы ретінде орленистер либералдарының арасында беделге ие граф Молени тағайындады. Либералдар арасында бұл жаңалықты қуанышпен қарсы алып, тіпті Ұлттық гвардиямен күресті тоқтатуға дайын болды.

Алайда жұмысшылар монархияға қарсы толқуларын тоқтатпады. Сол күннің кешкісі Париж орталығында, Капуциндар бульварында Сыртқы Істер Министрлігінің ғимаратына – Гизо резиденциясына беттеген қарусыз шерушілерге қарсы қару қолданылды. Бұл оқиға жөнінде ақпарат лезде тарайды. Сөйтіп, бүкіл Париждің еңбек етуші халқы көтерілді. Мыңнан аса жұмысшылар, саудагерлер, қолөнершілер және студенттер бір түн ішінде шамамен 1500 баррикада салды. 24 ақпанда астананың стратегиялық маңызы бар жерлер көтерілісшілердің қолында болды. Луи Филипп тақтан бас тартуға мәжбүр болды. Таққа оның кішкентай немересі граф Парижский, анасы герцогиня Орлеанская король бұйрығы бойынша, регент болып жарияланды. Осыдан кейін король және оның отбасы астанадан қашып, Англияны паналады. Тюильрийский сарайын көтерілісшілер басып алды, король тағын Бастилия алаңына алып келіп, салтанатты түрде жаққан болатын.

Шілделік монархияның соңғы күресін депутаттар палатасы отырған Бурбон сарайында болды. Палатадағы монархияны жақтаушылар герцогиня Орлеанскаяның регент болып тағайындалуын құптау арқылы монархияны құтқарғысы келді. Тек республикашыл депутаттардың кішігірім тобы Уақытша өкімет құруды ұсынған еді. Бірақ бұл жоспарлар көтерілісшілердің ғимаратқа кіруінің нәтижесінде бұзылды. Олар жиналыс залына «Палата жоғалсын! Король де, регент те болмасын! Республика жасасын!» деп баса көктеп кірді. Депутаттардың көбісі қашып кетті, ал қалғандары Уақытша өкімет үшін дауыс берді. Төңкеріс жеңіске жетті.

**Уақытша өкімет және оның саясаты.** Уақытша өкімет өзінің құрамы жағынан коалициялық, сипаты жағынан-ымырашыл болды. Уақытша өкіметтің төрағасы ретінде 1789-1794 жылдары Француз төңкерісінің және 1830 жылы төңкерістің қатысушысы қария Дюпон де л'Эр тағайындалды. Бірақ іс жүзінде оның басшысы сыртқы істер министрі лауазымындағы Ламартин болды. Маңызды лауазым – Ішкі істер министрі болып Ледрю-Лорен тағайындалды. Портфельсіз министрлер болып Луи Блан, Альбер және тағы басқа солшыл депутаттар болды.

Республика жөніндегі сауалдар бірден өткір мәселеге айналды және депутаттардың нағыз бетін ашты. 24 ақпанның кешкі және түнгі сағатында Ламартин және басқа да депутаттар республиканы бірден жариялаудан құтылу үшін, бірақ парижді тұрғындарын тыныштандыру үшін өкіметтік декларацияда жалтармалы тұжырымдарды құрастыруға тырысты. Бірақ осындай жасалған тұжырымдар халықты қанағаттандырмады. Уақытша

өкімет Францияны республика деп жариялауға мәжбүр болды. Бірнеше күннен кейін барлық 21 жасқа толған (тұрғылықты бір жерде алты айдан аса тұрған жағдайда) ер адамдардың сайлау құқығын бекітетін декрет шықты. Алайда өкімет Шілде монархиясы құрған мемлекеттік машинаны өзгертпеді: ол тек мемлекеттік аппаратты анық реакцияшыл элементтерден тазалаумен шектелді.

Төңкерістің бірінші күнінен бастап, жұмысшылардың жалпыдемократиялық талаптарының ішінде еңбек ету құқығы сияқты заңнамаларды қабылдау болды. 25 ақпанда жұмысшылардың еңбек ету құқығына кепіл беретін, барлық азаматтарды жұмыспен қамтитын, қылмыстық кодексте жұмысшылар ассоциациясын құруға рұқсат етпейтін баптарды жоятын декрет қабылданды. Еңбек және прогресс министрлігін құру жөніндегі талаптың орнына Уақытша өкімет жұмысшы табының жағдайын жақсарту үшін «Еңбек етушілер үшін өкіметтік комиссиясын» құрды. Оның төрағасы Луи Блан, орынбасары – Альбер болды. Жиналысы үшін Люксембург сарайы берілді. Шынында, Люксембург комиссиясы ешқандай билікті қолға ала алмады әрі қаражаты болмады.

Уақытша өкімет париждік жұмысшыларының жұмыссыз қалуымен күресу үшін Ұлттық шеберханаларды аша бастады. 1848 жылы мамырда оған 100 мыңнан аса адам: жұмысшылар, кірісі тоқтап қалған қолөнершілер, кішігірім қызметкерлер, азып-тозған кішігірім кәсіпкерлер орналасты. Уақытша өкімет Ұлттық шеберханаларды құру арқылы астанадағы шиеленісті бәсеңдетуге тырысты және буржуазияға саяси қадамдар жасауға мүмкіндік жасады. Наурыздың басында өкімет бірқатар қадамдарға барды: Парижде жұмыс уақытын 11-ден 10-ға дейін, ал провинцияларда 12-ден 11-ге дейін азайту жөнінде, нан бағасы түсіру туралы, кедейлерге ломбардтардан өмірге қажетті заттарды қайтарып беру және тағы басқа декреттер шығарды. Француз отарларында құлдық жойылды.

**Құрылтай жиналысы.** Уақытша өкімет, Луи Блан мен Ледрю-Ролленнің қарсылығына қарамастан, Құрылтай жиналысына сайлауды 9 сәуірде жасауға асықты. Париж демократиясы, төңкерістік клубтар және демократиялық баспалар сайлауды халық арасында саясат туралы білім беру үшін кейінге шегіндіруді сұрады. Алайда Құрылтай жиналысының сайлау уақыты өкіметте емес, Париж көшелерінде шешілді. 17 наурызда Құрылтай жиналысының сайлау уақытын шегіндіруге талап еткен 100 мыңдай адамның шеруі өтті. Демонстрация люксембургтік делегаттардың белсенді қолдауымен демократиялық клубтармен ұйымдастырылды. Нәтижесінде Уақытша өкімет кішкентай қадам жасап, Құрылтай жиналысының сайлау уақытын 23 сәуірге ауыстырды.

Парижде жаңа жұмысшылар шеруі 16 сәуірде болды. Уақытша өкімет Парижге ақпан төңкерісінің жеңісінен кейін тұрақты әскердің бірнеше полктарын шақыртып алды.

23 сәуірде Құрылтай жиналысының сайлауы өтті. Провинцияларда маңызды дауыстарды алғаш рет дауыс беруге рұқсат еткен шаруалар иеленді; олардың дауыстарына республикалық өкіметтің белгілеген 45 сантиметрден

тұратын салыққа деген наразылығы әсер етті. Парижде және ірі қалаларда демократтар көптеген дауыстардан айырылды. Жалпы сайлауда Құрылтай жиналысының 880 орынның 500 орынға ие болған буржуазиялық республикашылдар жеңіске жетті. Жиналысқа көбінесе орлеандық монархист сайланды. Республикашылдардың көбісі жаңа адамдар, бұрын депутат болмағандар, ал монархистердің ішінде Шілделік монархияда парламент депутаттары болғандар құрады. Сондықтан жиналыста көптеген орлеандық және клерикальды-легитимді лагерьдің тәжірибелі көшбасшылары болды.

1848 жылы 4 мамырда Құрылтай жиналысы өзінің жұмысын 24 ақпанда жарияланған республика «Францияның басқару формасы болып қалатыны» жөнінде салтанатты декларацияны жариялаудан бастады. Әскери министрдің лауазымын генерал Луи Эжен алды. Ол марқұм болған Шілде монархиясының атақты республикашыл Годфруа Кавеньяктың ағасы еді.

15 мамырда Парижде Құрылтай жиналысынан көтерілген поляктарды қолдау жөнінде шешім қабылдауды талап еткен 150 мыңды шеру өтті. Алайда шеру басылды, ал демократиялық қозғалыстың көшбасшылары Барбес, Альбер, Распайль, Блаки және т.б. ұсталып, клуб жабылды. Люксембург комиссиясы ресми түрде таратылды. Кавеньяк париш гарнизондарын нығайтып, астанаға жаңа әскери күштерді шақырды.

**Париж жұмысшыларының маусымдағы көтерілісі.** Барлық оқиғалар болуы даусыз жарылысқа алып келді. 22 маусымда Атқарушы комиссияның Ұлттық шеберханада жұмыс істейтін 18 бен 25 аралығындағы жұмысшыларға әскерге баруға ұсынатын, ал қалғандарына далада қалуға немесе провинцияда Солонь атты батпақты жерде жер өңдеуге бару туралы жарлығы көтеріліске себепші болды. Ал Ұлттық шеберханаларда 117 мыңнан аса адам жұмыс істеді. Осындай тікелей арандатушылыққа жұмысшылар көтеріліспен жауап берді.

23 маусым таңертең Париж көшелерінде баррикадалар салынып, алғашқы мылтықтың даусы шықты. Көтеріліс қаланың демократиялық шығыс бөлігін қамтыды. Оған шамамен 40-45 мың адам қатысты. Келесі күні Құрылтай жиналысы Парижді қоршауға алынған қала деп жариялап, толық билікті Кавеньяктың қолына берді. Өкімет үлкен күштер ара салмағына ие болды: көтерілісшілерге қарсы 150 мыңдай тұрақты әскер, ұтқыр гвардия, Ұлттық гвардияның париждік батальоны қойылды; көмекке Ұлттық гвардияның 53 департаменттен тұратын бөлімшелері асықты. Көтерілісті басу үшін көтеріліс орталықтарына айналған қала кварталдарын толығымен жоятын артиллерия қолданылды. Көтерілісшілер төрт күн бойы ортақ жоспарсыз және орталықтанған басқарусыз болды. 26 маусым кешке көтеріліс басылды. Жұмысшыларға қарсы террордың уақыты келді. Түрмелер толып кетті, сотсыз және тергеусіз атылды.

Маусым көтерілісі Францияда 1848 жылы төңкерістің шұғыл бұрылысты кезеңі еді, енді ол бәсеңдейтін жолға түсті.

**1848 жылы 10 желтоқсандағы президент сайлауынан Екінші империяға дейін.** 28 маусымда Кавеньяк атқарушы биліктің басшысы лауазымына ие болды. Жұмысшылар және оған аяушылық білдіргендерді

жер аудару, тұтқынға алу және ірі сот үдерістерінің толқыны басталды. Жұмыс уақытын бір сағатқа азайтқан декрет өз күшін жойды, Ұлттық шеберханалар жабылды, төңкерістік клубтар жабылды. Француз корпусы Италияда көтерілісті басу үшін жіберілді. 1848 жылдың 4 қарашасында Құрылтай жиналысымен бекітілген Конституция жарияланды. Онда еңбек етушілердің мүдделері мүлдем есепке алынбады, жұмысшыларға қақтығыс жасауға рұқсат етілмеді. Жаңа Конституция бойынша, республиканы 4 жылдық мерзімге сайланатын президент басқарды, ал атқарушы билік үш жылға Заң шығарушы жиналысқа берілді. Президент өте үлкен өкілеттіктерге ие болды: ол өкіметті құрады, әскер күшін басқарды, сыртқы саясатты белгіледі. Алайда ол өз күшімен парламентті тарата алмады. Конституция еңбек етуге кепілдік бермеді, бірақ онда еркіндіктің негізгі ережелері бекітілді.

1848 жылы 10 желтоқсанында президент сайлауы белгіленді. Барлық дерлік партиялар өзінің кандидатын ұсынды. Жалпы олардың саны алтыға жетті. Республикашылдардың көбісі генерал Кавеньяқтың кандидатурасын қолдады. Жұмысшылар өз кандидатын Распайльді ұсынды. Бірақ күтпеген дауыстың көбісін Наполеон Бонапарттың жиені Луи Бонапарт иеленді. Оған 45 сантимнан тұратын салықты жояды деп сенген шаруалар мен мықты билікке сенім артқан қала тұрғындарының көбісі өз дауыстарын берді. Луи Бонапарттың жеңісіне Наполеон Бонапарттың әскери жеңістеріне бөленгені әсер етті. Президент сайлауынан кейін А.И.Герцен: «...суыққа, ерте уақытқа қарамастан, халық бульварларды толтырды, балалар айқаймен бюллетендерді сатып тұрды, бес миллионнан аса дауыс байлаулы Францияны Наполеонның аяғына жықты. Жетім қалған енді өзінің қожайынын тапты!» деп суреттейді.

Луи Бонапарт президент болып, өкімет басына монархист Одиллон Барроны қойды. Оның алғашқы қадамы мемлекеттік аппараттан республикашылдарды қуудан бастады. Монархиялық партияның блогы – орлеандар, легитимдер және бонапарттар – бірігіп, Құрылтай жиналысын таратуды және Заң шығарушы жиналысты таңдауды мақсат еткен «Тәртіп партиясына» бірікті. Өздерін 1793-1794 жылдары «Таулар» якобиндерінің жалғастырушылары деп есептейтін және өздерін «Жаңа Тау» деп атайтын кейбір төңкерісшіл демократтар мен социалистер демократиялық қайта құру жоспарын ұсынды. 1849 жылы 13 мамырында Заң шығарушы жиналыстың сайлауы өтті. Орынның көбісін (500 жуық) «Тәртіп партиясы» иеленді; «Жаңа Тау» өзінің 180 кандидатының орнына; оңшыл республикашылдар 70 орынға ие болды.

28 мамырда Заң шығарушы жиналыс өз жұмысын бастады. Бірінші күндерден бастап, сыртқысаяси мәселелердің ішкі саясат мәселелерімен байланысы бойынша келіспеушіліктер байқалды. Рим мәселесі деп аталып кеткен мәселе ортада болды. 1849 жылы сәуірінде француз өкіметі жаңадан пайда болған Рим республикасына әскери экспедиция жасаған болатын. Солшыл республикашылдар контрреволюциялық интервенцияға қарсы болды. 11 маусымда болған Заң шығарушы жиналыста Ледрю-Роллен президент пен министрлерді Конституцияны, яғни республиканың әскери

күштерін басқа елдердің еркіндігін басу үшін қолдануға тыйым салынған, қатаң бұзғаны үшін сотқа тартуды ұсынды. Заң шығарушы жиналыс бұл ұсынысты қабылдамады. Сонда «Жаңа Тау» 1849 жылдың 13 маусымында қарусыз шеруді ұйымдастырды, бірақ полиция шерушілерді қару қолдану арқылы қуып тастады.

1850 жылы 31 мамырда Заң шығарушы жиналыс жаңа сайлау жаңын шығарды. Ол заң бойынша, отырықшылықтың үш жылдық цензі белгіленді. Шамамен 3 млн адам сайлау құқығынан айырылды.

**1851 жылғы мемлекеттік төңкеріс.** Буржуазиялық топтарда парламенттік жүйеден көңілі қалды. Олар дәулетті таптарды төңкеріс зардабынан қорғайтын «мықты билік» құруға ниеттенді. Салыстырмалы түрде, бонапартистер полиция мен әскерді оңай өз қолдарына алды. «10 желтоқсан қоғамы» құрылды (Бонапарттың сайлану күні). 1851 жылдың 2 желтоқсанында бонапартистік қастандық жасаушылар президенттің басшылығымен мемлекеттік төңкеріс жасады. Заң шығарушы жиналыс таратылды, бонапартизмге қарсы саяси қызметкерлер тұтқынға алынды. Демократиялық жұмысшы және студенттік жастар, интеллигенцияның қарсылығы басылды. Барлық министрліктердің басшылығына бонапартистер қойылды. Төңкерістің контрреволюциялық сипатын бәсеңдету мен демократиялық топтарды алдау үшін Луи Бонапарт 1850 жылы 31 мамырда қабылданған сайлау құқын шектейтін заңның күшін жойды.

Алайда «10 желтоқсан» партиясы, Луи Бонапарттың өзіне де биліктің заңдылығы қажет еді. 1851 жылдың соңғы күндерінде (21 желтоқсанда) бонапартизм тәртібімен, яғни полиция мен әскердің қатысуымен плебисцит жүргізілді. Плебисцит Луи Бонапарт үшін қажетті 7 млн дауысты жинап берді, 646 мың адам – қарсы болды. Осылайша, демократиялық еркіндіктің қалдықтары жойылды. Империяға жол ашылды.

**Германиядағы революция.** Париждегі халық көтерілістері, корольдік биліктің құлауы және ол жақта республиканың жариялануы, Франциядағы жеңген революция туралы хабар, герман республикаларында революциялық жарылысқа алып келген себеп болды. Парижде республиканың жариялануынан кейін (27 ақпан 1848 ж) екі күннен соң Франциямен шекаралас Баден ұлы герцогтығында либералдар мен радикал демократтар Мангеймде көпшілікті халықтық жиналыс жинады. Ол жерде парламентке халықтың қарулануы, яғни милицияның құрылуы, баспа еркіндігі және цензураның жойылуы, партияларға тыйым салуды жою және жиналыстар еркіндігі, заңның демократизациясы мен жалпыгермандық ұлттық парламентті шақыру талаптарымен петиция қабылданды. 1 наурызда бұл петиция арнайы делегациямен ландтағқа, манифестанттардың қатысуымен тапсырылды. Палата бұл талаптарды қабыл етті (министрлердің палата алдындағы жауапкершілігі енгізілді), оның ішінде Конституцияның әскери ант беруі және феодалдық құқықтардың жойылуы. Ұлы герцог ландтаг қабылдаған шешімдерді қолдауға және жоғарыда айтылған шараларды іске асыру үшін либералдардан тұратын үкімет құруға келісуге мәжбүр болды.



Герман одағының басқа орташа және ұсақ мемлекеттерінде 1848 жылы наурыздағы оқиғалар барысы Бадендегі оқиғаларға ұқсас болды: халық жиналыстары жиналды, «наурыздық талаптарға» ұқсас демонстрациялар өтті, либералдар «наурыздық үкіметтерге» кірді. Осыдан Германиядағы революциялардың аты – «наурыз революциялары» пайда болды.

Наурыз революциялары Германия арасында тез таралып кетті, ірі мемлекеттер - Австрия мен Пруссияны жайлап алды. Пруссияда 3 наурыздағы Кёльндегі революциялық көтерілістер Рейн провинциясының орталықтарына тарап кетті, ал 7 наурызда Берлинде басқа мемлекеттердегідей талаптар қойылып көтерілістер басталды. Әлеуметтік-революциялық сипатқа ие болған халықтық қарсыластар өршіп, 13 наурызда шерушілердің әскермен қақтығысына ұласты, көшелерде тікелей қақтығыстар орын алып, қайтыс болғандар мен жараланғандар болды.

Венадағы революциялық көтерелістер мен Меттернихтің қашуы туралы хабарлармен уайымдаған прусс королі Фридрих Вильгельм IV 18 наурызда цензураның жойылуы және Біріккен ландтагты шақыру туралы жария етті, конституция енгізу және Герман одағын қайта ұйымдастыру туралы уәде берді. Бірақ шерушілер мен әскердің қақтығысы 18 және 19 наурызда да жалғасып отырып, бүкіл Берлинде баррикадалық күрестерге ұласып кетті, оның көп бөлігін көтерілісшілер (студенттер, қолөнершілер мен жұмысшылар) құрды, күрес барысында олардың 400-і қайтыс болды. 19 наурызда Берлиннен әскер шығару туралы бұйрық берді. Одан кейінгі күндері король конституция туралы уәдесін берді, үкіметтің басына Рейн провинциясының либералды қайраткерлері Людольф Кампгаузен мен Давид Ханземан тағайындалды.

1848 жылы көктемде Германияның оңтүстік-батысы мен орталығының бірқатар мемлекеттерінде күшті аграрлық қозғалыстар өтіп жатты. Дворяндық артықшылықтарға және феодалдық қатынастардың қалдықтарына қарсы шыққан бұл мемлекеттердегі шаруалар өзінің көптеген талаптарына қол жеткізе алды, одан кейін олардың ары қарайғы революциялық күресте қатысуы жоққа келіп тірелді.

Жалпыгермандық парламенттің талаптары, Халықтық жиналысқа депутаттар сайлауы барысында, сәуірдің ортасынан, мамырдың ортасына дейін жүзеге асты. 18 мамырда 1848 жылы Майндағы Франкфуртте Қасиетті Павел шіркеуінде, либералдар мен бірнеше демократтар, сонымен қатар бірқатар консерваторлардан тұрған Жиналыстың бірінші кездесуі өтті. Депутаттардың көпшілігі білімді бюргерлерден тұрды, оның ішінде университеттердің 49 профессоры сайланды.

Ұлттық жиналыс - жалпыгермандық орталық билігі бола алмады. Парламент сайлаған уақытша империялық басқарушы, австриялық эрцгерцог Иоганн және уақытша империялық үкімет те, қандай да бір саясат жүргізу үшін құзыреттерге де, құралдарға да, мүмкіндіктерге де ие болмады, себебі оған Австрия, Пруссия және басқа да мемлекеттер қарсы болды. Парламенттің көптеген жиналыстарында ұзақ уақыт бойы империялық конституцияның жобасы талқыланды, Германияның болашағы, Герман

мемлекетінің «ұлыгермандық» (Австрия империясының қатысуымен) немесе «кішігермандық» (Австриясыз) нұсқалары мәселелері кең талқылауға салынды.

1849 жылы 28 наурызда парламент империялық Конституцияны қабылдады, оның құрамына 1848 жылы желтоқсанда қабылдаған, 1776 жылғы америкалық «Тәуелсіздік декларациясы» және 1789 жылғы «Адам мен азаматтың құқықтарының декларациясы» нұсқасы бойынша жазылған «Неміс халқының негізгі құқықтары» қабылданды. Сол арқылы, неміс тарихында азаматтар бостандықтары: тұлғаның бостандығы, пікір білдіру бостандығы, сенім мен ар-ұят бостандығы, империя аумағы шеңберінде еркін орын ауыстыру, жиналыстар мен коалициялар еркіндігі, заң алдындағы теңдік, мамандық таңдау еркіндігі, жеке меншіктің қолсұқпаушылығы жарияланды. Феодалдық тәуелдікте қалған барлық таптық артықшылықтар жойылды; өлім жазасы жойылды. Империяның «кішігермандық» нұсқасы қабылданды; «немістердің императоры», атқарушы биліктің басшысы ретінде пруссиялық король Фридрих Вильгельм IV сайланды. Заң шығарушы билікті екі палаталық парламент – халықтық жиналыс (фольксхаус), ол жалпы және тең дауысты ер адамдар мен әйел адамдармен сайланды, және Мемлекеттер жиналысы (штатенхаус) атқарды, соңғысы үкіметтер өкілдері мен жеке мемлекеттердің ландтагтарынан құрылды. Сол арқылы, консерваторлар либералдардың қолдауымен Конституцияда монархиялық қағида мен мұрагерлік монархияны бекітуге, көптеген демократтар мен радикалдардың ортақ демократиялық республика құру талаптарына қарамастан, барлық аумақтық мемлекеттер мен әулеттерді сақтап қалуға қол жеткізілді.

Франкфурт парламенті қабылдаған Конституция басынан бастап жарамсыз болған. 1849 жылы 3 сәуірде прусс королі Фридрих Вильгельм IV коронаны (ол «шошқа коронасы деп атады) революцияның белгісі деп қабыл етуге мүлдем бас тартты және Австриямен соғыстың қаупі болғанын түсінді. Прусс королінің бас тартуы Германияда контрреволюцияның басталуын көрсетті және Франкфурт парламентінің жұмысының іске аспауының белгісі болды. Конституция көптеген герман мемлекеттерінде монархтар мен үкіметпен бас тартылды.

Республикалықтар мен демократтар Конституцияны қорғауға және оны қайта қалпына келтіруге ұмтылыстар жасады; ол олардың ойларынан шықпаса да, контрреволюциямен қарсы күресте көмегін беретін болды. 1849 жылы мамыр-маусымда Конституцияны қорғау үшін Дрезденде, Рейн өңірінде, Пфальцта және Баденде халық көтерілістері өршіп отырды. Олардың барлығы тоқтатылды, ал Баден мен Пфальдегі көтерілістерді басуға прусс әскері қатысты, оларды кронпринц Вильгельм басқарды. Осылай прусс әскері демократиялық Германияның бірлігі үшін болған соңғы көтерілісті басып жаншды. Прусс әскерінің әрекеттері Вюртемберг үкіметі үшін, 1849 жылы 18 шілдеде, өзінің жиналыстарын Штутгартқа ауыстырған Франкфурт үкіметін таратуға белгі ретінде қызмет етіп, бір айдан кейін Майндағы Франкфуртте революцияға дейінгі бундестаг жиналып отырды.

1849 жылы маусымда Пруссиядағы контрреволюция өзінің тұрақты тұрақтарын иеленді, контрреволюция күштерінің өсуі байқалды. 1848 жылы маусымда Кампгаузен либерал үкіметі орнына кетіп, кейін Ханземан либерал үкіметі де құлады. 1848 жылы қараша айында граф Вильгельм фон Бранденбург – ақсүйек империялық контрреволюциялық камарильяның өкілінің үкіметі келді. Ішкі істер министрі ретінде ірі шенеунік барон Эдвин фон Мантойфель тағайындалды, ал 1850 жылы ол министр-президент атанды, осылай онжылдық «Мантойфель кезеңі» басталды.

Берлинді қоршауға алғаны туралы жария еткен соң, Мантойфель каладан 1848 жылы шақырылған, либералдары конституция жобасын да, және басқа да заңдарды да қабылдай алмаған Пруссияның Ұлттық жиналысын шығарып тастады. Бір айдан соң жиналыс таратылды. Осыдан кейін 1848 жылы желтоқсанда король сыйлаған конституция жұмысына кірісті, ал наурыз айындағы сыйға берілген еркіндіктер сақталып, бірақ корольдің ландтақтағы қабылдаған кез-келген заңына тыйым салу құқығы енгізілді. Конституция 1850 жылы жаңа Конституция қабылданғанға дейін қызмет етті. 1849 жылы мамырда ландтақтың (депутаттар палатасы) төменгі (екінші) палатаға сайлауға үш таптық сайлау жүйесі енгізілді. Яғни салық төлеушілердің төлеген қаржысы тең үш бөлікке бөлініп, ал сайлаушылар – салық мөлшеріне байланысты үш санатқа бөлінетін. Егер ең ірі салық төлеушілердің бірінші санатына сайлаушылардың азшылығы кірсе, екінші санаттағы сайлаушылар одан көп болды, ал негізгі халық үшінші санатқа кірді. Әр тап сайланушылардың тең санын таңдады, олар депутаттарды ашық сайлауына қатысты. Осындай демократиялық емес жүйе Пруссияда 1918 жылы монархияның жойылуына дейін қызмет етіп келді. Жоғарғы (бірінші) палата (мырзалар палатасы) жер ақсүйектері, жоғарғы дін өкілдерінен құралды және демократиялық емес жолмен құрылды.

Революция жеңіліс тапты және неміс халқы алдында тұрған негізгі міндеттерін: Германияның ұлттық бірігуін орындамады. XVIII ғасырдағы Француз революциясына қарағанда ол аяқталмаған болып қалды: монархияның және феодалдық құрылымның қалдықтарының жойылуына алып келмеді, жарты жолда тоқтап қалды. Сонда да, феодализмнің көптеген белгілері жойылды, Пруссия мен басқа да мемлекеттерде халыққа көптеген құқықтар мен еркіндіктерді қамтамасыз ететін конституциялар қызмет етті. Осының барлығы Германиядағы капитализмнің дамуына алып келді және герман мемлекеттерінің буржуазиясы үшін саяси өмір мен билік құрылымдарында белсенді қатысу үшін мүмкіндіктерін жоғарылатты. Революция демократиялық қозғалыстардың өсуін көрсетті, жаппай көтерілістер мен жергілікті шерулерде жұмысшылардың кең қатысуы, «Коммунистер Одағы» мен оның басшылары К. Маркс пен Ф.Энгельс жүзеге асырғандай, жұмысшылар мен революциялық ұйымдардың және олардың көшбасшыларының күрестің тереңдеуі мен радикализациясына шақырған қозғалыста үлкен рөлін анықтады. Неміс буржуаларының революцияның тым радикализациясынан қауіптеніп, Францияның тәжірибесін есепке алып, түрлі

герман республикасында буржуазияның либералды саяси бағытына бет бұрды және оның контрреволюция алдында шегінгенін көрсетті.

**Австрия мен Венгриядағы 1848 жылғы революция.** 1846 жылғы экономикалық дағдарыс және үш жыл қатар егістің шықпауы (1845-1847) империя үшін апатты салдардың себептеріне айналды. Инфляция, қымбатшылық, нан мен «күнделікті қажет нәрсеге» айналған жаңа өнім – картоп бағаларының өсуі, бұрын-сонды болмаған жаппай жұмыссыздық империяда қауіпті жағдайды орнатты. Халық шыдамы Париждегі 1848 жылғы ақпан айында орын алған оқиғаларда таусылып, бұл оқиғалар жайында хабар Венаға 29 ақпан күні жеткен болатын. Наурыз айының басында Төменгі Австрияның ландтагы (сословиелік жиналыс) және буржуазиялық «Өндірістік одақ» жаңа реформаларды өткізу, цензураны жою, жалпы австриялық парламентті шақыртуды талап етті. Австриядағы революция 13 наурыз күні веналық кедейлердің, студенттер мен бюргерлердің шерулері мен аяқасты митингтерден басталды. Ландтаг ғимараты айналасындағы көшелерді лық толтырған мыңдаған халық Австрияның князі Меттернихті дереу қызметтен босатып, Конституцияны жариялауды талап етті. Бүкіл империяға Конституцияны ұсыну мен буржуазиялық реформаларды жүргізу қажеттілігі жөнінде Кошут өзінің 3 наурыздағы сөзінде сөйлеген болатын, оның мәтіні австриялық астананың көшелері мен алаңдарында оқылған.

13 наурыз күні түс кезінде үкімет Венаға әскер кіргізуге шешім қабылдап, қақтығыстар орын ала бастады. Кешке таман жұмысшылар мен студенттер баррикадалар жасап, студенттер кейін танымал болып кеткен Академиялық легионды қалыптастыра бастады. Жауынгерлердің бірқатары халыққа оқ атудан бас тартты. Император да екі ойлы болды. Ол студенттерге қару беруге рұқсат беріп, буржуазиялық Ұлттық гвардияның құруына бөгет жасамады және Меттернихті қызметтен босатуға мәжбүр болды. Бүкіл Еуропа бойынша өшпенділіктің белгісі болып саналған реакциялық тәртіп бір күнде ыдырауға ұшырды. Революция алғашқы маңызды жеңіске қол жеткізді. Қайта ұйымдастырылған үкімет құрамына либералды буржуазия өкілдері кірген болатын.

Революциялық лагерьдің түрлі әлеуметтік күштердің уақытша бірлігі ұзаққа созылмады. Буржуазия, әсіресе оның ауқатты бөлігі, қол жеткізген табыстарға қанағаттанып, енді жаулап алғанды сақтап қалу мақсатында «заңдылық пен тәртіпті» сақтауға тырысты. Жеңістің дәмінен шабыт алған плебейлік төменгі топтар өзінің күнделікті қажеттіліктер үшін күресті жалғастыруға дайын болып, еңбек құқықын қамтамасыз етуді, жанама салықтарды жоюды, 10-сағаттық жұмыс күнін орнатуды, жалақыны көтеруді талап етті. Кедей шаруалар жойылған міндеткерліктер үшін помещиктерге өтеу ақысын төлеуді жоюды талап еткен. Үкімет буржуазиялық бостандықтар жарияланатын (баспа, жиналыс, сөз бостандықтары), екіпалаталы парламент және оның алдында жауапты үкіметті құруды қарастырған Конституция жобасын дайындады. Император елеулі құқықтар мен айрықша құзыреттерге: қарулы күштерге жоғарғы қолбасшылық ету,

рейхстагтың (парламенттің) барлық шешімдеріне вето салу құқығы ие болып қала берді. Сайлау құқығы жоғары мүлктік цензімен анықталған.

Абсолютизмді қайта орнату талпынысына жауап ретінде веналық демократтар революциялық орган - Ұлттық гвардияның Саяси комитетін құрған болатын. Үкімет комитетті тарау туралы шешім қабылдаған соң, халық 15 мамыр күні қайтадан астана көшелеріне шығып, баррикадалар жасай бастады. Биліктегілер артқа шегінуге мәжбүр болды. Келесі күні комитетті тарау жөніндегі үкімнің күші жойылып, әскер қаладан шығарылды. Түнде императордың басшылығымен сарай адамдары астанадан кетіп, халқы терең діншілдігімен және династияға берілгендігімен ерекшеленген Тироль биік таулы альпі провинциясына бағыт алды. Уақытша орнатылған күштер балансы 26 мамыр күні әскери министр граф Латур Академиялық легионды қарусыздандыруға талпыныс жасаумен бұзылды. Студенттерге қала маңындағы ауылдар көмекке келді. Көтерілісшілердің табанды күресі салдарынан жауынгерлер жалтақтап, олардың бірқатары халыққа оқ атудан бас тартты. Венадағы билік Қоғамдық қауіпсіздік Комитеті қолына өтіп, оны Адольф Фишхоф басқарды. Императорлық әскердің негізгі күші Венгрия мен Италияда революциялық көтерілістің алауында жүруі Венадағы революция жеңісін жеңілдетті.

Шілде айында демократия мен реакция күштері арасында өткір қақтығыстардың алаңына айналған австриялық рейхстаг отырысы басталды. Депутаттар арасында славян халықтарының – чехтер, поляктар, рустер (украиндықтар), соның ішінде шаруалар мүдделерін қорғайтын өкілдер саны көп болатын. Алайда саяси көшбасшылық ұстамды либералдар қолында болды, бұл өз кезегінде қабылданған шешімдердің сипаты мен мәніне өз ықпалын жасады. Рейхстагтың маңызды жетістігі – феодалдық-крепостнойлық қатынастарды жою туралы заңды қабылдады. Міндеткерліктердің аздаған бөлігі өтеусіз жойылған болатын. Олардың ішінде ең қатаңы – ақшалай алым және барщина үшін өтемақы төлеу міндетті, мемлекет өтемақының тек 1/3 төлеуге міндеттенді. Басқарушы топтардың император мақұлдаған заңды әулеттің «қайырымы» ретінде ұсынуы қара және қажыған ауыл халықтарының дәстүрлі монархиялық қиялдарының одан әрі өсуіне себеп болды. Ақырында реакция аграрлық провинцияны плебейлік-демократиялық Венаға қарсы қоя алды, бұл жағдай австриялық революция тағдырында қатерлі рөлге ие болған. Крестьяндық депутаттар дауыстары көмегімен реакционерлер Италия мен Венгрияға қарсы контрреволюциялық соғысты қаржыландыру жөніндегі шешімді қабылдады.

Революция көпқырлы ұлттық мәселелер жиынтығын, соның ішінде неміс ұлттық мәселесін күн тәртібінің басты тақырыбына айналдырды. Австриялық буржуазияның Германияның екі нұсқадағы - ұлыгермандық және кішігермандық - бірігу мәселесіне көзқарасы қарама-қайшы сипатқа ие болды. Немістілді австриялықтардың басым бөлігі өздерін жалпыгермандық этноқоғамдық қауымдастықтың бөлігі ретінде сезінді. Австриялық буржуазия, Габсбургтер әулеті сияқты, жаңа біріккен Германияның

басшылық рөліне үміттеніп, оның құрамына тілек пен еріктерін ескермей, неміс емес халықтары бар көпұлтты империяны қосуға дайын болды. Сондықтан австриялық делегаттардың Паульскирхте өткізілген Франкфурттық жиналысқа қатысуы чехтар мен басқа славян халықтарын алаңдаушылығына себеп болды. Австрияның дәстүрлі бақталасы Пруссия да, басқа германдық мемлекеттер де қарсылық көрсетті.

Франкфуртқа қарама-қарсы 1848 жылы Прага қаласында Австриялық империяның сақталып, оның Германияға кіруіне қарсылығын көрсеткен империяның славян халықтар съезді ұйымдастырылды. Чехтердің танымал көшбасшысы либерал Ф. Палацкийдің (1798-1876) пайымдауынша, Австрияны чех жерлерімен қоса болашақ неміс республикасына қосу чехтардың неміс ортасымен жұтылып, ұлттық ерекшеліктерінен айырылуына алып келер еді. Сондықтан Палацкий славяндықтар өз монархиясын сақтап, оны жаулардан, яғни герман және венгр революциялардан қорғау қажет деп ойлады. Осылайша австрославизм доктринасы пайда болды.

Австриялық жауынгерлердің прагалықтар бейбіт шеруіне шабуыл жасауы 1848 жылы 17 маусымда австриялық әскерилермен қатал басылған Прагалық көтерілістің басты себебіне айналды. Прагадан кейін Венаның кезегі келу керек. Италияның солтүстігінде революцияны басу және Сардинияға қарсы соғыста табыстарға жетуі үкіметтің батылдығын арттырды. Австриялық бас қолбасшысының жеңістері Иоганн Штраусты Марш Радецкийді жазуға шабыт берді, ал австриялық поэзияның классигі Франц Грильпарцер қолбасшыны мадақтайтын өлеңді жазды. Осының бәрі қауымдастық көңіліндегі бетбұрыстардың айқын көрінісі болып табылады. Күштердің бөлінуі Венада да орын алған. 23 тамыз күні Ұлттық гвардияның буржуазиялық бөлігі қоғамдық жұмыстарды жасайтын кедейлер жалақысын төмендетуге қарсы шыққан жұмысшылар шеруіне оқ жаудырды; либералды буржуазия буржуазиялық революциядан толықтай алыстап кетті. Алайда революция әлі де болса өз мәресіне жеткен жоқ. Оның шарықтау шегі империялық астана - Венадағы оқиғалармен байланысты болды.

Қазанның алғашқы күндерінде австриялық астананың жұмысшылары, қолөнершілері, студенттері, көтеріліске шыққан Венгриямен пікірлестігін білдіріп, оған қарсы шығуға бұйрық алған әскерлердің жолын кесті. Веналықтар әскери министрліктің ғимаратына шабуыл жасап, шам бағанада әскери министр граф Латурды асып өлтірді. Император сарайы астанадан қайтадан қашуға мәжбүр болып, бұл жолы чех Оломоуцінде (Ольмюц) жасырынды. 22 қазанда көтеріліске шыққан Вена Прага баскесері генерал Виндишгрец пен хорват баны Елачичтің әскерлерімен қоршауға алынған. Қала қырғын шабуылдан кейін 1 қараша берілді.

Вена көтерілісшілерін құтқаруға асыққан революциялық Венгрияның әскері талқандалды. Австриялық революция аяқталып, ендігі жерде Венгрияның жазасын беру кезекте тұрды. Бұл мақсатты жеңілдету үшін 2 желтоқсан күні шағын сарай төңкерісі ұйымдастырылды: жігерсіз және алжасқан Фердинанд қызметтен босатылып, таққа он сегіз жасар Франц Иосиф (1848-1916) отырғызылды.

**Венгриядағы 1848 жылғы революция.** Венгр буржуазиялық революциясы Вена халқының қимылдарынан келесі күні 1848 жылы 15 наурызда басталды. Пешттегі оқиғалар Шандор Петефи басшылығындағы радикалды жастармен ұйымдастырылған болатын. Олардың үндеулері негізінде Пешт жұмысшылары, қолөнершілері, студенттері баспахананы басып алып, алдын-ала ақын жазған «Ұлттық жырды» және революциялық демократтармен құрастырылған революцияның бағдарламалық құжатын («12 тармақ») басып шығарды. Буржуазиялық бостандықтармен қатар «12 тармақта» барщинаны жою, ұлттық банкті құру, империялық әскерлерді елден шығару, венгр полктерін отанына қайтару, дербес үкіметті құру, Венгрияны Трансильваниямен қайта қосу сияқты талаптар қойылды.

Демонстраттар түрмеден революционер-демократ Михай Танчичті босатып, революциялық биліктің органы ретінде қоғамдық қауіпсіздік Комитетін құрды. 17 наурыз күні Мемлекеттік жиналыс алдында жауапты болған Венгрияның алғашқы үкіметі құрылды. Оны оппозиция көшбасшыларының бірі граф Лайош Баттяни басқарып, қаржы министрі болып Лайош кошут тағайындалды. Австрияға қарағанда біршама радикалды шаруа реформасы жүзеге асырылды: барщина мен шіркеулік десятина жойылып, шаруалар меншігіне өңделетін жердің 1/3 бөлігі өтті. Сословиенің 40 % құрайтын бұрынғы басыбайлы шаруалар еш өтеусіз толыққанды меншік иелеріне айналды: өтемақы толық көлемде мемлекетке жүктелді. Алайда жерсіз немесе шағын жер бөлігіне ие болған крестьяндықтар аграрлық реформалардың тереңдеуі мен кеңеюін, ең алдымен, олардың помещиктер тартып алған жерлерге өз құқықтарын мойындату талаптанды. Наурыз-сәуір айларында бүкіл ел бойынша жайлаған толқулар кезінде және кейбір оқиғалар барысында помещиктік жерлерді өз бетінше басып алу және бөлу орын алған болатын. Үкімет шаруалардың тек бір маңызды талабын қанағаттандырып, жүзім десятинасын жойды.

Наурыз айының аяғында веналық сарай Венгрияны революция кезінде жаулап алынған жерлерден айырып алу талпынысын жасады. Алайда Пешт тұрғындарының табанды қарсылығы императорды революциялық заңдарды ресми түрде бекітуге мәжбүрлейді.

Буржуазиялық бостандықтар мен жерді корольдіктің барлық халықтары иеленді, алайда венгр халықтарының ұлттық құқықтары жөніндегі мәселе тіпті көтерілмеді де. Сондықтан да венгр революциясы өзінің одақтастарынан тез арада айырыла бастады, ал австриялық реакция ұлтаралық алауыздық отын одан ары өршіту үшін қолынан келгенін бәрін жасады. Сербтер тұратын елдің оңтүстігінде көп кешікпей қарулы қақтығыстар басталды. Сербтер, трансильваниялық румындар мен хорваттардың ұлттық қозғалысты басқару австриялық контрреволюцияның одақтастарына айналған оңшыл мен ұстамды элементтердің қолына ауысты.

Үкіметке словактардың ұлттық құрметтеу мен жергілікті сейм құру талаптары бар ұстамды петиция ұсынылған соң, Венгр үкіметі словак ұлттық қозғалысының басшысы, австрославизм идеологі Людовит Штурды және оның жасқтастарын тұтқындау жөніндегі бұйрық шығарды. Ақырында

словак көшбасшылары габсбург контрреволюциясымен бірікті. Олар құрған Ұлттық кеңес Венгрия шеңберінде Словакия дербестігін жариялады. Дәл сол кезде Кеңес Венада әскери экспедициялар ұйымдастырды, алайда словак шаруалары ұлттық-патриоттық үгітке аса илікпеді. Керісінше, олар венгр әскеріне қолдау көрсетіп, ал қатарында чехтар көп болған әскери экспедиция тез арада тарап кетті.

Венгрияға қарсы контрреволюциялық соғыс венгр аумағына хорваттық Елачич әскерлерінің басып кіруінен 1848 жылы қыркүйекте басталды. Алайда елге төнген қатерлі қауіп революциялық энергияның жаңа тасқынына себеп болды. Ұйымдастыру ісін Кошут басқарған Қорғаныс Комитеті өз мойнына алды. Дамуының жаңа сатысына шыққан революция азаттық соғысқа ұласты. Аз уақыт ішінде Кошуттың күшімен құрылған және қаруланған жаңа әскер қыркүйектің соңында хорват әскерінің жолын кесіп, тіпті оларды Австрияға шегіндірді. Қыста орын алған қарулы қақығыстардан кейін 1849 жылы венгр әскерлері императорлық әскерлерге ауыр соққы жасап, австриялық шекараларға қайта жақындап кетті.

Империя жағдайы қиындап бар жатты. Патшалық Ресейдің қарулы интервенциясы апаттың бетін қайтарып жіберді. Фельдмаршал Паскевичтің басшылығындағы 200-мыңдық орыс әскерінің революциялық Венгрияның аумағына басып кіруі осы елдің тағдырын айқындады. Венгр әскерінің негізгі күштері 1849 жылы 13 тамыз күні Вилагош маңында қаруларын тастады.

**1849-1867 жылдардағы Австриялық империя.** Революцияны басып жаншудан кейін империяда абсолюттік емес тәртіп орнады. Оның басты мәні - алып буржуазия, монархия және ірі жер иелері арасындағы одақ. Алайда феодалды-абсолюттік тәртіптің толық қайта орнатылуы, «ескі тәртіпке» қайту орын алған жоқ. Ақыры абсолюттік емес тәртіп 1849 жылдың наурызында император «сыйлаған» Конституцияның күші жойылған кезде 1851 жылдың соңында қалыптасты. Басыбайлылық қайта орнатылмады. 50-жылдары шығарылған заңдар жалпы алғанда революциялық реформалардың растады, алайда олардың жүзеге асуы шаруалар мүдделеріне қайшы келіп, үкімет үлкен өтемақы соммаларын төлеуге кепіл берген помещиктердің пайдасында болды. Ауылшаруашылығын капиталистік бағытқа ауыстыруы, сауданы шектейтін тежеулерді жоюы, теміржол және кеме компанияларына жер телімдерін, кен орындары мен шахталарды сатып алу үшін жеңілдіктер беруі экономиканың жандануына алып келді. Кең теміржол салу құрылысы басталды. Нәтижесінде 60-жылдардың соңына қарай олардың ұзындығы 6 мың км жетті.

Алайда империяның ішкі саяси және халықаралық алаңдағы жағдайы тұрақсыз сипатқа ие болды. Қырым соғысы кезіндегі Вена сарайының Ресейге деген дұшпандық көңіл-күйі салдарынан Вена сыртқы саяси оқшаулануға тап болды. 1859 жылы Австрия Франция және Пьемонтпен соғыста жеңіліп, өзінің ең бай провинцияларының бірі – Ломбардиядан айырылды. Осы жеңілістен соң абсолюттік емес тәртіптің ыдырауы орын алған болатын.



Австрия енді конституциялық эксперименттер жолына түсті. Алайда 1860 және 1861 жылдары жарияланған конституция жобалары («Қазан дипломы», «Ақпан патенті») тым ұстамды болғандықтан либералды буржуазияны қанағаттандырмады. Олар Венгрияда да наразылық туғызған болатын. Ұстамды саясаткер Ференц Деактың басшылығындағы венгр дворяндығы «енжар қарсылықты» жариялап, 1848 жылғы Конституцияны қайта орнатуды талап етіп, австриялық биліктермен ынтымақтасудан бас тартты. Австрияны Германиядан мәңгілікке шығуға мәжбүр еткен 1866 жылғы австро-прусс соғысынан кейін әулет Деак орнатқан ұсыныстар негізінде венгр оппозициясымен келіссөздер жүргізуге тура келді. 1867 жылдың ақпанында империяны ішкі істерде дербес екі мемлекеті бар дуалистік Австро-Венгр монархияға айналдырған австро-венгр келісімі жасалды.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Париж жұмысшыларының маусымдағы көтерілісінің себебі неде?.
2. Германиядағы революция қалай дамыды?
3. Австриядағы 1848 жылғы революцияның шығу себебін айқындаңыз.
4. Венгр буржуазиялық революциясының мәні қандай?
5. 1851 жылдың соңында Австрияда қандай саяси тәртіп қалыптасты?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Австрия мен Венгриядағы 1848 жылғы революцияларға салыстырмалы сараптама.

## 7-ТАҚЫРЫП. ОТАРЛЫҚ ИМПЕРИЯЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

**Жаңа кезеңнің отарлық жүйесінің жалпы сипаттамасы.** XV ғ. аяғында Америка мен Үндістанға теңіз жолдарының ашылуынан кейін, Еуропа өмірінде жаңа үлкен тарихи құрылым – еуропалықтардың Еуропалық емес елдерді отарлауы пайда болды. XVI – XVII ғасырлар аралығында Еуропалық отарларды – Африка жағалаулары, үлкен және кіші Антиль аралдары, Солтүстік, Орталық Америка және Азияның оңтүстік түбегі және аралдары қамтыды. XVIII ғ. отарлар саны жер шарының осы бөліктерінде және Австралия мен Океанияға дейін таралды, ал XIX ғ. жүз жылдығында Еуропалық мемлекеттер бүкіл дерлік Африканы өзара бөліске салды.

Отарлық империяның пайда болуы және дамуы – жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесінің құрылу барысының ажырамас бөлігіне айналды. XVI ғ. аяғы - XIX ғ. бірінші жартысына дейін Еуропалық елдердің сыртқы саясаты және дипломатиясы жаңа аумақтарды иемденуге, өзіне тәуелді отарларды кеңейтуге бағытталды және саяси, сауда артықшылықтарына ұмтылды. Сол себепті отарлау мәселесі – Ұлы державалардың сыртқы саясатында үлкен маңызға ие болды. XIX ғ. бірінші жартысында отарларды қанаудың түрі мен мазмұны өзгерді. Отарларды басқару жөніндегі ірі реформалар жүргізілді (шектеу, сонымен қатар компаниялардың сауда монополияларын жою, отарларда жер сату жүйесін өзгерту және т.б.). Егер алғаш отарларды қанау ақсүйектер мен жоғарғы сауда-қаржылық буржуазияның мүдделері болса, ал XIX ғ. ортасында буржуазияның басым бөлігі оған қатысуға мүмкіндік алды.

Отарлық иеліктердің құрамы 500 жыл ішінде әр түрлі өзгерістерге ұшырады: кейбір мемлекеттер өзінің отарларын ұлғайтты; басқалары, керісінше, отарларын жоғалтты; ал үшіншілері айырылған отарлардың орнына жаңасын иеленді. Мысалы, Англия үнемі өзінің отарларының санын көбейтсе, өз кезегінде Испания мен Португалия өзінің көптеген отарларын біртіндеп жоғалтып отырды, ал Франция жоғалтқан отарларының орнына басқаларын иемденді.

**Португалия және Испания отарлық империяларының құрылуы.** Атлант мұхиты арқылы өтетін меридиан сызығымен әлемді бөле отырып, Португалия және Испания ең алғаш рет отарлық империяны құрды. Феодалдық қатынас кезеңінде құрылған Испания және Португалия отарлық империясы, Еуропалық қоғамда орнаған буржуазиялық қатынасқа міндетті болды. XVI ғ. ортасында Испания Орталық және Оңтүстік Америка аумағында үлкен отарлық империя құруға қол жеткізді. Испандық конкистадорлар дәрімен атылатын қарудың және кемеңің көмегімен Жаңа Әлемнің едәуір бай және қоныстанған бөліктерін, яғни Мексикадағы ацтектер және Перудегі инктер мемлекетін басып алды. Австралияның ашылуымен австралиялық аралдарды ала отырып, испандық иеліктердің саны өсті. Бастапқыда испандықтар ашық қанау және отарларды тонау әдісін қолданды. Соңынан, эквивалентті емес және 300 – 400%, тіпті 800% дейінгі әкелген сауда қатынасы – отарлардың кірістерінің басты көзі болып табылды.

Аса ірі көлемді заттар тоналды: Испания 1521 – 1560 жылдары Америкадан 18 мың тонна күміс, 200 тонна алтын алып кетті. Отаршылдар, соның ішінде, алдымен Испания – құрылған иеліктерінде жергілікті халық – үндістердің еріксіз еңбегін пайдалана бастады. Феодализм тұсында пайда болған Испандық және Португалдық отарлық империялары сол кездегі заңға сай өмір сүріп, дамып отырды. Испания және Португалияға келген орасан үлкен байлық бұл абсолюттік елдерде капиталға айналған жоқ, керісінше көбіне корольдің, шіркеудің және ақсүйектердің қазынасына түсіп отырды. XVI ғ. ортасында Испанияда экономикалық құлдырау басталды. XVI – XVII ғасырларда Англиямен соғыста Испания теңіз иеліктерін жоғалтты. XVII ғ. бірінші жартысында-ақ Испания өзінің Флорида, Ямайка және т.б. отарлық иеліктерінен айырыла бастайды. XVIII ғ. Испания қамтыған жері бойынша әлемде ең үлкен отарлық империя болып қалды. Испандықтар Американың Миссури өзенінің солтүстігінен Магеллан бұғазының оңтүстігіне дейінгі үлкен аумақты иеленді. Сонымен қатар, Испанияға Куба, Пуэрто-Рика, Филлипин, Океаниядағы аралдар, Африкадағы иеліктері жатты. Испания Америка және басқа да отарлық иеліктеріне шетел мемлекеттерімен сауда қатынасына жол бермей экономикалық оқшаулау саясатын жүргізді.

XIX ғ. басында ең үлкен отарлық империя – бұл Испания болды, алайда феодалдық метрополияның әлсіздігі оның империядағы үстемдігіне әсерін тигізді. 1808 жылы Наполеон әскерінің Испанияға басып кіруінен кейінгі метрополия мен отарлық империя арасындағы байланыстың ұзақ уақыт бойы үзілуі, отарлық иеліктердегі испандықтардың беделін одан әрі түсірді. Испанияның Америкадағы отарлары тәуелсіздік үшін соғыс жүргізе бастады. Бұл соғыс 1826 жылы аяқталып, нәтижесінде Испанияның Куба мен Пуэрто-Рикодан басқа америкалық отарлар: Мексика, Гватемала, Сан-Сальвадор, Гондурас, Никарагуа, Коста-Рика, Колумбия, Венесуэла, Эквадор, Перу, Боливия, Чили, Аргентина, Парагвай және Уругвай тәуелсіз мемлекетке айналды. 1703 ж. 16 мамыр айында Англия мен Португалия арасында жасалынған Лиссабон келісімшарты бойынша Португалияның отарлық империясы және оның өзі шамамен XVII ғ. үшінші ширегінде Англияның экономикалық, саяси бақылауына өтті. Лиссабон келісімшарты Испан мұрасы үшін екі ел арасындағы одақтық келісім болып табылды. Ол бойынша Англия өзіне Португалияны және оның теңіз жағалауындағы иеліктерін «қорғау» міндеттерін алды. Англия өз кезегінде Португалияға алымсыз өнеркәсіпті, соның ішінде бұрын португал үкіметінің тыйым салған тоқыма, бұйым импортын кіргізу құқығын иеленді.

Голландық және ағылшын буржуазиясы Испанияға, Португалияға, оның отарларына тауар жеткізуде пайда тауып отырды. Нәтижесінде, испандықтар мен голландықтардың өзінің отарларынан тонаған байлықтарының көп бөлігі Голландия мен Англияда капитализмнің дамуына мүмкіндік туғызды. Португалия мен Испанияның Азия, Африка, Америкадағы отарларды, сонымен бірге осы құрлықтағы тәуелсіз аумақтарды жаулап алуы, XVII – XVIII ғасырларда Голландия мен Англияның отарлық басып алу нысаны болып табылды, сауда қақтығыстарына түрткі болды.

XVIII ғ. аяғында Португалияның отарлық иеліктерімен бүкіл сауда қатынасы ағылшындар ықпалына өтті. Наполеондық соғыс кезінде Англияның Португалия және оның отарларына бақылау орнатуы одан әрі нығая түсті. Испания мен Португалияның отаршылдық қуаттылығы XIX ғ. басында әлсіз болып есептелді.

**Голланд отарлық империясының құрылуы.** Басқа Еуропалық мемлекеттердегі революциямен салыстырғанда, бұрынғы 1566-1609 жылдардағы тарихтағы бірінші нидерланд буржуазиялық революциясынан кейінгі өзінің жаңа экономикалық қатынастарын орнатқан – Голландия – жаңа кезеңнің бірінші отарлық империясына айналды. Голланд отарлық империясы Испания билігінен Голландияның азат етілуінен соң пайда болды және кең ауқымға ие болды. Голландықтар ең бірінші болып өзінің мақсатын Кап жерлері орналасқан Африканың оңтүстігіне, ост-үнділік аралға, бір жағынан Америкаға бағыттады, кейінірек Австралияға ұмтылды. Индонезия – Нидерландық Ост-Үнді немесе Голландық Ост-Үнді деп аталынды. 1595 жылы Ява аралына алғашқы голландық сауда экспедициясы келді. Осылайша, Голландияның Индонезияға отарлық жаулауы басталды. 1600 ж. голландықтар алдыңғы португалдықтарға тиісті болған Маврикий аралын басып алды. Отарлық жаулап алушылықта 1602 жылы пайда болған голландық Ост-Үнді компаниясы ерекше маңызды рөлге ие болды.

1619 жылы голландық Ост-Үнді компаниясы Батавия деп өзгертілген, Шығыстағы Голландиялық империяның орталығы болған Джакартаны жаулап алады. XVII ғ. алғашқы екі онжылдығында бұл компания Сиамдағы және Үндістанның шығыс жағалауындағы бекініс мекендерін басып алды. Сондай-ақ Голландия Жапония елінен португалдықтарды ығыстырып шығарып, бұл елдегі сауда қатынасын өз қолына алды. 1638–1658 жылдары голландықтар португалдықтармен табанды күресінен кейін Цейлонға орнықты. 1641 ж. голландық Ост-Үнді компаниясы бұрынғы португалдықтардың иелігінде болған Малакканы басып алады. Ол Қытай мен Жапонияға кіруде Индонезиямен сауда қатынасына голландықтардың бақылауды орнатуына маңызды стратегиялық тірек болып табылды. Голландықтар 1652 ж. Оңтүстік Африканың бекініс тіректерін жаулап алды. Голландия Португалияның Үнді мұхитындағы иеліктерін алды.

Жаңа Әлемді отарлау саясатында да Голландия үлкен жетістіктерге жетті. 1609 ж. голландық Ост-Үнді компаниясы Солтүстік Америкаға ағылшын теңіз саяхатшысы Гудзонның басқаруындағы экспедицияны жіберді. 1621 ж. орнаған Вест-Үнді компаниясы Жаңа Амстердам қаласын құра отырып, Жаңа Нидерланд отарының негізін қалады.

XVII ғ. бірінші жартысы голландық отарлық үстемдік кезеңі болды. Осы ғасырдың ортасында Голландия сонымен қатар сауда, кеме қатынасында, кеме жасау бойынша басқа елдер арасында бірінші орынды иеленді. XVII ғ. голландық отаршылдар буржуазиялық мемлекеттің саясатын жүргізсе де қарақшылық, тонаушылықтың негізін салған Пиреней түбегіндегі феодалдық мемлекеттердің конкистадорларынан ешқандай айырмашылығы болған жоқ. Бұрынғы феодалдық Португалия және Испания отарлық империясы

құрылған кезеңінде пайда болған құл саудасы, жаңа кезеңде де, яғни еуропалықтардың Азия, Африка, Америка, Океания елдерін жаулап ала бастағанда да өзгеріссіз жалғасып жатты.

**Ағылшын отарлық империясының қалыптасуы.** Голландиямен бір уақытта Англия да отарлық экспансиялауға кірісті. XVII ғ. 40-жылдары буржуазиялық революция Англияны отарлық, сауда, теңіз иеліктері үшін күрес алаңына алып келді. Голландықтадың қуатты болуы, бұл мақсаттарына жетуде басты бөгет болды. Алайда, Англия ең алдымен өзінің күштерін Португалия мен Испанияның отарлық үстемдігіне қарсы бағыттады. Ағылшын қарақшылары мұнда маңызды рөлге ие болды. Оларды үкімет қолдай отырып, субсидия беріп отырды.

Қарақшылар Ағылшын отарлық империясының алғашқы негізін салушыларының бірі болып саналды. Дәл осы елде екі жыл ішінде көптеген голландық компаниялардың Біріккен Ост-Үнді компаниясына қосылуына дейін, 1600 ж. бірінші Ост-Үнді компаниясы құрылды. 1609 ж. бастап ол патшаның жарлығымен Үнді және Тынық мұхитында «мәңгілікке» сауда қатынасының монопольді құқығын алды. Бастапқыда голландық және ағылшындық Ост-Үнді компаниялары бірігіп Португалияның Шығыстағы үстемдігіне қарсы күресті.

XVI ғ. соңғы он жылдығында ағылшындардың Африкаға басып кіруі басталды. Оның батыс жағалауында, Гамбияда құл саудасы үшін «қызмет етуші» - алғашқы ағылшын бекініс мекендері – факториялар құрыла бастады.

1609 ж. ағылшындар Бермуд аралдарын иемденді. XVII ғ. бірінші жартысында олар сонымен қатар Кариб бассейніндегі аралдар және Орталық Америка аумақтарын жаулап алды. Нәтижесінде Британдық Гондурас атына ие болды. Осылайша, Англия испандық Америка жолында жатқан маңызды стратегиялық аумақтарға бақылау орнату мүмкіндігін алды.

1651 ж. О. Кромвельдің Навигациялық актісі голландықтардың сауда қатынасына үлкен бөгеттік жасады. Сонымен, отарлық үстемдік үшін алғашқы соғыстардың бірі басталды. Ағылшын-голланд соғысының нәтижесінде Англия соңғы жеңіске жетті. 1665-1667 жылдары соғыс барысында ағылшындар голландықтардың маңызды аумақтарын, Солтүстік Америкадағы бекініс тіректерін, сонымен бірге Жаңа Амстердамды жаулап алды.

**Француз отарлық империясының құрылуы.** XVII ғ. және XVIII ғ. бірінші жартысында Канада, Луизиана, Ньюфаунленд, Үндістанның көптеген бөліктерінде маңызды табыстарға қол жеткізген – испан, португал, голланд секілді француз отаршылдығы пайда болды. XVII ғ. ортасында Қасиетті Лаврентия жерінде орналасқан жаңа Франция отары пайда болды. 1664 ж. ағылшындықтар Солтүстік Америкада голландықтарды басып алып, Жаңа Францияға көршілес ел болған кезде, ағылшын-француз арасындағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Жарты ғасырға созылған Англия мен Франция арасындағы қақтығыс одан әрі өрши түсті.

1644 ж. Француздық Ост және Вест-Индия компаниялары құрылады. XVII ғ. екінші жартысында Ост-Үнді компаниясы Үндістанның кейбір

бөліктерін, сонымен қатар Чандернагор, Пондишери жерлерін жаулап алды, ал француздықтар Вест-Үнді аймағындағы бірнеше аралдарды басып алып, ағылшындықтармен осы аймақтарда үстемдік үшін күрес жүргізді.

Кейінірек, XVIII ғ. екінші жартысында Франция отарлық иеліктердің басым бөлігін жоғалтты. Канада, Нью-Фаунленд, Ост-Үндінің басым көпшілігі Англияға берілді; Луизиананы алғашқыда француздар Испанияға берсе, артынан АҚШ алды, ал XIX ғ. басында Франция билігінен тыс қалған Гаити аралында екі дербес мемлекет Гаити және Сан-Доминго пайда болды. Испан отары – Сан Доминго 1821 ж. өзінің тәуелсіздігін алғанымен, келесі жылы Гаити Республикасы құрамына енді.

1844 ж. ол қайта тәуелсіздігін орнатқанымен бірақ 1861-1865 жылдары испан билігінің қоластында болды.

**XVII – XVIII ғасырдағы отарлық иеліктер үшін ағылшын-француз күресі.** XVII ғ. аяғында басталған Англия мен Франция арасындағы жаңа нарық өнімін жаулау мақсатында жүргізілген сауда күресі, XVIII ғ. француз буржуазиялық революциясына дейін жалғасты. Бүкіл әлемдегі екі елдің отарлық мүдделері қақтығысты: Вест-Үндіде ағылшындарға Ямайка, Барбадос және кейбір аралдар, ал француздарға Сан-Доминго, Мартиника, Гваделупа енген еді; Солтүстік Америкада ағылшындар қол астына Атлант мұхитынан Аллеган тауларына дейінгі Шығыс жағалаулары енді, ал Канада және Луизиана Франция отарлары болды; Үндістанның Мадрас, Бомбей, Калькутта бекініс тіректерін, ал француздар Пондишери, Чандернагор сияқты бекініс базаларын иеленді. Осман империясында сауда және саяси билік жүргізуде бақталастығы салдарынан Левантада да Англия мен Франция арасында қақтығыс пайда болды. Ағылшын-француз арасындағы әлемдік отарлық және сауда үстемдігі үшін күресі – XVII – XVIII ғасырлардың аяғында іс жүзінде Батыс Еуропалық саясаттың негізгі құралы болды және осы кезеңдегі Англия-Франция арасындағы соғыстың басты себепшісі еді.

1701 -1713 жылдары Англия мен Франция арасындағы отарлық және сауда үстемдігі үшін ірі соғыстардың бірі – ең бірінші испандық мұрагерлік үшін соғысы басталды. Франция әулеттік байланысты пайдалана отырып, испаниялық отарларға өзінің бақылауын орнатуға ұмтылды. Англия Францияның бұл бақылау орнатуына кедергі жасап отырды. Сонымен бірге, соғыс барысында біріккен ағылшын-голландық флоты Гибралтарды жаулап алды, ол Утрехт бейбіт келісімшарты бойынша Англияға берілді. Келісімшарт бойынша Франция Англияға Солтүстік Америкадағы өзіне тиісті аумақтар – жаңа Шотландия, Ньюфаунленд аралы жанындағы аралымен бірге берді. Бірақ, Англия мен Франция арасындағы болып өткен қарулы соғыс кезіндегі не испандық мұрагерлік үшін күрес, не артынша 1741–1748 жылдарда австриялық мұрагерлік үшін күрес, не болмаса Солтүстік Америка мен Үндістандағы үстемдік үшін күрес те ағылшын-француздық отарлық қарама-қайшылыққа жол бермеді. Соған қарамастан XVIII ғ. бірінші жартысында француздық Ост-Үнді компаниясы Үндістанда отарлық иеліктерге қол жеткізді. Үндістандағы француздық иеліктердің губернаторы – Дюпле, Үндістан мемлекеттері арасындағы қайшылықтарды

пайдаланды және де жалдамалы үнді әскерлерінен құралған әскеріне сүйене отырып, ол Хайдарабад және Карнатик ірі князьдықтарын Ост-Үнді компаниясына бағындыруға қол жеткізді. Плесси тұсындағы соғыс – Француздың Үндістанда отарлық империясын орнатуда соңғы үміті еді. Соғыстан кейін Франция Үндістан жағалауындағы тек қана бес қаласын сақтап қала алды. Жеті жылдық соғыстың нәтижесінде Англияға Солтүстік Американың Француздық Канада және Апалач пен Миссисипи арасындағы кең көлемді аумақтар өтті. Осылайша, XVIII ғ. екінші жартысында Англия Франциямен соғыста отарлық жаулап алушылық жолында өзінің біріншілігін көрсетті. Ол үлкен отарлық империяның иесі болып табылды.

**XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. 70-жылдарындағы ұлы державалардың бәсекелестігі және отарлық басқыншылық.** Англияның Солтүстік Америкада орналасқан отарларының өз тәуелсіздігін алу жолындағы соғысты бастауы, 1775 ж. Англияның 13 Солтүстік Америкадағы иеліктерінен айырылуына әкелді. XVIII ғ. соңында ағылшындық Ост-Үнді компаниясы өзіне әлі қосылмаған үнді князьдіктерін бағындыра бастады. 1790 ж. ағылшындар Франциямен одақтастыққа ұмтылған Майсур князьдігіне қарсы соғыс бастады. Англияның одақтастары болып тәуелді князьдік Хайдарабад және тәуелсіз Марат князьдіктері табылды. Майсур князьдігінің астанасы Серингапатама жаулап алынған соң бейбіт келісім жасалынды, бұл келісім бойынша Ост-Үнді компаниясы және оның одақтастарына Майсур аумағының жартысы өтті, 33 млн рупий көлемінде контрибуция белгіленді.

1814–1815 жылдары Вена конгресі сол кездегі құрылған Англияның орталық үстемдігін айқындап берді. Оның құрамына Мальта аралы, Кап отарлары, Цейлон аралы, Маврикий, Тобаго және т.б. Англияның XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында жаулап алынған жерлерінің қосылғандығы расталды. Оңтүстік Шығыс Азияда ағылшындар өзінің құрамына Малакс түбегінің басым бөлігін және Сингапур аралын қосып алды (1819 ж.). Англия өзіне Қытайды, Жапонияны және т.б. басқа шығыс елдерін бағындыруға ұмтылды.

Африка да Англияның отарлық саясатының нысаны болып қалды. 1861 ж. Лаосты басып алды. Бұл ағылшындардың игіліктеріне кейінірек Нигерияның, 1868 ж. Басутолендтің қосылуының бастамасы болды.

XIX ғ. ортасына қарай Англия 11 млн шаршы шақырым жері бар, 120 млн халқы бар үлкен отар иеленуші империяға айналды. Отарлық империяның билігін жүзеге асыру және Англияның болашақтағы отарлық жорықтарын бастау үшін 1854 ж. арнайы отарлық министрліктер құрылады. Осылайша, Англия XIX ғ. басында әлемдегі басты отарлық державасына айналады. Өзінің отарлық үстемдігі үшін күресіндегі басты қарсыласы Францияны жеңіп шығуы, теңіздерде ағылшын флотының басты рөл атқаруы, Англияға әлемнің барлық бөлігінен отарлық басқыншылығын кеңейтуге жол ашты.

1815 ж. Франция өзінің отарлық иеліктерінің едәуірінен дерлік айырылып қалады. 1830 ж. Алжирді жаулап алуды бастады. Бірақ, тек отыз жылдық қанды соғыстан кейін ғана Франция Алжирге қол жеткізеді. XIX ғ. ортасына қарай француздар Тунис пен Мароккаға ене бастады. 60-жылдары

қарай қара нәсілділермен табанды күрес жүргізген Франция Батыс Африкада отарларының аумағын ұлғайтты.

50-жылдардың соңында Франция Үндіқытай түбегін жаулап ала бастады. Соғыстың нәтижесінде 1862 ж. бейбітшілік және достастық туралы Вьетнам-Франция-Испанияның Сайгон келісімшартына қол қойды. Бұл келісімшарт бойынша Францияға Оңтүстік Вьетнамның 3 провинциясы, сонымен қатар Пуло-Кондор аралы өтті. Еркін сауда үшін Туран, Балак және Куанган порттары ашылды. Вьетнам Франция мен Испанияға он жылдың ішінде 4 млн доллар көлеміндегі контрибуция төлеуге міндеттеді.

Келісімшарт Францияның Үндіқытай түбегін жаулауға және бүкіл Вьетнамды, Камбоджаны, Лаосты жаулап алуға жол ашты. 1863 ж. Франция протектор өз протекторатын Камбоджаға орнатты, ол жерге Кохинхиндегі француз губернаторларына бағынатын резиденттерін тағайындады. ХІХ ғ. 70-жылдардың басында Франция түгелдей дерлік Үндіқытай түбегін өз бақылауына алды. Француз отарлық экспансиясының маңызды нысаны француздар басып алған Полинезия аралы (1842–1847), Жаңа Коледония аралы (1853) орналасқан мұхит аймағы болды.

1862 ж. император сол уақытта өз тәуелсіздігі үшін күрес жүргізген Мексикаға контрреволюциялық жорығын бастады. ІІІ Наполеон істі соңына дейін бітіруге бел байлап, Мексикаға қосымша 30 мың әскер жіберді, 1863 ж. маусымда француз әскерлері Мехикомен Пуэблонь алады, ал ІІІ Наполеон серіктестері эрцгерцог Максимилиан – Мексиканың императоры болып тағайындалады.

Максимилиан мен Наполеон арасындағы келісімшарт Мексиканың Францияға қатысты қаржылық мәселелерінің, оның Францияға толық саяси тәуелділігін қарастырды. 1869 ж. Француз компаниясы Жерорта теңізінен Үнді мұхитына шығуда жол ашатын Египет аумағында Суэц каналын салуды аяқтады. Суэц каналы тез арада Еуропалық державалардың отарлық үшін күресінің негізгі себебі болып қалды. ХІХ ғ. 70-жылдары Франция жаңа үлкен отарлық империяның негізін салуға қол жеткізді.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Отарлық империялар қалай пайда болды?
2. Португалия мен Испания қандай отарлық саясат ұстанған еді?
3. Голланд отарлық империясы қалай құрылды?
4. Француз отарлық империясы қандай жолмен құрылды? .
5. ХІХ ғ. 70-ж. ұлы державалардың бәсекелестігі қалай өрбіді?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. ХVІІ-ХVІІІ ғасырдағы отарлық иеліктер үшін ағылшын-француз күресі.



## 8-ТАҚЫРЫП. ХҮІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

**Солтүстік Америкадағы ағылшын отарлары.** Солтүстік Америкадағы отарлардың негізі Батыс Еуропадағы буржуазиялық қатынастардың «алғашқы қорлану» үдерісінің пайда болуымен байланысты еді. ХҮІ ғасырдан бастап отарлауды Испания, Франция, Англия, Нидерланды жүргізді. Олардың ішіндегі ең берігі ағылшын қоныстанушылары болды. Мұның себебі Англияның әскери қуаттылығы болды мен отарлау сипатымен де ерекшеленді. Англиядан «алғашқы қорлану» үдерісі өте қарқынды өтті және шаруа мен қолөнершілердің көп бөлігінің кедейшілік күйге түсуімен қабаттаса болды, Америкаға қоныстанушы адамдардың тасқыны көптеп кетті.

Солтүстік Америкаға ағылшындардың алғашқы тұрақты қоныстануы 1607 жылы Виргиния аумағындағы Джеймс өзенінің сағасында болды. Қоныстанушылар алтын іздеді. 1620 жылы Код мүйісінің жағалауына Англиядан діни қудалаушылықтан қашқан пуритан тобын әкелген болатын. Олар Жаңа Англияның отарына бастама болған Жаңа Плимутты құрды. Біртіндеп Атлантикалық жағалауда 13 отар (Жаңа Англияның солтүстік отарлары Нью Гемпшир, Массачусетс, Коннектикут, Род Айленд; орталықтар Нью-Йорк, Пенсильвания, Нью Джерси, Делавер, Оңтүстік Виргиния, Мэриленд, Солтүстік Каролина, Оңтүстік Каролина, Джорджия) пайда болды.

Отарлар пайда болған аумақта үнді тайпаларының екі ірі тобы: ирокездер мен алгонкиндер тұрды, олар алғашқы қауымдық құрылыста болды. Олардың жалпы саны 200 мың адам болды. Отарлау нәтижесінде үнділердің көп бөлігі өз аумақтарынан ығыстырылып, олардың территориялары жаулап алынды. Алғашқы отарлар ағылшын компанияларының пайда табу және баю мақсатымен құрылды, ал Еуропадан Мұхитқа қашқан қоныстанушылар феодалдық деспотизмнен құтылуды іздеді.

Буржуазиялық қатынастардың қалыптасуында басты рөлді пуританизм атқарды. Ұсақ фермерлік шаруашылықтар қалыптасқан Жаңа Англияда буржуазиялық қатынастардың дамуы үшін өте қолайлы алғышарттар қалыптасты. Біртіндеп олармен байланыса отырып, үй өнеркәсібі де дамыды. ХVІІ ғасырдың ІІ жартысында капиталистік мануфактуралар (тоқыма және т.б.) пайда болды.

Капиталистік өндірістің бастапқы көзі болып табылатын «алғашқы қорлануы» солтүстік американдық отарларында бірнеше ерекшеліктерге ие болды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы «ақ» және «қара» құлдықты пайдалану үшін біраз әрекеттер жасады. Салықтар енгізілді. Ағылшын королі губернаторлар тағайындап, көптеген жерлерін чиновниктер мен лордтарға бөліп берді. Көптеген салықтар сөзсіз әртүрлі наразылықтар туғызды. 1676 жылы Бэконның басшылығымен еркін жер иелену және әділетсіз салық жүйесін жоюды талап еткен Виргиния фермерлерінің көтерілісі 1689 жылы

жер және сауда аристократиясына қарсы Нью-Йорктегі Дж.Лейслер басшылығымен көтеріліс болды.

Отар мен метрополия арасындағы қайшылықтар аграрлы мәселелермен қатар, сауда-экономикалық мәселелерге қатысты да пайда болды. Ағылшын буржуазиясы отарды шикізат көзі ретінде және өнеркәсіп тауарларының өтімділігі үшін нарық ретінде қарастырды. Меркантилизм доктринасына сәйкес отарға әкелінетін ағылшын тауарларының ақша құны шығаратын шикізат құнынан асып кетті. Бірақта солтүстік пен оңтүстік отарлары капиталистік даму жолы бойынша яғни метрополияның өзі сияқты дамыды, американ буржуазиялық кәсіпкерлері кеме жасау, темір жасап шығаратын өнеркәсіптерде, ағылшын буржуазиясымен бақталастыққа түсе алды. Англия отарлардың экономикалық дамуынан қорқып, Америкадағы өнеркәсіптің және сауданың дамуын тежеуге тырысып бақты. Көптеген үкімдер шығарды.

Буржуазиялық дамуға Англияның әкімшілік саясаты да кедергі болды. Өйткені ол өзінің қол астында отардың саяси өмірін бақылап отырды. XVIII ғасырдың ортасында он үш американ отарының саяси ұйымдасуында көптеген ортақтық болды. Король көп отарда губернаторлар тағайындады, олардың қолында атқару, сот және жоғары заң шығару билігі болды. Отар ассамблеясы кеңестерден тұрды (жоғары палата), оның мүшелерін губернатор ақсүйектерден тағайындады. Сайланушыларға мүліктік ценза енгізілді, сайлау ашық түрде жүргізілді.

**Солтүстік американдық ұлттың қалыптасуы.** 1775 жылы 13 ағылшын отарында тұрғылықты халық үнділер 2,5 млн адам болды, оның ішінде 500 мың негр құлдар болды. XVIII ғасырдың ортасында аумақтың, тілдің, экономикалық өмірдің ортақтығы отарлардың шаруашылық мүдделері жаңа буржуазия ұлтының құрылуына әкелді. Отарлар арасында сауда байланыстары дамыды. Солтүстік отардан оңтүстікке астық, балық және өнеркәсіп бұйымдары әкелінді. Бірыңғай ішкі нарық құрылды. Ұлттың қалыптасу үдерісі иммигранттардың тарихи тағдырларының ортақтығына, американ жерінде екі ғасырға таяу бірігіп өмір сүру тәжірибесіне негізделді.

Сонымен қатар өзіне тән ұлттық мәдениетте қалыптасты. Оның негізін әрине ең алдымен ағылшын мәдениеті қалады, ал XVIII ғасырдың ортасында американдықтардың төл мәдениетінің белгілері де пайда бола бастады. Американдық мәдениеттің қалыптасуына әрбір иммигранттың мейлі ол ағылшын, ирландық, француздық, неміс, голландық болсын өзіндік үлес қосқаны сөзсіз.

Тәуелсіздік жолындағы күрес қарсаңында ағылшын және француздық ағартушылық идеологиясының әсер етуімен американдық ағартушылар пайда болды. Олар Т.Джефферсон, Уильямс, Хукер, Томас Пейн, Бенджамин Франклин болды. Американдық Ағарту Бенджамин Франклин (1706-1790 жж.) есімімен тығыз байланысты. Ол қоғам қайраткері, философ, жазушы, экономист, ғалым болды. Бенджамин Франклин үздік өнертапқыштар қатарынан ойып орын алады. Оның ең айтулы жаңалығы - найзағайды қуатын жоба. Франклиннің арқасында адамдар өмірі біршама қауіпсіз бола бастады. Ол сондай-ақ электр қозғалтқышын және электростатикалық

күштердің көмегімен айналатын «электр доңғалақтың» нұсқасын ортаға салды. Франклин ең алғаш рет оқ-дәріні жару үшін ұшқынды пайдаланды, кейінірек тербелмелі орындықтың патентін де бірінші болып иеленді. Бұл ғалымның әлемдік ғылымға қосқан өзге де жаңалықтары жетерлік. Басқа да американдық Ағарту өкілдері Т.Джефферсон, Томас Пейннің қызметтері елдегі революция барысында көріне бастады.

**Жаппай азаттық қозғалыстарының басталуы.** Англия үкіметінің жаңа герб салығын енгізуі наразылық туғыза бастады. 1763 жылы ағылшын королі жаңа Батыс жерлерін жаулап алуға тыйым салды. Солтүстік Америка мен Англия арасында шиеленісті күрес басталды. 1765 жылы алғашқы революциялық ұйымдар «Еркіндік ұлдары» құрыла бастады. 1767 жылы парламент Тауншенда заңдарын қабылдады. Заң бойынша Англиядан әкелінетін бірқатар тауарларға жаңа салықтар салынған. 1768 жылы Бостонға әскер кіргізілді. 1770 жылы 5 наурызда Бостон көтерілісі болды, ағылшын солдаттары халыққа оқ жаудырды.

60-70 жылдардың басында фермерлік қозғалыстар да кең етек алды. Олар Оңтүстік және Солтүстік Каролинде, Нью-Йоркте болды. 1773-1775 жылдар революцияның қалыптасып келе жатқан жылдары еді. Метрополия өзінің провинциядағы бақылауын жоғалта бастады. Отаршылдардың қысымымен таушенд заңын жойса да, ағылшындар отарлардың келісімінсіз салынған салықтарды төлету әрекетін қоймады. Осы мақсатпен «шай заңы» қабылданды. Ост-Үнді компаниясының отарларға әкелетін шайына салық салынды, яғни отарлардың өзін-өзі басқару органдарынан парламенттік биліктің үстемдігін көрсеткен әрекет еді. Бұл заң отарларда тағы да наразылық туғызды. 1773 жылы желтоқсанда «Бостон шайы көтерілісі» болды. Шайларды суға тастады, Британ өкіметі репрессиямен жауап берді. Бостон порты жабылды. 1774 жылы қыркүйек айында Филадельфияда алғашқы конгреске жиналады. Отарлар бірінші рет ағылшындарға өз талаптарын қояды.

**Тәуелсіздік үшін соғыс.** 1775 жылы Конгресс ашық түрде Англияға соғыс бастайды. Бастапқы кезде Солтүстік отарлар жеңіліске ұшырайды, себебі Англияның тұрақты әскері және әскери экономикалық жағынан Англия күшті дамыған ел еді. 1776 жылы 4 шілдеде Тәуелсіздік жөніндегі Декларация қабылданады. Декларация 13 отар елдің Англиядан бөлініп, жаңа АҚШ-тың құрылғанын жариялады. Мұнда барлық азаматтар тең деген демократиялық қағидалар көрсетілген. Бірақ АҚШ-ты ешкім мойындамады. 1778 жылы АҚШ-пен Франция арасында келіссөздер басталады. 1781 жылы қазанда генерал Корнуоллис басқарған ағылшын әскерлері біржолата жеңіледі. 1783 жылы Францияның қысымымен Англия ресми түрде АҚШ-ты мойындап, қол қояды. Бұл соғыс 1775-1783 жылдар аралығында болды. Соғыстың маңыздылығы біріншіден, АҚШ құрылды, екіншіден, соғысты Американың алғашқы буржуазиялық революциясы деп есептеуге болады. Өйткені ағылшын отаршылдық саясатын жойған соң мұнда феодалдық қалдық жойылды.

Америка буржуазиялық революциясының басқа еуропалық елдердегі революциясынан өзгешеліктеріне тоқталатын болсақ, Америкада Еуропадағы сияқты феодалдық қатынастардың тамыры тереңге жайылмады, мұнда тұрақты мемлекет болмады, американдық революция барысында американ ұлты қалыптасты, ал еуропалық революцияны қозғаушы плебейлер, қолөнершілер болған, Америкада ірі қалалар болмады, қозғаушы күші ауыл фермерлері болды. Америкада капиталистік қатынастар тез дами бастады. Ол үшін Америкада тағы да қолайлы жағдайлардың болуы, атап айтқанда батыс бос жерлерге қоныстану басталады, басып алынған жерлерде жаңа капиталистік фермерлік шаруашылықтар қалыптасты. Соғыстан кейін эмигранттардың келуі көбейіп кетті. Бұл тұрғындар санының өте тез өсуіне әкелді. Соның нәтижесінде жұмысшы күші жеткілікті болды. Соғыстан кейін Америка буржуазиясының жерді сатып алуы нәтижесінде капитализмнің қорлану үдерісі тез жүргізілді.

**1787 жылғы Конституция.** 1787 жылы 12 штат өкілдері қайтадан (Райаден штатынан басқа) конгреске жиналады. 1787 жылы мамырда Филадельфияда жаңа конституция жасау үшін Конвент құрылады. 1787 жылы қабылданған Конституция бойынша федеративті мемлекет құрылды. Конституцияның негізгі сипаты мұнда күшті орталықтандырылған мемлекет құрылды. Атқару билігі Президенттің қолында болды. Президентті жалпыға бірдей сайлау нәтижесінде бүкіл Америка азаматтары сайлады. Президент 4 жылға сайланды. 1851 жылғы қосымша бап бойынша 1 адам Президент болып тек 2 рет қабылданады. Заң шығару билігі Конгрессте болды. Конгресс 2 палатадан төменгі өкілдер палатасы (депутаттар 2 жылға сайланады, әрбір депутат өз штат округтерінен сайланады, мұнда 435 адам) және жоғары палатадан (сенат, оны 6 жылға сайлады, әрбір штаттан 2 сенат сайланады) тұрды. Заңды екі палата да қабылдағаннан кейін ғана ресми заң жүзінде қабылданады. Сот билігі Конституция бойынша жоғары сот қолында болды. Жоғары соттың 9 мүшесі бар. Мұны президент өзі тағайындайды. Жоғары сот шағым арыздарды, парламент, президент қабылдаған заңдарды бақылап отырады. Конституция сол кездегі саяси құрылыстың негізін салды. 1791 жылы 10-бап қосымша қабылданды. Қазір 26-бап қосымша қабылданған болатын. 1787 жылы I-ші президент Джордж Вашингтон сайланды. Конституцияда құлдар мәселесі шешілмеді, олар азаматтар деп есептелінбеді. Конституция қабылдағаннан соң АҚШ күшті орталықтанған мемлекетке айналды. XIX ғасырдың I жартысында АҚШ өз аумағын кеңейтуге тырысты. Мұнда капиталистік қатынастардың тез дамуына қолайлы болды.

**XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың I-жартысындағы АҚШ.** Тәуелсіздік үшін соғысынан кейін АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуы екі негізгі бағытта жүрді. Солтүстікте капитализм дамыды, өнеркәсіп төңкерісі шешуші сатысына өтіп, өнеркәсіп өндірісінің барлық салаларын қамтыды. Елдің оңтүстігінде құлиеленушілік АҚШ-тың экономикалық және әлеуметтік дамуын тежеді.

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында АҚШ-та өнеркәсіп төңкерісінің алғышарттары пайда бола бастады және өзіндік ерекшеліктерге

ие болды. Америкада кең көлемде еуропалық техника, ғылыми жетістіктер, машиналар, тіпті мамандандырылған жұмысшы күшін пайдаланды. Елдегі өнеркәсіп төңкерісінің екінші бір ерекшелігі оның бірқалыпты дамымауы. 1790 жылы АҚШ-та алғаш рет жіп иіру фабрикасы пайда болса, 1814 жылы алғаш рет жіп иіру және тоқыманы біріктірген фабрика пайда болды.

Елде өнеркәсіп төңкерісінің кең етек жаюы тек 20-40-жылдар аралығында болды. Себебі оған бірқатар кедергілер әсер етті, атап айтсақ әлі де болса АҚШ-тың Англияға экономикалық тәуелді болуы және елдің экономикасында қолөнер мен мануфактураның үлес салмағы басымырақ болды.

Соған қарамастан XIX ғасырдың 50-жылдарынан бастап АҚШ өнеркәсібі тез қарқынмен дамыды. Бу двигательдері, ауыл шаруашылық машиналары айтарлықтай көлемде шығарыла бастады. Тоқыма өнеркәсібінде 1869 жылға қарай 1700 фабрикаларда бумен жүретін машиналар пайдаланылды.

АҚШ Англия, Франция, Германия мемлекеттерімен бірге әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған индустриалды еліне айналды. 50-жылдардың аяғында-ақ АҚШ өнеркәсіп өнімдерін өндіруден дүниежүзінде төртінші орынға шықты. Осы кездері елде таптық күштерді орналастыру да елеулі өзгерістерге ұшырады. Капитализмді дамыту мүддесі енді бірыңғай ұлттық нарықты құру үшін қолайлы жағдайлар құруды, негр құлдарды жалдамалы жұмысшыларға айналдыруды талап етті. Елде өнеркәсіптік капитализмнің одан әрі дамуы үшін құлдық кедергі болды. Өйткені 50-жылдары құлиеленуші плантаторлар мен фермерлер арасында келіспеушілік өсті. Екі ағым фермерлер мен құлиеленушілер енді Батыстағы «бос» жерлерді отарлауда қақтығысып жатты. Бұдан шығатын жол тек Оңтүстіктегі құлиеленушілікті жоймайынша мүмкін емес еді.

**Батысты отарлау және билік үшін күрестің шиеленісуі.** Осы кездері құлдық мәселенің шиеленісуіне саяси факторлар да әсер етті. Бірнеше ондаған жылдар бойы құлиеленушілер елдегі орталық саяси билік бөлімшелерін президенттік пост, конгресс, жоғары сотты бақылап келсе, енді олар өздерінің конгрестегі ықпалын жоғалта бастады. Бұған себеп солтүстік штат халқының санының өсуі (еуропалық иммигранттардың осы жерлерге ағылып келе бастаған болатын), палатада солтүстік өкілдіктердің басым болуына әкелді. Плантаторлар сенатта солтүстік штаттың басым болуына жол бермеуге тырысты және тепе-теңдікті сақтауға ұмтылды. XIX ғасырдың I-жартысында олар өз мақсаттарын орындай алды. 1820 жылы Миссурий келісімі бойынша құпия тәртіп енгізілді, онда бірауқытта екі штаттан бірдей одаққа қабылданды. 1840 жылы АҚШ-та 15 құлиеленуші және 15 еркін штаттар болды.

Осы кездері батыс жерлерді фермерлік отарлау қарқынды түрде, көптеген еркін штаттардың құрылатынына әкелері сөзсіз еді. Сондықтан да енді құлиеленушілер Миссурий келісімін жоя отырып, құлдықты одан әрі солтүстікке немесе оңтүстікке таратуды көздеді. Бастапқыда олар оңтүстік бағытты ұстанды. Сөйтіп олар Испаниядан Кубаны сатуды талап етті, 1836

және 1846-48 жылдары АҚШ-тың Мексикаға қарсы соғысы да плантаторлардың территорияларды жаулап алып, оны жаңа құлиеленушілік штаттар құрмақшы болды. Бірақта 1846 жылы Пенсильваниядан шыққан фермер-демократ Д.Уилмот Мексикадан алынған жерлерде құлиеленушілікті енгізуге тыйым салған заң жобасын жасады. Құлиеленушілер оны мойындамады. Уилмот талабын Калифорния тұрғындары жүзеге асыруға тырысты. Мексикадан алынған калифорнияда алтын кені ашылып, мұнда мыңдаған қоныс аударушылар келді. 1849 жылы калифорнияда 80 мың адам болды. Олар бұл жерлерде құлдықты таратуға қарсы болды. Плантаторлар енді құлдықты Оңтүстікке емес, Солтүстікке таратуды шешті. Осы бағыттағы 1850 жылғы келісім бойынша Калифорния Одаққа еркін штат ретінде кірді, қашқын құлдар жөнінде қатаң заң енгізілді. Бұл заңға жауап ретінде Комитеттер құрылды, олар заңның жүзеге аспауын бақылап отырды.

1854 жылы құлиеленушілікті жақтаушы сенатор Ст.Дуглас «Канзас-Небраска» биллін қабылдады. Бұл толығымен құлиеленушілердің мүддесін білдірді. Осы билльді қабылдау Канзаста азамат соғысының басталуына әкелді. Соғыс нәтижесінде құлдықты жаңа жерлерге таратуға қарсы шыққандар (фрисойлер) жеңіске жетті. 1861 жылы Канзас Одаққа еркін штат болып кірді.

**Республикандық партияның құрылуы.** 1828 жылы оңтүстіктің құлиеленуші плантаторларының партиясы демократиялық партиясы құрылды.

Демократиялық партия құрылған кезде оның саясаты республикалық партияның саясатынан едәуір өзгешеленді. Ал АҚШ-та капитализм дамып, оңтүстіктің өнеркәсібі күшейе бастады және елдің капиталистік державаға айналысуымен байланысты демократиялық партия барған сайын республикалық партиямен жақындаса түсті. Екі партияның екеуі де ірі буржуазияның әртүрлі топтарының мүдделерін көздейтін болды.

Демократиялық партияның тұрақты саяси бағдарламасы жоқ. Сайлау алдындағы бағдарламасын, партия атынан президентікке, конгресс мүшелеріне ұсынылатын кандидаттарын ең ірі монополиялардың басшылары белгілейді. Партияның тұрақты мүшелерінің құрамы жоқ: тізімге тіркелгенде, өзінің осы партияны жақтап дауыс беретінін білдірген әрбір сайлаушы партия мүшесі болып есептеле береді. Партияның басында тұрған ұлттық комитет оның күнбе-күнгі қызметіне басшылық етіп отырады.

1854 жылы Америка Құрама Штаттарының Солтүстігіндегі өнеркәсіп буржуазиясының партиясы республикалық партиясы құрылды. 1861-1933 дейін империалистік және басқыншылық саясатын жүргізе отырып, өкімет билігін үздіксіз өз қолында ұстады. Партияда басқарушы рөлді өнеркәсіп буржуазиясы атқара отырып, ұлттық экономиканы дамыту бағдарламасын ұсынды. Партияның негізін фермерлер, ұсақ буржуазия, жұмысшылар құрады, олардың талаптары жерді еркін пайдалану еді. Партияның радикалды қанатында құлдықты жоюды талап еткен С.Чейз және Ч.Самнер таға басқалар болды. Партияда орташа республикашылар да болды, оның көсемі У.Стюард еді. Олар құлдықты тез арада жоюды талап еткен жоқ, тек шектеулер қойды.

**Джон Браун көтерілісі.** Осы кездері революциялық дағдарыстың одан әрі пісіп жетілуінде маңызды рөлді фермер Джон Браун көтерілісі алды. Ол құлиеленушілердің билігін тек қарулы күреспен ғана жоюға болатынын түсінді. 1859 жылы 16 қазанда 22 адамнан (оның ішінде 5-і негр) «азат етуші армия» Харперс-Ферри (Виргиния) қаласындағы 100 мың қару сақталған оқ-дәрі қоймасын басып алды. Келесі күні көтерілісшілерді құлиеленушілердің әскері мен полиция қоршап алды. Ұрыс бір тәулікке созылып, 10 адам қаза болды, оның ішінде Джон Браунның екі ұлы да болды. Джон Браун жарақаттанды, дарға асылды. Көтеріліс толығымен жеңіліс тапты. Бұл тұңғыш ақ нәсілділер мен негрлердің құлдыққа қарсы күресі еді.

Сонымен Құрама Штаттардың 1783 жылдан 1861 жылға дейінгі саяси тарихы - негізінен плантаторлар мен Солтүстік буржуазиясы арасындағы күреске толы болды. Бұл күрес – тек жер үшін ғана болған жоқ, сондай-ақ экономикалық, саяси билік үшін де күрес болды.

**1861-1865 жылдардағы азамат соғысы.** 1850-1860 жылдары өнеркәсіпке жұмсаған капитал екі есе өсіп, 1 миллиард долларға жетті. Фабрика өндірісіне көшу өнеркәсіпті шоғырландыруға, жұмысшылардың санын арттыруға байланысты болды. АҚШ халқының саны тез өсті. 1850-1860 жылдар арасындағы 10 жыл ішінде 23 миллионнан 31 миллионға дейін жетті. Әсіресе, солтүстік-батыс штаттарының халқы тез өсті.

Оңтүстік штат экономикасының сипаты мүлде басқаша болды. Мұнда мақта шаруашылығы басым болды. 1851-1859 жылдар арасында мақта өндіру 60 пайызға өсті. Мақта шаруашылығының басым болуы оңтүстік экономикасын біржақты етіп, өнеркәсіптің дамуын тежеді. Оңтүстіктің құлиеленуші шаруашылықтарының ішкі нарықпен байланысы нашар болды. Мақта түгелдей дерлік Англияға шығарылды, сөйтіп одан өнеркәсіп тауарлары сатып алынды. Мұның нәтижесінде солтүстік штаттардың өнеркәсіп бұйымдарын сатып алушылар оңтүстікте өте аз болды. Бұл АҚШ-тың жалпы ұлттық нарығын қалыптастыруға бөгет болды. Американ капитализмінің одан әрі дамуы құлдықты жоюды, жалдамалы еңбектің толық салтанат құруын талап етті. Құлдықты жою қажеттігі ішкі экономикалық және саяси себептермен ғана емес, сондай-ақ маңызды сыртқы саяси жағдайларға байланысты болды.

Құлдықтың орын алуы елдің экономикалық дамуына бөгет жасады, бұл АҚШ-тың халықаралық аренадағы позициясын едәуір әлсіретті. Сонымен, елдің экономикалық және саяси дамуы құлдықты сөзсіз жою мәселесін алға қойды. 1850-жылдардың аяғында Канзастағы азамат соғысы, республикалық партияның құрылуы, Джон Браун көтерілісі, Оңтүстіктегі құлдар көтерілісінің кең етек алуы мұның барлығы американдықтардың ескіше өмір сүргілері келмейтіндігін көрсетті. 1860 жылғы президент сайлауында республикалық партия Авраам Линкольнді ұсынды. Оның әкесі ағаш ұстасы еді. Линкольннің өзі де жас кезінде жұмысшы болды. Өз бетінше білім алып, заң ғылымдарын үйренді. Белгілі адвокат және публицист болып шықты.

1860 жылғы сайлауында көпшілік дауыс алып, Линкольн президентікке сайланды. Американ халқының аса көрнекті ұлы – Авраам Линкольн – АҚШ-

тың он алтыншы президенті болды. Ол азамат соғысы кезінде халықтың талап етуімен АҚШ-та құлдықты жойды. Оның еңбегінің ұлылығы осында еді. Президент соғыс уақытында Ұлыбританияны және басқа еуропалық елдердің басып кіруінен қорғай білді. Оның президенттігі тұсында трансконтинентальді теміржол салынды, аграрлық мәселенің шешімін тапқан Гомстед-акті қабылданды.

1861 жылы ақпанында құлиеленуші штаттардың Конфедерациясы құрылды, оның президенті Дж.Дэвис болды. Құлиеленушілер соғысқа дайындалды. Солтүстік экономикалық қуаты жағынан Оңтүстіктен басым еді. 1860 жылы Солтүстікте 22 млн адам тұрса, Оңтүстікте 9 млн адам, оның 4 миллионын негр-құлдар құрады. Солтүстікте өнеркәсіпте 1,8 млн адам болса, Оңтүстікте тек 110 мың адам болды. Солтүстік елдің өнеркәсіп өнімінің  $\frac{3}{4}$  бөлігін берді. 1861 жылы 12 сәуірде Конфедерация әскерлері Форт Самтерді бомбалады. Екі күннен кейін оны басып алды. Сөйтіп, оңтүстік пен солтүстік арасындағы азамат соғысын оңтүстік плантаторлары осылай бастады. Плантаторлар тарапынан бұл соғыс басқыншылық соғыс болды. Ол жаңа жерге құл иеленушілікті тарату үшін жүргізілді.

Азамат соғысы өз дамуында екі кезеңнен өтті. Бірақ бұл кезеңдер соғыс қимылдарымен емес, таптық, саяси жағдайларға байланысты анықталды.

Бірінші кезең – 1861-1863 жылдар. Бұл – соғысты Конституция бойынша жүргізген кезең еді.

Екінші кезең – 1863-1865 жылдар. Бұл – буржуазиялық-демократиялық революцияның кезеңі болды, соғыс революциялық әдіспен жүргізілді. Оған халық бұқарасы – жұмысшылар, фермерлер, негрлер-құлдар белсене қатысты.

Енді азамат соғысының аса маңызды оқиғаларына тоқталатын болсақ, 1861 жылдың жазына қарай жақсы дайындалған офицер кадрлары бар оңтүстік соғысқа жарамды 112 мыңдық армия құрды. Бұл арада айта кететін бір нәрсе – оңтүстікте өте тамаша соғыс ұйымы болды. Әрбір плантатор мылтықты жақсы меңгерген еді. Олардың әрқайсысында құлдардан қорғанатын қарулы отрядтары болды. Сондықтан да соғыс алдында оңтүстік нағыз соғыс лагеріне айналдырылды.

Оңтүстіктің әскери күшінің басымдығы 1861 жылы 21 шілдеде Манассас деген кішкене қала түбіндегі шайқаста көрінді. Шайқас болған жер Вашингтоннан 40 шақырымдай еді. Солтүстіктің армиясы соғысқа мерекеге жиналғандай болып беттеді. Бірақ та оңтүстік әскерінің оғы астында қалып, ешбір қарсылықсыз Вашингтонға дейін шегінді. Солтүстіктің астанасы – Вашингтонды басып алу қаупі төнді. Алайда солтүстіктің бақытына қарай оңтүстік федералдық әскердің тоз-тозы шыққанын білмеді. Осы ірі жеңіліс Линкольн үкіметіне күшті әсер етті. Армияның командалық құрамына өзгеріс енгізілді, армияның саны артты, Конгресс соғыс жүргізу үшін экономикалық ресурстарды пайдалануға бірқатар заң шығарды.

1862 жылдың қаңтарында бұрын жеке меншікте болып келген теміржол, телеграф линияларын мемлекеттің бақылауына алу жөніндегі заң қабылданды. 1861 жылдың қазанында соғыс қимылдары қайта басталып,



солтүстіктің армиясы шабуылға көшті. Солтүстік армиясы тағы да жеңіліс тапты. Оның жеке құрамының 50 пайызы қаза тапты немесе жараланып, қолға түсті. Осы жеңілістен кейін армияның бас қолбасшысы қарт генерал Скот орнынан босатылды. Жаңа сайланған қолбасшы генерал Мак Клелан да сәтті қойылған жоқ. Армияны қайта құрған ол оңтүстікке қарсы соғыс қимылдарының үлкен жоспарын жасады. Бұл жоспардың мәні – конфедерацияның аумағын түгел қоршап, 5 мың милль жерге армияны жағалай орналастыру болды.

1862 жылы қаңтарда Солтүстік әскері шабуылға көшті. Миссисипи өзенінің бойымен генерал гранттың армиясы сәтті алға жылжыды. Теңізден және құрылықтан бірдей десант түсіріп, Жаңа Орлеан қаласы алынды. Әскери қимылдарға шешуші ықпал еткен нәрсе – 1862-63 жылдары Линкольн үкіметінің қолданған шаралары болды. 1862 жылы 20 мамырда Президент Гомстед туралы заңға қол қойды. Бұл заң бойынша АҚШ-тың кезкелген азаматы 10 доллар тіркеу жарнасын төлегеннен кейін 65 гектар жер телімін алатын болды. 5 жылдан кейін бұл жер телімі жеке меншікке айналатын болды.

Ақырында 1862 жылы 22 қыркүйегінде Линкольн құлдықты жою туралы өзінің үгіт насихатын жариялады. Насихатында 1863 жылғы 1 қаңтарынан бастап құлдықта болған барлық адамдар бұдан былай қарай азаматтық алады деп жарияланды. 1865 жылы 14 сәуірде төрт жылға созылған соғыс құл иеленушілердің толық жеңілісімен аяқталды. Дәл сол күні Вашингтонда Форд театрінде отырған жерінде құл иеленушілердің тыңшысы Линкольнді атып өлтірді. 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы американдық халқының тарихында ірі революциялық оқиға болды.

**Оңтүстіктегі қайта құрулар (1865-1877 жж.).** Азамат соғысы құлдықты жойды, билік буржуазия қолына өтті, ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуына қолайлы жағдай жасалды, батыста ауыл шаруашылығы фермерлік жолмен дамыды. Бірақ та екінші американдық буржуазиялық революциясының алдында тұрған барлық міндеттер толығымен шешілмеді. Құлдықтан босатылған құлдар азаматтық, саяси құқықтарға ие болмады, олар жер ала алмады. Оңтүстікте плантаторлық жер шаруашылықтары сақталды.

1865-1866 жылдары Оңтүстікте «Қаралар кодексі» негрлерді жер иелену және қоғамдық қызметтен босатты. Олар азат болған негрлердің бұрынғы қожайындарында жұмыс істеуге күштеді, ал плантаторлар болса, өздерінің үстемдігін террорлық жолмен жүргізді, олар 1865 жылы арнайы ұйым Ку-клукс-кланды құрып, негрлерді аяусыз жазалады. Оңтүстіктегі плантаторлардың осындай іс-шаралары ( атап айтқанда толық үстемдік, тіпті өздерінің билік органдарына ұмтылуы сияқты) буржуазияға қауіп туғызды.

1866-1867 жылдары Қайта құрулардың жаңа кезеңі басталды. Солшыл республикашылар плантаторларға қарсы бағытталған бірқатар шешімдер қабылдауға барды. Бұған консервативті республикашылар қарсы болды. Екі ағым арасында туындаған мәселе Одақты қайта қалпына келтіру және Оңтүстіктегі Қайта құрулар мәселесі, оның ішінде даулы мәселе құлиеленуші штаттар көтерілістен кейін Одақта қалады ма, әлде жоқ па деген сұрақтар

туындады. Консерваторлардың пайымдауынша құлиеленуші штаттар Одақтан шыға алмайды, өйткені бұл Конституцияда қарастырылмаған. Осы негізде олар федералды үкіметтің Оңтүстік штаттар ісіне араласуын жоққа шығарады.

Радикалдар болса, Оңтүстік штаттар өз еркімен Одақтан шықты, сондықтан да барлық құқықтан айырылады және оларды енді Одаққа қабылдау белгіленген жағдайларда ғана деді. Радикалдар жеңіске жетті. Олардың ықпалымен конгресс Оңтүстік штаттардан сайланған конгресмендердің өкілеттілігін мойындаудан бас тартты. Конгресте Стивенс басшылығымен «15-ші Комитет» құрылды. Ол Оңтүстікте қайта құруларды жүргізуді өз бақылауына алды. Оңтүстік штаттарға қайтадан федералды әскер енгізілді, ереуілге шыққандарды азаматтық құқынан айырды. Конституцияға 14-ші түзету, яғни негрлердің азаматтық құқы жөнінде еді. Тек осы түзетуді бекіткен Оңтүстік штаттар ғана Одаққа қайта кіре алады. Теннес штатынан басқа барлық штаттар оны бекітуден бас тартты.

Радикалды қайта құрулар нәтижесі бұрынғы құлиеленушілердің саяси талқандалуына әкелді. Бірақ та бұрынғы экономикалық тәртіпті қалпына келтіру мүмкін емес еді, өйткені Оңтүстікте буржуазиялық қатынастар орнаған болатын. Қайта құрулар кезінде буржуазия байыды, жұмысшы қозғалысы күшейді. Американың пролетариатының басты талабы 8-сағаттық жұмыс күні болды. Буржуазия Солтүстік пен Оңтүстіктегі еңбекшілерге қарсы шыға бастады. Республикандық партия 60-жылдары радикалды қайта құру ұстанымдарынан бас тарта отырып, ірі бизнес бақылауына өтсе, демократиялық партия буржуазияланды. Бұл екі партияның жақындасуына әкелді және АҚШ-та екі партиялық жүйенің бастамасы болды.

**АҚШ-тың «ашық есік саясаты».** Испан - американың соғысы АҚШ үшін империалистік басқыншылықтың ары қарай өрлеуіне жол ашты. Кубаны, Пуэрто - Риконы, Филлиппин мен Гуам аралдарынан кейін, 1899 жылы тағы бір Тынық мұхит базасын, яғни Самоаны басып алу көзделді. АҚШ-тың сыртқы саясатында жаңа бағыттар пайда болды. Қытай нарығын Америка капиталының бақылауы, Атлант және Тынық мұхиттарын жалғастыратын канал салу, АҚШ үстемдігін күшейтті.

Бұл мәселелерді шешу үшін «Ашық есік саясатын» жарияланды. Америка империалистері Қытайды тауар мен капитал көзі ретінде тани бастады. Қытайдың ықпал ету аймағына бөлінуі АҚШ-тың қызығушылығына қайшы келді. Кейін ол Қытайды ірі ықпал ету аймағы ретінде бағындыруды көздеді. АҚШ Қытайға көз тіккен басқа да державалардың жолын бөгемек болып, «Қытайдың қамқоршысы» ұстанымына шықты. Әсіресе, Цзяочжоу мен Порт-Артурды Маньчжуриядағы орыстардың басып алуымен ағылшын-герман және теміржол құрылысындағы ағылшын-орыс ықпалы концессиясының жасалуы қауіп туғызды. 1899 жылы 6 қыркүйекте АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Хэй американдық елшілерге Англия, Германия, Франция және Ресей үкіметіне «ашық есік саясатын» жариялайтыны туралы нота жіберді. Бұл қағидаға қосылуды ұсынды. Әрбір үкімет былай деп жариялауы тиіс еді:

1. Мемлекет келісімдік порттың құқығына және заңына еш нұқсан келтірмейді.

2. Қытайлық келісімдік кедендік тариф барлық Қытай үкіметіне тапсырылады және тауарлармен порттарға белгіленуі керек.

3. Шетелдік кемелерден жоғары салықты алмауы тиіс. Американың ұсынып отырған бұл саясаты өзінің ықпалын Қытай нарығына енгізуді және өзінің бақылауын кеден жүйесіне орнатуға бағытталды. Англия үкіметіне жіберілген нотада мемлекеттік хатшы ұсынып отырған саясат Цинь үкіметіне екі мемлекеттің де бірлесіп күш жұмылдыруына жағдай туындағанын мәлімдеді. Қытайда әкімшілік реформалар жүргізуге үгіттеді. Көптеген губернаторлар ағылшындармен, ресейліктермен тығыз қарым-қатынаста болды. Осыдан қорыққан АҚШ өз саясатын Цинь монархиясын күшейту үшін жүргізіп отыр деп жариялады.

Англия, Германия, Франция, Жапония Хэйдің нотасын құптады. Англия өзі жалға алып отырған территориялармен Гонгконгта бұл саясаттың жүзеге аспауын қалады.

Петербургке көзқарастар өзгерді. Муравьев болса, Ресей державасының экономикалық-саяси бастамаларына қарсы келмейтін мәлімдеді. Өйтпеген жағдайда Қиыр Шығыста қауіпті коалиция қалыптасуы мүмкін еді. Бұл саясатын тиімді жағыда бар: Маньчжуриямен Қытайдың аудандарында Ресейдің үстемдік жүргізіп отырған аудандарының дамуына жағдай жасалды.

Наразылық Витте тарапынан туындады. Ол қолға теміржол тарифтері арқылы байланыс алуға қарсы болды. 1899 жылға желтоқсанда Америка елшісі Ресей сыртқы істер министрлігінде іс сапармен болып, ұзақ тостырған сұраққа жауап беруді өтінді.

Патша үкіметі «Ашық есік саясатын» Қытайдың барлық порттарында қолдануға (Ресей жалға алған жерлерден басқа) қарсы еместігін айтты. Ал теміржол тарифтері жөніндегі мәселелерді жанай өтті. Ресей толық мақұлдаған жауап бермесе де, АҚШ оны келісім ретінде жұрт алдында жариялауды жөн көрді. 1900 жылы 20 наурызда Хэй Америка елшілеріне б державаның берген жауаптарын сараптап, «Ашық есік саясатының» толығымен іске асуын жариялауды жүктеді. «Ашық есік саясаты» АҚШ-тың отарлық саясатының арнайы тәсілдерін құрастырудың нақты кезеңін көрсетті. Осындай жолмен американ империализмі өзінің экономикалық қуаты арқасында барлық бәсекелестерін ығыстырып шығарып, Қытай нарығын бүтіндей өз монополиясына айналдыруды көздеді.

**XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы Латын Америка елдері.** XIX ғасырдың 40-жылдары латын америка елдерінде алғашқы фабрикалар пайда болды, ал өнеркәсіп төңкерісі тек 50-жылдарда ғана тездетілді. Бұл кездері куба, бразилияда құлдық жойылған болатын. 50-жылдардың ортасынан бастап жаппай теміржол салу, шет аймақтармен тығыз экономикалық байланыстар орнатылды. Жеңіл өнеркәсіпте алғашқы фабрикалар пайда болды.

1843 жылы Мексикада 17 тоқыма фабрика, 1856 жылы 70 фабрика, одан басқа қағаз, әйнек шығаратын фабрикалар да болды. Мехико, Пуэбла, Веракрус тоқыма өндірісінің негізгі орталықтары болып табылды. 1869 жылы латын елдерінде фабрика, мануфактура, қолөнерде 280 мың адам болған, оның 10,6 мыңы фабрикаларда жұмыс істеді. Мексикада пролетариат өте тез қарқынмен қалыптасты. 50-жылдары елде алғашқы жұмысшы ұйымы «Өзара көмек қоғамы» құрылды.

40-60-жылдары жұмысшы табының қалыптасуымен бірге жергілікті буржуазияда қалыптаса бастады. Ол ішкі нарықтан хабардар бола бастады. Буржуазия өзінің кәсіпорындарын құра бастады, ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін және өзінің көзқарасын тамақ, тоқыма өнеркәсіптерінде сақтады. Ішкі нарықтың тарлығынан және жергілікті өнеркәсіп бұйымдары үшін сыртқы нарықтың болмауынан бұл елдерде капитализмнің дамуы баяу жүрді.

**XIX ғасырдың 50-60-жылдарындағы Латын америкасы елдерінің қоғамдық-саяси дамуы.** Барлық латынамерикандық елдердің саяси дамуына тән белгі, бұл олардың тәуелсіздігін алғаннан кейінгі бастапқы он жыл ішіндегі буржуазиялық қайта құрулар жөніндегі күресі еді. Күрес барысында барлық елдерде либералды және консервативті саяси ағымдар пайда болып, олардың негізінде саяси партиялар құрылды. Әлеуметтік қақтығыстар жиі-жиі әскери күреске айналды. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында континенттің барлық елдерінде азамат соғыстары болды, 1852-1862 жылдары Аргентинада, 1859-1863 жылдары Венесуэлада, ал Колумбия 1839 жылдан 1885 жылға дейін 6 азаматтық соғысты басынан кешірді.

Сондай-ақ континент елдерінде буржуазиялық қайта құрулар үшін күрес тоқталмады. 1854-1860 жылдары Мексикада буржуазиялық революция болды. Күресті басқарған либералды партияның солшыл қанатының өкілдері басқарды. Консерваторлар болса контрреволюцияны басқарды. Либералдар жеңіске жетті. 1859 жылы «реформа жөніндегі заң» қабылдады. Бұл заң елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымын елеулі өзгеріске әкелді. Шіркеу мемлекеттен бөлінді. 1856 жылы «Лердо заңы» қабылданған болатын. Бұл заң азаматтық және шіркеулік корпорацияларға меншік мүліктерін иеленуге тыйым салынды. Осы заң негізінде шіркеу мүлкін сатуға қойды. Бірақ бұл революция өзінің негізгі міндеті – ірі жер иеленушілікті жоя алмады. Ол керісінше ірі жер шаруашылығының ұстанымын күшейтті. Мексикадағы революция капиталистік қатынастың одан әрі дамуына мүмкіндік берді. Бірақ ол баяу дамыды. Мексикада аграрлық құрылым капитализмнің «прустық жолымен» дамыды.

Латын Америкасындағы азаттық күрестің басты оқиғасы әлі де испан отары болған Кубадағы 1868-78 жылдардағы «ұлы соғыс». Бұл тәуелсіздік және құлдықты жоюдағы бүкіл халықтық соғыс болды. 1868 жылы 10-қазанда Куба патриоттарының көтерілісі басталып, 1869 жылы сәуірде тәуелсіз Куба республикасы жарияланды. Бірақ көтеріліс басшылары арасындағы жікті пайдаланып, испандықтар 1878 жылы 10-ақпанда өз биліктерін қайта орнатты. Куба халқы жеңіске жете алмады. 1878 жылы испан үкіметі құлдықты жоюға мәжбүр болды. 1812 жылы аралда құл-негрлер

көтерілісі болды. Осыдан үрейленген жергілікті құл иеленушілер испан үкіметімен жасырын келісіп, аралдарды Испанияның соғыс-теңіз базасына айналдырды.

1886 жылы Кубада құлдық жойылды. 1897 жылы 25-қарашада Испания Кубаға автономия берді. 1898 жылы АҚШ Испанияға соғыс ашып, Кубадан қуып шығарды. 1899 жылы АҚШ Кубаны басып алды. Елде халық толқулары қайта күшейді.

**Латын Америка елдеріндегі АҚШ және еуропалық державалардың басқыншылығы.** Испандықтар Колумбияға 1499 жылы келіп, XVI ғасырда елдің ішкі аудандарына кіре бастады. Елде отарлық тәртіп орнап, Жаңа Гренада деп аталды. 1538 жылы отарлардың орталығы Санта-Феде-Богота қаласы салынды. Ол жерде испандықтар мақта, кофе, банан, қант және тағы басқа дақылдар өсіріп, оған жергілікті үндістер күшпен жегілді. Алтын, күміс, изумруд (жақұт) өндіретін кеніштерде де үндістердің еріксіз еңбегі пайдаланылды. XVII ғасырдың аяқ кезінен бастап Африкадан құлдар әкеліне бастады. XVIII ғасырдың ортасында қалаларда тоқыма өнеркәсібі пайда болды. Бірақ елдің әрі қарай дамуына Испания үкіметі кедергі жасап, жиі-жиі баскөтерулер болып тұрды. Көтерілістер қаталдықпен басып тасталып отырды. 1810 жылы 20 шілдеде Боготода жергілікті халық көтеріліске шығып, Революциялық үкімет құрды. Бірақ провинциялар арасындағы бәсекелестік көтерілісшілердің күш біріктіруіне мүмкіндік бермеді. 1815 жылы Испания үкіметі көтерілісшілерге 10 мыңдық жазалаушылар жасағын жіберді. 1816 жылы мамырда жазалаушылар Боготоны басып алып, көтерілісті талқандап тастады. Көтерілісшілер партизан отрядтарына бірікті. 1819 жылы ақпанда көрші Венесуэла тәуелсіздігін жариялады. 7 тамызда венесуэлалықтар мен партизандардың біріккен күштері жазалаушыларды талқандап, 17 желтоқсанда Ұлы Колумбия Федеративті мемлекеті құрылды. Елдің президенті болып С.Боливар сайланды. Бірақ креолдер арасында бірлік болмауы мемлекеттің ыдырауына алып келді. 1831 жылы Жаңа Гренаданың алғашқы президенті сайланып, келесі жылы конституция қабылданды. 1851 жылы құлдық жойылды, ал 1863 жылы жаңа конституция қабылданып, елдің аты Колумбия болып өзгертілді, Бірақ ішкі бірлік болмады да, елде жиі-жиі әскери төңкерістер мен азамат соғыстары болып тұрды. Осыны пайдаланған АҚШ 1856-1903 жылдар аралығында елден 14 рет Панама территориясын тартып алды. Нәтижесінде 1903 жылы қарашада Панама жеке мемлекет болып бөлініп шықты.

XIX ғасырдың 20-жылдары Мексика үкіметі АҚШ отаршыларына Техаста орналасуға рұқсат берді. 20-30-жылдары қоныстанушылардың саны өте тез өсті, мұнда басты рөлді АҚШ-тың оңтүстік штатының құлиеленушілері атқарды. АҚШ енді басқа жерлерді Калифорния, Жаңа Мексиканы жаулап алуға тырысты.

XVII ғасырдың басында испандықтар Мексика жерін негізінен бағындырып болды. Байырғы халықтар жерлерінен айырылып, ауыр қанауға, аштыққа ұшырады. 25 миллионға жуық үндістердің 1605 жылы 1

миллионнан астамы ғана қалды. 1624, 1692 жылы Мехикода, 1660 жылы Оахакиде, 1761 жылы Юкатанда, 1767 жылы Мичоаканда үндістердің испан үстемдігіне қарсы ірі көтерілістері болды. Мексиканы отарлау барысында түрлі этникалық топтардың (еуропалықтар, үндістер, Африкадан әкелінген құл-негрлер) араласуы нәтижесінде XVII-XVIII ғасырларда халықтың ортақ тілі мен діні қалыптасты. Отаршыларға қарсы жиі-жиі азаттық қозғалысы болып тұрды. 1810 жылы 16 қаңтарда діни қызметкер М.Идальго мен оның ізбасары Х.М.Морелос бастаған халық көтерілісі болды. Бірақ көтерілісшілер жеңіліске ұшырап, басшылары өлтірілді. Соңында А.Итурбиде басқарған ұлт-азаттық күштер 1821 жылы 28 қыркүйекте Мехиконы азат етіп, Мексиканың тәуелсіздігі жарияланды. Бірақ елде азамат соғысы басталды. 1824 жылы қазан айында конгресс конституция қабылдап, Мексиканы республика деп жариялады. 1833 жылы өкімет басына келген А.Санта-Ана конституцияға тыйым салып, елде диктатура орнатты. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Америка Құрама Штаттары Техасты отарлауға кірісті. 1846 жылы Америка Құрама Штаттары Мексикаға қарсы соғыс жариялады. Мексика жеңіліске ұшырап, өз жерінің жартысынан көбінен айырылып қалды. 1855 жылы Санта-Ана диктатурасы құлап, либералдық үкімет билікке келді. 1857 жылы жаңа конституция қабылданды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде ел экономикасы дамыған елдерден көп артта қалды. Экономиканы негізінен шетел капиталы биледі.

XIX ғасырдың 60-жылдары шетелдік басқыншылықтың аренасы Мексиканың болуы, оның еуропалық державаларға қарызының үстемесінің уақытында төлей алмауы еді. Басқыншылықтың ұйымдастырушысы Наполеон III болды, бастапқыда бұл басқыншылыққа Испания және Англия қатысқан болатын, бірақ кейін өз әскерлерін шығарды.

Наполеон III елдегі ішкі реакция күшіне сүйене отырып, 1864 жылы Мексикада монархияны жариялап, таққа император Максимилиан I отырғызды. Мексика халқы батыл наразылыққа шықты. Мексика президенті Бенито Хуарес азаттық қозғалысын басқарған, Максимилианмен келіссөз жүргізуден бас тартты. 1867 жылы Франция Мексикадан өз әскерін шығарды, сол жылы Максимилиан жеңіліс тауып, тұтқынға алынып, атылды.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Атлантикалық жағалауда орналасқан жаңа отарларды атаңыз?
2. Алғашқы американ ағартушыларына тоқталыңыз?
3. Бостон шайы көтерілісінің себебі неде?
4. АҚШ-тағы өнеркәсіп төңкерісінің алғышарттары?
5. Азамат соғысының кезеңдері және басты оқиғалары?

## 9-ТАҚЫРЫП. XVII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ГЕРМАН МЕМЛЕКЕТІ

**Вестфаль бейбіт шартынан кейінгі Германия.** Жана кезеңнің басында Германия экономикалық, саяси және мәдени құлдырауды басынан өткерген еді. Голландия Вестфаль бітім шарты бойынша алған аумағы нәтижесінде Германияның Солтүстік теңізге шығу жолын бөгеді. Одер, Эльба, Везер шығанағының Швецияның қол астында қалуы Балтикаға шығатын маңызды сауда жолдарын кесіп тастады. Германияның батысында Францияның үстемдігі орнады. Соғыс Германияның экономикалық және саяси жағынан Батыс еуропа елдерінен артта қалуын күшейтті. Елдің өндірістік күші күйреді. Оңтүстік Батыс германияның - Аугсбург, Нюрнберг, Ульм сияқты ескі экономикалық орталықтары әлемдік сауда жолдарынан айырылып қалғаннан кейін өзінің бұрынғы маңыздылығын жоғалтты.

Соғыстан кейін бұрынғы 6 мың аугсбургтық тоқымашылардан қалада 500-ге тең жуығы ғана қалды. Ортағасырлық Еуропадағы ірі немістің күміс өндіру кен орындары талан-таражға түсті. Көмір шахталары не тоқтап, не суға батып қирап жатты. Мансфельд графствосында (Саксония) 1619 жылы 3 мың жұмысшы болса, 1684 жылы олардың саны 30-дан аспады. Соғыс неміс халқына қатты соққы болып тиді. Соғыс қимылдарының, аштықтың, эпидемияның және қолөнершілерді шетелге күштеп әкету барысында Бавария, Бранденбург, Тюрингия тұрғындарының жартысына жуығынан айырылды. Вюртемберг, Гессен, Мекленбург, Пфальц халқының 60-70-пайызын жоғалтты. Германияда соғыстың алдында 16 млн халқы бар болса, 1650 жылы жалпы халық саны 10 млн ғана болды. Осы соғыс алдындағы халық санына Германия тек ХҮІІІ ғасырдың ортасында ғана жетті.

Саяси бытыраңқылық. Барлық неміс мемлекеттеріне егемендік пен олардың иеліктеріне қол сұқпаушылыққа кепілдік берген Вестфаль трактаттары елдің саяси бытыраңқылығын заңды түрде бекітті деуге болады. Оның ішінде 300-ден астам ірі және ұсақ князьдіктер, 51-тәуелсіз империялық қала және мыңжарым ұсақ рыцарлық иеліктердің көпшілігі Рейн бойында Швабия және Франконияда шашырап жатты. Әр түрлі бөлек князьдіктерде екі күндік календарлар- юлиандық және григориандық, үш тең дәрежедегі діни-наным католиктік, лютерандық және кальвинизм болды.

Әр неміс мемлекетіне өз бетінше сыртқы саясатын жүргізуге, қажеттілігіне сай кез келген мемлекетпен келісім шартқа отыруға, одаққа бірігуге құқық берілді. Ал мұның өзі бірыңғай неміс ұлтының мемлекетін қалыптастыруда ұзаққа созылған тежеушілік болды. Мұндай жағдай барлық германдық аумақты Қасиетті Рим империясы шеңберінде қағаз жүзінде біріктіруді өзгерте алмады. Қасиетті Рим империясының басына императорды тоғыз курфюрсттен тұратын (көбінде австриялық Габсбургтер әулетінен тұратын) коллегия өмірбойлық кезеңге сайланатын. Оның билігі тек сөз жүзінде еді, ал барлық мәселе Регенсбургтегі жалпыгермандық рейхстагтағы отырыстың (мәжілістің) келісімімен шешілуге тиіс болды. Рейхстагта шаруалар сословиесі көп болмады. Қала коллегиясы өз пікірін тек

басты екі коллегия – курфюрстер мен княздердің бірыңғай шешім қабылдағанынан кейін ғана айта алады. Сондай-ақ, рейхстаптағы барлық мүшесінің бірауыздан дауыс беру тәртібі іс-жүзінде жалпы шешім қабылдау мүмкіндігін жоққа шығарды. Осындай әрекетсіздік жағдай империялық сотта да байқалды. Бір ғасыр көлемінде империялық сотта 60 мың іс қаралмай қалған. Германияның бытыраңқылық жағдайында ұсақ билеушілердің шексіз билігі нығайып, саяси бытыраңқылықты бекіте түсті. Оның әлеуметтік тірегі ұсақ дворяндар еді, өйткені олар сарай маңындағы немесе әскери қызметтері барысында жер иеленушілерде жұмыс жасап, жалақы алып, соғын өмір сүрді. Олар шаруаларды күшпен ұстайтын күшті биліктің болуына мүдделі еді. Шаруалар мен қалалардан пайданың көзін тапқан князьдер, феодалдық дворяндардың кірістері мен жеңілдіктеріне тиісуге батпады, өйткені олар сословиелік жиналыстарда яғни ландтагтарда басым ықпалға ие болды. Бұндай ландтагтар көптеген неміс мемлекеттерінде сақталған еді.

Сондықтан билік басындағылар пайданың басқа көздерін іздей бастады. Сол себепті де шетелдіктердің Германиядағы саясатын қолдай отырып, соның есебінде олардан жәрдем қаржы алуға қол жеткізеді. Тұзға, кофеге, сыраға, отынға княздік үстемдік кіргізеді.

**Аграрлы қатынастар.** 30-жылдық соғыс ең алдымен шаруаларды күйзелтті. Дворяндар феодалдық қанауды күшейту арқылы өзінің қаржы жағын нығайтуға тырысты. Германияның шығысы мен батысында аграрлы қатынастарды дамыту әртүрлі жүргізілді. Солтүстік-батыс аудандарда (Вестфалия, Ганновер, Төменгі Саксония) ірі жер иеленушілік салыстырмалы түрде әлдеқайда сирек болды. Дворян-сеньорлар өз шаруашылығын жүргізуі тіпті сирек еді. ХҮІІ ғасырдан бастап олар өз жерлерін әртүрлі жалға берді. Төмені саксондық жер құқы салты бойынша шаруалар, көп жағдайда жеке еркіндікке ие, өз үлестеріне мұрагерлік жағынан қожа ретінде оларды бөлшектемей бір ғана мұрагерге бере алды. Соттың шешімімен ғана шаруаны жерінен айыруға болатын.

XVIII ғасырдың екінші жартысында түпкілікті орын тепкен арендаторлар шыға бастады, олар батрактарды жалдап, ауыл шаруашылығында капиталистік қатынастың кейбір жақтарын байқатты. Ал оңтүстік-батысында (Баден Бавария, Вюртемберг) аграрлық қатынастарда ала-құлалық болды. Мұнда кең жайылған франкондық жер құқы бойынша шаруалар өз үлесі үшін әртүрлі міндеткерлік атқарды – барщина және тағы басқадай алым төледі. Тек солтүстік-батысқа қарағанда олар жерді тұтытуда көптеген еркіндіктерге ие еді. Яғни, жерді сатуға және мұрагерлікке бөліп беруге құқылы болды. Бұл жер иелігінің ұсақ бөліктерге бөлінуіне жағдай туғызатын. Дворяндық шаруашылық та ұсақ болды, феодалдар үшін басты мәселе ол ақысы, шаруалар алған иеліктері үшін ақы төледі. Шаруалардың жеке тәуелділігімен байланысты міндеткерліктердің көп маңыздылығы болған жоқ. Жалпы аграрлы қатынастардың осындай түрі, яғни француздық сеньориалды құрылысына ұқсас шаруалардың жерге байланысты басыбайлылығы Батыс Германияның барлық аумағына тән болды. Басыбайлы шаруалардың барщиналық еңбегіне негізделген ірі дворяндық



шаруашылық – Бранденбург, Пруссия, Мекленбург аймағында қалыптасқан. Оның қалыптасуы тіпті XVI ғасырдың екінші жартысында басталған болатын. 30 жылдық соғыстан кейін тіпті тез қарқынмен дамыған болатын. Балтық теңізіне шығатын Германияның шығыс аудандары Англия, Голландия, Швецияны малмен, астықпен қамтамасыз ететін ірі жабдықтаушыға айналды. Шаруалар өз қожасының қол астындағылар болып жарияланып, соның жерінде жұмыс істеуге міндетті болды. Жалпы Мекленбургте 1688 жылы 12 мыңдай ұсақ шаруашылық болса, келесі ғасырдың (XVIII ғ.) ортасында 5 мыңға да жетпеді.

Шығыс Германияның шаруаларының Англияғыдан өзгешелігі олар еркін жұмысшы күшіне емес, егіндік жұмысымен айналысқан басыбайлы батрактарға айналды. Барщиналық шаруашылыққа жұмысшы қолы ғана емес, сондай-ақ құрал-жабдық, тартып жеткізетін күште қажет болғандықтан, шаруалар қожалықтары өз өндіріс құралдарын жұмысқа пайдаланатын ат-көліктерімен сақталды. Шаруалардың басыбайлы бекітілуі наразылық туғызды. Олар міндеткерліктің нақтылы қағаз жүзінде болуын, феодалдардың озбырлығына шектеу қоюды, талап етті. Әрине өз қожаларына сотқа арыз берген шаруалар, оларды енді өз ісін қарайтын сот ретінде де кездесіп қалып жатты.

Мануфактураның дамуы. 30-жылдық соғыстан кейін неміс өнеркәсібінің дамуына көптеген себептер болды. Қалаларда тұйықталған және шектелген цехтық жүйенің үстем болуы еркін кәсіпкерлердің дамуын тежеді. Германияның саяси бытыраңқылығының нәтижесінде шеттен келетін тауарларға шектеу қоя алмауы неміс қолөнеріне қатты соққы болды. Енді қалыптасып келе жатқан буржуазияда капитал жетіспеді, өйткені соғыс барысында дворяндар жағынан олар өз артықшылығынан айырылған еді. Негізгі бұқараның шаруалардың кедейшілік жағдайда болуы, көптеген неміс мемлекеттерінің шекараларында баж салығын алуы ішкі германдық сауданың дамуын қиындатты. Тек Рейн өзені бойындағы Страсбург қаласынан Голландияға дейін 30-дай кедендік бекеттен өту қажет болды. Осының бәрі жалпыгермандық нарықтың қалыптасуына кедергі болды.

Тек XVIII ғасырдың басында ғана елде баяу болса да экономикалық даму байқалды. Жері аз шаруалардың селолық қолөнермен айналысуы өзінің табиғи сипатын жоғалтып, өнімі сатуға арналып, делдалдық кең етек алды, біртіндеп шашыраңқы мануфактураның қалыптасуына әкелді.

Саксонияда мақта-мата және қыш-құмыра бұйымдарын шығару дамыды. 1710 жылы Майсенде корольдік фарфор мануфактурасы ашылды, оның өнімдері жалпы еуропаға танымал болды. Вюртембергте шұға жасау кең етек алды, Вестфалияда металл өңдеу дамыды. XVIII ғасырдың ортасында Германияда алғашқы орталықтандырылған мануфактуралар пайда болды. XVIII ғасырдың II-ші жартысында дамыған неміс мемлекеттерінде Пруссияда, Саксонияда цехтық қолөнерге қарағанда мануфактуралық өндіріс үстем болды. Сондықтан да XVIII ғасырдың аяғында әртүрлі сипаттағы мануфактуралық өндіріс үстемдік жағдайға ие болды. Өнеркәсіптердің дамуы кейбір әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Германияның экономикасы едәуір

дамыған аудандарында (Рейн жерлерінде, Саксония, Бранденбургте) буржуазияның қалыптасуы жедел дамыды. Рейнде экономикалық жағынан бекіген буржуазия әлі де цехтық жеңілдіктерге қарсы күресте одақтарға біріге бастайды. Олардың қысымымен 1783 жылы тоқыма өндірісінің рейндік орталықтарының бірі Эльберфельде мата цехы таратылып, еркін бәсекелестік орнайды. Ғасырдың аяғында жалдамалы жұмысшылар саны өсті. Берлинде – 2000, Галлде – 4,5 мыңға таяу болды. Жалпы жалдамалы жұмысшылар Германия тұрғындарының 0,5 пайызын ғана құрады. Яғни капиталистік қатынас әлі толық жетіле қоймаған еді.

**Бранденбург – Пруссия мемлекеті.** 30-жылдық соғыстан кейін неміс князьдіктерінің ішінде Бранденбург-Пруссия мемлекеті үлкен маңызға ие. Одер мен Эльба арасында орналасқан Бранденбург Гогенцоллерн династиясына бағынды. Соғыс кезінде Бранденбург қатты талқандалынып, соғыстың аяғында күшейе түсті. Жеңуші мемлекеттердің одақтасы Бранденбург курфюрсті – Магдебург епископтық жерлерін, Балтикаға шығатын тиімді Шығыс Памеранияны және Батыс германияда Везере мен Рейндегі ұсақ иеліктерді алды. Енді өте маңызды сауда өзен жолдары Орталық Еуропадан және Оңтүстік Германиядан Солтүстікке және Балтық теңізіне шығу осы Бранденбург жерлері арқылы өтетін болды. Мұның өзі олардың экономикалық дамуына жағдай жасады. Солтүстік Еуропадағы астыққа деген сұраныстың өсуі Бранденбургтердің батысеуропалық нарыққа шығуына және экономикалық нығаюына мүмкіншілік туғызды.

Бранденбург-Пруссия мемлекеті абсолютизмнің ерте қалыптасуымен сипатталады. Онда курфюрствоға қарсылық көрсететін ірі феодалдар болған жоқ. Орта юнкерлік және рыцарьлардың мұрагерлерінің мүддесі кедейшілік күйге түскен шаруаларды өз ырқында ұстай алатын күшті мемлекеттік билікті орнатуды және теңізге шыққанда өздеріне тиімді экономикалық және әскери қатынастарды сақтап қалуды талап етті. Бранденбургтың маңыздылығы шындығында жаңа мемлекеттің негізін салушы “ұлы карфюрст” Фридрих Вильгельм II (1640-1648 жж.) тұсында елеулі байқалды. Ықыласты басшы соғыстан кейін елсіз қалған мемлекетке басқа елдерден қоныстанушыларды тартты. 1685 жылы Нант эдиктасын жойғаннан кейін үш аптадан соң курфюрст екі тілде дінге еріктілік туралы “Потсдам эдиктін” шығарды. Онда қоныстанушыларға әртүрлі жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге уәде етілген. Діни қудаланушылықтан құтылу мақсатымен 20 мыңға таяу француз гугеноттары мен испандық Нидерландының 6 мың тұрғыны Берлинге, Магдебургке, потсдамға және курфюрстың батыс иеліктеріне қоныстанды.

Иммигранттардың көп бөлігін саудагерлер, колөнершілер, капиталдар, шеберліктер құрады. Мұның өзі елдің өнеркәсіптік дамуына үлкен үлес қосты. Олар әйнек, былғары және металлургиялық өндірістерді жақсартты және де алғашқы тоқыма және қағаз мануфактурасының негізін қалады. Бірақта бос жұмысшы күшінің жетіспеуі Бранденбург өнеркәсібінің одан әрі дамуын тежеді.

Басыбайлылықтың негізінде шаруалардың тәуелсіздігіне юнкерлік монархия ықпал ете алмады. Қайта дворяндардың мүддесі үшін 1653 жылы «мұрагерлік азаматтық» түпкілікті заңдастырылды, яғни шаруалардың басыбайлы тәуелділігі және олардың үстінен поместье иелерінің соттық билігі құпталды. Өз иеліктерінің ауқымын кеңейту мақсатында бранденбургтық курфюрстер басқа мемлекеттердің қайшылықтарын пайдаланып, бір-біріне қарсы қойды.

Курфюрст Фридрих III (1688-1713 жж.) «испан мұрагерлігі» үшін соғыстың нәтижесінде корольдік лауазымға ие болды. 1701 жылы Фридрих Кенигсбергте салтанатты түрде корольдік рәсімін өткізіп, өзін Пруссияның королі деп жариялады. Осы уақыттан бастап Бранденбург-Прусстық мемлекет – Пруссия корольдігі деп аталды.

1720 жылғы Солтүстік соғыстан кейін оның құрамына Одер бұғазымен және Балтықтағы ірі Штеттин портымен қоса Батыс Померания кірді. Пруссия корольдігінің империя шекарасынан тыс жатуы оның вассалы деп есептелінбеді, сондықтан заң жүзінде егеменді еуропалық монархия болды. Фридрих Вильгельм I королінің тұсында (1713-1740) шетелдік тауар әкелуге шектеулік күшейді, оның басты себебі ақшаның сыртқа кетуін болдырмау еді, бірақ өз өнеркәсібі елдің ішкі сұранысын толық қамтамасыз ете алмады. Феодалдық монархия төтенше тиым салумен және мемлекеттік монополиялық жүйе негізінде капитализмнің дамуына кедергі болды.

Қорыта айтқанда, маңызды сауда өзен жолдарының Бранденбург арқылы өтуі, оның батысеуропалық нарыққа шығуы, иммигранттардың көптеп келуі өнеркәсіпті дамытты, шеттен келетін тауарларға шектеу қоюы ішкі сауданың дамуына ықпал етті.

“Ағартушылық абсолютизм” саясаты. Ірі еуропалық держава деңгейіне Пруссия Фридрих II корольдығы тұсында (1740-1766 жж.) жетті. Ол өте білімді, кезінде Вольтермен байланыста болған. Ол армия санының өсуіне көп көңіл бөліп, Австрияның ішкі саяси қиыншылықтарын пайдаланып қалу мақсатында Силезияны басып алу соғысын бастайды. Екі силезиялық соғыс нәтижесінде (1740-1742 жж., 1744-1745 жж.) Австрия осы өте бай және өнеркәсібі дамыған польшалық провинцияны Пруссияға беруге мәжбүр болды. 1772 жылы Речь Посполитаяны (Литовск-Польша екі елдің әскери одағы негізінде қалыптасқан мемлекет) бірінші рет бөліске салғаннан кейін Пруссия польшалық Поморьені (теңіз жағалауын) және Батыс Пруссияны алды. Осының нәтижесінде Шығыс Пруссия корольдіктің барлық аумағымен қосылды, яғни оның ішінде Балтық теңізінің бүтіндей оңтүстік жағалауы кірді. Фридрих II тұсында Пруссияда “ағартушылық абсолютизм” жүйесі қалыптасты. Дворяндық монархия әлсіз прусстық буржуазияға иек сүйеніп мемлекеттік басқару саласында, экономикалық саясатта білім беру және сот жүйесінде нақтылы реформалар жүргізді.

Мұның басты себебі: II –ші Фридрих дворяндардың түпкі мүддесіне және феодалдық-әміршілдік жүйесіне ешқандай нұқсан келтірмей, Пруссияның басқа дамыған Еуропа елдерінен экономикалық артта қалуын жою еді. Қаржы және сот жүйесі қайта құрылды, діни-наным еркіндігі

бекітілді. 1763 жылы Пруссияда бастауыш білім беру міндетті деп есептелінді. Фридрих үкіметі ішкі кедендік жүйені қысқартып, қалалық цехтарда монополиялық құқықты шектеді. Жаңа мануфактураларды құруға қолдау көрсеткенімен екінші жағынан оларды салық жинау көзі ретінде көруі, соның нәтижесінде салық салумен қысу олардың табысты дамуын тежеді. Фридрих тұсында шаруалардың жерсіз қалуы кең етек алды. Оған басты себеп әлемдік нарықта астық бағасының көтерілуі, юнкерлерді астық өндіруге ынталандырды, оған қажетті егіндік көлемі шаруа жерінің есебінен кеңейтілді. Бірақ шаруа қожалығының қысқартылуы мемлекетке салық күйінде түсетін кірісті де қысқартты. Сондықтан 1749 жылы және 1764 жылдары шаруаларды жерінен айыруға тыйым салу Жарғылары жарияланған болатын. Сондай-ақ Помераниядағы 1763 жылы басыбайлылық құқын жою Жарғысы да юнкерлер жағынан қарсылыққа тап болып, жүзеге аспады. Тек 1777 жылы Фридрих тұсында ғана шаруалар өз жерлерін мұрагерлік иелікке алу құқына ие болды. Бұл аз да болса олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартты.

**Габсбургтер монархиясы.** XVII-XVIII ғасырларда еуропалық державалардың ішіндегі Габсбургтер монархиясы ірі де, қуатты болды. Оның негізін Габсбургтердің мұрагерлік жерлері құрады: Төменгі және жоғарғы Австрия, Тироль, словендік Штирия, Каринтия, Крайна, сондай-ақ Истрия мен Триест. Сонымен бірге Габсбургтерге чех коронының жерлері Чехия, Моравия, Силезия, венгер коронының жерлері Венгрия (Словакия мен Закарпатьені қосқанда) Хорватияны, Германияда Габсбургтер Пассау, Фрейбург, Констанц және басқа Рейн, Неккер өзендерінің аймақтарымен, Эльзастағы аймақтарға иелік етті. Бұл монархия жерлерінде әртүрлі тіл, мәдениет, салт-дәстүр болғанымен бір династияның (әулеті) астында байланыста болды. Феодалдық тап күшті болды. Габсбург монархиясының көпшілік тұрғынын (80-пайызын) шаруалар құрады. Өндіріс саласының негізін металлургия құрады. Бүкіл еуропаға Штирии мен Каринтии кендерінде өңделген темір мен болат әйгілі болды.

Габсбургтердің топтасуына және оның қуаттылығының өсуіне 30-жылдық соғыс өзіндік ықпал етті. Соғыс нәтижесінде Германиядағы Габсбургтердің беделі әлсіреді. Сонда да олардың монархиясы ыдыраған жоқ. XVII ғ. олардың иеліктерінің топтасуына екі себеп болды.

Біріншіден, абсолютизм феодалдық тәртіпсіздік пен сословиелік анархияны жеңе білді.

Екіншіден, австриялық аумақтың басым бөлігі 30-жылдық соғыс нәтижесінде Германия мен чех жеріне қарағанда, күйреуге тоналуға тап болған жоқ.

XVIII ғасырдың I-ші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық даму. Австриялық абсолютизм XVII ғасырдың аяғы-XVIII ғасырдың басында өнеркәсіпті дамытуға көп көңіл бөлген болатын. Әсіресе Карл IV тұсында Сондай-ақ осы кезеңде помещиктік кәсіпкерлік пен шаруалық өндірістің дамуы кең етек алды. Шашыраңқы мануфактура ауыл өмірінің көрінісіне енді. XVIII ғасырдан бастап мануфактуралық өндіріс оның ішінде

орталықтандырылған мануфактура жедел дамыды. Силезия, Чехия, Төменгі және Жоғарғы Австрияның кей бөліктері мануфактура орталығына айналды. Кенеп, мақта-мата өңдеумен айналысу цехтан тыс болуға тиіс деп жарияланды. Кәсіпкерлер ақшалай сыйлықпен марапатталды. Осындай экономикалық дамуға қатысты шараларға қарамастан, Габсбургтық монархия еуропалық басқа мемлекеттермен салыстырғанда әлі де әлсіздеу еді.

XVIII ғасырдың II-ші жартысында «польша мұрагерлігі» үшін соғыста Осман империясымен қақтығысып қалған габсбургтер оңтүстік Италиядан Балкандағы аумақтарынан айырылды. Оның есесіне Парма, Пьягенца және Тоскалаға ие болды. Солтүстік Италиядан беки түсуге мүмкіндік болды. Карл IV - мұрагері болмағандықтан таққа оның қызы Мария Терезия көнді. Осы кезде 1740 жылы «австрия мұрагерлігі» үшін де соғыс басталып кетті. Пруссия Силезияны басып алса, француздық және бавар әскерлері Чехияны, Тироль мен жоғарғы Австрияны алды.

Мария Терезия өзіне көмекке Венгрия сословиясын шақырып, солардың көмегі арқасында тақты сақтап қалды. Тек габсбургтер Силезияны, Пьяченцаны және Италидағы Парманы жоғалтты. Силезиядан айырылу өте қатты соққы болды, өйткені бұл аймақ өте дамыған аудан еді. XVIII ғасырдың 70-жылдары чех жерлерінде 32 мануфактура, австриялық 26, Венгрияда 19 болды. Бұл да сол кезеңдегі экономикалық дамудың көрінісі еді.

«Ағартушылық абсолютизм» саясаты. Мария Терезия билігі тұсында (1740-1780 жж.) және оның ұлы Иосиф II (1780-1790 жж.) тұсын «Ағартушылық абсолютизмі» деп атау қабылданған. Осы он жылдықтарда қоғамның барлық жақтарын қамтыған реформалар өтті. Аграрлық қатынаста, қолөнерде, саудада, өндірісте, шіркеуде, мектепте. Бұл реформалардың мақсаты: Габсбург империясын-экономикасы, армиясы, әкімшілігі жақсы жолға қойылған орталықтандырылған мемлекетке айналдыру еді. Мария Терезия мен Иосиф II провинциялардың өз монархияларының жерлерін топтастыруға итермеледі, ең алдымен басым реформа австро-чех провинцияларында жүргізілген. Олардың аграрлы реформа жүргізуіне бірнеше себептер болды:

- мануфактураға жұмысшы күшінің қажеттілігінен, салықтың көзі болып табылатын шаруа қожалықтарын үкімет жағынан қолдауға ұмтылуы.

XVIII ғасырдың 60 жылдарының аяғында аграрлы қатынастарға үстіңгі жақтан реформа жасауға түрткі болған толассыз болған шаруалар көтерілістері еді (ішіндегі ең ірі көтеріліс 1775 жылы Чехияда болды). 1781 жылғы Жарғы шаруаның жеке басыбайлылығын жойды. 1785 жылы ол Венгрияға да таралды. «Ағартушылық абсолютизмнің» аграрлық заңы шаруаның жеке басыбайлылығының жойылуы Габсбург монархиясындағы капиталистік қатынастардың дамуына өзіндік ықпал етті. 1783 жылдан 1790 жылдарға дейін Төменгі Австрия мен Чехияда қолөнер мен өнеркәсіпте істейтіндердің саны 2-есеге өсті. Бірақта реформалар шаруаларды қанаудағы феодалдықтың негізіне тиіспеді, помещиктік жериелену сақталды, өз

үлестері үшін шаруалар барщинамен өтеді. Сондай-ақ бұл реформалардың көпшілігі Иосиф I өлгеннен кейін жойылды.

1775 жылы Кедендік жарғы Габсбургтердің мұрагерлік жер аумақтарында ішкі баж салығын жойды. Екінші жағынан мемлекет армия мен бюрократтық аппаратты ұстау мақсатында қаржының көзін сауда мен өндіріске салынатын салықтан тауып, олардың дамуына тежеуші болды.

Иосиф II австрия жерлерінде католиктік шіркеудің өзін-өзі билеуіне шектеулік жасады, шіркеу жерін қысқартты. Шіркеу мен мектеп мемлекетке бағынды. 1774 жылы заң жалпы мектептік білім беру жүйесіне бастама болды. XVIII ғасырдың 80 жылдары австро-чех жерлерінде бірнеше мың әртүрлі сатылы мектеп жұмыс жасады. Жаңа оқу орындары ашылды. Ендігі жерде шіркеулік пәннің орнына табиғи-ғылыми пәндерді оқыту кең етек алды.

**XIX ғасырдың бірінші жартысында Германияның экономикалық жағынан артта қалуы және саяси жағынан бөлшектелуі.** XIX ғасырдың бірінші жартысында Германия Англия мен Франциядан экономикалық жағынан да, саяси жағынан да артта болды. Германияда феодалдық тәртіптер XIX ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Ал ол Англияда XVII ғасырда, Францияда XVIII ғасырда күйреген еді. Англия мен Франция көптен бері біртұтас ұлттық мемлекетке біріксе, Германия әлі де бытыраңқы болды.

Вена конгресінің шешімі бойынша (1815 жылы 8 маусым) құрылған Герман одағы Германияны формальдық жағынан ғана біріктірді. Іс жүзінде ол 38 жеке мемлекеттерге бөлшектелген күйінде қалды: олардың ішінде бір империя (Австрия), бес корольдік (Пруссия, Саксония, Ганновер, Бавария мен Вюртемберг), бірнеше ондаған герцогтықтар мен князьдіктер және төрт «еркін қала» (Гамбург, Бремен, Любек пен Франкфурт-на-Майне) болды. Монархтар үшін елдің мемлекеттік бытыраңқылығы дворяндардың таптық үстемдігін нығайту және өз иеліктерін сақтап қалу үшін тиімді еді. Ал Франция, Ресей, Англия мемлекеттері болашақта өздерінің бақталасы болып кетуге мүмкіншілігі бар Германияның бірігуіне жол бергісі келмеді.

Герман одағын одақтық сейм жеке басқарды. Ол Франкфурт-на-Майндегі Австрия уәкілінің төрағалық етуімен мәжіліс құрып отырды. Франкфурт-на-Майн Германияның астанасы саналғанымен іс жүзінде әр мемлекеттің үкіметі өз бетінше әрекет етті. Герман Одағындағы ең ықпалды мемлекет - бұл Австрия және маңыздылығы жағынан екінші Пруссия болды. Бұлар бұл одақтың құрамына Қасиетті Рим империясының құрамында болған бұрынғы аумақтарымен ғана кірген болатын. Пруссияға тиісті Шығыс Пруссия, Померания, Познань аумағы, сондай-ақ Австрия империясының құрамына кірген Венгрия, Словакия, Галиция және австрияның италяндық иеліктері Герман Одағынан тыс қалған болатын. Одақ өзіне Англия, Голландия, Дания иеленген Ганновер, Люксембург, Гольштейнді қосып алды.

Пруссия территориясы екі бөлек орналасқан бөліктен тұрды, яғни шығысында алты ескі прусстық провинция және батысында екі провинция – Рейн және Вестфалия. Рейн мен Вестфалия Пруссиялық шығыс бөлікті

экономикалық жағынан оза берді, бұл жерде капиталистік қатынас дами түсті, бай және ықпалды буржуазия нығая берді. Шығыста әлі де юнкерлік үстемдік етті және ірі помещиктік жер иеленушіліктің мәні зор еді.

1813-1815 жылдары кейбір неміс мемлекеттерінің билеп-төстеушілері, оның ішінде Пруссия корольі Фридрих-Вильгельм III халықтың арасында патриоттық өрлеу тудыру үшін Конституция енгізуге уәде берді. Бірақ Наполеонды жеңгеннен кейін бұл уәделерін ұмытып кетті.

Пруссияның батыс және шығыс провинциялары арасындағы айырмашылық кедендік жүйенің тәртіпсіздігінен күшейді. 1815 жылы шығыста 67 әртүрлі кедендік тарифтер кездесетін. Ал Батыста әлі де Отыз жылдық соғыс кезінен қалған тарифтер және француз басқыншылығы кезіндегі салықтар сақталған болатын. Шетелдік бәсекелестіктен қорғауды сұраған пруссия буржуазиясының талабы осы кедендік мәселелерді шешу еді. 1818 жылы Рейн буржуазиясы корольден барлық герман жерлерінде бірыңғай кедендік одақ құруды сұрайды. Бірақ Австрия қарсы болады, себебі ол Пруссияның күшеюінен қорықты. Сондықтан да бірыңғай кедендік тариф тек Пруссия территориясына ғана енгізілді. Ал бұл әрине мемлекет өмірінде прусттық буржуазияның саяси ықпалының артқандығын көрсетеді.

Көптеген басқа герман мемлекеттерінде абсолюттік тәртіп сақталды. Ганновер мен Саксонияда дворяндардың саяси үстемдігін бекіткен сословиелік ландтагтар, шаруалардың феодалдық борыштықтарының барлығы дерлік қалпына келтірілді. Оңтүстік-батыста өзгеше жағдай қалыптасты. Буржуазиялық Францияның ықпалы өшпестей із қалдырған Бавария, Баден, Вюртемберг және Гессен-Дармштадта 1817-1820 жылдары шаруалардың тәуелді жағдайының жойылғандығы расталды және буржуазия ролінің нығаяуы көрініс тапқан ұстамды конституциялар енгізілді.

Австрия мен Пруссия 1848 жылғы революцияға дейін абсолютті монархия болып қалды.

**Капиталистік қатынастардың дамуы.** Саяси бытыраңқылық пен феодалдық тәртіптер елдің өндіргіш күштерінің дамуына бөгет жасады. XIX ғасырдың I-ші жартысында Германия аграрлы ел болатын. 1816 жылы оның халқы 23 млн-ға таяу болды, ғасырдың ортасында –35 млн-нан астам адам болды. Оның 3/4 бөлігі ауыл шаруашылығымен айналысты. Шаруалардың жеке басының тәуелділігі жойылса да, олар бірқатар әртүрлі алым-салықтар, қарыздар төлеуге мәжбүр болатын. Ғасырдың басындағы аграрлы реформалардан (көптеген феодалдық қалдықтарды сақтаған) Пруссияда юнкерлік көп пайда көрді. 1821 жылы шаруаларды барщинадан босатқан аграрлы реформа бойынша Бранденбург пен Шығыс Пруссияда шаруалар өздерінің жер үлестерінің төрттен бірін, ал Померания мен Силезияда-40 пайызын берді.

Ұсақ шаруалар шаруашылығы үстем болған және феодалдық қалдықтардың әсері әлсіз болған бұл Германияның батысында, әсіресе Рейнде шаруалардың бөлінуі тез қарқынмен жүріп жатты. Сол жерде кедейленген шаруалардың еңбегін жалдамалы жұмыс күші ретінде пайдаланған ауыл буржуазиясы («гроссбауэры») бөлініп шыға бастады.

XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында неміс өнеркәсібі көбінесе мануфактуралар мен қолөнер шеберханаларынан тұрды. Саксония, Рейн-Вестфаль ауданында, Силезияда ғана мақта-мата өнеркәсібінде фабрикалық өндіріске өту байқалды.

Германияда капиталистік қатынастың дамуына, бірыңғай ішкі нарықтың қалыптасуын тежеген елдің бытыраңқылығы еді. Шетелдік, әсіресе ағылшын тауарларының елге көптеп келуі, неміс өнеркәсібінің өнімдерінің өтуін тежеді, бұған неміс буржуазиясы, әсіресе прусстық буржуазия наразы болды. Соның нәтижесінде 30-жылдардың аяғына қарай Пруссия көрші ұсақ алты мемлекетпен кедендік барьерді жоюға қол жеткізді. 1833 жылы Пруссия, Бавария, Вюртемберг, Гессен және басқа мемлекеттер (барлығы 18 мемлекет) арасында Кедендік Одақ құрылды. Бұл одақты Пруссия басқарды.

**Өнеркәсіп төңкерісі.** Елде өнеркәсіп те өте баяу дамыды. Англияда XVIII ғасырдың 60-шы жылдарында басталған өнеркәсіп төңкерісі XIX ғасырдың бірінші жартысында аяқталды. Германияда бұл үдеріс енді ғана басталған еді. Оның шығуына кедейленген қолөнершілер мен шаруалардың қатарынан шыққан еркін жұмысшы күшінің пайда болуы, дворяндар мен буржуазияның табысты ірі капиталының қорлануы, қала тұрғындарының санының және олардың сұраныстарының өсуі себеп болды.

40-шы жылдары Рейнско-Вестфаль облысында, Саксонияда және басқа кейбір аудандарда ірі фабрикалық кәсіпорындар бірте-бірте ұсақ өндірісті ығыстырып шығарды. Бұл уақытқа қарай Берлин маңызды өнеркәсіп орталығы болды. Алайда Германияның көп жерінде кәсіпшілік пен мануфактура басым еді. Өнеркәсіп төңкерісіне техникалық прогресс пен транспорттық даму үлкен роль атқарды. 1822 жылдан бастап Рейнде алғашқы пароходтар пайда болды, 1835 жылы алғаш рет Нюрнберг-Фюрт теміржолы, кейін Берлин-Потсдам, Лейпциг-Дрезден теміржолдары ашылған болатын. 1848 жылға қарай Германияның темір жолдарының ұзындығы француз теміржолдарының ұзындығынан екі есеге ұзын болып, 5 мың км-ден жоғары болды, оның 2,5 мың км. Пруссияның үлесіне тиді. Бұл теміржолдарының салынуы тек сауданы ғана дамытып қоймай, көп мөлшерде ауыр өнеркәсіптің де дамуын тездетті. Рур және Саар аудандарында темір рудасы мен көмір қорына бай Рейн облысы ерекше тез қарқынмен дамыды. Бұл жерде тау және металлургиялық өнеркәсіптің жаңа ірі орталықтары-Бохум және Эссен пайда болды. Бу машиналарының саны өсті. 1830 жылы Пруссияда олардың саны 245 болса, 1849 жылы 1264-ке жеткен. Машина жасауда пайда болды. Оның ірі орталығы Берлин қаласы болды. Саксонияда тоқыма өнеркәсібі дамыды. 30-40-жылдары Германияда өңдеу өнеркәсібінің өндірісі – 75 пайызға өсті, оның өсу қарқыны Франциядан жоғары еді, ал Германияның өнеркәсібінің жалпы даму деңгейі Франция, әсіресе Англиядан әлдеқайда төмен еді.

40-жылдары Германияға полуфабрикаттар мен машина жабдықтары әкелінді. Бірақ сыртқы сауданың дамуына, сауда флотының әлсіздігі мен бытыраңқы Германияның әлемдік нарықта өзінің саудагерлерінің мүддесін қорғауға қабілетсіздігі кедергі жасады. Мемлекеттік бірліктің болмауы капиталистік өндірістердің дамуын тежеген басты фактор болды.



Германиядағы өнеркәсіп төңкерісі өнеркәсіп пролетариатының қалыптасуына әкелді. Жалдамалы еңбек адамдарының жалпы саны 1832 жылы 450 мыңнан 1846 жылы 1 млн-ға жеткен.

Сонымен қатар осы кездегі Германияның алдында тұрған басты міндеті елді саяси жағынан біріктіру еді. Германияны біртұтас ұлттық мемлекетке айналдыру оның экономикалық дамуын тежеген кедергілерді жоюға әкелері сөзсіз. Мемлекеттік бірлікке жеткен соң неміс буржуазиясы бөтен жерді жаулап алу және Европада экономикалық және саяси үстемдік үшін күресуге жоспар жасады. Мұндай жоспарды, мысалы буржуазиялық экономист Фридрих Лист ашық насихаттады. «Германия, Германия бәрінен де артық» деген шовинистік ән осы кезде шықты. Ол кейін неміс империалистерінің гимніне айналды.

**1815-1830 жылдардағы Германиядағы саяси реакция.** Реакцияшыл пруссияшылықтың рухы Пруссияның бүкіл қоғамдық рухын уландырды. Бұл жылдардағы революциялық қозғалыс астыртын үйірмелердің әрекетінен ары асқан жоқ. Оған қатысушылардың бәрі дерлік студенттер еді. Әсіресе 1819 жылдан бастап реакция өте күшейді. Саяси реакцияның өсуі идеологияның барлық саласында реакцияның күшеюімен қабат жүрді. Құқықтану ғылымы саласындағы реакцияның дем берушісі «құқықтың тарихи мектебі» дейтін болды.

Көркем әдебиетте, тарихнамада, философияда аристократиялық романтизм болды. Ол француз революциясы мен XVIII ғасырдың ағарту философиясының идеяларына қарсы реакцияны білдіреді.

Философия саласында реакциялық тәртіптердің басты қорғаушысы Гегель (1770-1831 жж.) болды. Ол – профессор, ал кейіннен Берлин университетінің ректоры. Гегель – аса реакциялық, идеалистік философия жүйесін жасаушы болды, мұның негізі «абсолюттік идея» немесе «дүниежүзілік рух» туралы ілімнен тұрады. Пруссия монархиясын мадақтай отырып, Гегель оны саяси дамудың идеалы деп жариялады. Ол Пруссияның басқыншылық сыртқы саясатын және оның милитаризмін мадақтады, ал соғыс халықты «рухани жағынан тазартуға» жағдай жасайды деп дәлелдеуге тырысты.

**Германияда жұмысшы қозғалысының басталуы.** Франция мен Бельгиядағы 1830 жылғы революция мен Англиядағы 1832 жылғы парламенттік реформа Германияда қоғамдық құбылыстың өрлеуіне себеп болды. 1830-1833 жылдары бірқатар неміс мемлекеттерінде (Саксонияда, Брауншвейгте, Ганноверде, Баварияда) халық бас көтерулері болып өтті. Мұның нәтижесінде конституциялық тәртіптер енгізілді.

Немістің алғашқы жұмысшы ұйымдары 30-шы жылдардың басында шетелде пайда болды. Оларды саяси эмигранттар құрды. 1834 жылы Парижде «Қуылғандар одағы» пайда болды. Бұған жұмысшылармен және кәсіпшілермен бірге интеллигенция өкілдері де кірді. «Қуылғандар одағының» ішінде ұсақ буржуазиялық демократтар мен социалистер арасында күрес жүріп жатты. 1836 жылы одақ ыдырап, социалистік топ бөлініп шықты. Ол «Әділеттілер одағы» деп аталды. «Одақтың»

бағдарламасы – утопиялық болды. Одақтың ұраны: «Барлық адамдар туысқандар» деген сөз еді. «Әділеттілер одағы» Бланки басқарған Францияның «Жыл мезгілдерінің қоғамымен» тығыз байланыс жасап тұрды. Бұл ұйымның (1839 жылы Париждегі сәтсіз көтерілістен кейін) талқандалуы «Одақтың» уақытша ыдырауына алып келді.

30-40-шы жылдардағы немістің утопиялық социализмінің ең көрнекті өкілі – Вильгельм Вейтлинг болды (1808-1871 жылдар). Оның басты еңбегі 1842 жылдың аяғында «Гармония мен бостандық кепілі» деген атпен шықты. Кітапта капиталистік құрылысқа қатаң сын айтылып, жаңа, коммунистік қоғамды құрудың жан-жақты жоспары қарастырылған.

Алайда Вейтлинг өзі шыққан кәсіпшілердің мүддесін білдіре отырып, еңбекшілердің капитал езгісінен құтылуының жолдарын дұрыс түсіне алмады. Ол революцияшыл теорияның маңызын жете бағаламады. Германияның феодалдық монархиядан коммунистік республикаға тікелей өтуі мүмкін деп есептеді. Әлеуметтік революциядағы жұмысшы табының жетекші ролін түсінбеді.

1844 жылы маусымда Силезия тоқымашыларының аяқ асты көтерілісі болды. Бұл – Германия жұмысшы табының өз бетімен тұңғыш бас көтеруі еді. Силезияның тоқыма мануфактураларындағы тоқымашылардың жағдайы өте ауыр болды. Оларды мануфактура иелері бір жағынан, помещиктер екінші жағынан қанады. Көтеріліс жасаған тоқымашылар ең қатал қанаушының бірі Цванцигердің және басқа да мануфактурашылардың үйлері мен кәсіпорындарын талқандады.

Көтеріліс қаталдықпен басылды, бірақ ол бүкіл елге, тіпті одан тысқары жерлерге де күшті әсер етті. Гейне бұл оқиғаға тамаша жауынгерлік өлеңдер жазды. Герцен оны өз күнделігінде атап өтті. Силезия көтерілісінің зор маңызын атап көрсете келіп, Маркс былай деп жазды: «Силезия көтерілісі тура француз және ағылшын көтерілістерінің аяқталған жерінен – пролетариаттың саналылығынан басталады».

1846 жылы көптеген басқа елдердегі сияқты Германияда да астық шықпай қалды. Бұл мәселені тек жалпы германдық парламент шешуге тиіс еді. 18 мамыр 1848 жылы Франкфурт на Майне ұлттық жиналыс өз қызметін бастады. Оның құрамында герман буржуазия және буржуазиялық интеллигенция өкілдері – профессорлар, адвокаттар, әдебиетшілер кірді.

Ұлттық жиналыстың құрамында үш негіз саяси топ белгіленді.

1) Оның қанатында (шамамен 60 депутат) ескі, реакциялық элемент революцияның нағыз қас жаулары

2) Екінші топ – республикалық пиғылдағы ұсақ буржуазиялық депутат. Олардың көсемі – Роберт Беголи (Мақсат – федеративтік Германия).

3) Көпшілігі либералдық буржуазия өкілдері – 270 депутат. Олар бір жағынан абсолютизмге қарсы шықты. Екінші жағынан реакциялық күш демократия күштеріне қарсы тұрды.

4) Солшылдар.

Жалпыгермандық парламентті шақыруды және басқа да талаптар қойған петициялар берілді. Халық демонстрацияларының қысымымен үкімет бұл

талаптардың біразын қанағаттандырды. Ол жалпыға ортақ жеңілдік және феодалдық салықтарды жою туралы заң шығаруға уәде берді. Гессен-Дармштад пен Вюртембергте де оқиғалар шамамен осылайша өрістеді.

Саксонияда, Ганноверде және басқа да кейбір Германия мемлекеттерінде халықтың қысымы билеп-төстеушілерді либерал-буржуазиялық оппозицияның талаптарына ішінара жеңілдіктерге баруға мәжбүр етті.

Бавариядағы толқулар күшті болды. 3 наурызда король Людовик I-ге саяси бостандықты талап еткен петиция берілді. 4 наурызда Мюнхеннің жұмысшылары, кәсіпшілері мен студенттері арсеналды басып алып, ондағы қаруды қолға түсірді. 21 наурызда қараған түні Людвиг I тақтан бас тартып, оны өзінің ұлы Максимилианға тастап қашып кетті.

Революциялық қозғалыс Пруссияны да қамтыды. Ол Рейн облысында басталды. 3 наурызда Кельн жұмысшыларының бұқаралық демонстрациясы (мұны әзірлеуге коммунистер одағының жергілікті қауымы қатысқан болатын) қалалық советке петиция табыс етті. Мұнда олар жалпыға бірдей сайлау құқығын, тұрақты армияны құртуды, халықты жаппай қаруландыруды, «еңбекті қорғау және адамдардың қажетін қанағаттандыруды», балаларды қоғамның есебінен тәрбиелеуді талап етті.

6 наурызда Берлинде жүрістер мен демонстрациялар басталды, 13 наурызда олар көшеде әскермен қақтығысуға барып ұласты. 18 наурызда Король сарайын қоршаған халыққа әскерлер шабуыл жасады. Бұл бұқараның ашу-ызасын туғызды. Берлин көшелері баррикадаларға толып, кескілескен ұрыстар басталды. Әскердің шамасы жетпейтін болған соң үкімет оны Берлиннен шығарып әкетіп, кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды: жалпыға бірдей жеңілдік жарияланды және азаматтық гвардия ұйымдастыруға рұқсат берілді. 29 наурызда либералдық үкімет құрылды, Пруссияның тарихында тұңғыш рет үкімет басына помещик-дворяндардың емес, ірі буржуазияның өкілдері келді.

Өкімет басына келген соң немістің буржуазиялық либералдары революцияның одан әрі дамуына жол бермеуді, монархияны сақтауды, Германияның қоғамдық және саяси құрылысын толық демократияландыруға кедергі жасауды мақсат етіп қойды. Либералдық буржуазия монархиямен және дворяндармен келісуге барды. Халық қозғалысына қарсы бірлесіп күресу үшін министр-либералдар өкіметтің ескі аппаратын көп өзгеріссіз сақтап қалды.

Халық бұқарасының онсыз да ауыр тұрмысы тіпті нашарлап кетті. Ол 1847 жылы күзде бүкіл Европаның дерлік экономикасын шайқалтқан күшті сауда-өнеркәсіп дағдарысы кезінде одан да төмендеді. 1847 жылдың сәуірінде Берлинде ашыққан халық азық-түлік дүкендерін қиратып, тақтың мұрагері принц Вильгельм сарайының әйнегін сындырды. Басқа қалаларда да ашыққандықтан бас көтеру болды.

Фридрих-Вильгельм IV реформа атаулыға қарсы шығып отырды. Алайда финанстық қиыншылықтар үкіметті 1847 жылы апрельде Біріккен ландтагты шақыруға мәжбүр етті. Либералдардың көсемдері Біріккен

ландтагты парламенттік мекемеге айналдырып, оған заңды бекіту правосын талап еткенде, король өз билігіне шек қоюға ешуақытта келіспейтінін мәлімдеді. Ландтаг заемды бекітуден бас тартқан соң король оны таратып жіберді. Бұл оппозициялық пиғылды күшейте түсті.

Саяси жағдай елдің басқа жерлерінде де шиеленісті. Баварияда 1848 жылы февральдың басында іс әскермен қақтығысуға дейін барды. Баденде де жағдай шиеленісті.

**XIX ғасырдың II-ші жартысында Германиядағы өнеркәсіп төңкерісінің жетістіктері.** 50-60 жылдарда герман мемлекеттерінде толық қарқынмен өнеркәсіптік төңкеріс жүріп жатты. 50-ші жылдарда өнеркәсіптік өнімнің көлемі екі еседен артық өсті. Пруссия, Герман Одағының барлық мемлекеттерінің саудагерлері мен өнеркәсіпшілері 1847-48 жылдары экономикалық дағдарыс аяқталғаннан кейінгі қалыптасқан қолайлы шаруашылық жағдайларын тиімді пайдаланды. Барлық жерде жаңа кәсіпорындар салынып, іске қосылып жатты, жұмысшылардың саны өсті.

60-жылдардың басында Германияда 1 млн-нан астам жұмысшы болды. Рейн облысы, Саксония, Силзия, Берлин нағыз индустриалды орталықтарға айналды. Көмір, кен өндіру көздері тез кеңейді, металл балқыту, жаңа двигательдер саны өсті. 1861 жылы Германияда 1846 жылы, 1830 жылмен салыстырғанда 6 есе көп бу двигательдері жұмыс істеді.

Темір, болат, машина жасау өндірісінің шоғырлануының өсуімен бірге өнеркәсіптің осы салаларындағы жұмысшылар саны 2,5 есе өсті. Круптың металлургия зауытының жұмысшыларының саны 1845 жылы 122-ден 1870 жылы 16 мыңға дейін көбейді. 1850 жылдан 1870 жылға дейін темір жолдарының ұзындығы бір Пруссияның өзінде 3 есеге жуық, яғни 3869-дан 11523 км-ге дейін өсті. Ішкі және сыртқы сауда біршама кеңейді.

Германияны дамыған капиталистік елдер қатарына кіргізген экономикалық дамуы көптеген себептермен түсіндіріледі. Ол 1848 жылғы революцияға дейінгі кездің өзінде Германия Англияда аяқталған өнеркәсіп төңкерісінің жетістіктерін пайдаланып, жеңіл өнеркәсіпте машиналарды қолданумен қатар тез арада машиналарды өндіріс құралдарын өндіру үшін енгізген болатын, яғни машина жасауды дамытты, ал оның өзі өнеркәсіптік төңкеріс мерзімдерін қысқартуға жағдай туғызды. Өнеркәсіптің дамуына 1848 жылғы революциядан кейін күшейген Кедендік Одақ та белгілі дәрежеде үлес қосты, Кедендік Одақ жалпыгермандық ішкі нарықты құру қажеттілігінен туындаған болатын. 60-жылдардың соңында экономикалық дамудағы шешуші фактор Германияның саяси бірігу үрдісі болды. Сонымен қатар Германияда міндетті бастауыш білім берудің арқасында миллионнан астам адам бастауыш білім алды, ол өз кезегінде техниканың дамуына қолайлы жағдай туғызды, бұл буржуазияның мүдделеріне сай болды. Германияның капиталистік өнеркәсібі жедел дамып келе жатқан елге айналуының елеулі шарты оның басқа елдерге қарағанда жұмысшы күшін көбірек пайдалануы (қанауы) болды. Жұмысшы күші әсіресе ауылдық үй өнеркәсібінде көп пайдаланылды, ол ауылшаруашылығындағы

капитализмнің айрықша «пруссиялық» жолмен дамуымен байланысты болды.

**Ауыл шаруашылығындағы капитализмнің «пруссиялық» даму жолы.** XIX ғасырда неміс мемлекеттеріндегі аграрлы заңдардың көптігі мен алуан түрлілігіне қарамастан олардың көбісі прусс заңдарының негізінде жасалған болатын. 1848 жылғы революцияға дейін тауарлық шаруашылықтың дамуы өсіп келе жатқан жағдайда барщиналық шаруалар еңбегін қанаған феодалдық-крепостниктік шаруашылықтан юнкерлік-капиталистік шаруашылыққа өту байқалды. Бұл тенденция революциядан кейін, өнеркәсіптік төңкеріс кеңейіп келе жатқан кезде күшейді, шаруалар еңбегінің ескі барщиналық түрі экономикалық тұрғыда ары қарай өмір сүруге қабілетсіз болды. Ауыл шаруашылық өндірісін дамып келе жатқан капитализмге бейімдеу қажет болды.

1850 жылы 2 наурызда «Помещиктер мен шаруалар арасындағы қатынастарды реттеу туралы» заң қабылданды. Бұл заң бойынша кейбір борыштар жойылды, ал негізгі борыштарды жыл сайынғы төлемдердің он сегіз мәрте мөлшеріне тең төлем арқылы түпкілікті өтеу немесе сатып алу керек болды, сомманы төлеу кезінде делдалдық ету мақсатында ренталық банктер құрылды. Шаруа елу алты жыл көлемінде амортизациялық төлемдер жасаған кезде ғана барлық борыштардан босатылатын болды. Бұл заң Рейннің сол жақ жағалауына таралмады, онда француз революциясының ықпалымен аграрлы қатынастар капиталистік жолмен дамып келе жатқан еді.

Заңның іске асуының нәтижесінде капитализм талаптарына бейімделіп келе жатқан дворяндық шаруашылықтардың көлемі ұлғайды. Дворяндар 1858 жылы бүкіл жер ауданының 50,3 пайызын иеленді. Шаруалардың тоналуы ауылдың жіктелуін және жер иеленушілердің капиталистік кәсіпкерлерге айналуын жеделдетті, олардың жерлерін жерсіз шаруалар, нақтырақ айтқанда жер үлестері бар батрактар өңдеді.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың алғашқы онжылдығындағы реформалардан бастап, 1850 жылы борыштарды сатып алу туралы заңмен қоса Германиядағы аграрлық реформалар өздерінің мазмұны бойынша буржуазиялық реформалар болды. Олардың нағыз мақсаты шаруалардың жағдайын жақсарту емес, аграрлы қатынастарды өсіп келе жатқан капиталистік өндіріс пен нарық талаптарына бейімдеу еді. Өйткені өсіп келе жатқан жаңа қатынастар жерді пайдаланудың және ауыл шаруашылық еңбектің ескі жүйесіне қанағаттанбады. Ауыл шаруашылығындағы капитализмнің дамуының осындай жолы тек Пруссияға ғана тән болмады, сонымен қатар көптеген герман мемлекеттеріне де тән болды.

**Пруссияның «Ольмюц» кемсітілуі.** Германияда капитализмнің ары қарай дамуына басты кедергі оның саяси бытыраңқылығы еді. 1849 жылғы контрреволюция көтерілістің соңғы ошақтарын аяусыз басып тастағаннан кейін, Берлинде пруссиялық корольдің шақыруымен Герман одағының алдағы өмірі жөнінде талқылау үшін Пруссия, Австрия, Бавария, Саксония және Ганновер делегаттары қатысқан кеңес болады. Австрия мен Бавария өкілдері одақты қайта құрудың «пруссиялық» жобасымен танысқаннан кейін-

ақ кеңестен кетіп қалады. Оның одан арғы жұмысына тек Пруссия, Саксония, Ганновер қатысты. Кеңес 1849 жылы жасап шығарған және қол қойған «Пруссиялық үндеуін» (Үш король униясы) бұрынғы Ұлттық жиналыстың 150 депутаттары қолдады, бұл юнкерлік Пруссияның өзінің қол астында Солтүстік Германия мемлекеттерін біріктіруге талпынысы еді.

1850 жылы сәуір айында Австрия Пруссияға қарсы әрекет ретінде Франкфурт (на-Майне) қаласында Одақтақ сеймді қайта құру мақсатында неміс мемлекеттерінің өкілдерін шақырады. Одақтық сеймде ендігіде Австрия мен Пруссия кезектесіп төрағалық ететін болды. Алайда ол Пруссияны қанағаттандырмады, Пруссия өзінің Германияны "біріктіруші" рөлін ұстануды шешті, ол бірігуді қарулы жолмен жүзеге асыруды көздеді. 1850 жылы қыркүйекте Пруссия королі мобилизация жариялайды. Австрия мен Пруссия соғыс қаупіне тап болды.

1850 жылы қарашада Ольмюцте Австрия мен Пруссия өкілдерінің кеңесі болады. Австрия өкілі пруссиялық әскерді демобилизациялауды, «Пруссиялық унияны» таратып Герман Одағының өкілетті өкілі ретінде Одақтық сеймді мойындауды ұсынды. Пруссия өзінің Германияда үстемдік ету талабынан бас тартты. 1851 жылдың наурызында Дрезденде неміс мемлекеттерінің конференциясы шақырылды, онда Одақтық сеймнің құқықтары қалпына келтірілді. Германияны біріктірудегі екі жол арасындағы («ұлыгермандық» - Австрияның басшылығымен және «кішігермандық»- Австриясыз Пруссия басшылығымен) күрестің бірінші кезеңі Пруссия үшін сәтсіз аяқталды (Пруссияны «Ольмюц» кемсітілуі).

**Пруссиядағы конституциялық дағдарыс. Бисмарктың билікке келуі.** 50-жылдар буржуазияның экономикалық нығаюымен және баюымен ерекшеленеді. Осының нәтижесінде буржуазияның саяси белсенділігі де артты. Бұл үрдіс Пруссияның корольдік әулетіндегі өзгерістермен де тұспа-тұс келді. 1861 жылы қаңтарда король Фридрих Вильгельм IV қайтыс болғаннан кейін оның інісі Вильгельм I король болып жарияланды. Ол өзінің маңына орташа либералдарды жинады. 1858 жылғы сайлауда ландтагта либералдар көп болды. Ал 1861 жылы өткен сайлауда сол 1861 жылы құрылған Прогрессивті партия айтарлықтай жеңіске жетті. Пруссиялық үкімет пен жаңадан сайланған палата арасында келіспеушілік шиеленісті, ол әсіресе 1862 жылы бюджетті талқылау кезінде байқалды.

1862 жылы 23 қыркүйекте король Пруссияның министр-президенті лауазымына помещик Отто фон Бисмаркты шақырады. Ол сол кезде «мықты адам» жоғары абыройлы тұлға еді. Дәл Бисмарк туралы 1848 жылы Фридрих Вильгельм IV былай деп айтқан: «нағыз реакционер, ол қан иісті, оны біз кешірек пайдаланамыз». 1862 жылы прусс королі үшін қиын жағдай туған шақта Бисмарк либералдарға шешуші соққы беруге шақырылды. Бисмарк буржуазияның саяси талаптарына қарсылық білдірді. Ол ландтагтан әскери реформа жобасын бекітуді талап етті, бірақ палата үкімет талаптарын қанағаттандырудан тағы да бас тартты. Палата мен үкімет арасындағы даудамай соңғысының жеңіске жетуімен аяқталды, өйткені, Бисмарктың қолында әскер және полиция болды, оның алдында қорқақ қарсыласы неміс

либералды буржуазиясы болды. Бисмарк күшті кадрлық әскер құру жоспарын орындап жатты, оның қуатына сүйеніп ол «темір және қан» жолымен юнкерлік-буржуазиялық герман мемлекетін құруды жүзеге асыруды көздеді.

1863 жылы 23 мамырда жалпыға ортақ герман жұмысшы одағы құрылды, оны жұмысшы қозғалысының көсемі Фердинанд Лассаль басқарды. Ол Одақтың бағдарламасына ең басты саяси талап ретінде бейбіт және заңды жолмен жалпыға бірдей сайлау құқығына қол жеткізу талабын енгізді.

**«Жоғарыдан» соғыс жолымен біріктірудің басталуы. Солтүстік германдық одақ.** Герман буржуазиялық прогрессистерінің батылсыздығы, сонымен қатар 60-жылдардың басындағы жұмысшы қозғалысының арта түсуі Бисмаркты «темір және қан» жолымен сол кездегі маңызды мәселені шешуге итермеледі. Бисмарк Пруссия айналасындағы жерлерді біріктіруді сол кезде Дания құрамына кірген Шлезвиг пен Гольштейнді Пруссияға қосудан бастады.

1852 жылы Лондон хаттамасы бойынша Данияның аумақтық тұтастығына кепілдік берген ұлы державалардың қатарындағы Франция мен Ресей бұған төтеп бере аламады. Франция мексикандық экспедицияда сәтсіздікке ұшырады. Ресей болса, Қырым соғысынан кейін жалпыеуропалық істерде уақытша өз беделін жоғалтты. Оған қоса, Ресейдің жағдайы 1863 жылы Польшада басталған көтеріліске байланысты қиындады. Австриямен уақыттан бұрын шиеленісті болдырмау үшін Бисмарк оған бірігіп әрекет жасауды ұсынды.

1864 жылдың басында австро-прусс әскерлері Данияға қарсы соғысты бастайды; ол бірнеше айдан соң Шлезвиг және Гольштейнді тартып алынуымен аяқталады. Австрия мен Пруссия арасында табысты бөліске салу бойынша ұзаққа созылған келіссөздер басталады, олар 1865 жылы Гаштейн конвенциясымен аяқталды. Пруссия Шлезвиг пен Лауенберг герцогтықтарын өз басқаруына алды, ал Австрия Гольштейнді алды. Гаштейн Конвенциясы Пруссия және Австрия арасындағы қайшылықтарды жоя алмады. Пруссия Австриядан Гольштейнді алуды, оны әлсірете отырып Герман Одағынан біржолата ығыстыруды көздеді. Бұл мақсатына жету үшін Бисмарк әрине басқа мемлекеттер тарапынан қарсылық көретінін түсініп, алдын ала олардың бейтараптығына қол жеткізуге тырысып бақты.

1866 жылы 8 сәуірде прусс-итальян келісімшартына қол қойылды. Италияның Австриямен соғыста Венецияны өзіне қосып алуына Бисмарк қарсы емес екендігін айтты.

1866 жылы маусым айында прусс әскері Гольштейнге басып кірді. 16 маусымда прусс әскері Ганновер, Гессен, Саксонияға басып кіріп, Австрияға шабуыл жасады. Австрия күтпеген басқыншылық соғысына дайын болмағандықтан, олар прусс шапқыншылығына төтеп бере алмады. Австриялықтарды тас-талқан еткен шешуші шайқас Садаво түбінде Богемияда болды. Бұл жерде, 3 шілдеде Австрияға толық жеңіліс әкелген басты шайқас болды.

1866 жылы 23 тамызда Прагада қорытынды бейбіт бітіміне қол қойылды. Австрия Герман Одағынан біржолата шығады. Сонымен Австро-Пруссия соғысы аяқталды, дегенмен де Пруссия маңайында барлық Германия мемлекеттерін біріктіру жоспары әлі аяқталған жоқ еді. Ендігі кезекте Пруссия мен Франция арасындағы үшінші соғыс тұр еді.

1870 жылы 20 шілдеде Франция Пруссияға қарсы соғыс жариялау туралы декларациясын қабылдады. 1870 жылы 4 тамызда герман әскерлері ортақ шабуылын бастады. Франция бірден сәтсіздікке ұшырап отырды. Соғыстың басында-ақ, Франция үш шекаралық шайқастарда жеңіліс тапты.

1871 жылы 10 мамырында Франция мен Германия арасында Франкфурт бейбіт келісім-шартына қол қойылады. Франция Эльзас пен Лотарингия аймақтарының берілгендігін мойындады және 5 млн. франк контрибуция төлейтін болды. Франко-прусс соғысы Еуропа картасын ғана емес, сонымен қатар күштер ара-салмағын да өзгертті. Еуропаның ортасында көлемі жағынан шағын Пруссияның орнына үлкен және мықты Германия мемлекеті пайда болды.

1871 жылы 18 қаңтарында өз кезінде француз корольдеріне қызмет еткен Версаль сарайында Пруссия королі I Вильгелм Германияның императоры болып жарияланды. 1871 жылы сәуірде елдің федеративтік мемлекеттік құрылымын бекітуші Германияның Атазаңы қабылданады. Германияның бірігуі аяқталды.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Германиядағы аграрлық қатынастардың қалыптасу барысы?
2. Екі силезиялық соғыс нәтижесі?
3. «Ағартушылық абсолютизмі» деген атау қабылданған кезең?
4. Ауыр өнеркәсіптің дамуына тоқталып өтсеңіз?
5. Пруссиядағы революциялық қозғалыстың орын алуы?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Бисмарк саясатының маңыздылығы



## 10-ТАҚЫРЫП. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ИТАЛИЯ МЕМЛЕКЕТІ

**20-40-жылдардағы Италияның экономикалық дамуы.** 1814-15 жылдардағы Вена конгресі Италияның саяси бытыраңқылығын бекітті. Енді Италия 8 дербес мемлекетке бөлінді. Италияда Наполеон тәртібі жойылғаннан кейін монархиялық тәртіптер қайта орнады. Франция үстемдігі шын мәнінде Австрия империясының үстемдігімен алмасты. Сөйтіп Австрия Италияның ең бай, неғұрлым дамыған жерлері Венеция аумағына ие болды. Сонымен бірге Австрияның қол астында Орталық Италия мемлекеттері болды. Парма, Мадена мемлекеттерінің басында Австрия империясының жақын туыстары отырды. Австрия Папа мемлекеттерінің бірқатар қалаларында әскери гарнизон ұстау құқына ие болды.

Ал Неаполитан корольдігін оның армиясын Австрия генералы басқаратындай одақтық шарт жасауға мәжбүр етті. Сонымен Италияның барлық мемлекеттері (Сардиния корольдігінен басқасы) азды-көпті Австрияға тәуелді болып шықты. Әсіресе Австрияның билігі Ломбардия мен Венецияда күшті болды. Мұнда әруақытта мыңдаған Австрия армиясы тұрды. Сот, әкімшілік және тағы басқа биліктер австриялық губернаторлардың қолында болды. Австрия Ломбардия мен Венецияны үздіксіз тонап отырды.

ХІХ ғасырдың І-жартысында Италия аграрлы ел болды. Халықтың көпшілік бөлігін шаруалар құрады. Олар дворяндар, шіркеу, буржуазия жерлерін жалға алуға мәжбүр болды. Жалға беру шарттарын орындау барысында шаруалар ұзақ уақыт жер иеленушілерге тәуелді болды. 20-жылдардың ортасында Италияда экономикалық өрлеу басталып, 30-40-жылдары жылдамдатылды. Ол өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын қамтып, әсіресе елдің Солтүстігінде капиталистік қатынастың нығаюына мүмкіндік жасады. Үлкен жетістіктерге жібек шаруашылығы жетті. Италия еуропалық елдерге жібек өнімдерін шығаратын басты елге айналды, әсіресе Англияға. Пьемонта мен Ломбардияда дворян жериеленушілердің бір бөлігі буржуазияға айнала бастады, осындай дворяндар өз иеліктерінде капиталистік түрдегі шаруашылықтар жүргізіп, жер өңдеу тәсілдерін жақсартып, ауылшаруашылық өнімдерін саудаға қоса бастады. Осы екі солтүстік аудандарда ауылшаруашылығында жұмысшылардың жұмысы кеңінен қолданылды.

Өнеркәсіпте де белгілі бір алға жылжулар болды. Оның өнімдерінің мөлшері көбейді, ең алдымен жібек жіп иіретін орталықтанған мануфактуралар саны өсті, өнеркәсіптің жаңа салалары пайда болды. 1818-1821 жылдары Ломбардияда тұңғыш рет 4 механикалық тоқыма станок (Жаккарда француздық жүйе) қолданылса, 1847 жылы олардың саны 850-ден астам болды. Осының нәтижесінде елде алғаш машина жасау шеберханалары пайда болды. 40-жылдардың аяғына қарай пайдаланылған барлық машиналар судың көмегімен қозғалысқа қосылды. Италияда көмір және темір рудаларының жетіспеушілігі металлургияның дамуына кедергі болды.

40-жылдары Италияда теміржол салу құрылысы дамыды. 1839 жылы Неаполь-Портичи алғашқы қысқа линиясынан кейін, Милан-Венеция, Ливорно-Пиза, турин-Монкальери және тағы басқа жолдар салынды. Италия мемлекетінің сыртқы саудасы 1830-40 жылдары екі есеге өсті.

**1831 жылғы Орталық Италиядағы революция.** Италиядағы 1820-1821 жылдардағы революция басып тасталғаннан кейін елде қатаң бақылау орнатылды. Паптық мемлекетте бір соттың шешімімен 500-ден астам адам сотталған. 1822-1828 жылдары Неаполь мен Рим өкіметі 60 революционерге таяуды жазалады. Бірақта құпия қозғалыстарды басып тастай алмады. Көтерілісті қайта жандандыру үшін жаңа әрекеттер жасалды. 1831 жылы ақпанда Моден мен Пармада көтеріліс басталды. Революция басында жетістіктерге жетті. Болоньеде құрылған уақытша өкімет және көтеріліске шыққан басқа қалалардың өкілдері шіркеу папасының билігінің жойылғандығын және Папа иелігіндегі жаңа мемлекеттік құрылым жөнінде мәселені шешу үшін Құрылтай жиналысын шақыруды жариялады. Бірақта билік басындағы либерал-буржуазия өкілдері Парма мен Модена көтерілісшілерімен біріккен күрес ұйымдастыру үшін ешқандай шаралар жүргізбеді. Наурыз айының аяғында Австрия армиясы елге кіре отырып әлсіз революция әскерінің қарсылығын басып тастады.

Енді елдегі азаттық қозғалысының бағдарламасы мен тәсілін өзгерту керектігін түсініп, бұл міндетті орындауды 30-жылдардың басындағы қалыптасқан демократиялық ағымның басшысы Джузеппе Мадзини (1805-1872 жж.) өзіне алды. 1831 жылы Марсельде (жүздеген итальян куғындалушыларын біріктірген) құпия «Жас Италия» ұйымын құрды. Оның мақсаты Италияның бытыраңқылығын жою және оны «Альпіден Сицилияға дейін біріктіріп, біріккен біртұтас мемлекет құру, астанасы Рим қаласы болады. Ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте «Жас Италия» ұйымы зор роль атқарды. Мадзини итальяндықтарды жергілікті мүддені жалпы ұлттық мүддеге айналдыруға шақырды. Ол: «Провинциялық идеялардан аулақ болыңдар. Пьемонттықтар болмаңдар, тоскандықтар болмаңдар, романоальдықтар болмаңдар, – итальяндықтар болыңдар»-деді.

Бірлік пен ұлттық тәуелсіздік талаптарымен қатар «Жас Италия» ұйымы республика орнатуды талап етті. Бұл талаптар Конституциялық монархия орнатқысы келген буржуазия мен либералдық дворяндардың талабына әрине қайшы келді. Мадзини ұсынған бағдарламасының басқа талаптары: азаматтардың заң алдындағы теңдігі, саяси бостандық, жалпыға бірдей сайлау құқы болды.

«Жас Италия» ұйымының басқа құпия қоғамдардан басты айырмашылығы бұл ұйым Италияның ұлт-азаттық қозғалысында тұңғыш рет революциядағы басты және шешуші күш ретінде халыққа сенім артуында еді. Бірақта жаңа ұйымның бағдарламаларында өте көптеген қарама-қайшылықтар болды. Сонымен бірге Мадзини ұлт-азаттық қозғалысында халықтың атқаратын шешуші рөлін біле тұрса да, ұлттық қозғалыс «төмендегілердің» таптық күресіне айналады деп қауіптенді.

Бұқараны материалдық жағынан ынталандыру керектігін мойындай отырып, Мадзини феодалдық меншікті жою жөнінде мәселе қоймады. Мұндай ұстаным, әрине, «Жас Италияның» шаруалармен жақындасуына негіз бола алмады. Мадзини бұқарамен байланыста болмағандықтан ол аз ғана, бір топ революционерлердің астыртын әрекеті арқылы өкімет басына келуге тырысты. Мадзини қозғалысының орталығы Пьемонт пен Ломбардия болды. 1834 жылы Мадзинидің басшылығымен Сардиния корольдігіне әскери экспедицияға шығуға әзірлік жасалды. Ол елдегі жалпы көтеріліске белгі болуы керек еді. Бұл экспедицияға Италияның халық батыры Гарибальди қатысты. Бірақ бұл экспедиция сәтсіздікке ұшырады. Мадзини шетелге кетуге мәжбүр болды. Ол Женеваға, сосын Лондонға барып, сол жерден көтеріліске басшылық ете берді. Өлім жазасына кесілген Гарибальди де Италиядан кетуге мәжбүр болып, 1836-1848 жылдары Оңтүстік Америкада Латын Америка халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күрес жүргізді.

Бұдан кейінгі жылдарда көтеріліс Сицилияда, Папа мемлекетінде болды. 30-шы, 40-шы жылдардағы мадзинистердің бас көтерулері «Жас Италияның» ұйымдық және саяси жағынан әлсіздігін көрсетті. Халық қолдауынан қол үзген бұл көтерілістер, әрине, сәтсіздікке ұшыраған еді. Дегенмен «Жас Италия» жасаған үгіт-насихат итальяндықтардың ұлттық сана-сезімінің дамуына түрткі болды, олардың көбі азаттық қозғалыстың басты мақсаты елді біріктіру қажеттігін түсінді.

«Жас Италия» ұйымының жіберген қателіктері мен сәтсіздіктерін буржуазияның либералдық ағымы пайдаланып қалды. Олар күрестің революциялық әдістеріне қарсы шықты. Олар Италия мемлекеттерінің басшыларын реформа жасауға көндіруге тырысты. Либералдардың саяси көзқарастары Винченцо Джобертидің шығармаларында айқын бейнеленді. Джоберти Италияны біріктіру мен азат ету ісін Папа өз қолына алуы керек деп санады. 1846-47 жылдары феодалдық-абсолюттік тәртіптерге наразылық және Италияны Австрия езгісінен азат етуге ұмтылушылық қалың қоғамдық топтарды қамтыды. Италияда революцияның алғы шарттарының қалыптасуы белгілері байқалды. 1845-46 жылдардағы егіннің шықпай қалуы, сонан соң Еуропадағы өнеркәсіп және сауда дағдарысы, осының салдарынан туындаған банкрот пен жұмыссыздық әрине революциялық дүмпуді тездетті.

**Революцияның I кезеңі (қаңтар-тамыз 1848 жылы) Тәуелсіздік үшін соғыс.** 1848 жылғы 12 қаңтарда Сицилияда итальян революциясының бастамасы болған көтеріліс бұрқ ете түсті. Себебі феодалдық қаналу Италияның басқа мемлекеттеріне қарағанда Сицилияда өте күшті болған еді. Оның себебі Сицилияда Бурбондар династиясы үстемдік құрғандықтан ол отарлық жағдайда еді. Көтеріліс Неаполитиан Бурбондарының саясатына жауап ретінде бұрқ ете түсті. Көтерілісшілер Бурбондар династиясын құлатуды, автономияны жеңіп алуды, Неаполитиан корольдігінен бөлініп шығуды талап етті. Палермо тұрғындары екі аптаға жуық корольдің 10 мың әскерімен шайқасып, әскердің шегінуіне қол жеткізді. Мессина бекінісінен басқа барлық арал көтерілісшілердің қолына өтті.

Үкімет басына Уақытша үкімет келді. Палермода уақытша үкіметті басқарған либералды буржуазия 1812 жылғы сицилиялық конституцияны қалпына келтіргісі келді. Конституция бойынша Сицилияға автономия берілді, саяси тұтқындарға амнистия жасалды. Конституция бойынша Парламент екі палатадан: Пэр палатасы және депутаттар палатасынан тұрды. Депутаттар палатасы сайланды, ал пэр палатасын король тағайындайтын еді.

Сицилиядағы оқиғадан кейін көтеріліс көрші Неаполь ауданында да басталды. Астананың өзін демонстрациялар жайлап алды, король Фердинанд II саяси тұтқындарды азат ете бастады, Конституция жариялайтындығын айтты. Революцияның жалғасы болып табылған оңтүстіктегі қоғамдық қозғалыстың басты ұраны көптеген итальян мемлекетінің конституциясын енгізу еді. Либералды буржуазияның және күшті халық манифестациясының қысымымен Тосканда, Сардин корольдігінде және Паптық мемлекеттерде ақпан-наурыз айларында конституция енгізілді. 1848 жылы 17 ақпанда ұлы Герцог Тасканский Конституцияны жариялады. 1848 жылы 4 наурызда Сардин королі Карл Альберт те Конституция жариялады. 15 наурызда Папа облысында Конституция жарияланды.

Бұл Конституцияның бәрі 1830 жылғы француз конституциясы үлгісінде жасалып, шектеулі сипатқа ие болды. Бұл мемлекеттердің үкіметтері Конституцияны енгізу арқылы революцияны болдырмауға тырысты. Алайда революцияның болатындығында сөз жоқ еді. Париждегі ақпан революциясынан кейін, Австриядағы наурыз революциясынан кейін жаңа революциялық толқын бүкіл Италияға тарады. Венадағы көтеріліс туралы хабар, Метернихтың қашуы, Австрияда. 1848 жылы 17 наурызда Венецияда күшті демонстрация болды: демонстранттар саяси тұтқындарды босатты. 18 наурызда Миланда көтеріліс басталды. Милан мен Венецияда халық революциясының жеңісі патриоттық толқынының өрлеуіне үн қосты. Көтерілісшілердің басты мақсаты – австриялықтарды қуып шығу болды. Демонстранттар Италияның патшалары мен барлық халқынан көмек сұрады. Ломбардиядағы Австрия армиясының жағдайы өте қиындап кетті. 22 наурызда Австрия армиясы шегіне бастады. Кешікпей бүкіл Венеция облысы Австрия оккупанттарынан азат етілді. Венеция республика болып жарияланды.

Милан революциясының жеңісі Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысының одан әрі өсуіне зор ықпал етті. Бұл жеңіс Австриямен арадағы соғыстың басталуын тездетті. Бұлардың ізінше Пармо мен Модена герцогстволарының халқы өз билеушілері мен австрия әскерлерін қуып шықты.

Сардиния корольдігінде де революциялық толқын өте күшті болды. Халық Австриямен соғыс ашуды талап етті. 1848 жылы 24 наурызда Карл Альберт Ломбардия мен Венеция халықтарына арнап үндеу қабылдады. Мұнда корольдік әскерлер Ломбардия мен Венеция жеріне барып, Австрияны талқандау ісіне көмек көрсететіні айтылды. 1848 жылы 6 сәуірде Австрия мен Сардиния әскерлері арасында бірінші қақтығыс болды. Сардиния армиясының соғысқа дайындығы өте нашар еді. Армияның Бас Штабында тіпті Ломбардияның не географиялық, не топографиялық

карталары болмады. Сардиния армиясының шабандығы мен батыл қимылдауы тек оның техникалық нашар әзірленгендігінен емес, саяси мақсатқа байланысты болған еді. Соғыстың бас кезінде-ақ Пьемонт үкіметі Ломбардия үкіметінің Сардиния корольдігіне бірігуін қалаған болатын. Сондықтан да оны тоқтату ісі осы мәселенің шешілуіне байланысты болды. Сонымен бұл саясат Австрияға қарсы күресте біртұтас ұлттық майдан құруға бөгет жасады. Ол саясат Австрия әскерлерінің бас командашысы генерал Радецкийдің қосымша күш алып, қарсы шабуылға шығуына мүмкіндік берді. Бұл арада 1848 жылы наурыз күндерінде Пьемонттан басқа да мемлекет басшылары көмекке келді.

Халық көтерілісінен қорыққан либералдар Австриямен халықтың революциялық соғысын болдырмауға тырысып бақты. Мұндай соғысты Оңтүстік Америкадан қайтып келген Гарибальди ғана жақтады. Басқа монархтарда халық қаруынан қорқып, Сардиния корольдігінің күшеюін қаламады. Осылардың нәтижесінде сәуір айының соңында Пий IX Австриямен соғыс жүргізуге қарсы екенін жариялап, Ломбардиядан өз әскерін кері қайтарып алды. Папаның іс-әрекетін Тоскан герцогы мен Фердинанд II-де қолдады. Соғыс барысы Пьемонт әскері үшін сәтсіз болды. Өйткені Папа және Неаполитан әскерінің соғыстан шығуы, антиавстриялық майданды әлсіретті. 1848 жылдың шілде айында Кустоц түбіндегі шайқаста Пьемонт әскері қатты жеңіліске ұшырады. Миланды австриялықтар алып қойды. 1848 жылы 9 тамызда келісімге қол қойылды. Соғыс уақытша тоқтатылды. Сонымен Италия мемлекеттерінің Австрияға қарсы соғысының бірінші кезеңі 1848 жылдың тамызына дейін созылды.

**Революцияның екінші кезеңі (1848 жылдың тамызы – 1849 жылдың тамызы).** Пьемонт әскерінің жеңілісі және монархтардың азаттық соғысқа қатысудан бас тартуы либералды бағыттар арасында қайшылықтар туғызды. Пьемонт, Тоскан, Папа мемлекеттерінің, Неапольдің итальян мемлекетінің ұлттық тәуелсіздігіне қол жеткізу мақсатымен әскери және саяси Лига құру жөніндегі келіссөздері қайшылықтармен, монархияның арасындағы сенімсіздіктен сәтсіздікке ұшырады. Демократтар Пьемонта жеңілісі ұлттық соғыстың жеңілісі емес деп түсініп, олар енді өте белсенді түрде әрекеттер жүргізе бастады. Олар жалпыитальяндық Құрылтай жиналысын шақыру идеясын ұсынды. Бұл жиналыс азаттық қозғалысты басқару және Италианы біріктіруді дайындау жөніндегі орталық болмақ. Бірақта бұл міндеттерді іс жүзінде демократтардың билікке келуінсіз, монархияны қиратусыз мүмкін емес еді, сондықтан жалпыитальяндық Құрылтай жиналысының ұраны революцияны тереңдету еді. 1849 жылы қаңтарда Римдік Құрылтай жиналысына жалпыға бірдей сайлау құқы негізінде сайлау болды. Жиналыстың құрамына көптеген демократтар, Гарибальди, кейіннен Мадзини сайланды. 1849 жылы 20 наурызда Карл Альберт сегіз айлық уақытша бітімді бұза отырып, соғысты қайта жариялады. Бірақта қабілетсіз басқару кінәсінен Пьемонт әскері үш күннен кейін жеңілді. Карл Альберт тақтан түсіп, Италиядан кетті. Патша болып оның ұлы Виктор Эммануил II болды. Ол бірден әскери қимылдарды тоқтатты.

Пьемонт әскерінің жеңілісінен кейін 30 сәуірде француз әскері Римге шабуыл жасап, жаулап алғысы келді, бірақ оларды Гарибальди әскері талқандады. Римге енді оңтүстіктен неаполитан әскері, ал австриялықтар солтүстіктен шабуыл жасады. Рим империясы интервенттердің шеңберінде қоршауда қалды, олардың бірнеше майданда соғыс жүргізуге күші жетпеді. Тек 3 шілдеде француздар римді басып алып, республикалық тәртіптерді жою туралы жариялады. Италиядағы Рим республикасы басып тасталғаннан кейін революцияның соңғы жері – Венеция болды. Екі ай бойы австриялықтар қаланы ала алмады. Тек аштық, эпидемия, венециандық өкіметке 22 тамызда тізе бұгуіне әкелді. 1848-49 жылдардағы революция жалпыитальяндық сипатқа ие. Бұған дейін ешқашанда Италия халқы азаттық қозғалыстар мен демократиялық қайта құрулар жөніндегі күреске дәл осылай шоғырланбады. Революцияның бүкіл өн бойында оның қозғаушы күші халық бұқарасы болды. Бірақта халық қозғалыстарын саяси күштер дұрыс пайдалана алмады.

Италиядағы бұл революция өзінің сипаты жағынан буржуазиялық болды. Революция жеңілуінің салдарынан реакциялық күштер жеңіске жетті. Италия мемлекеттерінде өкімет басында буржуазия қолдаған феодалдық топтар болып шықты. Италияда Австриялық қанау сақталып қалды. Италияның саяси бытыраңқылығы да сақталып қалды. Сонымен революция алдында тұрған түбегейлі мәселелер толығымен шешілген жоқ.

**Италияның бірігуі.** 1848-1849 жылдардағы революцияны басып тастағаннан кейін Италияда қайтадан бытыраңқылық және реакцияның бейбастығы басталды. Барлық мемлекеттерде (Сардин корольдігінен басқа) абсолюттік тәртіп қайта орнатылды. Абсолюттік монархияның тірегі армия мен полиция болды. Ал Сардин корольдігінде конституциялық құрылым сақталды. Жергілікті реакция, сондай-ақ Австрияның оны тарату әрекеттері сәтсіз болды. 50-жылдары конституциялық-парламенттік тәртіп Пьемонта либералдарының басшысы граф Камилло Кавурдың (1810-1861) қызметінің арқасында нығайды. Өзінің поместьесін капиталистік негізде құра отырып, ауылшаруашылығын өнімдерінің саудасын дамытты, сондай-ақ банк, коммерциялық, өнеркәсіптік бастамаларына, теміржол құрылысына белсене қатысты.

1850 жылы Кавур премьер-министр болған соң, Пьемонта өкіметі басты мемлекеттермен сауда келісімдерін жасады, кедендік тарифтерді жойды, теміржолдар, шосселер мен каналдардың салынуына ат салысты, қаржы жүйесі мен несие күшейтілді. 30-жылдарда-ақ Кавур елді австриялықтардың езгісінен құтқаруды қолдады, тек ол тәуелсіздік жолындағы халық революциясын қолдамады. Сондықтан ол күшті, қуатты одақтастар іздеді, Австрияны біртіндеп ығыстырып шығаратын оның ойынша ол Франция мен Англия болды. Осы державалардың ықпалымен Пьемонт 1855 жылы Ресеймен соғысқа қатысып, Крымға 18-мыңдық корпусын жіберді. Ондағы Кавурдың ойы Пьемонтпен Франция мен Англияның жақындасуына әкеледі деп үміттенді. Крым соғысы аяқталғаннан кейін 1856 жылы Париж конгресінің күн тәртібіне Кавур итальян мәселесін қойғыза алды. Бірақта

оның талқылануы сәтсіз болып, Пьемонтта ашық түрде итальян ұлтының мүддесін қорғайтындығын білдірді.

Италиядағы революцияның жеңілуі ұлт-азаттық қозғалысының 2 негізгі бағытында едәуір алға жылжушылық байқатты. Революция аяқталғаннан кейін республикандық лагерьде оның жеңілуінің себептері талқыланды. Кейбір демократтардың ойынша, республикашылардың бағдарламасында терең әлеуметтік қайта құрулардың болмауы, атап айтқанда шаруаларға жер беру және тағы басқа. Халықтың негізін құрайтын шаруаларды революцияға тартуды, қатыстыруды да қарастыру қажет еді.

Рим республикасының социал-утописті Карло Пизакане (1818-1857) 1849 жылы Италиядағы аграрлы мәселенің шешілуін ірі жер иеліктерін жойып, шаруаларға жерді бөліп беруден көрді. К. Пизакане, Д.Монтанелли, Д.Феррари радикалды демократтар ұлттық қозғалыс халық бұқарасының мүддесін білдіретін әлеуметтік қайта құрулармен сәйкестендірілуі қажет, сонда ғана халық бұқарасы азаттық күреске қатысады деп дәлелдеді. Осындай позициялармен олар Мадзиниді сынап, оны республикалық лагерь басшылығынан босатуға талпынды. Бірақ олардың әрекеті сәтсіз болды, өйткені көптеген демократтар шаруа революциясынан қорықты. Мадзинидің ойынша итальян революциясы тек ұлттық мәселені шешеді деп есептеді. Құпия ұйымдар арасында алауыздық туып, көптеген демократтар Мадзинимен қол үзді. 50-жылдардың аяғында Пьемонт ұлт-азаттық қозғалысының негізгі күшіне айналды.

**Пьемонт мен Франция одағы.** Наполеон III сыртқы саясатының мақсаттарының бірі австрияны Италиядан ығыстыру, онда Франция үстемдігін орнату болды. Наполеон III ұсынысы бойынша 1858 жылдың жазында француз курорты Пломбьерде Кавурмен құпия кездесу болып, онда франко-пьемонт әскери саяси одағының шартына келіседі, ол 1859 жылы қаңтарда құпия келісім болып белгіленген. Ол Ломбардия мен Венецияның австриялықтардан азат етілуін, осы аудандардың Пьемонтқа қосылуын және жоғары Италия корольдігін құруды шешті. Пьемонт – 100 мың, Франция – 200 мың солдат қоятындығын шешті. Осы көмек үшін Наполеон III Сардин корольдігі Францияға өзінің территориясының бір бөлігін Савойя мен Ниццаны (халқының көбі француз тілінде сөйлейтін) беруді талап етті. Бұдан басқа Наполеон III Италияның орталығында Тоскан базасында туыс бауыры басшылығымен корольдік құруға тырысты. Неаполитан тағына өзінің қол шоқпары- ұлы Мюратты отырғызбақшы болды. Бытыраңқы Италияның аяқ-қолы байланып, Францияға тәуелді болмақшы болды.

Келісімге қол қойылған соң одақтастар Австрияға қарсы соғысқа дайындалды. 1859 жылы 26 сәуірде Австриямен соғыс басталды. Әскери қимылдар одақтастар әскері үшін жемісті болды. Маджентта 4 маусымда Австрия армиясы жеңілгеннен кейін олар Миланнан кетті. 8 маусымда оған салтанатты түрде Наполеон III мен Пьемонт королі Виктор Эммануил II кірді. Маусымның аяғындағы әскери қимылдар нәтижесінде Австрия армиясы бүкіл Ломбардияны тастап кетті. Соғыс Орталық италияда азаттық қозғалысының өрлеуіне әкелді. Орталық Италияда халық қозғалысының

өрлеуі Наполеон III Тоскан тағына өзінің қолшоқпарын отырғызу ойын бұзу қаупін туғызды. Сондай-ақ Австрияны қолдау мақсатымен Пруссияның да соғысқа қатысу қаупі туды. Мұның барлығы Наполеон III әскери қимылдарды тоқтатуына әкелді. Өзінің одақтасына ескертпестен ол 11 шілде 1859 жылы Виллафранка қалашығында Австрия императоры Франц Иосифпен бейбіт келіссөз жүргізді. Кездесуде Австрия Наполеон III Ломбардияны береді, ал ол Пьемонт, Тоскан, Моденді береді және ескі басшылары, папа билігі оның барлық иелігінде қайтадан сақталады, Венеция Австрия қолында қалады. Виллафранк бейбіт келісімі Италияның барлық жерінде наразылық туғызды. Кавур отставкаға кетті. Патриоттық күштер ескі тәртіпті орнатпауға тырысты.

**Оңтүстік Италиядағы революциялық қозғалыстар.** 1859 жылдың жазы мен күзінде Кавур саясаты тоқырауға тірелген кезде Мадзини папа иелігінде (Римді азат ету мақсатымен) және Неаполитан корольдігінде революциялық қимылдарға шақырды. Демократ-мадзинистер арасында Сицилияға қарулы отряд жіберу идеясы туды, ондағы мақсат Бурбондарды жою. Көпшілік сицилиялықтардың король үкіметіне деген өшпенділігінен 1860 жылы сәуірде Палермода демократтар дайындаған көтеріліс болады. Көтеріліс жеңіліс тапқан соң, ауылды жерлерде шаруалар толқулары болады.

Пьемонтта болған сицилия революционері Гарибальдиге Сицилияға көмек көрсетуін өтінеді. 6 мамыр күні Гарибальди «мыңнан астам адаммен» Генуядан екі кемемен жүзіп кетті. 11 мамырда «мыңдықтар» Сицилияға келді. Палермода көтеріліс басталды. 3 күнгі қиян-кескі ұрыстан кейін бурбондықтар бітімге келіп, Палермоны тастап кетті. Гарибальди әскері Сицилияны азат етті. Монархияның әлсіздігін көрген және халық қозғалысының кең етек алуынан қорыққан жер-иеленуші буржуазия мен дворяндар бұқара халықтың жеңісін пайдалана отырып, жергілікті жердегі билікті басып алды. Бурбондық тәртіп құлатылды, бұл гарибальдиге Неапольге жол ашты. Неапольді алған соң Римді және Венецияны азат етуге тырысты. Неапольге көрнекті демократия өкілдері тіпті Мадзини де келді. Гарибальди Оңтүстіктің Пьемонтқа қосылуын кейінге қалдырмақшы болды, барлық итальян жерлері толық азат етілгенше деп, ал республикандықтар болса бұл олардың ұстанымын нығайтуға, құрылтай жиналысын құруға, пайда болып келе жатқан итальян үкіметіне демократиялық сипат беруі мүмкін деп ойлады. Бірақта либералдар демократтардың бұл жоспарын іске асыруға кедергі жасамақшы болды. Олар Гарибальди армиясының жеңісі елдегі революциялық және республикандық күштердің нығаюын Пьемонттық монархияға қауіп төндіреді деп қорықты. Сондай-ақ Кавур папаның шіркеулік билігін жою әрекеті итальян ісіне шетелдіктердің (ең алдымен Наполеон III) араласуына әкеледі деп есептеді. Либерал-монархистер мен демократтардың (Кавурмен Гарибальди арасында) шиеленісіне әкелді. Кавур демократтарды озу үшін, Папа мемлекетіндегі революциялық қимылдарды тез арада тоқтату үшін әрекет етуге Наполеон III көндірді. Француз императорының келісуімен Пьемонт әскері Гарибальди Неапольге кіргеннен кейін үш күннен соң папа иеліктеріне кіріп,



провинцияның үлкен бөлігі Марке мен Умбриді басып алды. Қазан айында Пьемонт әскері неаполитан жеріне кіріп, Гарибальдидің Римге деген жолын бөгеп тастады.

Осы кезде неаполитан ауылдарындағы жағдай да қиындап кетті. Мұнда да Сицилиядағы сияқты халық бұқарасы бурбондық тәртіптердің жойылғандығы, Гарибальдидің жеңісін олар өздерінше түсініп, енді жер туралы мәселені шешуге болады деді. Алғашында гарибальди Калабрии қоғамдық жерлерін шаруалар тегін пайдалана берсін деген декретін шығарады. Оңтүстіктің әртүрлі аудандарында шаруалар қоғамдық жерлерді өз беттерінше бөлісе бастады. Ауылдың жоғарғы тап өкілдеріне бұл ұнамады. Олар Оңтүстіктің жоғарғы тап өкілдері Неаполь мен Пьемонттың бірігуін, яғни Савойлық монархия ғана олардың жер меншіктерін сақтай алады деп түсінді. Жоғарғы тап өкілдерінің қолдауына сүйенген либерал-кавуристер демократтарды жеңді. Гарибальдидің Оңтүстік Италиядағы жоғары басқаруды бір жылға беруін талап еткен өтініші орындалмады, король Виктор Эммануил бас тартты. Гарибальди диктатурасы жойылып, оның шығарған декреттері жойылды, армиясы таратылды. Гарибальди кішкене Капрер аралына кетіп қалды.

**Бірыңғай итальян мемлекетінің құрылуы.** Пьемонт басқарушы тобы жалпыитальяндық құрылтай жиналысын шақыруға жол бермеуге тырысты және бірігу жолын жай Сардин корольдігінің территориясын кеңейту арқылы жүзеге асырмақшы болды, олар азат етілген аумақтағы халықтарға Пьемонтқа қосылуы үшін дауыс беруді ұсынды. 21 қазанда елдің Оңтүстігінде өткізілген плебисцит Сардин корольдігімен Неаполь мен Сицилияның қосылуын қолдады, қарашада плебисциттер ерекше маңызды мәселе барлық халық пікірін сұрау нәтижесінде оның құрамына Умбрия мен Маркеде кірді. Сөйтіп, 1860 жылдың аяғында Италия (Римнен басқа) шын мәнінде бірікті. Туринде жиналған жалпыитальяндық парламент 17 қазан 1861 жылы Италиян Корольдігінің құрылғандығын жария етті, оның басшысы Пьемонт королі Виктор Эммануил болды. Елдің бірігуі заңдық, соттық, ақша және кедендік жүйелердің, салық салу жүйелерімен үйлесе жүрді. Ал бұл елдің экономикалық жақындасуына жол ашты. Теміржолдардың қарқынды түрде салынуы нәтижесінде (оның ұзындығы 1861 жылы 2500 км-ден 1871 жылы 6200 км-ге жеткен) Италияның басты аумақтары арасында байланыстар орнады. Бірақта біртұтас итальян мемлекеттерінің құрылуы еңбекшілердің өмір сүру жағдайын жақсартпады.

60-жылдары Италияның жағдайы шиеленісті болды. Солардың бірі Неаполитан шаруаларының көтерілісі еді. Елдің Оңтүстігіндегі 1861 жылдың жазындағы жағдай азамат соғысын еске салады. Италия өкіметі шаруа мүддесіне қатысты ешқандай да шаралар жүргізбей, Оңтүстікте 120 мың армиясын шоғырландырып, тек қарулы күшпен ғана басуды көздеді.

**Италияның бірігуінің аяқталуы.** 1862 жылдың жазында Гарибальди Сицилияға келіп, Римге жорыққа шақырды. 1862 жылы тамыз айында Аспромонтедегі шайқаста Гарибальди ауыр жарақаттанып, оның көп солдаты тұтқынға түсті. 1866 жылы Венецияны азат ету мақсатында либералды

үкімет Бисмарктың Австрияға қарсы Пруссиямен әскери одаққа бірігу ұсынысын қабылдады. Италияның тұрақты армиясы дарынсыз қолбасшылардың басқаруымен Тироль тауларындағы Кустоц шайқасында жеңіліп қалды, ал флот Адриат теңізіндегі Лисса аралындағы ұрыста жеңілді. Нәтижесінде Италияны масқара еткен бұл Венецияны Наполеон III қолынан алуға тура келді, өйткені Австрия берген болатын. Венеция облысы қосылғаннан кейін Гарибальди 1867 жылдың күзінде бірнеше мыңдаған еріктілермен қайтадан Римді азат етуге кірісті. Ментандағы ұрыста француздармен қақтығыста гарибальдықтар жеңіліс тапты. Гарибальдидің өзі тұтқындалып, итальян өкіметімен Капрер аралына жіберілді.

1870 жылы франк-прусс соғысы басталғанда француз корпусын Римнен кері шақырып алды. Наполеон III империясының құлауының ізінше итальян әскері 20 қыркүйекте Римге кірді, ал 1871 жылы жазынан Италия астанасы Рим болды. Римнің азат етілуімен итальяндық ұлт-азаттық қозғалыс – Рисорджиментода аяқталды. Бөгде елдің езгісі, Италия тағдырына көптеген ғасыр бойы зиянды кеселін тигізіп келген шіркеудің діни билігі (елдің бытыраңқылығы мен артта қалуын сақтаған) жойылды. Елдің тарихи дамуының басты мақсаты – оның бірігуінің жүзеге асуы, итальян ұлтының қалыптасуын аяқтады.

Италияны біріктіру күресі ішкі ұлттық қозғалыстардың әлсіздігінен (шаруалар тартылмаған) 80 жылға таяу созылды. Халық толқуларының нәтижесінде Орталық Италияның негізгі бөлігі Сардин корольдігімен бірікті. 1860 жылы буржуазиялық-демократиялық топтар өздерінің жақтастарының шешімділігімен және гарибальди қолбасшының дарындылығының арқасында 9 млн халқы бар түбектегі ең ірі мемлекет Неаполитан корольдігінде абсолюттік тәртіптерді революциялық жолмен («төменнен») жойды, ал бұл осы бірігу ісінде маңызды үлес қосты. Бірақ буржуазиялық революционерлер Оңтүстік аралдарда шаруалардың жер үшін кең етек алған күрестерін басқарудан бас тартты, өйткені олар жеке меншікке қауіп төнеді деп қорықты. Сондықтанда демократтар шаруалар арасында тірек бола алмағандықтан әлсіз болды, мұның өзі біріктіруді революциялық жолмен аяқтай алмады және жаңа итальян мемлекетіне демократиялық ерекшелік бере алмады. Ақырында либерал-кавуристер Гарибальди жеңістерінің жемісін пайдаланып, біріктіруді монархиялық және консервативті негізде жүргізді.

Әлеуметтік жоспарда біріктіру Солтүстік және Орталық Италиядағы және Оңтүстік жериеліктеріндегі шаруалар мүддесі үшін аграрлық қайта құрулар жүргізуге бөгет болған ірі буржуазия мен буржуазияға айналған дворяндар арасында ымыраға әкелді. Либерал-кавуристер үстем етуші таптық блокқа сүйене отырып Пьемонт үлгісіндегі Италияда конституциялық монархия орнатты. Италия халқының көп бөлігі барлық шаруалар, қала халқы, ұсақ буржуазия парламенттегі сайлауға қатыспады.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Италиядағы жібек шаруашылығы жетістіктері?
2. «Жас Италия» ұйымының құрылу себептері, мақсаты?
3. Италия революциясының бастамасы бірінші кезеңі?
4. Жалпыитальяндық Құрылтай жиналысын шақыру идеясын себептері?
5. Виллафранк бейбіт келісімінің мәні?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Неаполитан шаруаларының көтерілісін жан жақты қарастыру.

## 11-ТАҚЫРЫП. ХҮІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСПАНИЯ ЖӘНЕ ПОРТУГАЛИЯ

XVI ғасырдың соңы-XVII ғасырда испан экономикасының құлдырауы оның Еуропадағы саяси үстемдігінің құлауына әкелді. Құрлықта да, теңізде де талқандалып, түгелдей флотынан айырылған Испания ұлы Еуропалық державалар қатарынан шығарылды. Алайда жаңа кезеңнің басына қарай Испания әлі де Еуропадағы кең шекаралық иеліктері мен үлкен отарларын сақтап қалған еді. Оның иелігінде Милан герцогтығы, Неаполь, Сардиния, Сицилия, Оңтүстік Нидерланды болған еді. Сонымен қатар оның құрамында Канар, Филиппин, Каралин аралдары және Оңтүстік Америкадағы маңызды аумақтар да болған болатын.

XVII ғасырдың ортасында испан тағы Габсбургтер қолында болды. XVII ғасырдың басында бұрынғы құдыретті державаның сыртқы беделі әлі сақталған болса, ал Карл II патшалық құрған кездері (1665-1700 жж.) испан мемлекетінің барлық саласы ыдырау мен құлдырау жағдайында болды.

XVII ғасырдың II жартысында Испания Франция мен Австрия тәуелділігіне түсіп, халықаралық саясатта дербестігін жоғалтқан болатын. Бұған испан сарайының династиялық байланыстары себеп болды. Карл II қарындастарының бірі Людовик XIV-ке тұрмысқа, ал екіншісі австриялық тақтың мұрагері Леопольд I-ге тұрмысқа шыққан еді. Осының нәтижесінде испан ауласында австриялық және француздық топтардың қатал күресі болды. Әсіресе Карл II баласы болмағандықтан қатаң түрде тақтың болашақ мұрагері мәселесі тұрды. Нәтижесінде француздар жеңіске жетіп Карл II 1700 жылы француз жағынан немере інісі Филипп V (1700-1746 жж.) тақты мұра етіп қалдырады.

Испан тағының бурбондарға өтуі Австрия империясы мен Франция арасындағы қайшылықтардың кенет шиеленісуіне әкелді. Кейін ол жалпы еуропалық испан мұрасы үшін соғысқа (1701-1714 жж.) айналды. Испания аумағы бақталас державалардың әскери қимылдарының майданына айналды. Соғыс испан мемлекетінің ішкі дағдарысын одан әрі шиеленістірді. Катология, Арагон және Валенсия австриялық эрцгерцог жағына шықты, өйткені олар соның көмегімен өздерінің ежелгі жеңілдіктерін сақтап қалуға үміттенді. Утрехт бейбіт бітімі (1713 ж.) бойынша Филипп V француз тағынан бас тартып, осы шартпен испан королі болып мойындалды. Испания Еуропадағы маңызды иеліктерінен айрылды; Солтүстік Италия Австрияға берілді, Менорка, Гибралтар Англияға, Сицилия Савойға берілді.

XVIII ғасырдағы Испанияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. Утрехт бейбіт бітімінен кейін Испания көпке дейін француз саясатының арнасында болды. ХҮІІІ ғасырдың өн бойы ол бірнеше рет Франция жағынан Үлкен еуропалық соғыстарға (Австрия мұрасы үшін соғыс, Польша мұрасы үшін, Жеті жылдық соғыс) қатысты. Алайда бурбондар Испанияға оның Еуропадағы бұрынғы жағдайын қайтарып бере алмады.

XVIII ғасырдың алғашқы он жылдарында елдің экономикасы біртіндеп көтеріледі. Оған Испанияның 1713-1818 жылдарға дейін территориясында

соғыс жүргізеуі аз да болса әсер етті. Халық саны айтарлықтай өсті; 1700-7,5 млн болса, 1787-10,4 млн-ға, 1808 ж-12 млн-ға дейін көтерілді.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап испан өнеркәсібін біртіндеп қалпына келтіру жүргізілді. Қала халқының саны өсті (бірақ толығымен ол 10 пайызға да жетпеді): XIX ғасырдың басына қарай Мадрид тұрғындарының саны 160 мыңға жетті, Барселона, Валенция және Севилья тұрғындарының саны 100 мыңға жетті. Өнеркәсіптің көтерілуі мануфактуралық өндірістің қалпына келуінен көрінді. Әсіресе экономикасы жақсы дамыған Каталонияда мақта – мата өндірісі тез дамыды. 1759-1789 жылдар ішінде Барселон халқының саны 3 есеге өсті. Астурияда металлургия өнеркәсібі жақсы дамыды, ал ондағы жұмысшылар саны 2 есеге өсті. Алайда көптеген қалаларда цехтық қолөнер көбейді. Оның ең дамыған орталықтары Галиция, Валенсия және Кастилия болды. Ішкі нарықтың құрылуы өте жәй жүрді.

XVIII ғасырда Испания әлі артта қалған аграрлы ел болды. Ауылды жерлерде феодалдық қатынастар сақталды. Барлық жердің жартысы феодалдар мен шіркеудің иелігінде болды. Әртүрлі облыстағы аграрлық қатынастар өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Галицияның солтүстігінде, Бискайеде, Баскте ұсақ шаруашылық көбейді. Кастилияда аграрлы қатынастардың осы формасымен қатар помещик шаруашылықтың жұмыс істеуі негізінде аренда да кең тарады. Андалусидің оңтүстігінде мезгілді батрактарды пайдаланатын плантациялық шаруашылық көп кездесті. XVIII ғасырда көптеген аудандарда натуралды және жұмыспен атқару міндеттерін өтеуді енді ақша рентасымен айырбасталды. Шаруа ақшалай цензді сеньорға төледі, мемлекетке салық және баналитет төледі.

Дворяндық иеліктердің көпшілік бөліктері ажыратылмайтын (мемлекет қарауына алынбайтын) майорат жерлері болды. Майораттар тұңғыш балаға мұра ретінде беріліп отырды, оларды сатуға болмады. Майораттар жүйесінің сақталуы елдің экономикасының дамуына кері әсер етті, капитализмнің дамуына жол бермеді.

Елдің әлеуметтік құрылымы бұрынғыдай болып қалды. Бұрынғы көптеген артықшылықтарды сақтап қалған дворяндар жетекші жағдайларды иеленді. Еуропаның басқа елдерінен айырмашылығы Испанияда XVII-XVIII ғасырларда лауазымды ақсүйектердің саны өсті және де өздерінің экономикалық позицияларын нығайтты. Бұл отарларды қанаудың нәтижесі болды, олардан түскен кірістер жоғары дворяндардың қолына түсіп, қазынаға жиналды. Жоғары дворяндықтарға майорат иелері жатты, олардың көпшілігі ешқандай шаруашылық қызметтерімен айналыспады. Тек Андалусии мен Эстремадуренің оңтүстігіндегі ірі жер иеленуші-дворяндар кәсіпкерлік шаруашылықтар жүргізіп, онда жалдамалы еңбекті пайдаланды.

Басқа полюсте дворяндық лауазымы мен «жан тазалығынан» басқа ештеңесі болмаған жартылай кедей идальго (испан дворяны) орналасты. Олардың көпшілігі өздері үшін пайда табудың жалғыз қайнар көзі болған муниципальды міндеттері сақталған қалаларда тұрды.

Испанияда шіркеудің ықпалы күшті болды. Оның экономикалық позициясы да мықты болды, ол жердің 1/3 бөлігін иеленді, халықтың

көпшілік бөлігін монахтар мен шіркеу қызметкерлері құрады. Үшінші сословиеге (95 пайыз) әртүрлі топтың өкілдері - кедей шаруалардан бастап көпестер мен қаржыгерлерге дейін жатты. Үшінші сословиеден байып шыққандар идальгоны (дворяндық атақ) сатып алуға тырысты, себебі олар салық төлемейтін.

XVIII ғасырдың I-жартысында Испанияда абсолюттік монархия даму шегіне жетті. Утрех бейбіт бітімінен кейін Арагон, Каталония, Валенсияда өзін-өзі басқару және ортағасырлық еркіндігі жойылды. Осы кездің ең басты үрдісі мемлекетті орталықтандыру болды. Атқару билігі мен жергілікті басқару органдарында реформалар жүргізілді. Карл II-нің билік құрған жылдары (1759-1788 жж.) Испания тарихында “Ағартушы абсолютизмнің” реформалары кезеңі ретінде қалды, оның мақсаты абсолюттік монархияны орнатып, оның әлеуметтік негізін кеңейту болды.

Испан ағартушылары Бенито Фейхоо (1676-1764 жж.), Гаспар Мельчор де Ховельянос-и-Рамирес (1744-1811 жж.), Ховельянос болды.

**Испания және Франциядағы революция. Наполеон әскерлерінің кіруі.** Француз революциясы өзінің оң ықпалын Испанияға әсер етпей қоймады. Испанияның көптеген территорияларында феодалдарға және салықтарға қарсы шыққан шаруа көтерілістері де кең етек алды. Көтерілісшілердің ішінде француздық үлгіні ұсынғандар да болды. Басқарушы тап көрші елдегі революциядан қорықты да. Белгіленбекші болған реформалар кейінге қалдырылды, француз шекарасы жабылды. Француз аристократ-эмигранттары Испанияны паналады.

Жасық және шектелген Карл V-нің билігі (1788-1808 жж.) Испания тарихында қараңғы кезең болды. Елді басқару толығымен королеваның фавориті (сүйіктісі) гвардия офицері Мануэль Годойға берілді. Буржуазия тарихнамасында “ағартушылық абсолютизмі” деген атқа ие бола тұра, іс жүзінде ағартушылық ұрандарын бетке ұстай отырып, бірінші министр Испанияға революциялық идеялардың кіруіне қарсы болды. 1793 жылы Испания Францияға қарсы еуропалық державалардың коалициясына кірді. Бірақ испан әскері талқандалып, француз әскері испан территориясына енді. 1795 жылы Базиль бейбіт бітімі ұлттық қорлау болды десек те болады, Испания толығымен Францияның ықпалына түсіп, онымен әскери одақты бекітті, оның шарты бойынша ол Англияға қарсы және Франциядағы Директория мен Консулдық кезеңдегі соғыстарға қатысатын болды. Испания осы соғыстарда барлық флотынан айырылды.

Испан аристократтары, тіпті өзінің мұрагері принц Фердинанд VII өзінің әкесінің жүргізген билігін қолдамады. XIX ғасырдың басында экономикалық қиыншылықтар одан бетер арта түсті. Наполеон Испанияның қаржы қиыншылығына қарамастан, одан жылсайынғы субсидия төлеуді талап етті. 1807 жылы Испанияға француз әскерлері кіргізілді. Наполеон Англия қолдаған Португалияға қарсы біріккен әскери қимыл жөніндегі пактіні бекітуді талап етті. Француз әскерлері бірнеше аптаның ішінде португалдық әскерлерді талқандады. Бұдан қорыққан жоғары тап Наполеонмен келісімге келуге дайын еді, ал бұл бұқара халықтың қарсылығына себеп болды.

**Тәуелсіздік жолындағы соғыс. Испаниядағы бірінші буржуазиялық революцияның басталуы.** 1808 жылы халық бұқарасы Годой сарайына тарпа бас салды, фаворит қашуға мәжбүр болды, Карл ІҮ тақтан түсірілді, таққа Фердинанд ҮІІ отырмақшы болды, бірақ Наполеон бұны пайдаланып, таққа өзінің бауыры Жозеф Бонапартты отырғызбақшы болды. Билік Жозеф Бонапартқа берілді. Мадридта, Галисияда, Каталонияда, Астуриида бірінен кейін бірі халық көтерілістері жүріп жатты.

Басқыншыларға қарсы кеңінен жайылған соғыстың салдарынан жергілікті билік органдары-провинциялық хунттар құрылды. 1808 жылдың қыркүйегінде революция нәтижесінде елде жана үкімет 35 адамнан тұратын - Орталық хунта құрылды. Оған қоғамның жоғары табының өкілдері-аристократтар, дін басылары, шенеуніктер, офицерлер кірді. Орталық хунта өзінің революциялық миссиясын орындай алмады, елді француз басқыншылығын қорғай да алмады. Наполеон армиясы Испанияның едәуір бөлігін басып алды, тіпті Орталық хунта орналасқан Севильяны да басып алды.

**1812 жылы Конституция.** 1810 жылы қыркүйекте Кадисте жаңа бір палаталық кортестер құрылды. Кортес мүшелерінің көпшілігі, заңгерлер, жоғары шенеуліктер және офицерлер болды. Оның құрамында қайраткерлер мен зиялы қауым да аз болмады. Олар 1812 жылы қабылданған Конституцияны шығаруға өз үлестерін қосты. Конституция халық егемендігі мен билікті бөлу негізінде жасалды. Монарх құқықтары сайлау құқы негізінде шақырылып отырған бір палаталы кортестермен шектелді. Дауыс беруге 25-жастан бастап барлық ер адамдар қатысты, ал үй жұмысшысы мен сот бойынша құқықтарынан айырылған ер адамдардың барлығы қатыстырылмады.

Кортестер жоғарғы заң шығару билігін иемденді, корольде тек вето құқығы сақталды: егер заң жобасын монарх қабылдамаса ол кортестерге қайта жіберілді және егер кейінгі екі сессияда ол қабылданса күшіне енді. Алайда король маңызды билікті сақтап қалды: ол жоғары мемлекеттік шенеуніктер мен офицерлерді тағайындады, кортестер санкциясынан соғыс жариялап, бейбіт бітімдер жасады. Конституциядан кейін кортестер көптеген антифеодалдық және антишіркеулік декреттер қабылдады: жалға берудің феодалдық түрлері, шіркеулік десятина және шіркеу пайдасына тағы да басқа төлемдер жойылды. Шіркеу монастрлық және корольдік иеліктердің бөлігін сату жарияланды. Сонымен қатар қауымдық меншік жойылып, қауымдық жерлер сатыла бастады. Кортестердің көптеген шаралары елде капитализмді тездетуге бағытталды. Бұл сатушылыққа жол берілмеді, экономикалық саудада шектеулер жойылды, капиталға салық енгізілді.

Конституция қабылдау кезінде француз әскерлерінің жағдайы қиындады. 1812 жылы Наполеонның Ресейге жорығына байланысты Испаниядағы армияның маңызды бөлігі сонда жіберілді. Осыны пайдаланып испан әскерлері француздарға соққы берді, кейін олар әскерлерін Эбро өзеніне алып кетуге және 1813 жылы қарашада испан территориясын толығымен тастауға мәжбүр болды.

Алайда Наполеон елде билігін сақтауға тырысты. Ол Францияда тұтқынға ұшыраған Фердинанд VII келіссөздер жүргізіп, оған Испанияға оралып таққа отыруды ұсынды. Фердинанд VII бұл ұсынысты қабылдап Франциямен достық қатынасты сақтауға міндеттенді. Алайда Мадридте жиналған кортестер Фердинандты ол 1812 жылғы конституцияны бекітпейінше король деп мойындаудан бас тартты.

Кортестер мен абсолютизмді жақтаушыларды қасына жинап алған Фердинанд VII арасында күрес басталды. Өзіне мемлекет басшысы рөлін алып Фердинанд VII 1812 жылғы Конституцияны, кортестердің декреттерін мойындамайтындығын айтып манифест шығарды. Кортестер таратылып, ал олар құрған үкімет құрамына кірген либералды министрлер тұтқындалды. 1814 жылы мамырда Фердинанд VII Мадридке барып абсолюттік монархияның орнатылғандығын жариялады.

Наполеонға қарсы ұлт-азаттық күрес испан халқының жеңісімен аяқталды. Ол бірінші империяның жаулап алу жоспарының құлдырауында үлкен рөл атқарды. Ұлт-азаттық күреспен қатар басталған алғашқы испан революциясы буржуазиялық-демократиялық болды. Онда шешуші рөлде шаруалар, қолөнершілер, қала кедейлері, қалыптасып жатқан пролетариат болды. Алайда әлсіз испан буржуазиясы революцияны басқара алмады, алғашқы Испан революциясы аяқталмаған болды. Фердинанд VII елге қайтып оралуынан кейін Испанияда абсолюттік монархия орнатылды, революцияға қатысқандарды қатаң жазалау басталды. Бұрынғы иеленушілерге монастырь, шіркеу жер меншіктері қайтарылды.

**XIX ғасырдың 50-70-жылдарының басындағы Испаниядағы буржуазиялық революциялар.** XIX ғасырдың ортасында 30-жылдардан басталған Испаниядағы өнеркәсіп төңкерісі кең қанат жайды. Каталонияда мақта-мата өнеркәсібі алғашқы болып машина өндірісіне көшкен болатын. 60-жылдардың басына қарай жіп иіру (қолмен) өндірістен толық шығарылды. 30-жылдары Барселонаның тоқыма кәсіпорындарында алғашқы бу машиналары пайдалана бастады. Мақта-мата өнеркәсібінде машиналар қолданыла бастады. XIX ғасырдың ортасында металлургияда қайта құру басталды. 60-жылдардың аяғына қарай теміржол Мадридті ірі қалалармен байланыстырды, оның ұзындығы 5 мың км жуық болды.

Алайда өнеркәсіп төңкерісінің басталуы Испанияның алдыңғы қатарлы капиталистік елдерден артта қалушылығын жоймады. Испан өнеркәсібі үшін қажетті құрал-жабдықтар мен машиналар шетелден әкелінді. Шетел капиталы теміржол құрылысында да үстемдік етті және тау кен өндірісінде де үлкен рөл атқарды. Елде кіші және орта кәсіпорындар көп болды. Испанияның артта қалушылығы ең алдымен ішкі нарықтың дамуын тежеген ауылшаруашылығында феодалдық қалдықтардың сақталуымен түсіндірілді. Елдің өнеркәсібі капиталдың жетіспеуінен зардап шекті.

Фабрикалық өндіріске көшу қолөнершілердің күйзелуімен, жұмыссыздықтың көбеюімен, еңбек шарттарымен жұмысшылардың өмірінің төмендеуімен бір мезетте жүрді. Мәселен, астуриилік тау кеншілерінің



жұмыс күні 12-14 сағат болды. XVIII ғ. Аяғындағы халық санының өсуі және қалалардың дамуы ауылшаруашылық өнімдеріне сұранысты көбейтті.

**Төртінші буржуазиялық революция (1854-1856 жж.).** Буржуазиялық қайта құрулардың аяқталмаған жағдайында капитализмнің одан әрі дамуы 50-жылдардың басында барлық қоғамдық қайшылықтарды туғызды. Өнеркәсіптік төңкеріс қолөнершілердің кедейленуіне, жұмысшы табының жалақысының төмендеуіне, жұмыссыздар санының артуына әкелген болатын. Салықтың көбеюі наразылықты күшейтті.

1854 жылы генерал О'Доннель басшылығымен оппозициялық топтар үкіметті құлатуға шақырды. 1854 жылы шілдеде Барселонда, Мадридте, Малагеде, Валенсияда халық көтерілістері басталды. Нәтижесінде Эспартеро басқарған (прогрессистер) және әскери қызмет лауазымын О'Доннель (модерадос тобы) иеленген үкімет құрылды.

Үкімет тапшылықты, зәрулікті қысқарту мақсатымен шіркеу жерлерін конфискулеп, сата бастады. Сатылған жерлердің бәрі әрине сөзсіз буржуазияның, шенеуніктердің, буржуазияға айнала бастаған дворяндардың қолына өтті, ал бұл дворяндар мен буржуазияның жоғары тобы арасындағы одақтың нығаюына әкелді. 1855 жылдан басталған қауымдық жерлерді сату XIX ғасырдың аяғына дейін жалғасты. Ал бұл шаруашылықтарға үлкен зиянын тигізді. Шаруалар кедейлене бастады. Жұмысшы және шаруа қозғалыстарының даму шараларына қарсы ірі буржуазия мен либералды дворяндар контрреволюциялық лагерьге көшті. Әскери министр революциялық күресті басып жаншуды өзіне алды. 14 шілде 1856 жылы ол Эспартероның отставкаға кетуін арандатып, кортестерді таратты. Бұл қадам Мадридте наразылық туғызды. Халық үш күн бойы армияға қарсы қарулы күрес жүргізді. 16 шілдеде көтерілісті О'Доннель басып тастады, шіркеу жерлерін сатуды тоқтатып, ұлттық милицияны таратты.

1854-1856 жылдары революция дворяндар мен ірі буржуазия арасындағы ымырамен аяқталды. Буржуазия шаруа қожалықтарын тонау арқылы өздерінің жер иеліктерінің өсуіне қол жеткізді. Шаруалардың жағдайының төмендеуі елде шаруа толқуларының өсуіне әкелді. 1845 жылы конституция сақталды. Революциядан кейін екі блок пайда болды: консерваторлар мен либералды одақ. Консерваторларды генерал Нарваэс басқарды, олар ірі жериеленуші-дворяндардың мүддесін қорғады. Либералды Одақ буржуазияға айналған дворяндар мен жоғары буржуазия тобының мүддесін білдірді, оның басшысы генерал О'Доннель болды. 1856-1868 жылдары О'Доннель үкіметі билікте үш рет болды және оны үш рет Нарваэс үкіметі ауыстырды.

**Бесінші буржуазиялық революция (1868-1874 жылдар).** 1868 жылы қыркүйекте Кадисте эскадра көтеріліс жасады. Бұл көтерілістен кейін Мадрид, Барселонада халық қару жарақ қоймасын жаулап алды. Изабелла ханшайым Испаниядан қашты.

Жаңа үкіметке прогрессистер мен либералды одақ өкілдері кірді, билік сауда-өнеркәсіп буржуазиясы мен буржуазияланған дворяндардың қолына өтті. 60-жылдардың аяғы-70-жылдардың басында үкімет сауда мен

өнеркәсіптің дамуын реттеген бірқатар шараларды іске асырды. Қаржы жүйесі реттелді, жаңа кедендік тариф қабылданды. Үкімет әлі де сақталған шіркеу иеліктерін конфискулеп, оны сата бастады.

1869 жылы қаңтарда Құрылтайшы кортестерге сайлау барысында монархиялық партия-прогресистер мен либералды одақ жеңіске жетті. 320 орынның 70 орынын республикашылар алды. 1869 жылы маусымда жаңа конституцияны жасау аяқталды. Испания конституциялық монархия деп жарияланды, ерлер үшін жалпыға бірдей сайлау құқы негізінде екі палаталы парламент құрылды. 1869 жылғы Конституция негізгі буржуазиялық-демократиялық еркіндіктерді және ар-ождан бостандығын бекітті. 1870 жылы Испания королі тағына Италия королінің ұлы Амадео Савойский отырды. 1874 жылы 3 қаңтарда елде мемлекеттік төңкеріс болды. 1874 жылдың желтоқсанында король болып Изабелланың ұлы Альфонс XII тағайындалды. 1876 жылғы елдегі карлистердің соғысы карлистердің жеңілуімен аяқталған болатын.

Испания тарихында орын алған буржуазиялық революциялар елдің капиталистік даму жолында кедергі болған көптеген феодалдық қалдықтарды жойды. Феодалдық абсолюттік тәртіптерге қарсы күресте шешуші рөлді халық бұқарасы атқарды.

**ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы Португалия.** Жаңа кезеңнің басында Португалия Испанияның иелігінде (1581 жылдан) болды. 1640 жылы Лиссабонда испан үстемдігіне қарсы күрес болды. Ірі феодалдардың бірі-Жуан де Браганса Португалияның королі деп жарияланды. Ұзаққа созылған соғыстардан кейін Испания 1668 жылы Португалияның тәуелсіздігін мойындады. Халықаралық аренада күшті одақтас іздеу мақсатымен Португалия 1703 жылы Англиямен мәңгілік одақ жөнінде келісімге қол қойды. Бұл португалдық шарапты Англияға, ал ағылшын маталарын португалдық нарыққа әкелуге жол ашты. Сондай-ақ бұл келісім Португалияны экономикалық және саяси жағынан Англияға тәуелді етті.

XVI ғасырдың II-жартысы – XVII ғасырларда Португалияда экономикалық құлдырау болды. Экономикада басты орынды ірі феодалдар-майораттар иелері алды. Дворяндар мен шіркеудің қолында өңделетін жердің 3/2 бөлігі болды. Солтүстік және орталық аудандарда шаруалар жерді феодалдық міндеттер мен ұзақ мерзімге берілген жалға беру негізінде пайдаланды. Португалияның оңтүстігінде ірі жер шаруашылығы басымырақ болды, оның иелері жерді жалға ірі арендаторларға берді. Қалаларда цехтық қолөнер үстем болды.

XVIII ғасырда шарап экспортының көбеюі және астық пен зәйтүн майына деген бағаның өсуі ауылшаруашылық тауарының өсуіне және дамуына әсер етті. Португалдық ауыл тұрғындарының көп бөлігі жерсіз болды, олар ірі арендаторларға жұмыс істеді. Оңтүстіктегі астықты аудандарда байыған шаруалар шыға бастады, олар енді сеньорлардың жерлерін жалға ала отырып, батрактардың еңбегін пайдаланды.

XVIII ғасырда өнеркәсіпте капиталистік қатынастың орнауы байқалды. Ғасырдың ортасында жібек, мақта-мата, қағаз, шыны теріден заттар жасаған

мануфактуралар пайда болды. Бірақта португальдық өнеркәсіп ағылшындық тауарлардың көптеп келуінен және бәсекелестігінен баяу дамыды. Еуропа елдеріне Португалия өзінің тауарларын шығарып отырды, бір сөзбен айтқанда отар елдің шикізат көзі болды. Елдегі орын алған әлеуметтік-экономикалық үдерістер буржуазияның жоғары табы мен саудамен айналысқан дворяндардың бір бөлігінің жақындасуына әкелді.

Португалдық абсолютизм. XVII ғасырдың аяғы-XVIII ғасырда абсолютизмнің нығаюы жалғасты. Барлық билік корольдің және ол тағайындаған министрдің қолында болды. Сарай маңындағы және мемлекеттік аппарат аристократтарының сұраныстарын отар елдерді қанау және салықтарды көбейту арқылы қанағаттандырылып отырылды, барлық ауырпалық шаруалар, қолөнершілер және буржуазияға түсті. Үстем тап-дворяндар мен дін басылары салықтың едәуір бөлігінен босатылды. Католиктік шіркеу едәуір экономикалық және саяси ықпалға ие болды. XVIII ғасырда Португалияда 500-ге таяу монастырьлер болды.

Португалияның экономикалық артта қалуы, сыртқы сауданың пассивті балансы, мемлекеттік бюджет тапшылығының өсуі абсолютизмге бірқатар реформалар жүргізуге мәжбүр етті. Мұндай реформа Помбаланың есімімен байланысты. Импортты қысқарту үшін Помбала үкіметі корольдік мануфактура, сауда компаниялары мен жеке мануфактуралар құруды қолдады, оларға салықтық жеңілдік мен монополиялық құқықтар берді. Бұндай шаралар капиталистік қатынастың дамуына әсер етті. Помбала үкіметі салықтық жүйені реттеді, армия мен флотты қайта құрды. 800-ге таяу бастауыш және орта діни мектептер ашылды, университеттерде жаратылыстану пәндері оқытыла бастады.

1777 жылы Жозе I қайтыс болғаннан кейін Помбала билігі құлатылып, қайтадан аристократтар мен дін басыларының саяси ықпалы нығайды. Сөйтіп ағартушылық абсолютизм саясаты ескі тәртіп күштерінен жеңіліс тапты. Бұл жеңіліс капиталистік қатынастың дамуын қолдаған және ескі феодалдық қатынас арасында шиеленісті тудырды. XIX ғасырдың басында Португалия артта қалған аграрлы ел болды, халқының 80-пайызы ауыл шаруашылығымен айналысты. Майораттардың, феодалдық міндеттіліктің, шіркеулік жер иеліктері капиталистік қатынастың дамуына кедергі болды.

Португалдық өнеркәсіптің басты саласы тоқыма, тері, тамақ өнеркәсіптері болды. Порту және Лисабон аудандарында шашыраңқы және орталықтандырылған мануфактура болды. Ішкі кедендік салықтар және көптеген монополиялар мануфактура мен ішкі сауданың дамуына кедергі болды. Өнеркәсіптің дамуына кері ықпалын тигізген оның Англияға тәуелді болуы да еді. 1810 жылы жаңа сауда келісіміне қол қойды, бұл келісім Англияның экономикалық ықпалын одан әрі бекітті.

Француз буржуазиялық революциясы және наполеондық соғыстар кезінде Португалия Англия жағынан соғысқа тартылған болатын. 1807 жылдың аяғында португалдық үкімет континенталдық блокадаға қосылудан бас тартқан болатын, француз әскері Португалияны жаулап алды. Король және сарай маңындағы аристократтар Бразилияға қашты. 1808 жылдың

жазында елдің солтүстігінде француз басқыншыларына қарсы халық көтерілісі болды, оны пайдаланған ағылшындар 1811 жылы Португалиядан француздарды толығымен қуып шығып, барлық билік ағылшын маршалына берілді, португалдық армияда басты қызметтерді ағылшын офицерлері иеленді. Буржуазия, интеллигенция, либералды дворяндар феодалдық тәртіпке және ағылшын басқыншылығына наразы болды.

**1820-1823 жылдардағы буржуазиялық революция.** Испанияда 1820 жылғы революциялық күштердің жеңісі португалдық әскерилерді де шешуші қимылға итермеледі. 24 тамызда 1820 жылы Порту гарнизонында көтеріліс бастады. Көтерілістің басшылары-полковник Сепулвед пен Кабрейр конституция жасауды талап етті. Қыркүйек айының басында көтеріліс Португалияның солтүстігіндегі қалаларға жайылды. 15 қыркүйекте революция Лисабонда жеңіске жетті. Уақытша үкімет кортес шақыруды шешті. 1821 жылы қаңтарында жиналған құрылтайшы кортестер бірқатар буржуазиялық қайта құруларды жүзеге асырды. Атап айтсақ, феодалдық міндеттілікті, ішкі кедендік салықты, инквизицияны жойып, баспа сөзбостандығын жариялады. Англиямен сауда келісімі бұзылып, ал армиядан ағылшындар қуылды. 1822 жылдың қыркүйегінде кортестер конституция жобасын дайындап болды. 1822 жылы Конституция Португалияны конституциялық монархия деп жариялады. Заң шығарушы билігі бірпалаталы кортеске, атқарушы билік корольдің қолында қалды. Конституция сайлаушыларға мүліктік цензы қоймады, сайлау құқынан жұмысы жоқ адамдар мен құлдар айырылды. 1821-1822 жылдары кортеске түскен көптеген шаруалар петицияларына қарамастан, елде жер иеленудегі міндеттіліктер өзгертілмеді. 1823 жылы феодалдық аристократия мен дін басылары Испанияға француз интервенциясының басталуын қолдана отырып, шабуылға кірісті. 1823 жылдың мамырында армияда контрреволюциялық толқу басталды, ол либералдар билігін толығымен жойды. Революцияның жетістіктерінің барлығы жойылды.

**Мигелистік соғыстар және 1836 жылғы революция.** 1820-1823 жылдары португалдық революцияның жеңілуі нәтижесінде реакцияшыл күштердің жеңісі мықты болмады. 20-жылдардың ортасына қарай либералдар мен феодалдық реакция арасындағы күрес қайтадан династиялық шиеленіс формасын ала отырып жандана түсті. 1826 жылы король Жоан VI қайтыс болды, енді португал тағы үшін күрес Жоан VI-ның кіші ұлы Мигелдің атымен мигелистік соғыс деп аталды. Мигелдің маңына феодалдық және дін басылары топтасты.

Ірі буржуазия мен либералды дворяндар мигелистерді билікке жібермеуге тырысты, олар бразилиялық император Педру I-нің кішкентай қызы Марияны отырғызбақшы болды. Оның жақтаушыларының ұраны француздық “1814 жылғы Хартия” үлгісінде жасалған “1826 Конституциялық хартия” болды. Конституциялық хартия 1822 жылғы Конституцияға қарағанда өте орынды болды. Онда; екі палаталы парламент құруды, жоғары палатаны король тағайындады, ал төменгі палата сайланатын, сайлау құқы жоғары мүліктік цензымен шектелді. 1834 жылы мигелистік соғыстар

либералдардың жеңісімен аяқталды, феодалдық реакция талқандалды. Билік либералды дворяндар мен ірі буржуазияның қолына өтті. Либералдар 1826 жылы Конституциялық хартияны жүзеге асырды. Үкімет соттық және салықтық реформалар жүргізді, кәсіпкерлік қызметке еркіндік берді. 500-ден астам монастырлар жабылды, олардың мүліктері конфискеленді, сатылды. Бұл буржуазиялық жер иеленушіліктің өсуіне және буржуазия мен либералды дворяндардың мүдделерінің бірігуіне әкелді.

Бірақта бұл Конституциялық хартия халықтың көп бөлігін саяси құқықтарынан айырды, ал бұл ұсақ буржуазия мен төменгі қала халқының наразылығын тудырмай қоймады. 1836 жылы қыркүйекте Лиссабон гарнизоны көтеріліске шықты. Бұқара халықтың қолдауымен революция жеңіске жетті. Сентябристер 1822 жылы Конституцияны қайтадан қалпына келтірді. Сентябристердің басшысы ірі саяси қызметкер М. Пассуш болды.

30-жылдардың аяғына қарай революциялық өрлеу өзінің дамуында тоқтап тұрды, олар ірі жер иеленушілердің құқына қол сұғуға бата алмады. 1838 жылы жаңа конституция жасалды, онда сайлау құқы шектелді. Сентябристердің беделінің түскендігін ескі тәртіпті жақтаушылар пайдалана отырып, 1842 жылы мемлекеттік төңкеріс жасап, Конституциялық хартияны қалпына келтірді.

40-жылдары сентябристер мен хартияны жақтаушылар арасында күрес басталды. Бірақ португалдық шаруалардың 1846 жылы салықтық езгіге қарсы көтерілісі және 1848 жылы еуропалық революциялар екіжақты келісімге келуге итермеледі. 50-жылдардың басында екі жақ бітімге келді. 1852 жылы хартияға сайлау құқын кеңейткен “қосымша акт” қабылдады. Үкімет феодализмнің бірқатар қалдықтарын жойды, Португалияда майораттар өзгертілді.

50-60-жылдары Португалияда мануфактуралық өндіріс кеңейтілді. Тоқыма өнеркәсібінде алғашқы машиналар пайда болды, бу двигательдерінің саны өсті. 50-жылдардың ортасында теміржол құрылысы басталды. Бірақта ішкі нарықтың саяздығынан және ауыл шаруашылығындағы феодалдық қалдықтардың сақталуынан өнеркәсіп төңкерісінің дамуын тежеді.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Карл II патшалық құрған кездердегі елдің саяси жағдайы?
2. Кортестердің шараларының негізгі бағыттары
3. О’Доннель басшылығымен ұйымдастырылған топ?
4. Помбала реформасы мәні?
5. Мигелистік соғыстардың себебі?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. Кадистегі эскадра көтерілісін жан-жақты қарастыру.

## **12-ТАҚЫРЫП. ХҮІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПАНЫҢ «КІШІ ЕЛДЕРІ» БЕЛЬГИЯ, НИДЕРЛАНДЫ, ЛЮКСЕМБУРГ, ШВЕЙЦАРИЯ ЖӘНЕ СКАНДИНАВИЯ ЕЛДЕРІ**

**Бельгия.** XVIII ғасырда Бельгия жеке мемлекет ретінде болған жоқ. Испан мұрасы үшін соғыстан кейін бельгия провинциялары австриялық Габсбургтер иелігіне берілді. Австрия үстемдігі жылдарында (1714-1789 жж.) капитализмнің дамуын цех корпорацияларының, көптеген ішкі кедендердің кедергі жасауы, провинцияларға жасалған ортақ салмақ, ақша жүйесінің болмауы тежеді. Австрия монархы Иосиф II «жоғарыдан» реформалар арқылы Бельгия провинциясында өз позициясын нығайтқысы келді. Ол протекционизм саясатын жүргізді, мануфактураларды қолдау, шаруалардың кейбір феодалдық борыштылығын жою, шіркеудің жер иеліктері мемлекеттің бақылауына өтті, цехтардың жеңілдіктерін шектеу саясатын жүргізді. Сонымен қатар Бельгия өнеркәсіпшілерінің пайдасына бақылау күшейтілді. Мұндай австриялықтардың үстемдігі жергілікті тұрғындардың барлық таптарының наразылығын туғызды.

1787 жылы Бельгия провинцияларында кең австриялықтарға қарсы майдан пайда болды. Оны буржуазия басқарды, саяси билікке талпынған буржуазия халық бұқарасының талаптарын толық орындауды қанағаттандырғысы келмеді. Шаруалар мен қала кедейлері негізін қалаған бұл майданның орталығы Брабант болды. Австриялықтарға қарсы қозғалыстың дамуына Ұлы Француз революциясы үлкен ықпалын тигізді. Бастилияның алынуы туралы хабар Бельгия халқының Габсбургтер билігіне қарсы шығуына түрткі болды. Қазанның 23-нен 24-не қараған түні Голландияда эмигранттар құрған бельгия армиясы шекарадан өтіп, Брабант провинциясын азат етуді бастады.

Австриялық қанауға қарсы Намюр, Брюссель, Гент және тағы басқа қалалардың тұрғындары көтеріліске шықты. Сөйтіп, Брабант революциясы болып, оның нәтижесінде 1789 жылы желтоқсанда Антверпен және Люксембург провинцияларынан басқа бүкіл Бельгия провинциялары Австрия әскерінен азат етілді. Брюссельде жиналған 9 азат етілген провинциялардың Ұлттық конгресі 1790 жылы 11 қаңтарында тәуелсіз мемлекет – Бельгия Құрама Штаттарының құрылғандығын жариялады. Бірақ ішкі саяси күрес жас бельгиялық мемлекетті әлсіздендірді. Бұндай жағдайды Австрия тез арада тиімді пайдалана алды. 1790 жылы желтоқсанда 30-мыңдық австриялық әскер Бельгия провинцияларының аумағына еніп, Габсбургтер билігін қайта орнатты. Брабант революциясы жеңіліспен аяқталды.

Еуропалық мемлекеттердің коалициясына қарсы революциялық соғыстар барысында Франция контршабуылға көшіп, 1794 жылы Бельгия провинцияларын Австрия үстемдігінен босатып, өз құрамына қосты. Салыстырмалы түрде ұзаққа созылмаған (1814 жылға дейін) француз үстемдігінің терең салдарлары болды. Негізгі жасалынған шаралар төмендегідей: феодалдық-сословиелік тәртіптің жойылуы, француз сауда-өндірістік заңдарының енгізілуі, сонымен қатар әкімшілік және сот

құрылымдарының енгізілуі болды. Бұл жаңа енгізулер капитализмнің дамуына, буржуазиялық құрылымның орнығуына жол ашты. Бірақ Бельгияның Наполеон соғыстарына еріксіз қатысуы, оған қатысты салықтардың өсуі, экономика үшін континенталды блокаданың теріс нәтижелері халықтың наразылығы мен ұлттық тәуелсіздікке деген талпынысын туғызды. Дегенмен Наполеон империясы құлағаннан кейін Бельгия Нидерланды Корольдігіне қосылады.

**1789-1815 жылдардағы Голландия. Батав республикасы.** Француз революциясы қарсаңында Голландияда саяси реакция үстем еді. «Патриоттардың» революциялық буржуазиялық-демократиялық қозғалысын Пруссия қаруымен басқан Статхаудер Вильгельм V және сауда-қаржы олигархиясы елдің ішінде қуғын-сүргінді күшейтіп, сыртқы саясатта француздарға қарсы коалициямен жақындасу бағытын ұстанды.

Сондықтан да француз Конвенті 1793 жылы 1 ақпанда Нидерландының Құрама провинцияларына соғыс жариялайды. Француз армиясының жеңісімен оның 1794-1795 жылдары қыста елге енуі Вильгельм V Англияға кетуге мәжбүр етті. Билікке келген «патриоттар» 1795 жылы мамырда Батав республикасының құрылуын жариялады. Франциямен бейбітшілігін одақ жасасқан республика оған саяси жағынан тәуелді болды. Сөйтіп жиырма жылдық француз үстемдігі Голландияда басталады. Жаңа республикада басталған саяси күрестегі басты мәселе конституция туралы болатын.

Ұзақ талқылаулардан кейін 1798 жылы жаңа конституция қабылданады. Батав республикасында Директорияда сияқты ортақ мемлекеттік заң шығару, сот және қаржылық жүйемен орталықтандырылған басқару енгізілді. Провинциясы автономия жойылып, қалалық патрициат құқықтары қатты шектелді. Шаруалардың крепостнойлық тәуелділігі мен дворяндардың жеңілдіктерінің қалдықтары жойылып, протестанттық шіркеу мемлекеттен бөлінді. 1798 жылы конституция орталықтандырылған Голландия мемлекетінің құрылуына алғышарттар жасады.

Бірақ реформалар антидемократиялық шаралармен қатар мемлекеттің ішкі істеріне тікелей араласқан Францияға тәуелділіктің күшею жағдайында жүрді. 1806 жылы маусымда Батав республикасы Наполеон інілерінің бірі – Луи басқарған Голландия корольдігі болып өзгерді. 4 жылдан кейін 1810 жылы шілдеде Голландия Француз империясына қосылды.

Француз иелігі кезеңіндегі Голландия экономикасы зор шығынға ұшырады. Француз армиясын қамтамасыз ету мен флотты салу үшін шексіз реквизиция мен ірі қаржының жиналуы халық бұқарасының өмір деңгейін түсіріп, буржуазияның көп байлығын иеленді. Континенталды блокада дәстүрлі сауда байланыстарына зиянын тигізіп, көптеген кәсіпорындардың жабылуына әкелді. Голландықтардың наразылығы күшейіп, ол француз үстемдігіне қарсы ашық күреске ұласты.

Наполеон әскері Лейпциг түбіндегі шайқаста жеңілген де француз әскері Голландиядан шығарылады да, француз әкімшілігі Голландияда билік басында бір күнде бола алмайды. 1813 жылы 15 қарашада Амстердамда көтерілген халық француз үстемдігін құлатады. Елдегі қалыптасқан

жағдайды оранжистер көсемдері шебер пайдалана білді. Бірнеше күннен кейін құрылған уақытша үкімет Голландия тағына соңғы статхаудердің ұлы Вильгельм Оранский отырғызылды.

**XVIII ғасырдың-XIX ғасырдың басындағы Швейцария.** XVIII ғасырдың аяғында Швейцария тәуелсіз, одақтық келісімшартпен байланысқан кантондардың конгломераты еді. Ел 13 кантондар мен бірнеше одақтық жерлерден тұрды. Елде капиталистік өндірістің мануфактуралық түрі тез қарқынмен дамыды. 1780 жылы Швейцария Еуропада мақта-мата шығарудан I-ші орынды иеленіп, мануфактурада 150 мыңдай адам жұмыс істеді. Елдегі капитализмнің дамуына көптеген феодалдық қалдықтар, яғни цех жүйесі мен қалаларда патрициат озбырлығы, католиктік кантондарда сақталған шаруалардың феодалдық борыштылығы тежеді. Сонымен қатар әрбір кантон өз шекарасында кедендік баж салығын жинады, өз ақшасын құйды, жеке әскері мен ерекше әкімшілік құрылымды иеленді. Женева, Цюрих, Берн, Базель сияқты сауда-өндірістік орталықтарының өзінде аристократия мен патрициат буржуазияны билікке жақындатқызбады. Бұның бәрі «үшінші сословиені» кантон олигархиясына қарсы күресті бастауға итермеледі.

Елдің үстем табы Франциядағы революцияны жақтыртпаса да, оның ықпалының Швейцарияға таралуын тоқтата алмады. 1792 жылы революциялық Рейн армиясы I-ші коалиция әскеріне тойтарыс бере отырып, Базельді басып алғанда алдыңғы қатарлы буржуазия Раурак республикасын жариялайды. Ол 1793 жылы Франция құрамына кірді. 1798 жылы наурызда бүкіл Швейцария Директория қолында болды. Оларға сүйене отырып 1798 жылы сәуірде Швейцария республиканшылары «біріккен және ажырамас Гельвет республикасын» жариялап, 1795 жылы француз конституциясын негізге ала отырып, өзінің буржуазиялық конституциясын қабылдайды. Гельвет республикасы француздар жасаған қуыршақ мемлекеттердің бірі болды. Ол Директориямен тең құқылы емес одақ жасасып, бірнеше кантондардың (Базель, Женева, т.б.) Францияға қосылуын мойындады. II-ші коалициямен соғысқа енген Швейцария әскери қимылдардың театрына айналды. 1815 жылы Швейцарияның бұрынғы шекарасын қалпына келтіріп (Вена конгресі арнайы актпен), оған бейтараптық пен біртұтастық кепілдігін берді.

**1815-1830-жылдардағы Нидерланды корольдігі.** Вена конгресінің шешімімен Голландияға Бельгия мен Люксембург кіріп, Нидерланды корольдігі пайда болды. 1815 жылғы Конституция бойынша Нидерланды королі шексіз билікке ие болды. Министрлер парламент алдында жауапты болмады, бюджет он жылға қабылданды, король бірінші палата депутаттарын тағайындады. Екінші палата депутаттарын провинция штаттары сайлады.

Вена конгресінің шешімі екі жүзжылдықтағы тарихи дамуды, яғни экономикалық-әлеуметтік дамуы әртүрлі, тілдік және діни ерекшеліктері бар екі ұлттың пайда болғанын ескермеді. Экономикалық саладағы өзгешеліктер орасан зор еді. Осы уақытта Бельгия өнеркәсіп төңкеріс жолына түссе,



Голландияда мануфактура мен қолөнер құлдырауы болып, сауда және қаржылық буржуазия үстем болатын.

Голландия саудагерлеріне пайдалы, бірақ бельгиялық өнеркәсіпшілердің мүдделеріне қайшы келген кедендік баж салығын енгізді. Мұндай саясатқа қарсы 1830 жылы Бельгияда революцияның бұрқ етуі де заңды еді. Голландықтардың бұл революцияны күштеп басу талпынысы ұлы державалардың наразылығын туғызды. Голландия Бельгияның тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. Бельгия, Голландия және Люксембург арасында шекара белгіленді.

**Отарлық саясаты.** XIX ғасырда Нидерланды империясының аумағының азайғандығы байқалды. Бірнеше отарлық жерлерді (Цейлон, Африкадағы Кап жері мен Оңтүстік Америкадағы бірнеше отарлар) Наполеон соғыстары кезінде ағылшындар басып алды. 1824 жылы голландықтар Англияға Үндістан мен Малаккудегі иеліктерін берді, ал ағылшындар Индонезиядағы иеліктерінен бас тартты. Жергілікті халықтың қарсылығын басу арқылы голландықтар бұл мемлекеттің ішкі аудандарын отарлады. Отарларды қанау мемлекет қолында шоғырланды. 1824 жылы корольдің қатысуымен Нидерландтық сауда қоғамы құрылды. Сыртқы сауда да монополияға иеленіп, Қоғам Нидерландық өнеркәсіпті өзіне бағындырды. Отарларда, әсіресе шетел капиталына, сонымен қатар Голландияның жеке капиталына жабық Ява аралында, Нидерландтар сауда қоғамы метрополиядан әкелінген маталар мен басқа тауарлардың сатылымынан ірі пайда тапты. 1830 жылдан кейін күштеу «дақылдар жүйесі» енгізілді. Яғни отарлық билік Ява шаруалары жерінің 1/5 бөлігіне экспортқа шығарылатын кофе, қант және тағы басқа дақылдарды өсіруге мәжбүрледі. Сондай-ақ шаруалар жылына бірнеше ай бойы плантацияларды өңдеуге немесе фабрикаларда шикізатты алғаш өңдеуге міндеттеді. «Дақылдар жүйесі» 1870 жылға дейін болып, голландықтар Индонезияда 800 млн гульденнен астам пайда көрді.

**Экономикалық даму және либералды реформалар.** Нидерландыда жұмысшылардың қаналуы мен отарлардың тоңалуы капиталистік қатынастардың дамуына жағдай жасады. Бірақ өнеркәсіп төңкерісі төменгі қарқынмен әсіресе тоқыма өнеркәсібінде дамыды. Бұл кезде ауыр өнеркәсіп әлі болған жоқ. 1859 жылы өнеркәсіпті ауылшаруашылығымен салыстырғанда адамдар саны көбірек болса да, ұсақ өндіріс басым болды. Кеме жасау дамып, каналдар мен порттар салынды. Ғасырдың ортасында Нидерландыда екі теміржол бар еді, оның біреуі Амстердам мен тарзиттік сауда орталығы – Роттердамды қосты.

Қоғамның саяси өмірі жандана бастады. Демократиялық үрдіс публицистер мен жазушылардың сол кездегі тәртіптерді сынаған сөздерінде көрініс тапты. Олардың ішінде Голландия отарлаушыларының қаталдығын әшкерелеген Мультатули (1820-1887) бар еді. Бірақ либералды үрдіс басым еді. Күшейген өнеркәсіп буржуазиясы еркін кәсіпкерлік пен отарларға тікелей кіруді талап етті. Ұсақ буржуазия басқарудың демократизациясын талап етті. Католиктер протестанттармен құқықтарының теңелуін талап етті.

Ірі сауда және қаржылық буржуазия билігінің шектелуіне наразы болатын. Бұл талаптар либералды партияның 1840 жылы бағдарламасына енді. Оның басшысы мен идеологы Лейден университетінің профессоры Й.Р.Торбеке болды. Бірақ Вильгельм II (1840-1849 жж.) өзінің шексіз құқықтарынан бас тартқысы келмеді. Тек 1848 жылы Еуропа революциясы мен Нидерландыдағы демонстрациялар оны конституцияны өзгертуге өз келісімін беруге мәжбүрледі.

**Скандинавия елдері.** XVII ғасырдың ортасында Еуропаның солтүстігінде екі салыстырмалы ірі мемлекет - Швеция және Дат-норвеж корольдігі болды. Екі корольдікте де, әсіресе ауыл шаруашылығында феодалдық қатынастар үстемдік етті. Сонымен қатар олардың жеткілікті түрде дамымау нәтижесінде Швеция мен Норвегияда шаруалардың басым бөлігі помещиктік езгіге, крепостниктік тәуелділікті білмеді, шаруалардың көбісі еркін болды, феодалдық қанауға тек мемлекеттік салықтар мен борыштылық түрінде ұшырады. Солтүстік елдерде дворяндардың үлес салмағы Еуропада ең төмен - 0,5 пайыз еді.

Алайда Батыс Еуропаның капиталистік даму жолына түскен аса дамыған елдерімен - Англия, Голландиямен тығыз экономикалық байланыстың арқасында Швецияда және Дания-Норвегияда капиталистік құрылыстың қалыптасу үрдісі жүріп жатты. Ерте капиталистік сауда және мануфактуралық-кәсіпорындар пайда болды. Әлеуметтік және саяси құрылыста алға жылжу болып жатты. Абсолютизм орнатылды, мемлекеттік аппараттың бюрократизациясы өтіп жатты. Швед және дат ұлтының қалыптасу үрдісі жүріп жатты, ал бағынышты Норвегия мен Финляндияда алғашқы ұлттық сана сезім пайда бола бастады.

**Швеция.** XVII ғасырдың II жартысында Швецияның құрамына бұрыннан басып алынған Финляндия кірді, ал XVI ғасырдан басталған басып алу нәтижесінде швед тағының билігіне Шығыс Балтық жағалауындағы Ресейден тартып алынған ірі иеліктер Карелия, Ингрия сонымен қатар Эстляндия (солтүстік Эстония) және Лифляндия (оңтүстік Эстония және Солтүстік Латвияның бір бөлігі, Рига қаласын қоса отырып), Дания мен Польшадан тартып алынған Даго(Хиума) және Эзель аралдары (Сааремаа) өтті. Шведтіктер даттықтардан Готланд аралын және Оңтүстік Скандинавия провинциялары Сконе мен Халланды қайтарып алды. Швеция өзіне Атлантикаға шығатын жол ашты. 30-жылдық соғыс нәтижесі шведтіктер Солтүстік Германияда маңызды иеліктерді иеленуге мүмкіндіктер берді. Соның арқасында швед корольдері герман империясының мүшелері болды.

Аграрлық қатынастар. XVII-XVIII ғасырларда ауыл шаруашылығы елдің негізгі экономикасы болып отырды. Батыс Еуропа және Даниямен салыстырғанда швед территориясы оңтүстік аймақтарды, орталық тау-кен өндірісті аудандарды және кейбір жағалаудағы облыстарды санамағанда аз игерілген еді. Халық дәстүрлі жер игерумен, мал бағумен, балық аулаумен, аң аулаумен айналысты. Шаруалар тек өз еркіндігін ғана сақтаған жоқ, олар сонымен қатар сословиелік парламентте риксдагқа қатысу құқығын иеленді. Шаруалардың помещикке жеке тәуелділігін сақтап қалған ірі үстемдік етуші

шаруалық-домендер-Стокгольмнің айналасындағы Шығыс Швеция облыстарында, оңтүстік-батыс Финляндияда және Данияда қалған оңтүстік провинцияларында пайда болды. Помещиктерге тәуелді шаруалар рикстагта сайлау құқығын иеленбеді (ауылдық пролетариат, жартылай пролетариат бұқарасы сияқты).

**Капиталистік құрылыстың қалыптасуы.** Жалпы кедейшілік пен экономикалық артта қалып қоюшылыққа қарамастан Батыс Еуропа, Даниямен салыстырғанда Швеция XVII ғасырда ең алдымен тау-кен өндірістік аудандарда және ірі қалаларда-Стокгольмде және Гетеборгте (1617 жылы пайда болған) капиталистік құрылыстың қарқынды дамуы жүріп жатты. Швеция Батыс Еуропамен тығыз сауда байланысын орнатты, тіпті XVII ғасырда темір мен мыс, сонымен қатар одан жасалған бұйымдар, соның ішінде қару-жарақты да экспортқа шығаратын алдыңғы қатарлы ел болды. Швецияда жаңа қалалар пайда бола бастады, мануфактуралық кәсіпорындар құрылды, елде капиталмен алдыңғы қатарлы техникалық дағды мен білімді әкелген Фландрия мен Франциядан келген эмигрант-кальвинистер елде кең қабылдануда еді. Орталық Швециядағы темір рудасын кәсіпорындарда ірі ерте капиталистік қоғамда пайда бола бастады. 1668 жылдан бастап Стокгольмде Еуропада байырғы мемлекеттік банктердің бірі жұмыс істей бастады.

Мемлекеттік құрылыс және ішкі саяси күрес. Швеция XVII-XVIII ғасырларда мемлекеттік құрылыстың аса жиі өзгеріп тұратын формасымен сипатталды: едәуір алдыңғы қатарлы, буржуазиялық құрылыс біртіндеп феодалдық құрылыспен алмасты. Билік үшін күресте бақталастық жалғасты: бір жағынан шенеуніктер, бюргерлер, дворяндардың бір бөлігіне сүйенген тақ, екінші жағынан феодалдық ақсүйектер мен аристократия. 1680 жылда (басқа батыс Еуропа елдерінен кейінірек) Швецияда абсолютизм орнатылды. Бұл үрдіс аристократияның қолдануына уақытша берілген тақтың жерлерін кәмпескелеумен қатар жүрді, бірақ бұл дворяндардың жер иеленуіне зиян келтірмеді. Сонымен қатар әскери реформа жасалды: мерзімді рекруттік алымдар шаруалардың армияның жеке құрамын қамтамасыз ету борыштығымен алмастырылды.

Абсолютизм Швецияда отыз жыл бойы өмір сүрді, бірақ Солтүстік соғыста үлкен жеңіліске ұшыраған Карл XII мүлдем сенімдіздендірілді. Соғыстың аяғында король билігінің сайлау алуы қайта қалпына келтірілді, алайда тек Васа династиясынан ғана. Сонымен 1718-1772 жылдар аралығында "еркіндік кезеңі" орнады. Онда билік толығымен сословиелк парламенттік-риксдагтың және ол сайлайтын үкіметтік-мемлекеттік кеңестің қолында шоғырланды. Мұнда король тек екі дауысқа ғана ие болды. Біртіндеп ішкі саяси мақсаттар мен сыртқы саяси бағыттардың ортақтастығымен біріктірілген, риксдаг депутаттарынан құрылған парламенттік партиялар пайда болды, күрес негізінен партиялар арасында болып жатты: меркантилизм саясаттын жақтаушылары сыртқы саясатта агрессивті бағыттармен ерекшеленген - "шляптар" және бейбіт сүйгіш көңіл күйдегі, соғыстарға қарсы, сауда еркіндігін қалайтын, король билігінің

нығаюын қалайтын - ”колпактар” болып бөлінді. Тақ бара-бара өз ықпалынан айырыла бастады: ”еркіндік кезеңінің” соңғы кезінде үкімет корольдің қолдауынсыз кез-келген жарлыққа қол қоя алатын еді және король қолы бар мөрді еркін түрде пайдаланды.

XVIII ғасырдың 60-жылдарының II жартысында Швецияда ішкі саяси жағдай салық төлеуші сословие өз құқықтарының дворяндармен теңестірілуін талап еткен кезде кенеттен шиеленісіп кетті. ”Колпактар” партиясы парламенттен тыс, көбіне провинцияларды буржуазиялық өкілдері арасында өз жақтаушыларын тауып, бұл идеяларды жария етіп отырды. Бұл партия сыртқы саясатта Ресей мен Англияға бет ұстады. Ол XVIII ғасырдың 60-жылдарының II жартысы -70 жылдардың басында екі рет риксдагта көпшілік дауысқа ие болып, үкімет құрды. Франция тарапынан қаржыландырылған ”шляптар” партиясы белсенді түрде ”колпактарға” қарсы күресіп, антиорыс реванистік саясатын жүргізді. Швецияда революциялық жағдайға тән элементтер қалыптаса бастады. 1772 жылы 19 тамызда армияның қолдауына сүйеніп, мемлекеттік төңкеріс жасаған жас король Густав III бұл жағдайдан шығудың жолын тапты. Төңкерісті өз артықшылықтарының айырылуынан қауіптенген дворяндар қолдады. Густав III және оның жақтастары бұл төңкеріс Швецияны жақында Польшада болған сияқты бөліністен сақтап қалады деп ойлады, алайда Швецияның тұтастығына шынайы қауіп болған жоқ.

”Колпактар” үкіметі құлатылды; ол тек корольдің қарауымен ғана жиыла алатын және тек қана салық мәселелерін де ғана дауыс бере алатын биліктің жартылай абсолютті формасын орнататын конституцияны риксдаг, қарудың күшімен қабылдауға мәжбүр болды. Дворяндардың артықшылықтары нығайтылды. Густав III-нің ішкі саясаты ”ағартылған абсолютизм” рухында жасалған бірқатар реформалармен сипатталды: ішкі сауда да қандай да бір кедергілер жойылды, дін бостандығы орнатылды. Мәдени саладағы саясат аса маңызды еді (Густав III әуесқой-драматург болды), ғылыми және әдеби академиялар пайда болды.

Буржуазиялық экономикалық саясатта жалғастырылды, ең алдымен салық төлеуші сословиенің экономикалық құқықтары кеңейтілді. XVIII ғасырдың аяғына қарай өңделген жердің көп бөлігі шаруалар үлесінде болды. Сонымен XVIII ғасырдың аяғында Швецияда тепе-теңдік орнады, бір жағынан феодалдық қатынастардан шегінген, екінші жағынан мануфактуралық капитализм және шаруалар мен қолөнершілердің ұсақ тауарлы өндіріс.

Густав III-нің жүргізген экономикалық саясаты, оның басты тірегі- дворяндар тарапынан наразылық тудырды. 80-жылдары елде жаңа саяси дағдарыс авантюраларға көңіл бөлді. Алдымен ол Норвегияны басып алуды жоспарлады, одан кейін 1788 жылы Ресейге қарсы соғысты ұшықтырды. Соғыс кезінде риксдагта 1789 жылы конституцияның қайта қарауына қол жеткізілді. Шын мәнінде ол абсолютизмді қалпына келтірді, бірақ дворян емес сословиесінің құқықтарын кеңейтуге қажет болды.

**Дания-Норвегия.** XVII ғасырдың ортасында даттық Ольденбург династиясының иелігінде Скандинавия түбегінің оңтүстік провинциялары және Норвегия өзіне тиісті Исландиясымен бірге, Гренландия және Фарер аралдары болды. Норвегия қағаз жүзінде Даниямен бірікті, бірақ іс жүзінде құқықсыз провинция болды. Дания мен Норвегия арасындағы бекітілген унисына неміс халқы қоныстанған Шлезвиг пен Гольштейн герцогтігінің бір бөлігі кірді. Дания Үндістан, Кариб теңізінде біраз отарларды жаулап алды.

Аграрлық қатынастары бұл екі елдің әртүрлі бөліктерінде бірдей болған жоқ. Дания территориясында помещьелер болды, ол басыбайлы шаруалармен өңделді. Жеке меншік жері бар шаруалар мүлдем болмады. Бірақ барщина көп болмады, помещиктер өздерінің кірістерін өздерінің шаруашылықтарында шаруалар өсірген малдарын сата отырып жасады.

Норвегияда жағдай басқаша болды, елдегі өңделетін және пайдаланылатын жерлер географиялық жағдайларға байланысты едәуір көп болмады және де ол дворяндарға тиісті болмады, себебі олар бұл кезде тап ретінде өмір сүрмеді, сондықтан да таққа тиісті болды. XVII-XVIII ғасырдың ортасында тақ жерлері сатылып, шаруаларға тиді. XVIII ғасырдың аяғында еуропада шаруалар жер иеліктерін иелене бастады.

Данияда ерте капиталистік қатынастардың дамуы XVII ғасырда сауданың тез даму сұраныстарымен тездетілді. Мануфактуралар пайда бола бастады. Норвегияда бұндай қатынастар тау кен және орман шаруашылығында жақсы дамыды. Бірақта Норвегияда мануфактуралық өндірісті енгізу шаралары жетістіктерге жетпеді, себебі норвеж тауарлары дат, голланд немесе ағылшын тауарларымен бәсекелесе алмады.

Мемлекеттік құрылымы. ХҮІІ ғасырдың 50-жылдарының аяғында шведтермен соғыстағы жеңілісі аристократиялық басқарудың беделін түсірді. 1660 жылы Фредерик III король мемлекеттік төңкеріс жасап, дін басылары мен бюргерлердің қолдауымен самодержавиелік және мұрагерлік монархияны қалпына келтірді. Монархияның әлеуметтік негізін кеңейте отырып, ол ескі аристократтарды біртіндеп ығыстырды. Абсолютизм "Король заңдары" атты конституциямен бекітілді. Феодалдық негіз сақталды, крепостнойлық құқық сақталды, шаруалардың жағдайы жақсармады.

XVIII ғасырда корольдің елді басқаруда шамасының жоқтығына байланысты барлық билік бюрократтық жоғарғылардың министрлердің қолында болды. Дания-Норвегияда уақытша басқарушысы болып И.Струэнзе болды. ХҮІІІ ғасырдың 70-жылдары ол "ағартушылық абсолютизмі" негізінде бірқатар реформалар жасады. Мемлекеттік шығындарды азайтты, баспасөз бостандығын берді, соттың тәуелсіздігін берді, крепостнойлық құқықты жеңілдетті. Бірақ 1772 жылы Струэнзе өлтірілді.

1784 жылы сарай маңындағы төңкерістен кейін билікке принц Фредериктің маңында болған топ келіп, оның қызметін жалғастырды. Ең маңыздысы аграрлы реформалар, атап айтсақ 1800 жылы крепостнойлық құқық жойылды. Норвегияның Данияға тәуелді провинцияларында ХҮІІІ ғасырдың II-жартысында қала буржуазиясының ұлттық оппозициясы қалыптаса бастады. Олардың талаптары: жалпынорвеждік кәсіпорындар

құруды, экономикалық автономияны талап етті. ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысында кең етек алған шаруалар толқулары дат тағына қарсы емес, жергілікті чиновниктерге қарсы еді.

**1789-1815 жылдардағы Скандинавия елдері.** Солтүстіктің жаңа саяси картасы. 1793 жылы басталған ағылшын-француз соғысына қатыспай-ақ Швеция және Дания-Норвегия екі соғысушы жақпен саудаласа отырып, белгілі бір пайда тапты. Олар тіпті революциялық Франциямен де қарым-қатынастарын үзбеді. 1805 жылдан бастап солтүстік Еуропадағы жағдай өзгере бастады. Оған себеп Наполеон басқыншылығының бұл аймаққа жақындауы нәтижесінде Густав ІҮ Адольф Швецияны Францияға қарсы соғысқа азғырды. Ресей мен Франция арасында жасалған Тильзит одағы Еуропадағы күштер салмағын өзгертіп, саяси сахнада еуропалық солтүстікті алға қойды. 1807 жылы ағылшындар Копенгагенге шабуыл жасап, дат флотын басып алғаннан кейін Англияға қарсы соғысқа Дания-Норвегияны да азғырды. Ағылшындармен қоршауға алынған, Даниядан азық-түлік әкелуден қол үзген Норвегия ең көп зардап шекті. Бұл наразылық тудырды, сепаратистік көңіл-күй пайда болды. Норвегияны Копенгагеннен тікелей басқару мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде елде үкімет сымақ-Үкіметтік комиссия пайда болды.

1808 жылдың басында жаңа орыс-швед соғысы басталады. Соғыс барысында Финляндиядан айырылды, Швецияның экономикалық жағдайының нашарлауы оппозициялық көңіл-күйлердің, ең алдымен армияда оппозициялық көңіл-күйлердің өсуіне әкелді. 1809 жылы наурызда армиялардың біреуінде кейіннен Стокгольмге бет алған оппозициялық офицерлердің басшылығымен көтеріліс бұрқ ете қалды. 1809 жылы 13 наурызда Густав ІҮ Адольф тақтап түсірілді, шетелге қашты. Шақырылған риксдаг толығымен абсолютизмді жойған, парламенттік үкіметке бақылауын кеңейткен, бірқатар азаматтық құқықтарды жариялаған, бірақ сайлау корпусын кеңейтуінсіз төртсөсловиелік парламентті сақтап қалған жаңа конституцияны қабылдады. Король болып тақтан құлатылған корольдің ағасы мұрагерсіз Карл XIII сайланды. 1810 жылы риксдаг елдің тақ мұрагері етіп, Карл Юхан атын қабылдаған (1818 жылдан бастап король Карл ХІҮ) Наполеон маршалы –Бернадотаны сайлайды. Бұл болып жатқан өзгерістердің буржуазиялық сипатын көрсетті. 1809-1810 жылдары оқиғалар кең халық бұқарасының қатыспауынсыз буржуазиялық революцияның бастамасы еді.

1809 жылы қыркүйекте Фридрихсгамда болған Швеция мен Ресей арасындағы бейбіт келісімінен кейін, антиорыс реваншистік көңіл-күйлердің басқаша бұрқ ете қалуына қарамастан, Швецияның билеуші топтары барған сайын көршілес Ресеймен жылы қарым-қатынас ұстау қажеттілігін және оның көмегімен Данияның иелігіндегі Норвегияны айырылған Финляндияға компенсация ретінде өз құрамына қосып алуына қол жеткізуге болатынын түсінді. Бұл идеяларды Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуға талпынған Карл Юханда ұстанды. Кейіннен яғни 1812 жылы тамызда фин қаласы Абоға(Турку) қызу наполеондық күрес кезінде Александр І Карл Юханның жеке кездесуімен қуатталған. 1812 жылы сәуірде Наполеонға қарсы құпия

орыс-швед одағы жасалынады. Швед соғысқа тек қана 1813 жылдың көктемінде кіріскеніне қарамастан оның позициясы Ресей үшін 1812 жылы Отан соғысы кезінде аса маңызды болды.

1813-1814 жылдары Карл Юхан швед, орыс, прусс әскері кіретін армияның қолбасшысы болды. 1813 жылдың аяғында ол өз армиясымен Наполеонға берік болып қалып отырған Данияға қарсы бет алып, 1814 жылдың басында Кильде Норвегиядан бас тартуға мәжбүр етті.

Норвегия халқы Киль бейбіт трактатының талаптарына бағынудан бас тартты. Елде бұрынғы дат- принц наместник басқарған ұлт-азаттық қозғалыс басталады. 1814 жылдың ақпанда елдің тәуелсіздігі жарияланып, уақытша үкімет құрылды, сәуірде шақырылған мемлекеттік (құрылтай) жиналысы Эйдсволл жерінде 17 мамырда конституция қабылдайды. Норвегия екі палаталы сословиелік емес, бірақ ценз парламенті-стортингпен конституциялық монархия енгізілді.

Швеция Норвегиядан бас тартқысы келмеді және ұзаққа созылмаған соғыс тарихта соңғы скандинаваралық соғыс болып қалды. Екі жақта ымыраға барды, Норвегия Стокгольмнің басқаруына өзінің сыртқы саясатын ұсынып, ішкі өзін-өзі билеуді және Эйдсволл конституциясын сақтай отырып, Швециямен унияны таныды. 1814 жылғы оқиғалар шын мәнінде ұлт-азаттық буржуазиялық революциялар болды.

1808 жылдан - 1815 жылға дейін барлық оқиғалардың нәтижесінде Солтүстік Еуропаның саяси картасы маңызды өзгерістерге ұшырады: екі жаңа мемлекет Норвегия және Финляндия пайда болды, біріншісі – Швециямен унияда, екіншісі - Ресей империясының құрамында. Швеция Пруссияның иелігіне өткен соңғы иелігінен-шведтік Помераниядан айырылды. Дания Норвегиядан айырылып, бұрында оның иелігінде болған теңіздің ар жағындағы аумақтарды- Исландия, Гренляндия, Фарераны сақтап қалды. Дат коронасының билігіндегі екі герман герцегстволарының - Холштейн мен Шлезвигтің сақталуы келешекте ол ел үшін қиыншылықтарға әкелуі мүмкін еді. Сонымен Солтүстік Еуропалық жүйесіндегі мемлекеттерде ұлттық-буржуазиялық мемлекеттердің құрылысына қарай маңызды қадам жасалды.

**Скандинавия елдерінде капитализмнің дамуы (1815-ХІХ ғ.60-жж).** Наполеон соғыстарының сақталуынан кейін ұласқан уақытша тоқырауға қарамастан ХІХ ғасырдың 30-жылдарының өзінде Солтүстік Еуропа елдерінде өнеркәсіп төңкерісі басталды: Англиядан әкелінетін механикалық станоктар (ең алдымен тоқыма өнеркәсібіне) енгізілді. Фабрикалар мен зауыттар, теміржолдар салынды. 40-жылдардың аяғында ауыл шаруашылығында капиталистік қайта құрулудың аяқталуын білдіретін аграрлық реформаларды жүргізу аяқталды. Дания мен Швециядағы помещиктік иеліктер капиталистік даму жолына түсті, өндірілетін жердің көп бөлігі шаруалардың қолына өтті, қауым ыдырап, хуторлар пайда бола бастады, шаруалардың тез ыдырауы жүрді, бір жағынан ауыл буржуазиясы мен ірі шаруалардың байыған таптары пайда болды, екінші жағынан жерсізденген жартылай пролетариат таптарының саны өсті, олардың белгілі

бір бөлігі капиталистік қоғамның антогонистік топтардың-буржуазия мен пролетариаттың қалыптасу үрдісі болып жатқан қалаларға бет алды. Еңбек нарығы шектен тыс халықты жұмыс орнымен қамтамасыз ете алмағандықтан, 40-50 жылдары Скандинавия елдерінен ең алдымен Солтүстік Америкаға бұқаралық эмиграция басталды.

30-жылдардағы революциялық толқын Скандинавия елдерінде Швеция мен Данияда либералды, Норвегияда ұлттық-демократиялық қала таптарының буржуазиялық және ұсақ буржуазия өкілдерінің оппозициялық қозғалысына әкелді. Ауыл шаруашылығындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нәтижесі ретінде Норвегияда 30-жылдары, ал Данияда 40-жылдары едәуір күшті шаруалар оппозициясы құрылды. Оппозицияның ықпалымен сословиелік артықшылықтарды жоятын реформалар жүргізілді.

1848-49 жылдардағы оқиғалар Еуропаның солтүстік елдеріне үлкен ықпал етті. Скандинавия елдеріне заманның алдыңғы қатарлы идеялары таралды. Шведтер мен даттықтар "коммунистер одағының" қызметіне қатысты, ал 1848-жылдың аяғында социалист-утопист Петр Етрек Стокгольмда Маркс пен Энгельстің "Коммунистік партияның манифесінің" швед аудармасын шығарды. Егер 1848 жылы наурыз толқулары Швецияда ешқандай нәтижеге әкелмесе, Данияда олар революциялық оқиғалардың бастамасы болды. Қорыққан король мемлекеттің басқаруына либералдарды шақыруға мәжбүр болды, ал кейіннен шақырылған ұлттық жиналыс 1849 жылы демократиялық конституцияны қабылдайды. Самодержавие құлады, елде екі палаталы парламент, бірінші палатаға сайлауда жалпылама сайлау құқығы енгізілді. Данияда буржуазиялық революция өтті.

1848 жылы оқиғалар Шлезвиг-Гольштейндік мәселені де шиеленістіріп жіберді. Пруссияның қолдауына сүйеніп Даниядан бөлініп кетуге үміттенген неміс халқының көтерілісі болды. Алайда ұлы державалардың араласуы герцегстволарда дат билеп төстеушілерінің көтерілісіне әкелді. Бұл мәселе шеңберіндегі жаңа дағдарыс 1863 жылы Дания Шлезвиг пен Гольштейнді бөліп тастап, халқының жартысы даттықтар болып табылатын Шлезвигті өз құрамына қосуға талпынған кезде у шығып кетеді. Бұл Герман Одағының Данияға қарсы соғысына әкелді. Дания жеңіліске ұшырайды, екі герцегстволар 200 мың даттықтар бар Бисмарктік Пруссияға өтеді. Соғыстағы жеңіліс Данияда либералды үкіметтің құлауына және 1849 жылы конституцияны реакцияның қайта қарауына әкеледі. 1848-51 жылдары Норвегияда батрактар мен кедей шаруалардан құралған жұмысшы бірлестіктердің күшті қозғалыстары көрініс алды, олардың ұымдастырушысы социалист-утопист Н. Тране (1817-1890 жж.) болды. Қозғалыс демократиялық реформаларды және жалпылама сайлау құқығын талап етті. Билік басындағылар қатал репрессиялармен жауап берді, көтеріліс басшылары түрмеге қамалды. 1815-жылдан кейін жеке униямен біріккен Швеция мен Норвегия арасында унияның құрамына байланысты алауыздық болып жатты: Швецияның билеуші таптары, әсіресе Карл XIV Юхан (Бернадоте) кезінде екі мемлекетті жақындастыруға талпынды. Норвегиялықтар оған барынша қарсы әрекет етті, бірақ 50-60 жылдары



аралығында орын алған демократиялық және шаруалар оппозициясы нәтижесінде билеуші буржуазиялық-бюрократтық тапты тақпен өзінің артықшылық позициясын сақтап қалу мақсатында жақындасуға мәжбүр болды.

Швецияның өзінде 50-жылдардың соңына қарай әлеуметтік өзгерістер және сословиелік емес буржуазия мен орта таптың позицияларының нығаюы нәтижесінде сословиелік конституцияны қайта қарауды талап ететін қозғалыс кеңейе түсті. 1865-66 жылдары төменгі таптың қысымымен риксдагты екі палаталы парламентке айналдыратын, бірақ жоғары мүліктік ценз арасында бұрынғыдай халықтың көбісі, ең алдымен еңбекшілерді қарапайым саяси құқықтарынан айыратын реформалар жасалынды. Бұрында халыққа үлкен зардап келтіретін соғыстардың болмауы Солтүстік елдерге ең алдымен Швецияға игі ықпал етті. Тек Дания (1849-64 жж.) Герман одағының мүшелерімен, ең алдымен Пруссиямен соғысқа тартылды.

XIX ғасырда Скандинавия елдерінен әлеуметтік мәдениетіне ең көп үлес қосқан даттық (мүсінші Б.Торвальдсен мен ертегіші Х.К.Андерсен) және норвегиялық (50-60 жж. драматург Г. Ибсен және жас композитор Э.Григ) сияқты өнершілердің әрекеті басталады. Скандинавия ғалымдарының ғылымға және техникаға қосқан үлестері (швед химигі И.Я.Берцелиус, дат физигі Х.К.Эрстед, норвегиялық математик Н.Х. Абель) байқала бастады. Швецияда сіріңке ("швед" сіріңкесі) және ескек винт сияқты өнер табыстары пайда болды. Норвегиялықтар дат мәдени қамқорлығынан құтылды. Норвегиялық әдебиет тілінің 2 түрі қала (риксмол) және ауылдық (лансмол) түрінің қалыптасуы басталды.

Жаңа заман тарихының I-ші кезеңіндегі фин халқы. Финляндия ортағасырлардан бастап, швед тағының билігінде бола отырып, экономикалық, саяси және ұлттық жағынан ең көп езгіге түскен мемлекет еді. Жиі түрде әскери қимылдардың театры болғандықтан, орыс-швед соғыстарынан үлкен зардап шекті. Солтүстік соғыс және 1741-1743 жылдардағы соғыс нәтижесінде оңтүстік-шығыс бөлігі Ресейге өтті. ХҮІІ ғасырдың ортасында халықтың білім алған бөлігі арасында, мүмкін Ресейдің қамқорлығымен, тәуелсіз Финляндия мемлекетіне байланысты идеялар пайда бола бастады. 1788-1790 жылдары Густав III-нің Ресейге қарсы бастаған реваншистік соғысы финлянд офицерлері арасында бүліктің пайда болуына әкелді. 1808 жылы орыс әскерінің Швецияға қарсы соғысында (1808-1809 жж.) халықтың көп бөлігі тұратын Оңтүстік Финляндия аумағын басып алған кезде ұлттық-сепаратистік көңіл-күйлер өрши түсті.

1808 жылы наурызда Александр I Финляндияның Ресейге қосылуы жайында жариялап, оның халқы оған сенім антын берді. Алайда бұл қосылу финляндтықтар үшін қолайлы жағдайда өтті. Либералды саясат жүргізе отырып, Александр I оларға кең автономия ұсынды. 1809 жылы наурызында кішігірім қалашықта-Порвоода (Борго) елдің өкілдері-ландтаг немесе сеймнің өкілдерінің төрт сословиелік парламентін шақырды. Финляндия үкіметі-сенатқа ие болды, бірақ мұнда патша тағайындаған генерал-губернатор төрағалық етті. Бюджет жалпы ресейлік бюджеттен бөлінді,

бұдан бұрынғы барлық заңдар өз күшін сақтады. Петербургте Финляндия ісімен айналысатын, тікелей патшаға бағынатын арнайы штат-секретариат құрылды. Жаңа мемлекеттің - Ұлы Финлянд княздігінің тілі-швед тілі болды. Ресеймен кедендік шекара сақталды. Көп кешікпей елдің астанасы Абодан (Турку) Гельсингфорсқа (Хельсинки) ауыстырылды. 1812 жылы елдің әскери күштері де қалпына келтірілді.

1808-1809 жылдардағы оқиғалар Финлянд халқының тарихында маңызды рөлге ие: өзіндік дамудың, финлянд мемлекеттілігінің негіздері жасалынды, ел ендігәрі жоқшылыққа ұшырайтын соғыстардан және әскери шығындардан құтылды. Осының барлығы, яғни ірі Ресей нарығының арзаншылығы, Ресей империясының ішіндегі игі мәртебе елдің экономикалық дамуына едәуір жағдай жасады. 1830 жылдан кейін ең алдымен ” тоқыма және металлургиялық өнеркәсіпте, одан кейін халық шаруашылығының басты саласында –ағаш тілетін салада өнеркәсіп төңкерісі басталды. Ауыл шаруашылығында капиталистік қайта құрулар едәуір қарқында жүрді. Жалпы алғанда елдің жағдайы, Финляндияны 1848-49 жылдары және 30-жылдардағы революциялық толқулар ықпалы тимеген Ресей империясының ”ең тыныш” аймағына айналуына әкелді. Ресейге қатысты адалдығын финлянд халқы Қырым соғысында (1853-56 жж.) Финляндия аумағы ағылшын-француз флотының шабуылына ұшыраған кезде көрсетті.

50-жылдардың соңында - 60-жылдардың басында Финляндияда жалпы Ресей үрдісінің құрама бөлігі болып келген маңызды өзгерістер болды. 1858 жылы елдің іс жүргізу швед тілінен фин тіліне өтуі туралы жарлық шығарылды. 1863 жылы қыркүйекте (1809 ж кейін I-ші рет) патшаның өзі жеке ашқан сейм шақырылды. Король өзінің сөйлеген сөзінде Финляндияны автономды конституциялық князьдік екенін құптады. 1869 жылы сеймнің реформасы қабылданды; оның жиналу жүйелілігі белгіленді (5 жылда бір рет), оны сайлаудың жаңа тәртібі мен оның құдіреті (шексіз құқы) анықталды. Осы жылдары елдің капиталистік даму жолындағы соңғы кедергілері жойылды: жеке кәсіпкерлік үшін құқықтық шектеулер жойылды, еркін сауда және жергілікті валюта (марка) енгізілді, қала және ауылдың өзін-өзі басқаруы енгізілді. Финляндияның автономды буржуазиясы тез арада Ресей империясының экономикалық және саяси салада алдыңғы қатарлы бөлігі болып қалды.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Брабант революциясының ұйымдастырылуы?
2. Голландия мемлекетінің құрылуының алғышарттары?
3. «Дақылдар жүйесі» маңыздылығы?
4. XVII ғасырдың II жартысындағы Швецияның құрамындағы жерлерді атаңыз?
5. Абсолютизмнің «Король заңдарымен» бекітілуі?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. «XIX ғасырда Скандинавия елдерінен әлеуметтік мәдениетіне ең көп үлес қосқан ғалымдар» тақырыбына реферат

### 13-ТАҚЫРЫП. XVII- XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

**Еуропадағы XVII ғасырдағы француз үстемдігі.** XVII ғ. испан үстемдігі құлдырап, Франция ықпалының күшеюі салдарынан Еуропаның саяси картасында бірқатар өзгерістер болды. XVI ғ. аяғы - XVII ғ. басында француздық абсолюттік монархия берік орнады. XVII ғ. Франция билеушілерінің сыртқы саясатының негізі ретінде “табиғи шекара”, “саяси тепе-теңдік” қағидаттары алынды. 1594-1610 жылдары Бурбондар әулетін басқарып келген IV Генрих (Наварский) өз саясатында екі мақсатты: Габсбургтер династиясының күшін әлсірету және Еуропа державалары арасындағы тепе-теңдікті Франция мүддесіне орай сақтап қалуды көздеді. Ол үшін Англиямен достық қарым-қатынастарын сақтауға тырысты. Сонымен бірге, Габсбург әулетінің қарсыласы ретінде олардың күшін әлсірету үшін Испания мен Голландия арасында достық қарым-қатынастарды орнатуға атсалысты. Осы арқылы француз монархы Испанияның отаршылдық саясатына қарсы күресіп отырған Нидерландының солтүстігіндегі 7 кантонның тәуелсіздігінің орнауына ықпал етті.

1604 ж. IV Генрих сыртқы саясаттағы шеберлігінің арқасында Шығыста, Түркияда Францияның өзге елдерге ықпал етуін күшейтіп, 1535 ж. бері Франция мемлекеті иемденіп келген жеңілдіктердің қайтарылуына жағдай жасады. Бұл: Түркияға теңіз арқылы сауда-саттықпен барғысы келген мемлекеттердің кемелері Франция туының қорғауында өтуі сияқты жеңілдіктер еді. Өз туымен жүруге тек ағылшындықтарға ғана рұқсат етілді, өйткені 1599 ж. Түркия сұлтаны оларға рұқсат берген болатын. Түркия сұлтанымен “достық” қарым-қатынаста бола отырып, IV Генрих өзінің Түркия сұлтанына қарсы жорық ұйымдастырып, оны Еуропадан қуғындамақшы деген сияқты өсек-аяңның таралуына ықпал етті.

Германия протестанттық княздерінің сыртқы саясаты Габсбургтерді әлсіретуге бағытталды. Неміс жерлерінің бірігуінен қауіптенген IV Генрих Еуропада діни соғыстар кезінде оларға көмек беріп отырды. Католицизмге өткен кезде де ол германдық протестанттық княздерімен достық қарым-қатынасын сақтауға тырысты.

Ал Кардинал Ришелье кішкентай XIII Людовиктің кеңесшісі және Францияның бірінші министрі бола отырып, іс жүзінде 1624-1642 жылдары Францияны басқарды. Ол негізінен IV Генрихтің сыртқы саясатын жалғастырды. Ришелье Габсбургтерді әлсірету мақсатында Францияның шығыс шекарасын Рейнге дейін созу және Еуропада “саяси тепе-теңдікті” қалыптастыру идеяларын ұсынды.

XVII ғ. құрлықтағы саяси күштердің орнын айқындап берген жалпыеуропалық оқиға ретінде Қасиетті Рим империясы және оның жақтастары мен Франция-Швеция коалициясы мен оның жақтастары арасындағы 1618-1648 жылдардағы Отызжылдық соғысты атауға болады. Бұл соғыс діни сипатқа негізделген еді. Неміс княздерін басқарып отыру үшін императордың күресі діни ұрандар арқылы өтті. Бұл католиктік

реакцияның протестанттарға қарсы күресі еді. Император II Фердинанд Германияны өзінің шексіз билігінің астында болуын көздеді. Германияны өзіне бағындыру империяның Отызжылдық соғыстағы соңғы мүмкіндігі еді. Егер олар осы мақсатқа қол жеткізгенде Францияға тең ірі держава болар еді. Ришелье болса бұған жол бермеу үшін бар күшін салды. Ол неміс протестант княздеріне қолдау көрсете отырып, Францияның саясатындағы дәстүрін берік ұстанды. Ол дат королімен келіссөздер жүргізді. Дат королі болса Солтүстік Германия мен Солтүстік және Балтық теңіздері жағалауларында Габсбургтердің күшеймеуі үшін Англия мен Голландиядан субсидия алып, Империяға қарсы соғыс ашты.

1631 ж. Ришелье швед королі, ержүрек жауынгер Густаф-Адольфпен одақ құра отырып, оларды Габсбургтерге қарсы қоюға талпынды. Швеция мен Франция “Германияға еркіндік сыйлауға” міндеттеме алды, яғни протестант княздерді герман императорына қарсы қойып, 1618 ж. дейінгі Германияда қалыптасқан тәртіпті қайта орнатуды көздеді. Франция швед короліне 1 млн ливр мөлшерінде субсидияны жыл сайын беруге келіссе; швед королі императорға қарсы күресу үшін Германияға 30000 жаяу әскер, 6000 атты әскер жібермекші болды. Сөйтіп, Швеция да Францияны қолдап Германияның саяси құлдырауына әсеп етті.

Дегенмен Швецияның Балтықта өз мүддесі болды. Шведтер Фин шығанағының шығыс жағалауын және Рига шығанағын иемдене бастады; енді олар Балтық теңізі жағалауларын жаулап алып, ірі өзендер сағасына бекіністер орнатып, Батыс Еуропаға сауда-саттық жасаған Польша, Пруссия помещиктерінен салық алып отыруды көздеді. 1632 ж. Густаф-Адольф қайтыс болып, Франция немістердің ісіне араласа бастады; “еркіндік” алып бермекші бола отырып, Франция Батыс Германияның әлсіреуіне әсер етті. Ұзаққа созылған соғыс Германияның саяси бірігуіне кедергі болып, 1648 ж. Вестфаль бейбіт бітімімен аяқталды.

Осы кезеңнен бастап дипломатия тарихы еуропа конгрестерінің тарихына ұласады. 1645-1648 жылдары Оснабрюк конгресінде ұзақ келіссөздер жүргізіліп, онда Қасиетті Рим империясы, оның одақтастары мен Швеция және оның одақтастары арасында бір келісімге, 1645-1648 жылдары өткен Мюнстер конгресінде Қасиетті Рим империясы және оның одақтастары мен Франция және оның одақтастары арасында екінші келісімге қол қойылды. Шведтердің барлық талаптары қанағаттандырылып, олар Штеттин (Щецин), Дамм, Гольнау қадаларымен қоса бүкіл Батыс Померанияны және Шығыс Померанияның жартысын, Рюген мен Волин аралдарын (Одердің сағасы), Гаваньмен бірге Висмар қаласын, зиялы княздіктерге айналған Бремен және Верден епископтықтарын иемденді. Келіссөздерде ежелгі ганзей қалалары – Висмар, Бремен, Штральзунд, Верден және т.б. өз еркіндіктерін сақтап қалады деп көрсетілді.

Бұл жерлердің иеленушісі ретінде Швеция империя құрамына ене отырып, өз депутаттарын империя сеймдеріне жіберіп отыруға құқылы болды. Сөйтіп, Швеция басты мақсаты – Балтық және Солтүстік теңіздеріне қол жеткізді. Балтық және Солтүстік теңіздеріне ағатын шығыс еуропалық

өзендердің сағасына бақылау орнатып, енді Швеция өзендер арқылы жүретін сауданы өзінің бақылауына алды.

Франция үш лотарингиялық епископтық - Мец, Туль, Верденді, Эльзастың Страсбургтен басқа барлық аумағын иемденді. Бавария Жоғарғы Пфальцті және сонымен байланысты курфюрстікті сақтап қалды. Швейцария мен Құрама провинциялардың Республикасы (Голландия) империя құрамынан бөлініп шығып, олардың дербестігі мойындалды. Вестфаль бейбіт бітімінің негізгі кепілі ретінде жеңіске жеткен екі держава – Франция мен Швеция танылды.

Вестфаль бейбіт бітімі Германияның кальвинистер, католиктер, лютерандардың діни құқықтарын теңестіріп, шіркеу меншігінің мемлекеттік меншікке ауысуын (секуляризацияны) заңдастырды, бірақ Герман княздерінің қол астындағыларының діни көзқарасын белгілеуіне тыйым салды. Алайда княздер сыртқы саясаттарын өз бетінше жүргізу, соғыс ашу, бітімгершілік жасау, келіссөздер жүргізу құқықтарына ие болды, бірақ неміс княздерінің сыртқы саясаты империяға қарсы келмеу керек деп белгіленді.

Вестфаль бейбіт бітімінің маңыздылығы: Германияның ішкі құрылысын ұзақ уақытқа тұрақтандырып, оның саяси бөлінуін бекітумен айқындалады. Еуропа құрлығындағы мемлекеттердің шекараларын анықтай отырып, Вестфаль бейбітбітімі XVIII ғ. аяғындағы француз буржуазиялық революциясына дейінгі барлық келісімшарттардың бастапқы құжаты ретінде қарастырылды.

XIV Людовик билеген кезде (1643-1715 жылдар) француз абсолютизмнің даңқы өрлеп, оның халықаралық маңызы артты, алайда биліктің соңғы жағына таман құлдырау бой алды. Францияның сыртқы саясаты мен дипломатиясы әулеттік соғыстармен, яғни белгілі бір аумаққа қатысты мұрагерлік құқығын алға тартып соғыс ашу арқылы Франция иеліктерін кеңейтумен сипатталды. XIV Людовиктің тұсында жүргізілген төрт әулеттік соғыс Францияның Еуропаға қатысты әсерін әлсіретіп, оның Еуропада үстемдік етуінің аяқталуына әкелді. Бірінші соғыс Бельгияны, яғни нидерланд революциясы салдарынан Нидерландтардың Испанияның қол астында қалған бөлігін жаулап алу үшін ашылған еді. Соғысты ашу үшін пайдаланылған сылтау әулеттік сипатқа ие болды. Испанияның жаңа королі, IV Филипптің екінші некеден туылған ұлы II Карл (1665-1700 жылдар) Фландрия заңы бойынша таққа ие болуға тиіс емес деп сылтауратып, XIV Людовик IV Филипптің бірінші некеден туылған қызына үйленгендігін алға тартып, әйелінің атынан Бельгия жеріне қол салды. Келесі кезек өзіне келеді деп қауіптенген Голландия XIV Людовиктің бұл әрекетіне қарсы тұрды. Англия, Швециямен одақтаса отырып Голландия Францияға қарсы соғыс жүргізді. Соғыс ұзаққа созылмай (1667-1668 жылдар), Аахен бейбіт келісімімен аяқталды. Франция шекараға таяу орналасқан бірнеше бекіністерді иемденді (Лилль және т.б.).

Соғыс ашу Францияның өзі үшін қауіпті еді, өйткені Еуропаның өзге державалары одақтаса отырып, оған қарсы тұратын. Оған 1672-1679 жылдардағы екінші әулеттік соғыс та дәлел болды. Бұл соғыста XIV

Людовиктің Англиядан көмек алуға бағытталған және Голландия мен Швецияның одақтасуына қарсы жасаған іс-әрекеттері де сәтсіздікке ұшырады. Керісінше, француздарға қарсы коалицияға енді бранденбург курфюрсті Фридрих-Вильгельм қосылды, өйткені ол қуатты Францияның орнына өзінің көршісі ретінде әлсіздеу Голландияның болғанын көздеді. Францияға неміс, испан Габсбургтері, тұтастай империя да қарсы тұрды.

Дегенмен Швецияны Бранденбургке қарсы соғысқа тарту Францияның дипломатиялық табысы еді. Алайда 1675 ж. Бранденбург курфюрсті Фридрих Вильгельм Фербеллин түбінде шведтерге күйрете соққы берді. 1679 ж. Нимвегенде келісімге келіп, соның нәтижесінде Бельгия жерінің біршама бөліктері (Камбрэ, Валансьен), Франш-Контэ шығыс шекарасында толық бір аймақ Франция иелігіне өтті.

Нимвеген бейбіт бітімі жасалған кезі Францияның Еуропадағы үстемділігінің шарықтау шегі еді. Қасиетті Рим империясының саяси әлсіздігін пайдалана отырып, XIV Людовик империяның Франциямен шектесетін жерлеріне қол салды. Қайта қосу бойынша арнайы палаталар құрылып, онда француз заңгерлері корольдің империяның белгілі бір жерлеріне қатысты құқығы бар екендігін дәлелдеп отырды. 1681 ж. XIV Людовик Страсбургті ойламаған жерден басып алды. Осы кезеңде түріктер Венаға қауіп төндіргендіктен, империя мен Испания 1684 ж. Регенсбург келісімі арқылы жаңадан қосып алған жерлер XIV Людовиктің иеліктері деп мойындады.

Франция үстемдігінің күшеюі бүкіл Еуропаны дүрліктірді. 1688 ж. Англияда жаңадан монархия қалыптасқан кезде оның болашақ монархы, Голландияның ірі саяси қайраткері, штатгальтер III Вильгельм Оранскийдің (1672-1702 жылдар) бастамасымен Голландия Францияға қарсы жаңа коалицияны құрды. Нимвеген келісімінен кейін көп кешіктірмей ол Францияны оқшаулау мақсатымен дипломатиялық науқанды өрбітті. Осының нәтижесінде құпия қорғаныс одағы - Аугсбург лигасы құрылып, оның құрамында император, Испания, Голландия, Савойя, неміс княздіктерінің бірқатары, итальяндық патшалар, Францияның бұрынғы досы Швеция да болды. Өйткені Швецияның саясатында өзгеріс кезеңі басталды. XVII ғ. бірінші жартысында империяның әлсіреуін көздеген Швеция Франциямен одақтас еді, Парижден субсидия ала отырып, соның айтқанымен жүретін Швеция енді XVII ғ. екінші жартысында Францияның күшеюінен, оның Бельгия мен Голландияға қол салуынан қауіптен бастады. 1681 ж. Швеция Францияға қарсы Вильгельм Оранскиймен одақтасты. Франция өз жауларының ортасында қалды. Осы кезеңнен бастап Францияның Англиямен ұзақ күресі басталып, осы күрес XVIII ғ. халықаралық қатынастар тарихында көрініс тапты.

XIV Людовик күшінің әлсіреуіне қарамастан, Рейн бойындағы жаулап алушылық іс-әрекеттерін тоқтатпады. 1688-1697 жылдары Францияны әлсіреткен үшінші соғыс болды. Осыған қарамастан XIV Людовик төртінші, соңғы соғысын жариялады және бұл соғыс Францияны күйзелтті. Англия мен Франция арасында отаршылдық тонауда бақталастық күрестер болып жатты.

Бұл күрестердің ең маңыздысы 1701-1714 жылдардағы *испан мұрасы* үшін соғыс еді. Ол әулеттік соғыс ретінде басталып, Франция мен Англия арасында теңізде және отаршылдық саясатта үстемдік ету үшін жүргізілген күрес ретінде аяқталды.

Соғыстың тұтануына мұрагері жоқ Испан королі II Карлдің қазасы себеп болды. XIV Людовик өзін Испания иелігіндегі жерлердің мұрагерімін деп мәлімдеді. Бұл тарихтағы мұрагерліктің ең ауқымдысы еді. Бұл жерде мәселе Еуропадағы саяси тепе-теңдіктің Францияның пайдасына қарай ауытқуында, оның әлемдік үстемдікке ұмтылуында еді. XIV Людовикке Испаниямен бірге оның иелігіндегі италяндық, нидерландық, бірқатар африкалық және америкалық жерлер мұра ретінде тиесілі еді.

XVII ғ. 90-жылдарында-ақ XIV Людовик өзге державалармен осы мұраны бөлісу жөнінде келіссөздер жүргізген еді. Испан королінің тағы бір мұрагері: испан королі III Филипптің немересі – Австрия эрцгерцогі Карл пайда болды. XIV Людовик Англия мен Голландияның Габсбургтерге қарсы бірлесуіне, сол арқылы Францияға қарсы коалицияны болдырмауға күш салды. Лондон мен Гаагадағы Францияның елшілері ағылшындар мен голландықтарды Испания тағына тек Бурбондардың немесе тек қана Габсбургтердің отыруы Еуропадағы тепе-теңдікті бұзады деп сендірді. Венадағы Францияның елшісі Еуропада бейбітшілікті сақтап қалу үшін Испанияны бөліп алу керек деп императорды сендірумен болды. Бұл қызметінде француз дипломаттары белгілі нәтижелерге жете алды.

1698 жылы және 1700 жылдары Испан королі II Карлге білдіртпей Испанияны бөліп алу туралы екі келісім жасалды. Әрине, II Карл ол туралы біліп, қатты ашуланған еді. Испан королі II Карл алыс кедей туысы - курфюрст Баварскийге мұрасын қалдырмақшы еді, бірақ ол бала жеті жасында қайтыс болды. Сол кезде II Карл Испанияны талан-тараждан құтқармақ оймен мұраны француз ханзадасына қалдыруды ұйғарды.

1701 ж. басында XIV Людовик V Филипптің француз тағына құқылы екендігін мойындады, француз горнизондарын Испаниядағы нидерланд провинцияларына кіргізе бастап, испан губернаторлары мен вице-корольдеріне өзіне бағынуды бұйырды. Нидерланды мен Англиядағы соғысты жақтаушылар наразы болды. XIV Людовик болса осы өсек-аяң шындыққа айналуына күш салды. Ол Францияда ақырғы күндерін өткізіп жатқан Англияның бұрынғы королі II Яковке барып оның ұлының корольдік атағын мойындайтынына салтанатты түрде уәде етті.

Еуропадағы жағдай Франция үшін жайсыз болды. XVII ғ. 80-жылдарындағы коалиция қайта құрылды – барлық Еуропа елдері Францияға қарсы бірікті. 1701 ж. басталған соғыс Франция үшін сәтсіз болды. Ол Испания, Италия, Нидерланды және Пиреней бойындағы Германияда тұтанды. Соғыстың бірінше кезеңінде (1701-1704 жылдар) Франция мардымсыз жетістіктерге жетсе, одан кейінгі уақытта бірнеше жеңілістерге ұшырады. Елдің ішінде ашаршылық басталып (1704-1710 жылдар), Севенн тауларында орналасқан камизар-протестанттар көтерілістерге шықты.

Француздардың әскери ахуалы тек 1710-1717 жылдары біршама жақсарды. Соңында XIV Людовик өзге елдерді келісімге келуге көндірді.

1704 ж. ағылшындықтар Жерорта теңізіне апаратын жол – Гибралтарды басып алып, Португалиямен сауда-саттық келісімін жасасты (Метуэн келісімі, 1703 ж.). Португалия экономикалық жағынан Англияға бағынышты болып қалды. Сондай-ақ бұл келісім Португалия жеріне ағылшындықтардың мануфактуралық өнімдерін салық төлемей енгізуіне құқық берді. Португалия арқылы бұл өнімдер контрабанда ретінде Испанияға ағылатын. Америкада Бостон, Нью-Йорк тұрғындары жаңа Франция жерлерін жаулап жатты. Соғыстың негізгі қаражатын Англия көтерді; Англияда бейбіт өмірге деген талпыныс басталды. 1710 ж. сайлауда соғысқа қарсы тұрған торилер көпшілік дауысқа жетті. Мальбороға қазынаны тонады деп айып тағылды, ол рас еді. 1711 ж. император I Иосиф қайтыс болды, оның орнына таққа оның кіші інісі, испан тағына үміткер Карл отырды.

Бұл жағдайда V Карл империясының қайта орнауы, орталық Еуропаның (Германия, Италия) жаңадан өркендеуі шындыққа айналғандай еді. Вестфаль бейбіт бітімімен келмеске кеткен империя қайта орнағандай еді. Француздардың көмегімен таққа отырған Испандық V Филипп 1710 ж. жаңа елінде өз билігін орнатты. 1711-1712 жылдардағы науқандарда одақтастар жеңіске жете алмады. Осылардың салдарынан өз одақтастыран жасырып ағылшындықтар француздарды бірінші болып бейбіт келісімге келуге шақырды. 1711 ж. қаңтарында ағылшын үкіметінің құпия өкілі Францияға келіп корольдің сенімінен шыққан голландықтарсыз-ақ сепараттық келісімге келуді ұсынды. Ұсыныс қабылданды. Келесі келісімдер құпия түрде жүргізілді. Ағылшындықтардың талаптарын Францияға ақын Прайар королева Аннаның хатымен қоса әкелді. Қазан айында Англияның одақтастары голландықтар мен немістер, Англия мен Франция арасындағы бейбіт келісіммен оқып танысты, олар келісімнің өздеріне қатысты тұстары жарияланбағанын сезді де.

1712 ж. ақпанында Утрехтте конгресс шақырылды. Ұзақ келіссөздер нәтижесінде келісімшартқа: Испания, Франция бір жақтан Англия, Голландия, Бранденбург, Савойя – екінші жақтан, 1713 ж. 11 сәуірінде Утрехт келісіміне, 1714 ж. 7 наурызында Раштадт келісіміне Франция, Испания және империя қол қойды. XVIII ғасырдағы Еуропа тарихында бұл екі келісім маңызды рөл атқарды.

XVIII ғ. бірінші жартысының басында Түркия, Польша, Швеция тарапынан күшейген Ресей Франциямен одақтас болуды көздеді. Франция үкіметі бұл үш мемлекетпен достық қарым-қатынастарды сақтағысы келген соң, Ресей Францияның қарсыласы Австрия және Габсбургтермен жақындасты. Осы кезде Польша іштей әлсіреп, Польшаны өзіне бағындыру үшін Ресей, Франция, тағы басқа державалар арасында күрес басталды. Курфюрст Саксонский, ол сол кезде Польша королі II Август қайтыс болғанда, Ресей мен Австрия Польша тағына оның ұлы III Август лайықты деп шешті, Франция болса бұрынғы король (кезінде тақтан алынған)



Станислав Лещинскийді қолдады. Өйткені XV Людовик Станиславтың қызы Марияға үйленген еді.

Ресейді шалғайдағы ел деп есептейтін француз үкіметі Ресейдің достығын бағаламау қауіпті екендігін түсіне бастады. Енді ол Ресейге Швеция мен Түркияны қарсы қойғысы келіп талпынғанымен, оны да іске асыра алмады. Лещинскийді қорғау үшін тек өз күшін жұмсауға тура келді. Дегенмен XV Людовик орыс патшайымы Францияны жақтайды деген қауесетті естіп, Ресейге аббат Ланглуаны елші ретінде жіберді. Аббат Ланглуа Ресейге Бернадони деген лақап атпен барып, Анна Ивановнадан Станислав Лещинскийді Польша королі ретінде тануын сұрамақшы еді. Оқшауланып қалған Польша 1734 ж. Австрия мен Ресейдің талаптарымен келісуге мәжбүр болды.

**XVIII ғ. Англияның сыртқы саясаты.** XVIII ғ. Англия екі революцияны басынан өткізген соң, саяси құрылымын реттеп, сауда-саттық пен отаршылдық саясатын жүргізді. Англияға Еуропа тарапынан қауіп жоқ еді. Ол бар күшін басқа жаққа бұрды да, Еуропада саяси комбинацияларымен шектелді. Бисмарк бұл туралы: “Англияның саясаты Еуропадан ағылшын мүддесін жан-тәнімен қорғайтын ақымақ тауып алуға келіп саяды” деген еді. Бұл XVIII ғ. Англияның қарсыласы саналып келген Францияға қарсы өзге елдерден “дос” тауып алу саясаты болатын.

XVIII ғасыр - ұлы Британ империясын дүниеге келтірген ғасыр – Франция мен Англия арасында осы империя үшін күрес кезеңі. XVI ғ. Англия Испанияға күйрете соққы берді, XVII ғ. Голландияны жеңді. XVII ғ. Америкада біраз жерлерді иемденген, Үндістанға көз салып отырған ұлы держава Франция бар еді, сондай-ақ француздар Антиль аралдарына да ие еді.

Ғасырдың ортасында Франция Англияға қарсы шыға бастады, әсіресе теңізде күрес шиеленісті. 1745-1755 жылдардағы Француз министрі Маша шет ел кемелерінің салығын тоннасына 5 млн ливрге дейін көтерді. XVIII ғ. 50-жылдары Франция әскери флотын күшейтті, 1756 ж. француз флоты күші жағынан ағылшын флотымен теңесті. XVIII ғ. бірінші жартысында ағылшын парламентінде вигтер партиясы басым болды, бұл партия сыртқы қақтығыстарға қатысуды қаламады. “Егер француздар келсе, төлемін беремін, бірақ қақтығыстың керегі жоқ” деген нақыл сөз - сол заманның ұраны еді. Англияның билеуші топтары француздардың табысына наразылық білдірді. Уильям Питт-үлкені көршімен бейбіт қарым-қатынастар үзген болатын.

**XVIII ғ. Германия. Австрия – Пруссия бақталастығы.** XVIII ғ. Англияның билеуші топтары қомақты қаржыға ие еді. Олар өз мүдделері үшін одақтастарды сатып алуға қол жеткізді. еді. Отыз жылдық соғыста әлсіреген Германия ыдырау үрдісінің шарықтау шегінде тәуелсіз мемлекеттер саны мыңға жетті. Рыцарлардың иелігіндегі осы майда мемлекеттер күйзелісте болғандықтан, өз әскерлерін ақшаға жалдауға мәжбүр болды. 1648 ж. Вестфаль бейбіт бітіміне сәйкес олар саясатта өз бетінше әрекет етуге құқылы еді. Әскер сату, сол арқылы отанын сату сияқты келеңсіз іс-әрекеттер етек алды. Жарты ғасырда неміс князьдері осы жолмен

137 млн ливрді Франциядан, ал Англиядан 45,5 млн фунт стерлинг қаржы тапты. Пайдаға құныққан олар адамдарды еріксіз әскерге әкетіп жатты. Ланл-граф Гессенский Англияға 17000 адамнан тұратын әскерін жалға берді. Қайтыс болғандар мен жаралыларға берілетін сыйақыны қоспағанда, бұл үшін Англия 2800 мың фунт стерлинг төлеп, ол әскерді америкалықтармен соғыста пайдаланды. Басқа да ірі неміс князьдерінің төртеуі XVIII ғ. 70-жылдарында 5 жылда осы әдіспен 33 млн талер тапты.

Осы саяси бытыраңқылықтың арасында Германияда екі ірі мемлекет – Австрия, Пруссия ерекшеленеді. XVII-XVIII ғғ. Пруссия кең өрістеп, ұлы державаға айналуы Шығыс Еуропа тарихындағы маңызды фактілердің бірі болды. Бұл мемлекеттің негізі Бранденбург курфюрсті еді, ол XV ғ. басында Гогенцоллерндер үйіне тиесілі болды. XVII ғ. басында оған Пруссия қосылды, яғни Тевтон орденінің байырғы жерлері (Гогенцоллерндердің басқа таралымына жататын).

“Ұлы курфюрст” атанған I Фридрих-Вильгельмнің (1640-1688 жылдар) кезінен бастап Бранденбург-Пруссия халықаралық дәрежеде маңызды орын алды. Осы кезден бастап Пруссия Германия шекарасында Австрияның қарсыласы болды. Пруссия әскери-крепостнойлық держава саналды. Ондағы билеуші топ – дворяндар - өнімдерін Батыс Еуропа нарығында сатып отырған Пруд шаруаларынан алынатын салық арқылы өмір сүрді. Бранденбург курфюрсттері (кейін Пруссия корольдері) де ірі помещиктер еді. Өзен арқылы өтетін сауда жолдарын қорғау, көрші елдермен үздіксіз соғыс, әсіресе Швециямен (нан және ауылшаруашылық заттарын шет елге Балтика арқылы шығару үшін) Пруссияны ірі әскери державасына айналдырды. Пруссия қолайлы сәтті пайдаланып, көрші елдерді жаулап, жер аумағын кеңейтумен болды. Олар тек бір мақсатты – көп ақша, үлкен әскер – көздеді.

Пруссия жерін кеңейтуде II Фридрих (1740-1786 жылдар) зор еңбек сіңірді, ол әскери талантымен, дипломатиядағы шеберлігімен ерекшеленеді. Ол тарихта жазушылық мұрасымен де белгіді болды, “Сансусиден шыққан философ” деген атқа ие болды. Макиавеллидің “Патша” еңбегін теріске шығарған еңбегін жариялады. “Антимакиавелли” деген еңбегінде ол былай деп жазды: “Макиавеллидің Патшасы адамгершілік тұрғысынан қарастырғанда Спинозаның діни еңбектеріне ұқсайды: Спиноза дін сарайын жоққа шығаруға талпынды; Макиавелли саясатқа бүлік әкелді және адамгершілік ережелерін жоюды мақсат етті”. Алайда таққа отырған сәтінен бастап II Фридрих бұл жазғандары жөнінде ұмытты. Макиавеллидің кеңестерін Прусстық II Фридрих бұлжытпай жалғастырды, бұл жөнінен оған тең келетін патша жоқ еді. Сыртқы саясатты тек өзі жүргізіп, оның нәтижелеріне қатысты бар жауапкершілікті өзіне алды. Ол: “Егер алаяқтық белең алса, оны жасаушы біз болайық” деген қағиданы ойлап тапты.

Австрия тағының мұрагері ретінде VI Карл Мария-Терезияны танығаны үшін II Фридрих одан өнеркәсібі өркендеген Силезияны сұрады. Мария-Терезия келіспегендіктен, ол Австрияға қарсы коалиция құрып Силезияны басып алды (1740-1748 жылдар). “Маған жанның ұлылығы жөнінде айтпаңыз, Патша ең бірінші өз мүддесін ойлауы керек” деген еді ол бір

ағылшын дипломатына. Франция Габсбургтерге қарсы саясатын жүргізе отырып, Мария-Терезияның қиын жағдайын пайдаланып қалуды ойластырғанда, II Фридрих француз елшісіне тапқан пайдасымен бөлісемін деп уәде етті. Осының нәтижесінде Австрия мұрасын бөліп алу жөнінде Франция, Испания, Бавария, Пруссия келісімі дүниеге келді.

Француздар Германияда Пруссия королінің мүддесі үшін жұмыс жүргізіп жатқанда («*roug le roi de Prusse*»), Пруссия королі Мария-Терезиямен астыртын келісім жасасты. Ол Мария-Терезиядан Бреславль, Нейс қалаларымен қоса, төменгі Силезияны ғана сұрады, ал өзге одақтастарын алдап соғу үшін Пейсені екі апта бойы соққылайтынын айтты, сөйтіп, оны күшпен басып алған болып көрінеді. Кейін ол ақталған кезде Франция Германияны ыдыратуға талпынды, сол себепті Мария-Терезияны құтқаруға мәжбүр болдым деді. Австриялықтар қауіпті жауынан құтылып франко-бавария әскерлерін жеңген тұста II Фридрих одақтастарына көмек ретінде бір гусарлық полкін ғана жіберді. Сонымен бірге ол курфюрст Карл-Альберт Баварскийдің (француздардың күшімен император болып сайланған) Жоғарғы Силезияны Пруссияға қосуына келісуіне қол жеткізді. Бұған австриялықтардың көне қоймайтынын білген ол соғысты австриялықтарға қарсы бұрып, Чаславтың түбінде оларды жеңіп, ағылшындардың көмегімен Силезияға иелік етті. II Фридрихтің бұл құйтырқысы Парижге мәлім болғанда, үлкен айқай болды. Фридрихты табысымен құттықтаған оның “досы” Вольтер, кейін халық алдына шығып кешірім сұрамағанда, Бастилияға қамалатын еді.

1748 ж. Аахен келісімі Силезияны II Фридрихке заңды түрде берді. Мария-Терезия аса қатуланды. Өзін Аахен келісімімен құттықтаған ағылшын елшісіне ол “соңғы көйлегімді берсем де өзіме тиесілі жерді түбі қайтарып аламын деп мәлімдеді”. Австрияның Германияға қатысты мәселелердегі басты қарсыласы Пруссия екендігі Мария-Терезияға енді белгілі болды. Кейін Австрия II Фридрихке қарсы Ресей, Франциямен бірігіп коалиция құруға қол жеткізді. Соңы Пруссияға қарсы бағытталған Жеті жылдық соғысқа ұласты. Жеті жылдық соғыс Франциядағы Ұлы буржуазиялық революция алдындағы жалпыеуропалық қақтығыстардың соңы. Осы қақтығыста революция кезінде толығымен анықталған қарама-қайшылықтар мен халықаралық күштердің орны айқындалды.

Біріншіден, ағылшын-француздардың үстемдік үшін күресі жаңа кезеңге өтті. Екіншіден, Австрия мен Пруссияның Германияда үстемдік жүргізу үшін күресі күшейді. Барлық қақтығыстың негізі осы екі күрес болды. Франция-Австрия арасындағы ғасырға созылған шиеленіс (Бурбондар – Габсбургтер) жойылды да, франко-австрия одағы пайда болды. Еуропа қақтығысына Ресей империясы араласты. Бұл Ресейдің халықаралық алаңдағы орнын көрсететін жаңа кезең еді.

XVII ғ. екінші жартысы мен Наполеон соғыстарына дейінгі аралықты француздар екінші жүз жылдық соғыс деп атайды. Бірінші Жүз жылдық соғыстағы сияқты (1338-1453 жылдар), Англия мен Франция әлемде бірінші орынға ие болу үшін күресті. Бірақ XVII-XVIII ғасырлар XIV ғ. қарағанда

әлем біршама ауқымды еді. Тез дамып келе жатқан Англия Үндістандағы француз агенті Дюпленің қол жеткізген табыстарына, Францияның Америкадағы жерлерге иелік етуіне зор қызғанышпен қарады. Англияның сауда-саттықтағы жалауы бүкіл әлемде желбіреді. Солтүстік Америкада ағылшындардың саны француздардың санынан асып кетті.

Испан мұрасы үшін болған соғыстан бастап Англия Франциямен күресін тоқтатпады. 50-жылдары Англия кемелері Францияның сауда кемелерін қуғындады. 1755 ж. бір айда 8000 адамымен 300 кеме тұтқындалды. XV Людовик оған қарсы шығып, кінәлілерді жазалауды талап еткенде, ағылшындар бұған жауап ретінде тағы да екі француз фрегатын жаулап алды. XV Людовик Англияға қарсы соғыс ашуға мәжбүр болды.

Австрия мен Пруссия арасындағы қақтығыстар Австрия мұрасы үшін болған соғыстан бері жалғасып келеді. Австрия үкіметі жаңа соғысқа қызу дайындалды. Австрия, Пруссия, Франция, Англия одақтастар табу мақсатында дипломатияны өрістетті, нәтижесінде қақтығысқа бүкіл Еуропа араласты.

Бұрынғы екі қарсылас – Франция мен Австрияның одақтасуы Еуропа үшін күтпеген оқиға болды. Сонымен қатар Франция өзінің бұрынғы одақтасы - Пруссияға қарсы шықты. Англия екінші жүз жылдық соғыстан бастап Францияның басты қарсыласы ретінде Габсбургтер монархиясына қолдау көрсетті. XVIII ғ. бұл саясаттың қажеттілігі екі есеге артты: Англия Ганноверді (жаңа ағылшын әулетінің иелігі) Франциядан қорғауға мәжбүр болды. Алайда Англия Еуропада жаңа әскери держава – Пруссияның да бар екендігін білді. Мария-Терезиядан үмітін үзген Англия (ол бұл кезде Силезия үшін күресіп жатыр еді), Пруссияны жалдауға болатындығын түсінді. II Фридрих бұған қуана келісті. Ол Ресейдің басып алу қаупінен осылай құтыламын деп ойлады. Сонымен бірге, II Фридрих Франциямен де қатынастарды жалғастырғысы келді.

Ресей болса Пруссияның жетістіктерін көре тұра одан сескене бастады. Канцлер Бестужев Пруссияға қарсы ұстанымда болды. Ол 1755 ж. ағылшын елшісі Вильямспен келісім жасады. Ресейдің 80000-дық әскері үшін Англия Ресейге 500 мың фунт стерлинг төледі және жыл сайын 100 мың фунт стерлинг беруге уәделесті. Бестужев Англияның басты жауы II Фридрих Прусский деп ойлады.

Англия болса Францияға қарсы Ресей, Австрия, Пруссияны қосып коалиция құра білді. II Фридрих ағылшын елшісімен келісімге отырғанда Ресейдің басып алу қаупінен құтыламын деп ойлады. Ал ағылшын-француз дауында ол делдал ретінде болуын көздеген. II Фридрих және XV Людовиктің қысымынан да құтылғысы келген.

1756 ж. 16 қаңтарында Уайтхолл келісімі жасалып, онда Пруссия мен Англия Германияның тұтастығын сақтап қалуға бар күшін салатындығын және осыған қарсы шыққан қандай да болсын державамен соғысуға дайын екендігін білгенде Ресей, Франция, Австрия үкіметтері наразылығын жасыра алмады. Англия оларды сатып кеткенін Австрия мен Ресей түсінді. Бірақ

барлық кінәні II Фридрихтан көрді. Ашуға булыққан Франция өзінің қарсыласы болып келген Австриямен жақындасты.

Мария-Терезия Францияға XVIII ғ. ірі дипломаты Кауницті жіберген еді. 1751 ж. Кауниц Австрияның Париждегі елшісі болып тағайындалып, Австрия мен Францияны жақындатуға күш салды. 1755 ж. Англия француз кемелерін жаулағанда II Фридрих XV Людовикке өз жоспарын ұсынды. Ол жоспар бойынша XV Людовик Бельгияны басып алу керек, сонда II Фридрих Богемияға басып кіріп, австриялықтарды жеңіп, Германияны жаулап алуға тиіс еді. Сөйтіп, 1763 ж. Бисмарктың жоспарын еске салатын жоспар дүниеге келді. Австрия болса II Фридрихтің сол уақытта Англиямен де жүргізген келіссөздер туралы хабардар болды. Бұл жөнінде XV Людовикке Мария-Терезия жеткізді.

II Фридрих пен Англия арасындағы Уайтхолл келісімі туралы білген XV Людовик енді шешім қабылдады. 1756 ж. 1 мамырда Австрия мен Франция арасында өзара кепілдіктер жөнінде, яғни соғыс бола қалған жағдайда екі ел бір-біріне көмек қолын созуға уәделескен Версаль келісімі жасалды. Ағылшын-орыс келісімінен бас тартып, 1756 ж. 25 наурызында императрица Елизавета Австриямен одақтас болды. II Фридрихке қарсы шабуыл ұйымдастыру үшін Ресей Австрияға көмек ретінде 80000 адамдық әскер беруге келісті. II Фридрих жеңілген жағдайда Австрия Силезияны, Ресей Шығыс Пруссияны иемденбекші болды. Француз дипломаттары бұл коалицияға курфюрст Саксонский Польша королі III Августің қосылуына қол жеткізді. 1757 ж. бұған Швеция қосылды (ол субсидияға қызықты және Померанияны иемденуге үміттенді).

Коалицияның негізінде екі келісім жатты: 1757 ж. 2 ақпанда Ресей-Австрия келісімі, мұнда Австрия Ресейге жыл сайын 1 млн рубль төлеуге келісті; 1757 ж. 1 мамырдағы Версаль келісімі, онда Франция 105 мың адам жасақтап, Мария-Терезияға 12 млн флорин көлемінде жыл сайын субсидия беруге міндеттеме алды. 1756 жылы соғыс басталды. II Фридрихтің жағдайы мүшкіл еді. Талантты қолбасшы II Фридрих 10 шайқастың үшеуінен ғана жеңіліс тапты. Француз абсолютизмі генералдарының дарынсыздығы оған көмектесті. Австрия қолбасшылары да жәй қимылдады. Бірақ 1757 ж. Гросс-Егерсдорф, 1759 ж. Кунерсдорф түбінде Ресейден жеңіліс тапты. 1760 ж. Ресей әскері Берлинді де біраз уақытқа дейін қол астында ұстады.

II Фридрихтің жағдайын 1762 ж. 5 қаңтарында императрица Елизвете Петровнаның қазасы құтқарып қалды десе болады. Жаңа император III Петр оған көмек қолын созды. Ол генерал Чернышевқа II Фридрихтің әскерімен бірігіп Австрияға соғыс ашуға бұйырды. Францияның Пруссияға қарсы соғысы созылған сайын Англия қуана түсті. 1759 ж. Англия Канаданы басып алды, 1761 ж. Үндістанның Пондишери қаласын иемденді. Француз флоты талқандалды. Бұл соғыс - 1763 ж. 10 ақпанда - Парижде және шығыста - 1763 ж. 15 ақпанда - Губертсбургтегі екі бейбіт келісіммен аяқталды. Франция Канададан, Солтүстік Америкадағы иеліктерінен айырылып, тек Жаңа Орлеанды сақтап қалды. Миссисипи өзенінің оң жағалауын Испанияға берілді және Англияға берілген Флорида үшін Испанияға төлем жасау керек

болды. Ол тек 5 қаланы сақтап, Үндістаннан бас тартуға мәжбүр болды. Австрия Силезиядан айырылды.

Сөйтіп, батыста Жеті жылдық соғыс Францияның отаршылдық қуатын жойып, Англияның теңіздердегі үстемдігін қалыптастырып, ал шығыста Пруссияның Германияда үстемдік етуінің алғашқы қадамы болды.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. XVII ғасырдағы Еуропадағы француз үстемдігіне не себеп болды?
2. Франция үстемдігінің күшеюіре еуропалық елдер қалай қарады?
3. XVIII ғ. Англияның сыртқы саясаты неге негізделді.?
4. 1701-1714 жылдардағы испан мұрасы үшін соғыстың шығу себебі неде?
5. XVIII ғасырдағы Австрия мен Пруссия арасындағы бақталастық қалай өрбіді?

**Өзіндік жұмыс тақырыбы:**

1. XVIII ғасырдағы халықаралық қатынастардағы жетекші елдердің саяси ұстанымдары.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

### Негізгілер:

1. История Европы. Т. 4. – М., 1994
2. Конституции и законодательные акты буржуазных государств XVII-XIX вв. Англия, США, Франция, Италия, Германия. Сборник документов / Под ред. П.Н. Галанзы. - Москва, 1957.
3. Сборник документов по истории нового времени стран Европы и Америки (1640-1870)/ Составитель Е.Е.Юровская. – Москва, 1990.
4. Сборник документов по истории нового времени. Экономическое развитие и внутренняя политика стран Европы и Америки 1870-1914 гг. /Сост. П.И.Остриков, П.П.Вандель. - Москва,1989.
5. Сборник документов по истории нового времени: Буржуазные революции XVII -XVIII вв. / Под ред. В.Г.Сироткина.- Москва,1990.
6. Григорьева И.В. Источниковедение новой и новейшей истории стран Европы и Америки. - Москва,1984.
7. Хрестоматия по новой истории, 1640-1870. – М., 1990
8. Новая история стран Европы и Америки. Первый период / Под ред. Е.Е. Юровской, И.М. Кривогуза. Москва, 1998. – 415 с.
9. Новая история стран Европы и Америки: Первый период: Учеб. для студентов вузов, обучающихся по спец. «История» / Арш Г.Л., Бондарчук В.С., Гольман Л.И. и др.; Под ред. А.В. Адо. – М.: Высш. шк., 1986. – 623 .
10. Понаморев М.В., Смирнова С.Ю. Новая и Новейшая история стран Европы и Америки: Практическое пособие: В 3 ч. – М.: Гуманит. издат. центр ВЛАДОС, 2000.– Ч. 1. Предмет и периодизация курса. Европейская цивилизация в XVI–XVII вв. Век просвещения – период становления индустриального общества. – С. 216–223, 245–280.

### Қосымшалар:

11. Барг М.А. Великая английская революция в портретах её деятелей. – Москва, 1991.
12. Кожокин Е. М. Государство и народ. От Фронды до Великой Французской революции. - Москва, 1989.
13. Афанасьев Ю.М. К истории споров о Французской буржуазной революции. Великая Французская революция и Россия. - Москва, 1989.
14. Барг М.А., Черняк Е.Б. Великие социальные революции XVII - XVIII вв. В структуре переходной эпохи от феодализма к капитализму. - Москва, 1990.
15. Дебидур, А. Дипломатическая история Европы: Священный союз от Венского до Берлинского конгрессов:1814-1878. – Ростов-на-Дону, 1995
16. Чистозвонов А.Н. Генезис капитализма: проблемы методологии.- М.,1985.
17. Галкин И.С. Создание Германской империи. 1815-1871.- Москва, 1986.

18. Согрин В.В. Джефферсон - человек, мыслитель, политик. - Москва, 1989.
19. Согрин В.В. Идеология в американской истории. От отцов - основателей до конца XX века. - Москва, 1995.
20. Становление американского государства. - Спб., 1992.
21. Никитин В.А. Консерватизм и политическая борьба в США (1900-1929). –



## БІЛІМДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

- 1. "Алғашқы капиталдың қорлануына" қандай фактор әсер тигізді?**
  - а. шаруалардың кедейленуі
  - ә. құлдарды сату
  - б. біріккен нарықтың қалыптасуы
  - в. буржуазия мен жаңа дворяндардың одағы
  - г. корольдік билікті шектеу
- 2. Англиядағы капитализм даму генезисі қалай жеделдетілді?**
  - а. салықтың көбейтілуі
  - ә. протекционизм шектеу саясаты
  - б. мемлекеттік қарыздар
  - в. қоршау саясатының заңдануы
  - г. пуританизмнің дамуы
- 3. "Фригольдер" деген кімдер?**
  - а. жерді еркін ұстаған дәулетті шаруалар
  - ә. копия немесе келісім арқылы ұстайтын шаруалар
  - б. жерді қысқа мерзімге алатын шаруалар
  - в. жан басы тәуелді шаруалар
  - г. шаруалардың ең кедей бөлігі
- 4. "Коттерлер" деген кімдер?**
  - а. жерді еркін ұстаған шаруалар
  - ә. жерді копия немесе келісім арқылы ұстайтын шаруалар
  - б. жерді қысқа мерзімге алатын шаруалар
  - в. жан басы тәуелді шаруалар
  - г. шаруалардың ең кедей бөлігі
- 5. XVII ғ. ағылшын буржуазиялық революциясының себептерін атаңыз:**
  - а. бұқара халықтың ауыр жағдайы
  - ә. Англияның отаршылдық саясаты
  - б. буржуазияның дамуы
  - в. өндірістік қатынастар мен өндіріс күштерінің арасындағы қайшылықтар
  - г. шіркеу мен парламенттің күресі
- 6. Пуританизмнің қандай екі ағымы болды?**
  - а. индепендентер мен левеллерлер
  - ә. левеллерлер мен пресвитериандар
  - б. индепендентер мен пресвитериандар
  - в. левеллерлер мен диггерлер
  - г. индепендентер мен диггерлер
- 7. Ағылшын буржуазиялық революциясының жетекшісі кім болды?**
  - а. буржуазия мен жаңа дворяндар
  - ә. дворяндар
  - б. халық бұқарасы
  - в. дін басылары
  - г. шаруалар
- 8. Ағылшын буржуазиялық революциясының қозғауші күші кім болды?**
  - а. буржуазия мен жаңа дворяндар
  - ә. дворяндар
  - б. халық бұқарасы
  - в. дін басылары
  - г. шаруалар
- 9. Левеллердің негізгі талабы:**
  - а. король билігін шектеу

- ә. меншікті жою
- б. саяси теңдікті орнату
- в. конституцияны қабылдау
- г. бос жерлерді жырту

**10. Индепенденттердің көсемін атаңыз:**

- а. Ферфакс ә. Кромвель б. Лильберн в. Уинстенли г. Айртон

**11. Англияда екінші азамат соғысы қашан болды?**

- а. 1640-1642 ә. 1642-1646 б. 1647-1648 в. 1648-1649 г. 1649-1653

**12. Петни конференциясында кімдердің арасында қайшылықтар шиеленісті?**

- а. пресвитериандар мен индепенденттердің
- ә. диггерлер мен индепенденттердің
- б. роялистер мен республикандықтардың
- в. индепенденттер мен левеллерлердің
- г. левеллерлер мен диггерлердің

**13. Халық келісімі дегеніміз-бұл:**

- а. ағылшын буржуазиясының бағдарламалық құжаты
- ә. индепенденттердің бағдарламалық құжаты
- б. жаңа конституция жобасы
- в. армияның жаңа уставы
- г. левеллерлердің бағдарламалық құжаты

**14. “Англияның жаңа бұғаулары” деген памфлетті кім жазды?**

- а. Кромвель ә. Лильберн б. Уинстенли в. Айртон г. парламент

**15. Диггерлердің негізгі талабы:**

- а. король билігін шектеу
- ә. меншікті жою
- б. саяси теңдікті орнату
- в. конституция қабылдау
- г. бос жерлерді жырту

**16. Диггерлердің көсемін атаңыз:**

- а. Ферфакс ә. Кромвель б. Лильберн в. Уинстенли г. Айртон

**17. Англияда республика қашан жарияланды?**

- а. 1640 ә. 1645 б. 1649 в. 1653 г. 1660

**18. Англияда Протекторат қашан жарияланды?**

- а. 1640 ә. 1645 б. 1649 в. 1653 г. 1660

**19. Кромвель протектораты кімнің билігін орнатты?**

- а. жаңа дворяндардың
- ә. лендлордтардың
- б. әскери диктатура
- в. роялистердің
- г. банкирлердің

**20. ХІХ ғ. басындағы Англиядағы бастаушы саяси партияны атаңыз:**

- а. либералды және лейбористік
- ә. консервативті және лейбористік
- б. консервативтік және демократиялық
- в. консервативтік және либералдық
- г. демократиялық және республикандық

**21. ХІХ ғ. 20-30жж. Англиядағы демократиялық қозғалыстың негізгі талабы:**

- а. кәсіподақтарды заңды түрде бекіту
- ә. парламенттік реформа
- б. жұмыссыздықты қысқарту
- в. салықтарды азайту
- г. 8-сағаттық жұмыс күнін орнату

- 22. XIX ғ. I-ші жартысында қай елде парламенттік реформа үшін күрес болды?**  
 а.Англияда ә.Австрияда б.Пруссияда в.Францияда г.Испанияда
- 23. Англияда алғашқы парламенттік реформа қай жылы өткізілді?**  
 а.1824 ә.1830 б.1832 в.1836 г.1840
- 24. XIX ғасырдың ортасында Англияның экономикалық саясатының негізгі белгісі:**  
 а.протекционизм  
 ә.аграрлы заң  
 б.кедендік салықтарды жою  
 в.еркін сауда қатынастары  
 г.сауда монополиясы
- 25. Өндірістік төңкеріс нені білдіреді?**  
 а.натуралды шаруашылықтан тауарлы-ақшалы шаруашылыққа көшу  
 ә.астыртын шаруашылықтан мануфактуралы шаруашылыққа көшу  
 б.бытыраңқы мануфактуралы шаруашылықтан орталықтырылған мануфактураға көшу  
 в.қол еңбегінен машиналы еңбекке көшу  
 г.фабрикалық өндірістен машиналы өндіріске көшу
- 26. Француз абсолютизмнің ерекшелігі қандай болды?**  
 а.корольдің әлсіздігі  
 ә.үшінші сословиенің күшті болуы  
 б.үш сословие одағы  
 в.корольдің шексіз билігі  
 г.атқару билігінің шіркеуге тәуелділігі
- 27. “Билікті бөлу туралы теорияның” авторы кім?**  
 а.Дидро ә.Монтескье б.Вольтер в.Руссо г.Мелье
- 28. Монтескьенің негізгі еңбегің атаңыз:**  
 а.Парсы хаттары ә.Өсиет б.Табиғат кодексі в.Заң рухы г.Республика
- 29. Монтескьенің еңбегінің негізгі идеясын атаңыз:**  
 а.қоғамдық келісім теориясы  
 ә.құлдықты жою  
 б. “билікті бөлу” туралы теориясы  
 в.жалпыға бірдей сайлау теориясы  
 г.демократиялық республика
- 30. 1789-1794 жылғы француз революциясының басталуына қандай оқиға себеп болды?**  
 а.Бас штаттарының ашылуы  
 ә.Құрылтай жиналысының ашылуы  
 б.Қаржы министрі Неккердің қызметінен босатылуы  
 в.Бастилияны алу  
 г.Ұлттық жиналысты құру
- 31. 1789 ж. 4 тамызда қабылданған декрет не туралы?**  
 а.феодалдық салықтарды толық жою  
 ә.эмигранттардың жерлерін конфискелеу  
 б.негізгі феодалдық салықтарды жою  
 в.шіркеу жерлерін конфискелеу  
 г.шаруаларға қауымдық жерлерді қайтару
- 32.”Адам және азамат құқықтарының декларациясы” қашан қабылданды?**  
 а.1770 ә. 1789 б. 1790 в. 1791 г. 1792
- 33. 1789 ж 2 қарашада қабылданған декрет не туралы?**  
 а.шіркеу мүлігін конфискелеу  
 ә.”ұлттық гвардия” құрылды  
 б.эмигранттардың мүлігін конфискелеу

- в.феодалдық салықтарды жою туралы  
г.қоғамдық құтқару комитетін құру
- 34. Францияда бірінші республика қай жылы жарияланды?**  
а.1789 ә.1791 б.1792 в.1793 г.1795
- 35. 1793 ж. 10 шілде де қабылданған декрет нені білдіреді?**  
а.феодалдық салықтың толық және түпкілікті жойылуы  
ә.негізгі феодалдық салықтарды жою  
б.жер-жерлерді ұсақ бөліктермен 10 жылға созып сатуды жою  
в.шаруаларға ортақ жерлерді қайтарып беру  
г.шіркеу жерлерін конфискелеу
- 36. ЛюдовикХVІ қай жылы жазаға тартылды?**  
а.1792 ә.1793 б.1794 в.1799 г.1797
- 37. Жирондистер қандай тап өкілдерінің көзқарасын қолдады?**  
а. дворяндардың  
ә.ұсақ буржуазияның  
б.сауда-өнеркәсіп буржуазияның  
в.қала плебстерінің  
г.кедей шаруалардың
- 38. Революция барысында қай мемлекеттер Францияға шабуыл жасады?**  
а.Ресей мен Англия  
ә.Англия мен Пруссия  
б.Австрия мен Пруссия  
в.Австрия мен Италия  
г.Пруссия мен Ресей
- 39. Пильниц декларациясына қай мемлекеттер қол қойды?**  
а.Ресей мен Англия  
ә.Англия мен Пруссия  
б.Пруссия мен Австрия  
в.Австрия,Пруссия мен Ресей  
г.Австрия мен Ресей
- 40. 1789-1794жж француз революциясы үшін қандай шайқас шешуші болды?**  
а.Ватерлоо ә.Вальми б.Марна в.Седан г.Аустерлиц
- 41. Термидориандық төңкеріс қашан болды?**  
а.1794 ә.1795 б.1798 в.1799 г.1804
- 42. 1799 жылы Францияда қандай тәртіп орнатылды?**  
а.Бірінші республика  
ә.Термидорлық Конвент  
б.Директория  
в.Консулдық  
г.Империя
- 43. Наполеон Бонапарттың соңғы шешуші шайқасы қай жерде болды?**  
а.Ватерлоо ә.Лейпциг б.Бородино в.Аустерлиц г.Трафальгар
- 44. Наполеондық соғыстар еуропалық мемлекеттерге қандай әсер тигізді?**  
а.буржуазиялық өзгерістерге  
ә.абсолюттік тәртіптерді бекітті  
б.күлдіқты жойды  
в.кәсіподақтарды заңды түрде бекітті  
г.саяси партиялар құрылды
- 45. Тәуелсіздік үшін соғыстың қарсанында қанша ағылшын Солтүстік-американ отарлары болды?**  
а. - 9 ә - 13 б -18 в - 34 г – 40
- 46. Қандай заң солтүстік-американ отарларының көтерілісіне әкелді?**

- а. шампар салығы    ә. герб салығы    б. діни еркіндікті жою  
в. белгілі бір мерзімге сайланған сотты жою    г. әскери реформа
- 47. “Бостон шай” көтерілісі дегеніміз не?**  
а. фермерлердің ірі көтерілісі  
ә. тәуелсіздік үшін соғыстың басталуы  
б. демократиялық қозғалыс  
в. американдықтардың ағылшын тауарларын сатып алуына қарсы әрекеттер  
г. конституция үшін күрес
- 48. Солтүстік-американ отарларының тәуелсіздік үшін болған соғысының себептерін атаңыз:**  
а. ағылшын үкіметінің мекендік саясаты  
ә. ағылшын үкіметінің діни саясаты  
б. ағылшын үкіметінің әскери саясаты  
в. отарлардың экономикалық дамуын шектеу саясаты  
г. құлиеленушілікті жою
- 49. XVIII ғ. Американдық революцияның ерекшелігі:**  
а. күшті демократиялық қозғалыс  
ә. патриоттар мен лоялистердің одағы  
б. буржуазия мен фермерлердің одағы  
в. буржуазия мен плантаторлардың одағы  
г. күшті дін қозғалысы
- 50. АҚШ-тың қай президенті “ұлттың бабасы” деп атайды;**  
а. Т. Рузвельт  
ә. Т. Джефферсон  
б. Д. Вашингтон  
в. А. Линкольн  
г. С. Адамс
- 51. 1778 ж. АҚШ қай мемлекетпен келісімге қол қойды?**  
а. Ресей    ә. Австрия    б. Франция    в. Бельгия    г. Пруссия
- 52. АҚШ-тың егеменділігін Англия қай жылы мойындады?**  
а. 1777    ә. 1781    б. 1782    в. 1783    г. 1786
- 53. АҚШ-тың мемлекет басшысы:**  
а. президент  
ә. премьер министр  
б. губернатор  
в. канцлер  
г. король
- 54. АҚШ-тағы республикандық партия қашан құрылды?**  
а. 1812    ә. 1828    б. 1836    в. 1846    г. 1854
- 55. АҚШ-тағы 1861-1865 жж. азамат соғысының негізгі міндеті:**  
а. президенттік республика орнату  
ә. құлдықты жою  
б. әлеуметтік жікті жою  
в. әкімшілік реформа өткізу  
г. Конгрестің билігін күшейту
- 56. АҚШ-та қай жылы құлиеленушілік жойылды?**  
а. 1854    ә. 1860    б. 1863    в. 1865    г. 1877
- 57. АҚШ-тағы азамат соғысының қорытындысы:**  
а. елді біріктіруі  
ә. құлдықты жою  
б. сайлау реформасы  
в. парламенттік республика орнату

г.әскери реформа

**58. АҚШ-тағы Реконструкция дегеніміз не?**

а.батыс жерлерді жаулап алуы

ә.жаңа конституцияны қабылдау

б.территорияны кеңейту

в.оңтүстік штаттардағы буржуазиялық өзгерістер

г.солтүстік штаттардағы буржуазиялық өзгерістер

**59. АҚШ-тағы Реконструкция саясатын АҚШ-тың қай жылдарда өтті?**

а.1865-1877 ә.1890-1898 б.1900-1905 в.1912-1918 г.1883-1995

**60. XIX ғасырдың 30 ж. герман мемлекетінің кедендік одағын қай мемлекет басқарды?**

а.Австрия ә.Бавария б.Саксония в.Пруссия г.Силезия

**61. 1849 ж. Германияның конституциясы қандай саяси тәртіп қабылдады?**

а.абсолюттік монархия

ә. екі палаталы рейхстаг пен монархия

б.конституциялық монархия

в.президенттік республика

г.парламенттік республика

**62. Солтүстік герман одағы қай жылы құрылды?**

а.1815 ә.1848 б.1866 в.1870 г.1882

**63. 1866 ж. Австрия-Пруссия соғысының негізгі қорытындысы қалай болды?**

а.Австрия өзінің одақтастарынан айырылды

ә.Австрия территориясының кейбір бөлігінен айырылды

б.Австрияға қарсы герман мемлекеттерінің блогы құрылды

в.Австрия Германдық Одақтан шықты

г.Австрия Пруссияға тәуелді болып қалды

**64. Германияның бірігуі қай жылы аяқталды?**

а.1864 ә.1866 б.1869 в.1870 г.1871

**65. 1848 ж. маусымдағы Парижде жұмысшылардың көтерілісін кім басып тастады?**

а.Луи-Бонапарт ә.Луи Блан б.Кавеньяк в.Луи Филипп г.Тьер

**66.1848-1849 жж. Германиядағы революцияның негізгі қорытындысы:**

а.аграрлық мәселені шешуі

ә.елдің бірігуі

б.помещиктік жер иеленушілікті жойды

в.конституция қабылдады

г.республика орнатты

**67. 1848 ж. Италиядағы революцияның ерекшелігі:**

а.елдің бірігуі қажеттігі

ә.ұлттық мәселе

б.отарлық мәселенің шиеленісуі

в.күшті демократиялық қозғалыс

г.жұмысшы табы мен шаруалардың одағы

**68. 1848 ж. Австрияда болған революцияның ерекшелігі неде:**

а.елдің бірігуі мұқтаждығынан

ә.ұлттық мәселенің шешілмегендігінде

б.отарлық мәселенің шешілуі мұқтаждығында

в.демократиялық қозғалыстардың күштілігінде

г.шаруалар мен жұмысшы табының одағында

**69."Жас Италия" ұйымының басшысы кім екендігін атап беріңіз:**

а.Кавур ә.Мадзини б.Гарибальди в.Брунно г.Вейтлинг

**70. XIX ғ.І-жартысында Италиядағы либералдық ағымның негізгі талабы:**

а.элеуметтік реформа

- э. аграрлық реформа
- б. революциялық жолмен елді біріктіру
- в. әскери реформа
- г. елді бейбіт жолмен біріктіру

**71. Италияның бірігуі қашан аяқталды?**

- а. 1848
- ә. 1859
- б. 1866
- в. 1870
- г. 1875

**72. Италияның бірігуінің нәтижесінде елде қандай саяси құрылым орнады?**

- а. демократиялық республика
- ә. парламенттік республика
- б. конституциялық монархия
- в. жартылай абсолюттік монархия
- г. президенттік республика

**73. 1820-1823 жж. Испаниядағы революцияның нәтижесі**

- а. Конституцияны қабылдау
- ә. феодалдық салықтарды жою
- б. аграрлық реформа
- в. республиканы жариялау
- г. абсолютизмді қалпына келтіру

**74. Испанияда бірінші конституция қашан қабылданды?**

- а. 1812
- ә. 1816
- б. 1818
- в. 1821
- г. 1823

**75. Австро-Венгрия империясы қашан құрылды?**

- а. 1815
- ә. 1830
- б. 1848
- в. 1867
- г. 1872

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
<i>1-тақырып.</i> XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы	9
<i>2-тақырып.</i> XVII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Англия	29
<i>3-тақырып.</i> XVII-XVIII ғасырдағы Франция	40
<i>4-тақырып.</i> XVIII ғасырдың аяғындағы Француз буржуазиялық революциясы	52
<i>5-тақырып.</i> XVIII ғасырдың аяғы-XIX ғасырдың басындағы Францияның басқыншылық соғыстары және Вена конгресі	66
<i>6-тақырып.</i> 1848-1849 жылдардағы Еуропадағы революциялар	75
<i>7-тақырып.</i> Отарлық империялардың құрылуы	90
<i>8-тақырып.</i> XVII-XIX ғасырлардағы Америка Құрама Штаттары	97
<i>9-тақырып.</i> XVII-XIX ғасырлардағы Герман мемлекеті	111
<i>10-тақырып.</i> XIX ғасырдағы Италия мемлекеті	129
<i>11-тақырып.</i> XVII-XIX ғасырлардағы Испания және Португалия	140
<i>12-тақырып.</i> XVII-XIX ғасырлардағы Батыс Еуропаның «кіші елдері» Бельгия, Нидерланды, Люксембург, Швейцария және Скандинавия елдері	150
<i>13-тақырып.</i> XVII- XVIII ғасырлардағы халықаралық қатынастар	163
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	175
Білімді тексеруге арналған тест сұрақтары	177



Оқу басылымы

**ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ  
ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
(I бөлім 1640-1870)**

Дәрістер жинағы